

**ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ СОТҚА ДЕЙІНГІ САТЫСЫНДАҒЫ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ АКТІЛЕРІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ**

*Заң ғылымдарының докторы, профессор  
Т.Е.Сәрсенбаевтың жалпы редакциясымен*

**АСТАНА**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ СОТҚА ДЕЙІНГІ САТЫСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ АКТІЛЕРІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ / Т. Е. Сәрсенбаевтың жалпы редакциясымен. – Астана: 2009 ж. 309 бет**

**АВТОРЛАР ҰЖЫМЫ:** *Т. Е. Сәрсенбаев* заң ғылымдарының докторы, профессор; *Т. А. Ханов* заң ғылымдарының докторы, доцент; *С. В. Смирнов* заң ғылымдарының кандидаты, доцент; *А. Л. Хан* заң ғылымдарының кандидаты, доцент (авторлар ұжымының жетекшісі); *А. Қ. Қалиев* заң ғылымдарының кандидаты (авторлар ұжымының жетекшісінің орынбасары); *А. А. Жукобаев.*, *А. У. Уметов* заң ғылымдарының кандидаты; *Г. Х. Феткулов* заң ғылымдарының кандидаты, доцент; *Г. С. Оспанова* заң ғылымдарының кандидаты; *А. О. Тяжина.*, *А. В. Сырбу* заң ғылымдарының кандидаты; *М. Ж. Қонтуганов.*, *С. Н. Бачурин* заң ғылымдарының кандидаты; *К. Ф. Нуркина* (жауапты хатшы); *Д. А. Ширинских*.

Аталмыш оқулық құралында Қазақстан Республикасының қылмыстық-іс жүргізу заңнамасына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып, сот - тергеулік тәжірибені зерделеу нәтижесінде дайындалатын қылмыстық қудалау органдарының іскерлік қағаздары және іс жүргізу құжаттарының үлгілері мемлекеттік тілде ұсынылады.

Үлгілер қылмыстық іс қозғау және алдын-ала тергеу сатысында кездесетін нормативтік актілерді құрастырудағы кейбір қиындықтарды жеңудегі жүргізілетін іс-әрекеттерде қолдану үшін әзірленген құжат болып табылады.

Оқу құралы құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын органдарға, лауазымды тұлғаларға және сонымен қатар заң факультетінің оқытушылары мен студенттеріне арналған.

**ОЙ-ПІКІРЛЕР БІЛДІРГЕН:**

---

Құқықтарының бәрі 1996 жылы 10 маусымдағы « Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен қорғалады.

**ISBN**

© Сәрсенбаев Т. Е., 200\_

## Кіріспе

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың жылдағы халыққа жолдауында қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, алаяқтықпен, заңды бұзушылықпен табанды да қатал күрес жүргізу қажеттілігін атап көрсеткен. Осыған орай құқық қорғау органдары болған қылмыстарды ашу, тергеу және алдын алаудың жаңа әдістерін іздеу жұмыстарын жүргізуі қажет.

Ал Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы - болған қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талап етіледі.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңмен белгіленген тәртібі - негізсіз айыптау мен соттаудан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеулерден мүлтіксіз қорғауды қамтамасыз етуге, кінәсіз адамды заңсыз айыптаған немесе соттаған жағдайда оны тез арада және толығымен оңалтуға, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібінің нығаяуына, қылмыстың алдын алуға, құқыққа құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал етуге тиіс деп көрсетілген<sup>1</sup>

Сондықтан, құқық қорғау органдарына қылмыстарды тергеу мен ашуға бағытталған әрекеттерді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Бұл орайда қылмыстық істің сотқа дейінгі өндірісіне әрбір тергеу әрекеті дұрыс жүргізіліп ондағы құжаттың айқын процессуалдық тұрғыда толтырылуы заңдылықтың және әділдіктің кепілі болып табылады.

Осыған орай анықтама мен алдын ала тергеу органдарына жүктелген тапсырмаларды тиімді шешу үшін Ішкі Істер Министірлігі жүйесіндегі жоғарғы оқу орындарын бітіріп шығатын болашақ мамандарды тек теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар қылмыстық істерді тергеу барысында туындайтын жеке тергеулік жағдайдан да бағыт бағдар болуды талап етеді.

Осыған байланысты тергеудің процессуалдық актілерін, сотқа дейінгі іс жүргізу үлгілерін және ҚР ҚІЖК - нің әр түрлі сатысында пайда болатын штаттық және штаттан тыс тергеулік жағдайлар толық процессуалдық деңгейде жазылуы қажет.

Ал тәжірибе барысындағы қылмыстық істі тергеудегі мемлекеттік тілде құрастырылатын құжаттар оның ішінде алдын ала тергеу барысына қажетті арнайы оқу құралдарының жоқтығы көптеген қиындықтар туғызады. Әсіресе жас тергеушілермен анықтаушының қолданатын қылмыстық іс жүргізу актілерінің кейбір үлгілерінің жоқтығын атап өтуге болады

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы

Сондықтан бұл дайындалған оқу құралы пайдалануға ыңғайлы болу үшін тергеушінің әр сатыдағы жасайтын қызметіне және іске қатысты шешіміне байланысты мәселелер қамтылды. Осы мақсатта тергеушінің тәжірибесінде әрдайым жиі кездесетін кейбір қателіктері сарапталып, олардың пайда болу себептері анықталып, оның алдын ала тергеу барысында көрсетілген қателіктерді жою және оның алдын алу мақсатында туындап отыр.

Әрине тергеуші өзінің лауазымына байланысты әртүрлі шешімдер қабылдайды. Сондықтан, авторлық ұжым сол шешімдердің тек үлгісін ғана көрсетпей, олардың қандай жағдайда қабылдамайтын алгоритмін көрсетуге тырысты.

Қылмыстық іс жүргізу барысында жас тергеушілерге қосымша жеңілдік көрсету үшін оқу құралы әртүрлі қосымшалармен толықтырылған. Оның ішінде ІІМ Бұйрықтары мен басқа да нормативтік актілік құжаттары енгізілген. Жалпы осы оқу құралында жүз қырық төрт тергеу жүргізу әрекеті құжаттарының үлгісі көрсетілген.

Тағы бір айта кетерліктей жай ол осы оқу құралында қолданған әртүрлі процессуалдық құжаттардың үлгілері арнайы зерттеу кезінде қылмыстық істерден алынған. Бірақ олардың кемшіліктері заңға сәйкес толықтырылып, іске қатысушылардың аты өзгертілген. Сондықтан да оқырман таныс жағдайлармен осы оқулықты жеке ажырата білер деген ойдамыз.

Авторлық ұжым осы оқулық құралын Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік құжаттары негізінде алдын ала тергеуге қажетті және тәжірибеде қиындық тудыратын үлгілердің барлығын қамтуға тырысты. Сондықтан, авторлық ұжымның пікірі бойынша бұл жұмыс жас тергеуші мен анықтаушылар ғана емес басқада заңгерлерге, адвокаттарға, қорғаушыларға, прокурорларға және заң факультеттерінің студенттеріне тиімді деп санайды.

# **1. ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАУ САТЫСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ ОРГАНДАРЫ ҚАБЫЛДАЙТЫН ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ШЕШІМДЕРІ.**

Кез келген қылмыстық іс бойынша біріншіден қаулы шығарылады, онда тергеуші тергеуге дейінгі тексеріс кезінде жиналған материалдар негізінде түскен арыз немесе қылмысқа дайындалып жатқандығы немесе жасалғандығы туралы хабарлама бойынша келесі әрекетті бастау немесе қалдыру қажеттілігінің себебін айқындауы қажет .

Қаулы кемінде 2 данада шығарылып, тиісті статистикалық бөлімдерге міндетті тіркеуге жатады. Содан кейін әр шешімге, не қылмыстық іске не бас тарту материалына тіркеулі нөмірі беріледі. Тергеулік ретімен берілген материалдар тиісті кеңселерде тіркеледі.

---

---

*Қылмыстық іс қозғау сатысындағы қылмысты қудалау органдары қабылдайтын процессуалдық шешімдердің үлгілері*

**1**

## **Қылмыстық іс қозғау және өз өндірісіне алу туралы Қ А У Л Ы**

200\_\_жылы наурыздың 4 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты Р.М. Акпаров азаматша А.Р. Раисованың арызы бойынша материалдарды қарап шығып,

### **А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_жылы наурыздың 2-і күні Қарағанды қаласы Гоголь көшесі 44 үй 32 пәтерде тұратын А.Р. Раисованың үйіне бейтаныс адамдар есік бұзу арқылы заңсыз кіріп, жалпы сомасы 12000 теңге мүлікті жасырын ұрлап кетті.

Жиналған материалдарда қылмыстық іс белгілер бар екенін ескере отырып, ҚР ҚІЖК 177, 178, 183, 185, 186, 189, 192, 194, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

### **Қ А У Л Ы Е Т Т І М:**

1. Азаматша А.Р. Раисованың арызы бойынша ҚР ҚК 175 б.2 б. «в» тармағында көрсетілген қылмыстық белгілер бойынша қылмыстық іс қозғауға, өз өндірісіме қабылдауға және алдын-ала тергеуге кірісуге.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің  
тергеу бөлімшесінің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Р.М. Акпаров

Анықтама: қаулының көшірмесі прокурорға 200\_\_ж. наурыздың 4 күні жолданды.

Шығу № 456

Қаулымен таныстым:

А.Р. Раисова

---

2

## **Қылмыстық іс қозғау және өз өндірісіне алу туралы Қ А У Л Ы**

200\_\_жылы наурыздың 4 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты Р.М. Акпаров азаматша А.Р. Раисованың арызы бойынша материалдарды қарап шығып,

### **А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_жылы наурыздың 2-і күні шамамен 12 сағат 00 мин Қарағанды қаласы Гоголь көшесі 44 үй 32 пәтерде тұратын А.Р. Раисованың үйіне белгісіз біреулер есікті бұзу арқылы заңсыз кіріп, жалпы сомасы 12000 теңгенің мүлкін жасырын ұрлап кеткен.

Жиналған материалдарда қылмыстық іс белгілер бар екенін ескере отырып, ҚР ҚІЖК 177, 178, 183, 185, 186, 189, 192, 194, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

### **Қ А У Л Ы Е Т Т І М:**

1. Азаматша А.Р. Раисованың арызы бойынша ҚР ҚК 175 б.2 б. «в» тармағында көрсетілген қылмыстық белгілер бойынша қылмыстық іс қозғау, өз өндірісіме қабылдау және алдын –ала тергеуге кірісуге.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің  
тергеу бөлімшесінің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Р.М. Ақпаров

Анықтама: қаулының көшірмесі прокурорға 200\_\_ж. наурыздың 4 күні  
жолданды.

Шығу № 456

Қаулымен таныстым, қаулының көшірмесін алдым  
Құқықтары мен міндеттерім түсіндірілді  
200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» күні

А.Р. Раисов

---

3

**БЕКІТЕМІН**

Қарағанды қаласы Киров  
аудандық ПБ-нің бастығы  
полиция подполковнигі

П.А.Бермаханов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ж.

**Қылмыстық іс қозғау және өз өндірісіне алу туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_жылы наурыздың 4 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің анықтама бөлімшесінің  
анықтаушысы полиция лейтенанты Р.М. Малғаждаров азамат  
А.Р. Қонақовтың есірткі зат алу фактісі бойынша материалдарды қарап  
шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. наурыздың 4 күні сағат 14.00 –де Киров ПБ - нің жедел-  
іздістіру уәкілі П.П.Серіков жедел-іздістіру шараларын қолдану барысында  
Қарағанды қаласында Киров көшесінде орналасқан 45 үйдің жанында көзі  
тірі адамды қарау барысында азамат А.Р. Қонақовтың үстінде киілген қара  
былғары курткасының оң жақ қалтасының ішінен ақ түсті, ұнтақты зат бар,  
қағаздан жасалынған түйіншекті тауып алды. Сот - химиялық сараптама  
қорытындысына сай, ол зат – салмағы 0,01 грамм героин есірткі зат болып

табылды. Ол есірткі затты А.Р. Қонақов өзіне пайдалану үшін заңсыз иемденіп алып, сақтаған.

Жиналған материалдарда қылмыстық іс белгілері бар екенін ескере отырып, ҚР ҚІЖК 177, 178, 183, 185, 186, 189, 192, 194, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Азамат А.Р. Қонақовтың есірткі зат алу фактісі бойынша ҚР ҚК 259 б.1 б. көрсетілген қылмыстық белгілер бойынша қылмыстық іс қозғау, өз өндірісіне қабылдау, анықтау жүргізуге кірісуге.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Киров полиция бөлімінің  
анықтама бөлімшесінің анықтаушысы  
полиция лейтенанты

Р.М. Малғаждаров

Анықтама: қаулының көшірмесі прокурорға 200\_\_ж. наурыздың 4 күні жолданды.

Шығу № 456

Қаулымен таныстым, қаулының көшірмесін алдым  
кұқықтар мен міндеттерім түсіндірілді .

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_\_» күні

А.Р. Қонақов

---

4

#### Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы Қ А У Л Ы

200\_\_жылы шілденің 12-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты П.Р.Рауанов іс материалдары бойынша А.Н. Иманбекованың арызын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_жылы 11 күні Орталық ПБ-не А.Н.Иманова азаматшаның үйінен қарақүзен терісінен жасалған, бағасы 1200\_ теңге бас киімі ұрланғаны жөнінде арыз түсті.



Тексеру барысында анықталды: 200\_\_жылы 9 күні, 20.00 сағатта, Қарағанды қаласы Доватора көшесі 45 үйде тұратын А.Н. Иманбекованың үйіне таныстары Н.Р. Танкова., Г. Конкабаева., Н. Орлова келді. Олардың келу себебімен А.Н. Иманбекова дастархан жайып, дүкеннен 3 шөлмек арақ сатып алып келді. Содан кейін, олар спирттік ішімдік ішуіне кірісті. Түнгі сағат 23.00 сағатта, А.Н. Иманбекова қайта дүкенге барып, 3 шөлмек арақ алып келді. Сол әкелген спирттік ішімдікті ішіп болған соң, Н.Р. Танкова., Г.Д. Конкабаева., Н. Орлованың үйлеріне жинала бастады. Киіну кезінде, Н.Р. Танкова қателесіп, айнаның алдында жатқан А.Н. Иманбекованың бас киімін киіп кетті. Оларды шығарып болған соң, А.Н. Иманбекова ұйықтауға жатты. Азаңда оянған кейін, бас киімнің жоқтығын айқындады. Содан кейін, бас киімді ұрлап кетті деп ойлап, полиция бөліміне келіп арызданды. Үйіне қайтып келген соң, оның артынан Н.Р.Танкова келіп, бас киімін қайтарып берді. Сонымен қатар, ол бас киімін қателесіп алғанын түсіндіріп айтты.

Сұрау жүргізу барысында Н.Р.Танкова және А.Н. Иманбекова жоғарыда көрсеткенді растады. Сонымен қатар, А.Н. Иманбекова полицияға заттарының жоғалу себебін білмей тұрып арыз жазғандығынын мойындады.

Материалдарды талдау кезінде, Н.Р.Танкова бас киімді өз пайдасына жарату мақсаты болмағандығынан, оның әрекетінде қылмыстық құрамының болмауы қорытындысына келіп, ҚР ҚІЖК - нің 37 бабының 1 бөлімі 2 тармағын, 187 және 202 баптарды басшылыққа ала отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. А.Н. Иманбекованың арызы бойынша қылмыстық құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс қозғаудан бас тартуға.
2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.
3. Қаулының көшірмесін аудандық прокуратураға жолдауға.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің  
тергеу бөлімшесінің тергеушісі  
полиция лейтенанты

П.Р.Рауанов

Анықтама: арыз берушіге 200\_\_ж. шілденің 13 күні жіберілді.  
шығу № 256  
Прокурорға 200\_\_ж. шілденің 13 күні жіберілді  
шығу № 257

---

5

200\_\_ж. шілденің 13-і  
шығу № 256

Қарағанды қаласы, Доватора көшесі 45  
үйдің тұрғыны азаматша Асия Нұрбекқызы  
Иманбековаға

Сіздің 200\_\_жылы шілденің 12 күні мүлік ұрлағаны туралы берілген арызыңыз бойынша – қылмыстық іс қозғаудан бас тарту шешімін қабылдағанын хабарлай отырып, қаулының көшірмесі жіберіледі.

Сонымен қатар, іс қозғаудан бас тарту туралы қаулысына тиісінше тергеу бөлімінің бастығына, прокурорға немесе сотқа шағымдануға болатынын түсіндіремін.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің  
тергеу бөлімшесінің тергеушісі  
полиция лейтенанты

П.Р.Рауанов

---

---

6

**БЕКІТЕМІН**

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ - нің  
бастығы полиция подполковнигі

Р.А. Бектеміров

«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ж.

**Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_жылы шілденің 12-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров полиция бөлімінің анықтама бөлімшесінің анықтаушысы полиция лейтенанты А.П. Раджанов есірткі зат фактісі бойынша А.Н. Исаевтан тауып алынған есірткі жөніндегі материалдарды қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. наурыздың 11 күні 16.00 сағат шамасында, Киров ПБ-нің жедел іздестіру уәкілдері Ш.М. Мырзаханов пен П.А.Мирзоев жедел іздестіру шараларын қолдану барысында, Қарағанды қаласы, Зелинского көшесінде орналасқан 5 үйдің жанында азамат А.Н. Исаевты тоқтатып, көзі тірі адамды қарау барысында оның үстіне киілген куртканың қалтасынан шөп тәрізді, көк түсті зат бар қағаздан жасалынған түйіншек табылып алынды. Химиялық сараптама қорытындысы бойынша А.Н. Исаевтан

алынған зат – салмағы 25 грамм марихуана деген есірткі зат болып табылды. Осы факт Киров ПБ-нің ҚТАХТК тіркелінді.

Тексеріс жүргізу барысында анықталды:

200\_\_ж. наурыздың 11 күні Киров ПБ-нің жедел-ізвестіру уәкілдері Ш.М.Мырзаханов пен П.А.Мирзоев есірткі затты заңсыз иемденіп алып, сақтаған тұлғаларды анықтау мақсатымен Қарағанды қаласы, Зелинского көшесінде, 5 үйдің жанында азамат А.Н. Исаевты кездестіріп, тыйым салынған заттар бар-жоғын сұрады. Ол жоқ деп жауап берді. Ш.М.Мырзаханов оның қалтасын қарап шығып, қағаздан жасалынған түйіншекті алып шықты, оны ашып қарап ішінде ақ түсті, ұнтақты зат бар екеніне көзі жетті. Содан кейін, Ш.М.Мырзаханов пен П.А.Мирзоев азамат А.Н. Исаевты алып, онымен бірге Киров ПБ-не келіп, екі куәгерді тауып алып, азамат А.Н. Исаевтан ақ түсті ұнтақты зат бар түйіншекті қалтасынан тауып алынғандығы жөнінде хаттама толтырады.

Сұрау жүргізу барысында, А.Н. Исаев былай деп мәлімдеді. 200\_\_ж. наурыздың 11 күні сағат ол Зелинский көшесінде орналасқан 5 үйдің жанында өтіп бара жатқан. Оның алдына екі жігіт шығып, полиция қызметкерлері екенін өздерін таныстырып, тыйым салынған заттар бар-жоғын сұрады. Оған азамат А.Н. Исаев жоқ деп жауап берді. Сол кезде қызметкерлер қалталарын қарап шығып, қағаздан жасалынған түйіншекті тауып алды. Оның ішінде көк түсті, шөп тәрізді зат табылды. Ол не зат екенін және қалтасына қайдан келгенін А.Н. Исаев білмеді. Сол түйіншекті алу барысында куәгерлер болған жоқ, кейін Киров ПБ-не оны әкеліп, екі куәгерді тауып, солардың қатысуымен түйіншек қалтасынан алынды.

Куәгерлер ретінде қатысқан П.О.Омаров және Л.Р. Рахматуллин былай деп мәлімдеді: 200\_\_ж. наурыздың 11 күні 17.00 сағатта олар Киров ПБ - не шақыру бойынша келген. Астында тұрғанда, оларды бір кабинетке шақырды, онда кіргенде ол кабинетте бір адам отырғанын көрді. Содан кейін, полиция қызметкері бұл адамның фамилиясы Азамат Нұрланұлы Исаев деп, және одан бүгін 15.00 сағатта шөп тәрізді, көк түсті зат алынғанын айтып, түйіншекті, оның ішінде болған шөп тәрізді зат бар болғанын көрсетті. Ал бұл жағдайға және ол затқа А.Н. Исаев өзінің еш қатыстығы жоқ деп түсіндірді.

Химиялық сараптама қорытындысы бойынша А.Н. Исаевтан алынған зат – салмағы 25 грамм марихуана атты есірткі зат болып табылды.

Жиналған материалдарды талдау жасау барысында, ҚР ҚІЖК 221 б. талаптары бұзылған:

- есірткі зат алу барысында екі куәгер қатысқан жоқ;
- алынған зат сол жерде буып - түйіліп, желімденіп, мөр басылған жоқ;
- есірткі зат қос қарау жолымен жүргізілді;

Жоғарыда көрсеткенді негізге ала отырып, А.Н. Исаевтың іс - әрекетерінде қылмыс құрамы жоқ екені анықталды, соған байланысты ҚР ҚІЖК 37 б. 1 б. 2 тармақшасы талаптарын ескере отырып

## Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. А.Н.Исаевтан есірткі зат алу фактісі бойынша іс-әрекеттерінде қылмыстық құрамы болмағандығы себебінен - қылмыстық іс қозғаудан бас тарту.
2. Қабылдаған шешім бойынша мүдделі адамдарға хабарлауға.
3. Қаулының шешімін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Киров ПБ анықтаушысы  
полиция лейтенанты А.П. Раджанов

Анықтама: арыз берушіге 200\_\_ж. шілденің 13 күні жіберілді.  
шығу № 256  
Прокурорға 200\_\_ж. шілденің 13 күні жіберілді.  
шығу № 257

---

---

7

### Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы Қ А У Л Ы

200\_\_жылы қаңтардың 10-і күні Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров полиция бөлімінің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.П.Айдаров азамат А.Н. Жанғалиевтің үйінен ұрлық жасалынған фактісі бойынша материалдарды қарап шығып,

### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. қаңтардың 7 күні Қарағанды қалалық Киров ПБ - не, 200\_\_ж. қаңтардың 7 күні 15.00 мен 18.00 сағат арасында Қарағанды қаласы, Пирогова көшесі 12 үйден, есік бұзу арқылы 56000 теңге жалпы соммасына ұрлық жасаған туралы азамат А.Н. Жанғалиев арызданып келді.

Тексеріс жүргізу барысында анықталды:

200\_\_ж. Қарағанды қаласы, Пирогова көшесі 12 үйде тұратын А.Н. Жанғалиев сағат 15.00-де өз шаруасымен үйден кетті. Үйіне 18.00 сағатта оралып келгенде, үйдің есігі бұзылып жатқанына, бағасы 56000 теңге «Sony» теледидары орнында жоқ екеніне көзі жетті. Осы факті бойынша полицияға хабарлады.

Тексеріс жүргізу барысында осы қылмысты Нұрлан Ахметұлы Басаровтың жасағаны анықталды.

Сұрақ жүргізу барысында Н.А. Басаров өзінің кінәсін мойындап былай деп мәлімдеді: 200\_\_ж. қаңтардың 7 күні ол 15.00 сағатта оның көршісі А.Н. Жанғалиевтің үйінен кеткенін көрді. Оның үйінде теледидар бар болғанын Н.А.Басаров білетін, сол теледидарды ұрлау мақсатымен А.Н. Жанғалиевтың үйіне келіп, үйде ешкім болмағанын дәлелдеп, аяқпен есікті бұзып үйіне кірді. Кірген соң, теледидарды алып, өзінің үйіне әкеліп қоймаға тығып қойды. Болашақта, сол теледидарды сатып, ақшасына өзіне киім алу мақсаты болды.

Тексеруді жүргізу барысында Н.А. Басаровтың үйінің қоймасынан «Sony» маркалы теледидар тауып алынды. Салыстыру барысында, оның номері А.Н. Жанғалиев ұсынған теледидардың паспортында көрсетілген номерімен сәйкес келді.

Н.А. Басаровтың іс әрекетіне ҚР ҚК 175 б. 2 б. «в» көзделген қылмыстық құрамы бар екені анықталды, бірақ ол қылмыстық жауаптылыққа келесі себептер арқылы тартылмайды:

- Н.А. Басаровтың туу туралы куәлігі бойынша ол 1991 жылы қыркүйектің 14 күні туылған, қылмыс жасаған уақытта ол 14 жасқа толды;
- ҚР ҚК 15 б. сай оны қылмыстық жауапқа тартуға жасы жеткілікті;
- Н.А. Басаровтың жасаған қылмыс орта дәреже қылмысқа жатады;
- 200\_\_жылы қаңтардың 9 күні «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін мейрамдаумен байланысты рақымшылық туралы» Қазақстан Республикасы Заңы шығарылды.

Жоғары айтқанды негізге ала отырып, Н.А. Басаровтың әке-шешесі және арызданушы А.Н. Жанғалиев рақымшылық заңды қолдануға қарсы еместігін ескере келіп,

200\_\_жылы қаңтардың 9 күні «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін мейрамдаумен байланысты рақымшылық туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 2 б. және ҚР ҚІЖК 202, 37 б. 1 б. 3 тармақшада көрсетілген талаптарын басшылыққа ала отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. А.Н. Жанғалиевтың үйінен жасалынған ұрлық фактісі бойынша, 1991 жылы қыркүйектің 14 күні туылған Нұрлан Ахметұлы Басаровқа қатысты тиісті қылмыстық іс қозғаудан бас тартуға.

2. Қабылдаған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Киров ПБ тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.П.Айдаров

Анықтама: арыз берушіге 200\_\_ж. қаңтардың 10 күні жіберілді.

Шығу № 256  
Прокурорға 200\_\_ж. 10 күні жіберілді шығу № 256

---

8

Шығу № 456

Қарағанды қалалық ІД - нің Киров  
аудандық ПБ - нің бастығы  
полиция подполковнигі  
А.Р. Ареновқа

ҚР ҚІЖК 188 б. сай, қылмыс бұл ауданнан тысқары жерде жасалып және қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін қылмыс жасалған жерде тексеру іс-әрекетін жасау қажет болған себебінен, сізге Азамат Нұрланұлы Жанғалиевтың арызын тергеу ретімен жолдауға.

Қосымша: А.Н. Жанғалиевтың арызы – 2 парак

Қарағанды облыстық ІД - нің Бұқар-Жырау  
ІД - нің ТБ бастығы  
полиция подполковнигі  
Р.П.Молдағалиев

Анықтама: Хабарлама прокурорға 200\_ ж. « » күні жіберілді.

Орындаушы: Айдаров  
Тел.44-88-92

---

9

Шығу № 125

Қарағанды қаласы Қазыбек - би атындағы  
аудандық прокуроры  
1 класты заңгер А.А. Рыскұловқа

200\_\_ж. қаңтардың 20 күні № 12563 Қазыбек - би атындағы ІД-нің ҚТАХТҚ-да Қарағанды қаласы Кирова көшесі 14 үй 56 пәтерде жасалынған ұрлық бойынша Азамат Нұрланұлы Жанғалиевтың арызы тергеулік ретінде Киров ПБ - нің жіберілгені туралы хабарлаймыз.

Қазбек - би атындағы ІД-нің ТБ бастығы  
полиция майоры  
Т.Г. Молдашев

орындаушы: Галеев А.Б.  
тел. 44-17-98

---

**10**

Қарағанды қалалық Киров ПБ - нің  
бастығы  
полиция подполковнигі  
Б.Р. Рахманкуловқа

### М Ә Л І М Д Е М Е

200\_\_ж. тамыздың 3 күні № 256 санды Киров ПБ - нің ҚТАХТК –да Нұрбек Бекбергеноұлы Қанатбековқа жарақат келтірген фактісі бойынша материал тіркелінді.

Бұл материал бойынша тексеріс жүргізу барысында 200\_\_ж. тамыздың 2 күні Н.Б.Қанатбеков мас күйінде түнгі сағат 2-де үйіне келе жатқанда, Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 12 үйінің жанында оған екі бейтаныс адам кездесіп, оны себепсіз ұрып жарақат келтірген.

Материал бойынша іс жүргізу шешім қабылдау мерзімі тамыздың 6 күні. Бірақ, ол мерзімге дейін, іс жүргізу шешім қабылдауға мүмкіншілік жоқ себебі:

- Н.Б. Қанатбековтың сөзін дәлелдеу үшін оның зайыбы – Маржан Ахметқызы Болабековаға сұрау жүргізу қажетті болды, бірақ ол туыстарына кетіп, тек қана тамыздың 10 күні келуге тиіс

- Н.Б. Қанатбековқа келтірген жарақаттың дәрежесін анықтау үшін сот - медициналық сараптама тағайындалды, қорытындысы әлі дайын емес болғандықтан, іс жүргізу шешім қабылдауға мүмкін емес. Осыған байланысты материалды қарау мерзімін 10 күнге дейін яғни 200\_\_ж. тамыздың 13 күніне дейін ұзартуды сұраймын

Киров ПБ - нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.А.Аскаров

---

**11**

Қарағанды қаласы Киров ПБ – нің  
бастығы полиция подполковнигі  
П.Н. Шерубаевқа

### М Ә Л І М Д Е М Е

Қарағанды қаласы, Киров көшесі 25 үй 5 пәтер тұрғыны азамат П.Н. Асановтың үйінен ұрлық жасау фактісі бойынша, осы қылмысты ашу мақсатымен менімен келесі жұмыс өндірілді:

1. Киров көшесі 25 үйде № 6, 7, 8 пәтерде тұратын Ж.Н. Асылбеков, Б.А. Ерниазов, С.К. Оразовтардан сұрау жүргізілді.
2. Осы үйдің ауласында адамдардан ауызша сұрау жүргізілді.
3. Жедел-ізвестіру шаралар қолдану барысында ұрлаған мүліктерді сататын орындар тексерілді.

Осы шараларды қолдану барысында жаратымды нәтижелер табылған жоқ.

Киров ПБ - нің жедел-ізвестіру уәкілі  
полиция капитаны

Н.Н.Пернебаев

*Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім шығарған кезде жіберілетін типтік тергеулік қателіктер.*

Типтік қателіктер	Пайда болу себептері	Туындауы мүмкін салдар
1. Анықтаушы шығарған қаулының кіріспе бөліміндегі міндетті реквизиттердің жоқтығы, анықтама органы бастығының қолымен және мекеменің елтаңбалы мөрімен жабыстырылған бекітпе шешім туралы резолюция	Шешім шығаратын органдардың өзіндік процессуалдық дәрежесіндегі айырмашылық ескерілмейді (анықтама және алдын ала тергеу органы )	Ресми құжаттың заңмен белгіленген процессуалдық нысанын сақтамау ол құжаттың күшінің жойылмауына әкеліп соғады (заңдық күші болмайды). Нәтижесінде бұндай шешім негізінде жиналған барлық материалдар сотпен жарамсыз деп танылуы мүмкін.
2. Қылмыстық істі қозғау туралы қаулының сипаттамалы - себептік бөлімінде қылмыстық істі қозғау барысында қауіпсіздікті қамтамасыз етпеу жағдайларын және құқыққа қайшылық белгілерінің құрамы	Қылмысты саралаудың теориясын нашар меңгеруі.	Қылмыстық тергеу ретінің ережесі бұзылды және шешімі ретінде міндетті түрде қателікке прокурорлық бақылау (қаулыдан бас тарту, тәртіптік істің қозғалуы және т.б )



<p>толық көлемде ашылмайды, сан қатер оның саралау белгілері кездеспейді (жасалу тәсілі бірнеше рет, адамдар тобы зардабы және т.б )</p>		
<p>3.Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының сипаттама - себептік бөлімінде шешім шығаруға себеп болған аргументтер толық көлемде келтірілмейді. Тиісті ақпараттардың қайнар көздеріне іс парағында көрсетілген сілтеме жоқ; туындаған құқықтық қатынастарды бақылайтын басқа да заңнамаларға сілтеме жасалмаған, қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан кезде ақтау не ақтамау негізіне байланысты қабылданған шешімнің ерекшелігі ескертілмейді және т.б</p>	<p>Көрсетілген құжаттың процессуалдық нысанына формальды қарау, процессуалдық және өзге де заңдылықтарды нашар меңгеру</p>	<p>Қабылданған шешімді прокурордың қабылдамауы. Мүдделі адамдардың шағымдану мүмкіндігі. Қаулыны шығарған тұлғаны жауаптылыққа тарту.</p>
<p>4.Нақты адамға қатысты (мысалы, ҚР ҚІЖК 37 тарауының ретімен анықтама өткізу кезінде) қылмыстық істі қозғау туралы қаулының қорытынды бөлімінде сезіктінің анкеталық мәліметтері (АТЖ толық, жылы және туған жері) сондай-ақ қылмыстық қудалаудың басталғандығы туралы мәлімет көрсетілмейді.</p>	<p>Тергеулік процеске тартылған, реттелген процессуалдық мәртебесі бар тұлғаларды қылмыстық іс жүргізушілік нормасында белгіленген құқықтарын төменгі деңгейде білуі</p>	<p>Қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нақты көзге көрінетіндей бұзылуы, соның нәтижесінде іс бойынша айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы; қылмыстық істі прокурордың немесе соттың қосымша тергеуге қайтаруы.</p>

<p>Сезіктіге құқықтарын түсіндіру туралы мәліметтің жоқтығы. Қаулының көшірмесін сезіктіге беру туралы мәліметтің жоқтығы.</p>		
<p>5.Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының қорытынды бөлімінде шешім шығарып жатқан тұлғаның толық анкеталық мәліметтері келтірілмейді, қабылданып жатқан шешім мен шараның қылмыстық іс жүргізушілік негізгі көрсетілмеген; бұлар нақтылайтын негіз бойынша қылмыстық қудалаудан бас тартушы тұлғаларға қаулының көшірмесін тапсыру туралы мәліметтің жоқтығы</p>	<p>Құжатты құрастырған кезде көрсетілген процессуалдық нысанына салақтықпен қарау немесе тергеулік процеске тартылған, регламенттелген процессуалдық мәртебесі бар тұлғалардың қылмыстық іс жүргізушілік нормасына белгіленген құқықтарын төмен деңгейде білуі.</p>	<p>Тексеріс әрекеті жүргізілген тұлғалардың құқықтарымен мүдделерінің бұзылуына әкеп соққан қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нақты көрінуі және тергеу ретінде прокурордың шешімде бас тартуы мүдделі адамдардың қабылданған шешімге шағымдану мүмкіндіктері.</p>

## **2. АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУГЕ ДЕЙІНГІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ РӘСІМДЕЛУІ.**

Оқиғадағы қылмыстық іс әрекетінің бар немесе жоқ екендігін, келешекте оны жүргізуге бағытталған алдын ала тергеуге дейінгі тексеру және іздеу шараларымен құрылады.

Алдын ала тергеуге дейінгі құжаттар процессуалдық және процессуалдық емес болып бөлінеді.

Процессуалдық құжат ҚІЖК нормалармен талаптарын сақтап құрылады және процессуалдық кепілдік берілген әрекеттермен (мысалы: арыздар жинау ОБЖ қарау, сот-медициналық сараптама тағайындау, сұраулар жіберуге, тапсырма беру) және қаулыларға және баянатқа тіркелетін процессуалдық шешім.

Процессуалдық емес құжаттар олар өздерінің артынан кедергілер тудырмайды және процессуалдық кепілдіктен тұрмайды (түсініктеме жинау, бағыттама және т.б.)

Алдын ала тергеуге дейінгі тексерістің жалпы шаралары:

- құжаттарды тергеуші өзге де қатысушылар құрастыра алады;
- құжаттардың құрылымы іс-әрекеттер мен талаптарын сәйкес болуы немесе сәйкес болмауы;
- процессуалдық емес жолмен алынған құжаттардың дұрыстығы процессуалдық кепілдіктерді сақтай отырып, тексеруді қамтамасыз етеді;
- алынған қорытындылар қауіпсіздік қамтамасыз ету шараларын қолданады;
- алдын ала тергеуге дейінгі материалдарын тексеру бойынша шешім шығару анықтау бөлімінің бастығымен рәсімделеді және тіркеледі;

Қылмыстық істен бас тарту қаулы шығарады, материалдар тігіледі және нөмірленеді, тізімі жазылады. Содан кейін мұрағатқа сақтау үшін жіберіледі.

Айналымға тыйым салынған заттар алдын ала тексеріс нәтижелерінде алынған заттар акті бойынша жойылады немесе сәйкес мекемелерге (криминалистикалық мұражайларға, медициналық мекемелерге және т.б.) тапсырылады. Айналымға рұқсат берілген заттар, алынған құжаттар қайтарылып беру немесе сауда мекемелері арқылы іске асырылады. Егер де олар құнсыз болса, олар жойылады.

Жекеленген түрлі іздердің ерекшеліктеріне сәйкес келетін және оның ішінде болатын дәлелдемелік ақпаратты қылмыстық іс жүргізу заңымен регламенттелген және тергеушімен (анықтаушымен, сотпен, прокурормен) табуға, қабылдауға және бекітуге бейімделуге кешенді жүзеге асырылатын тергеулік әрекеттер деп аталады.

Ереже ретінде, тергеулік әрекеттер тергеушінің ынтасы арқылы жүргізіледі, бірақ прокурордың (ҚР ҚІЖК 197 б.), тергеу бөлімі бастығы (ҚР ҚІЖК 63 б.2б.) немесе іске қатысушылардың, мысалы сезікті, айыпталушы, және оның қорғаушысы, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және

олардың өкілеттері, жәбірленуші және т.б. (ҚР ҚІЖК 102 б.) өтініші бойынша жүргізілуі мүмкін.

Соңымен қатар, заң талаптарына сай, келесі жағдайларда оларды міндетті түрде жүргізу керек:

- егер де олар белгілі фактілерді анықтаумен байланысты болса (сараптама міндетті түрде тағайындау жағдайларымен ҚР ҚІЖК 241 б.);

- бұрын өткізілген процессуалдық әрекеттерімен реттелсе (ұстаудан кейін міндетті түрде сезіктіден жауап алу – ҚР ҚІЖК 216 б. 1 б., бұлтартпау шарасы ретінде қамау тандалса – ҚР ҚІЖК 150 б. 5 б. және т.б.).

Тергеулік әрекеттер жүргізуімен шешілетін мәселелердің арасында келесілерді белгілеуге болады:

1. Іс бойынша жаңа ақпаратты іздеу және алу (жауап алу, тінту, қарау).

2. Іс бойынша болған ақпаратты бекіту (айғақтарды оқиға болған жерде жауа алу және нақтылау, алу).

3. Қылмыстық іс бойынша ақпараттағы бар кемшіліктер мен қайшылықтарды жою (беттестіру, сараптама).

4. Іс бойынша тандалған болжамның дұрыстығына немесе дұрыс еместігіне ішкі сенімнің қалыптасуы (адамды тануға ұсыну, тергеу эксперименті)

5. Келесі тергеулік іс-әрекеттерді жасау үшін қажетті ақпаратты алу (эксперттің, сараптамалық зерттеу үшін үлгілерді алу, куәландыру, ұстау).

Қылмыстық іс бойынша қажеттілік туған кезде ҚР ҚІЖК - де барлық тергеу әрекеттерінің аттарын беру мүмкін еместігін ескере отырып, олар ҚР ҚІЖК - нің 201, 203-баптарының ережелері бойынша жүргізіледі.

Барлық тергеу әрекеті мемлекеттің мәжбүрлеу элементін қосатынын ескере отырып, олардың өндірісі тек қана қылмыстық іс қозғалғаннан кейін рұқсат беріледі (бұл тергеулік қарау мен сараптама тағайындау мен жүргізу).

---

---

*Алдын ала тергеуге дейінгі құжаттарды рәсімдеудің үлгілері*

12

Қарағанды қаласы Орталық полиция  
бөлімінің бастығы  
полиция подполковнигі

А.П. Амреновқа

1978 жылы 14 мамырда, Қарағанды қаласында туылған, ұлты қазақ, білімі –жоғары, тұрмыста, ҚР азаматы, жұмыс орыны: Қарағанды медициналық училищесі –мұғалім, мекен-жайы. Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 44 үй 32 пәтер, 1999

жылы 29 мамырда ҚР ІІМ №  
0602050612 берілген жеке куәлік  
Айгүл Рашитқызы Раисовадан

### А Р Ы З

200\_\_жылы наурыздың 2-і күні 12 мен 14 сағаттың аралығында бейтаныс адамдар Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 44 үй, 32 пәтерде орналасқан менің үйіме есік бұзу арқылы заңсыз кіріп, келесі мүліктерді жасырын ұрлады:

1. Ақша – 100 000 теңге, бәрі 10 000 купюралармен
2. «Пана Sony» маркалы бейнежазу магнитофон – бағасы 2000 теңге.

Маған жалпы 12000 теңге соммасына зардап келтірді.

Осы бейтаныс адамдарды тауып, қылмыстық жауапқа тартуын сұраймын.

Көрінеу жалған сөз жеткізу үшін ҚР ҚК 351 б. бойынша қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін екендігі ескертілді.

200\_\_жылы наурыздың 2 күні.

А.Р. Раисова

Арызды қабылдаған  
Қарағанды қалалық Орталық ПБ - нің  
ТБ - нің тергеушісі  
полиция капитаны

П.Г. Оразалин

---

13

### Ауызша арызды қабылдау туралы ХАТТАМА

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық ПБ – ның Михайловка ПБ - нің ТБ - нің тергеуші полиция лейтенанты П.Г. Оразалин ҚР ҚІЖК 177, 178, 203 б. талаптарына сай № 12 кабинетте 1982 жылы мамырдың 12 күні, Қарағанды қалада туылған, қазақ, білімі орта - арнайы, ҚР азаматы, жұмыс орны: «Айза» фирмасы, көлік жүргізуші, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Пирогова көшесі 12 үй, № 0601252 ҚР ІІМ 200\_ ж. мамыдың 12 күні берілген жеке куәлік азамат Айбек Рашитұлы Раисовтан арыз алды.

Арыз алу алдында А.Р. Райсов әдейі жалған сөз жеткізгені үшін Қазақстан Республикасы ҚК 351 бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны туралы ескертілді.

\_\_\_\_\_ А.Р. Райсов

А.Р. Райсов былай деп арызданды: 200\_\_ж. 14 қаңтар күні, 14 сағат шамасында, Гоголь көшесі 12 үй жанында, екі бейтаныс адам күш қолдану арқылы, ашық түрде менің қалтамнан 12000 теңге алып кетті.

Осы қылмыс нәтижесі бойынша менің денсаулығыма, және жалпы 12000 теңге мүлікті зардап келтірілді.

Осы факті бойынша сол адамдарды қылмыстық жауапқа тартуын сұраймын.

Арызшы: \_\_\_\_\_ А.Р. Райсов

Арызды қабылдаған:

Қарағанды қалалық ІІБ – ның Михайловка ПБ - нің

ТБ - нің тергеуші полиция лейтенанты

Б.М. Мақанов

---

14

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің бастығы полиция подполковнигі

А.П. Амреновқа

1978 жылы 14 мамырда, Қарағанды қаласында туылған, ұлты қазақ, білімі – жоғары, тұрмыста, ҚР азаматы, жұмыс орыны: Қарағанды медициналық училищесі –мұғалім, мекен-жайы.

Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 44 үй 32 пәтер, 1999 жылы 29 мамырда ҚР ІІМ № 0602050612 берілген жеке куәлік Айгуль Рашитқызы Раисовадан

### А Р Ы З

200\_\_ж. наурыздың 25 күні 15.00 сағат шамасында Қарағанды қаласы, Карбышева көшесі 12 үйдің жанында екі бейтаныс адамдар, 1996 ж. туған менің балам Марат Галимұлы Раисовқа күш қолдану арқылы тонау жасап келесі заттар алып кетті:

- «Полет» маркалы, № 125643 қол сағат – бағасы 500 теңге

- ақша – 1000 теңге

-«adidas» маркалы кроссовка – бағасы 200\_ теңге

Жалпы келтірген зардап 3500 теңге.

Осы факті бойынша бейтаныс адамдарды тауып, қылмыстық жауапқа тартуын сұраймын.

Көрінеу жалған сөз жеткізгендігі үшін ҚР ҚК 351 б. бойынша қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін екені ескертілді.  
А.Ш.Раисова

Арызды қабылдаған  
Қарағанды қаласы Орталық ПБ - нің  
ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны

П.Г. Оразалин

---

15

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің бастығына полиция подполковнигі А.П. Амреновқа 1978 жылы 14 мамырда, Қарағанды қаласында туылған, ұлты қазақ, білімі – жоғары, тұрмыста, ҚР азаматы, жұмыс орыны: Қарағанды медициналық училищесінің мұғалімі, мекен-жайы. Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 44 үй 32 пәтер, 1999 жылы 29 мамырда ҚР ІІМ № 0602050612 берілген жеке куәлік Айгуль Рашитқызы Раисовадан

### А Р Ы З

200\_\_ж. 14 ақпанда сағат 12.00 шамасында, Қарағанды қаласында Ержанов көшесі орналасқан «Огонек» дүкенінің жанында, азамат Бейсен Байменов себепсіз, бұзақылық қылықтарымен мені ұрып, денсаулығымға зардап келтірді.

Менің денсаулығымға зардап келтірген фактісі бойынша, Бейсен Байменовқа шара қолдануын сұраймын.

Көрінеу жалған сөз жеткізгендігі үшін ҚР ҚК 351 б. бойынша қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін екенін ескертілді. А.Ш. Раисова

Арызды қабылдаған  
Қарағанды қалалық Орталық ПБ - нің  
ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны

П.Г. Оразалин

200\_\_ж. 6-наурыз

Қарағанды қалалық Орталық  
полиция бөлімінің бастығы  
полиция подполковнигі  
А.П. Амреновқа

### Х А Б А Р Л А М А

200\_\_жылы наурыздың 5-і күнінің түніне қарай, бейтаныс адамдар Қарағанды қаласы, Вавилова көшесінде орналасқан «Вавилон» фирмасының қоймасына терезе бұзу арқылы заңсыз кіріп, 56000 теңге жалпы сомаға мүлікті жасырын ұрлады.

Ұрланған мүліктердің тізімі қоса тіркелді.

«Вавилон» фирмасының бастығы:  
(мөр басылуы)

Досов А.Н.

---

16

Қарағанды қалалық Орталық полиция  
бөлімінің бастығы полиция  
подполковнигі

А.П. Амреновқа

### М Ә Л І М Д Е М Е

Менің өндірісімде П.П.Ардановты ҚР ҚК 179 б. 2 б. «б, в» тармағымен айыпталу бойынша № 050603245 қылмыстық іс бар. Тергеу барысында, Қарағанды қаласы, Тимирязева 18 үй 45 пәтерде П.П.Арданов тұратын үйінде 200\_\_жылы наурыздың 18 күні тінту жүргізу барысында тапанша табылып алынды. Баллистикалық сараптама қорытындысы бойынша «П.П.Ардановтың үйінен алынған зат – ПМ маркалы тапанша атыс қаруы болып табылды. Тапанша оқ атуға жарамды».

Тексеру барысында, П.П.Арданов, өзін-өзі қорғау мақсатымен, тапаншаны 200\_\_жылы қаңтар айында, Қарағанды қалалық базарында бейтаныс адамнан 10000 теңгеге сатып алып, үйінде сақтағанын мәлімдеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізге ала отырып, П.П.Ардановтың іс-әрекетінде ҚР ҚК 251 б. 1 б. көрсетілген қылмыстық белгілері бар екенін назарға ала отырып, осы факті бойынша жиналған материалдарды Орталық полиция бөлімінің ҚТАХТК - на тіркеуіне рұқсат сұраймын.

Қарағанды қаласы Орталық ПБ-нің



17

**Кінәсін мойындап келу туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_»

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров ПБ - нің тергеушісі полиция лейтенанты О.Р.Олжабаев ҚР ҚІЖК 203, 177, 179 б. талаптарын сақтай отырып, азамат:

**1. Аты, тегі, әкесінің аты:** Артыбек Қоянұлы Қояғанов

**2. Туған жылы:** 1975 ж. қазанның 14 күні

**3. Туған жері:** Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Киевка ауылы

**3. Ұлты:** қазақ

**4. Білімі:** арнайы - орташа

**5. Отбасы жағдайы:** үйленген

**6. Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**7. Жұмыс орны:** уақытша жұмыс істемейді

**8. Мекен-жайы:** Қарағанды қаласы, Чкалов көшесі 25 үй, 56 пәтер

**9. Жеке куәлігі:** № 03562312 200\_\_ж. қаңтардың 21 күні ҚР ІММ берілген

**10. Соттылығы:** өзінің айтуы бойынша бұрын сотталмаған

Өз еркімен кінәсін мойындап келген туралы хаттаманы толтырды.

Азамат А.К. Қояғанов былай деп мәлімдеді: 200\_\_ж. 14 ақпанда 14 сағат шамасында мен Қарағанды қаласының Киров көшесінде орналасқан 56 үйінің жанында өтіп бара жатқанда, менің алдымда үш бейтаныс жігіт шығып темекі сұрады, мен «жоқ» деп жауап бердім. Олар маған жабылып, мені ұра бастады. Мен қалтамнан пышақты алып шығып, бір жігіттің кеудесінен ұрдым, ол жерге құлады. Оның жанында болған екі жігіт қашып кетті. Мен пышақты тастап, оқиға болған жерден бой тасаладым. Ол жігітке не болғанын білмеймін.

Соңдықтан мен өз кінәмді мойындап келіп тұрмын, болған іске өкінемін.

Хаттама менің сөзімнен дұрыс жазылған, өзгертулер мен толықтырулар жоқ.

Арызданушы:

А.К. Қояғанов

Арызды қабылдаған:

О.Р.Олжабаев

**Кінәсін мойындап келу туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров ПБ - нің тергеушісі полиция лейтенанты О.Р.Олжабаев ҚР ҚІЖК 203, 177, 179 б. талаптарын сақтай отырып, азамат:

- 1. Аты, тегі, әкесінің аты:** Артыбек Коянұлы Қояғанов
- 2. Туған жылы:** 1975 ж. қазанның 14 күні
- 3. Туған жері:** Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Киевка ауылы
- 3. Ұлты:** қазақ
- 4. Білімі:** арнайы - орташа
- 5. Отбасы жағдайы:** үйленген
- 6. Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
- 7. Жұмыс орны:** уақытша жұмыс істемейді
- 8. Мекен-жайы:** Қарағанды қаласы, Чкалов көшесі 25 үй, 56 пәтер
- 9. Жеке куәлігі:** № 03562312 200\_\_ж. қаңтардың 21 күні ҚР ІММ

берілген

- 10. Соттылығы:** өзінің айтуы бойынша бұрын сотталмаған өз еркімен кінәсін мойындап келген туралы хаттаманы толтырды.

Мәлімет берудің алдында азамат А.К. Қояғановқа әдейі жалған хабар бергені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны туралы ескертілді

\_\_\_\_\_ А.К.Қояғанов

Азамат А.К.Қояғанов былай деп мәлімдеді: 200\_\_ж. 14 ақпанда 14 сағат шамасында мен өзімнің танысым Сәрсен Бердәулетов деген азаматпен бірге Қарағанды қаласының Киров көшесінде орналасқан 56 үйінің жанында өтіп бара жатқанда, біздің алдымызда үш бейтаныс жігіт шығып темекі сұрады, мен «жоқ» деп жауап бердім. Олар бізге жабылып, ұра бастады. Мен қалтамнан пышақты алып шығып, бір жігіттің кеудесінен ұрдым, ол жерге құлады. Ол уақытта Сәрсен Бердәулетов басқа жігітті жұдырығымен ұрып, жерге құлатып аяқпен ұрды, мен оны көрген соң, онымен қосыла ол жігітті аяқпен ұрдым, содан кейін жерде жатқан кірпішті қолыма алып, оның басынан бір ұрдым. Содан кейін мен пышақты және кірпішті тастап, оқиға болған жерден бой тасаладым. Ол жігітпен не болғанын білмеймін. Оның жанында Сәрсен Бердәулетов қалған.

Сондықтан мен өз кінәмді мойындап келіп тұрмын, болған іске өкінемін.

Хаттама менің сөзімнен дұрыс жазылған, өзгертулер мен толықтырулар жоқ.

Арызданушы:

А.К.Қояғанов

**19**

Қарағанды облыстық наркологиялық  
диспансердің бас дәрігері  
И.П.Ильинаға

1978 жылы 12 мамырда туылған, Қарағанды қаласы, Киров көшесі 12 үй, 32 пәтер тұрғыны Есжан Асанұлы Мағжановтың сізде тіркеуде бар-жоғын бізге хабарлауыңызды сұраймын. Егерде тіркеуде бар болса, сот - наркологиялық сараптама тағайындау үшін оның амбулаторлық картасын беруіңізді сұраймын.

Қарағанды қалалық Киров ПБ - нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.А.Абдрасилов

---

---

**20**

Қарағанды облыстық психоневрология-  
лық диспансердің бас дәрігері  
А.П.Оспановқа

1978 жылы 12 мамырда туылған, Қарағанды қаласы, Киров көшесі 12 үй, 32 пәтер тұрғыны Есжан Асанұлы Мағжановтың сізде тіркеуде бар-жоғын бізге хабарлауыңызды сұраймын. Егерде тіркеуде бар болса, сот - психиатриялық сараптама тағайындау үшін оның амбулаторлық картасын беруіңізді сұраймын.

Қарағанды қалалық Киров ПБ - нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.А.Абдрасилов

---

---

**21**

**Сот-медициналық сараптама тағайындау туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ - нің тергеушісі полиция лейтенанты И.А.Абжаров № 0665212365 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ Қарағанды қаласы, Пирогова көшесінде орналасқан № 56 үйдің жанында бейтаныс адамдар азамат С.М.Мамыровпен кездесіп, ақша беруін сұрады, Кейіннен бас тартқан соң, С.М.Мамыровты бетінен ұрып жерге құлатты, содан кейін екеуі жабылып денесінен, басынан аяқпен тепкіледі. С.М.Мамыров есінен танып қалған соң, оның қалтасынан 60231 теңге алып кетті. Сол қылмыстың нәтижесінде С.М. Мамыровтың денсаулығына зардап келтірілді.

Жоғарыда айтылғанды негізге ала отырып, С.М.Мамыровтың денсаулығына келтірілген зардаптың дәрежесін анықтау үшін арнайы білім қажетті екенін ескеріп, ҚР ҚІЖК 202, 240, 241, 242, 243, 245 б. талаптарын басшылыққа алып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1.Осы іс бойынша сот - медициналық сараптама тағайындау, оны өндірісте жүргізуді Қарағанды облыстық сот - медицина бюросының сарапшыларына тапсырылсын.

2.Сарапшының шешуіне келесі сұрақтар қою:

1. С.М.Мамыровта дене жарақаты бар ма ?
- 2.Егерде болса, оның пайда болу механизмі қандай?
- 3.Егерде болса, қандай ауырлық дәрежесіне жатады?

Сарапшыға С.М.Мамыровтың амбулаторлық картасын, осы қаулының көшірмесін жолдауға.

Сарапшыға ҚР ҚК - нің 352 б. бойынша көрнеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін екені туралы ескертілді.

Қарағанды қаласы Михайловка ПБ-нің  
ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Х.А.Абжаров

---

22

**Сезіктіні (жәбірленушіні, айыпталушыны) сараптама тағайындау туралы қаулымен таныстыру туралы**

**Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласы Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Х.А.Абжаров ҚР ҚІЖК 203, 244 б. талаптарын сақтай отырып, сезікті Иман Берікұлы Қояновты ҚР ҚК 179 б. 1 б айыптау бойынша № 06050412 қылмыстық іс бойынша құрастырылған сот - медициналық сараптама тағайындау туралы қаулыны танысуға ұсынды.

Таныстыру алдында сезікті Иман Берікұлы Қоянов ҚР ҚІЖК 244 б. көзделген құқықтары түсіндірілді. \_\_\_\_\_

(қолы)

Қаулымен танысып болған соң, сезікті (айыпталушы, жәбірленуші) былай деп мәлімдеді:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Хаттама дауыстап оқылып шықты, дұрыс жазылды.

Сезікті: И.Б. Қоянов

Қарағанды қаласы Михайловка ПБ-нің  
ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты Х.А.Абжаров

23

**Сот-медициналық сарапшының қорытындысын сезіктіге  
(айыпталушыға) танысуға ұсыну туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ - нің ТБ - нің тергеушісі полиция лейтенанты П.Р.Рамазанов) ҚР ҚІЖК 254 б. талаптарына сай сезікті (айыпталушы) \_\_\_\_\_

№\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ сот-медициналық сарапшының қорытындысын тануға ұсынды.

Сезікті (айыпталушы)\_\_\_\_\_ сарапшының қорытындысы бойынша өзінің түсініктемелерін беруге және қарсылық арыздануға құқығы бар екені түсіндірілді.

Сарапшының қорытындысымен танысып болған соң айыпталушы былай деп арызданды:

---

---

---

Хаттама дауыстап оқылды, дұрыс жазылды.

Сезікті (айыпталушы): \_\_\_\_\_

Қарағанды қаласы Михайловка ПБ-нің

ТБ-нің тергеушісі

полиция лейтенанты

Х.А.Абжаров

---

---

24

Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің

қоғамдық қауіпсіздігін қорғау

бөлімінің бастығы

полиция подполковнигі

С.А.Самитовка

Менің өндірісімде 1978 ж. 12 мамырда туылған, Қарағанды қаласы Невский көшесі 14 үй 45 пәтердің тұрғыны Сержан Асанұлы Құзатовты ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. айыптау бойынша № 06256132 қылмыстық іс бар.

Осыған байланысты іске тіркеу үшін С.А.Құзатовтың тұрмыстық мінездемесін беруін сұраймын.

Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің тергеушісі

полиция лейтенанты

А.М.Қасымов

---

---

25

«Орион» фирмасының директоры

П.А.Ануаровқа

Қарағанды қаласы, Зональная көшесі

12 үй.

Менің өндірісімде 1978 ж. 12 мамырда туылған, Қарағанды қаласы Невский көшесі 14 үй 45 пәтердің тұрғыны Сержан Асанұлы Құзатовты ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. айыптау бойынша № 06256132 қылмыстық іс бар.

Осыған байланысты ҚР ҚІЖК 36 б. 5 б. талаптарына сай С.А.Құзатовтың өндірістік мінездемесін беруін сұраймын.

Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.М.Қасымов

Қарағанды қаласы,  
Зелинского көшесі 51 Киров ПБ-і  
Тел.336656

---

---

26

Қарағанды қаласының Киров аудандық  
сот төрағасы

А.Н.Зарубаевқа

Киров ПБ-нің өндірісінде ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыс жасау бойынша 1971 ж. 4 мамырда Қарағанды қаласында туылған Алпамыс Алимжанұлы Басаровты айыптау бойынша № 062356123 қылмыстық іс бар.

Осыған байланысты А.А. Басаровқа тиісті 1991ж. маусымның 14 күні Киров аудандық сотымен ҚР ҚК 178 б. 2 б. бойынша 2 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған үкімінің көшірмесін бізге беруін сұраймын.

Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.Н.Мамыров

---

---

27

Саран қалалық АХАЖ меңгерушісі  
А.А.Пархатоваға

Киров ПБ-нің өндірісінде ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыс жасау бойынша 1971 ж. 4 мамырда Саран қаласында туылған Алпамыс Алимжанұлы Басаровты айыптау бойынша № 062356123 қылмыстық іс бар.

Осыған байланысты, іске тіркеу үшін Алпамыс Алимжанұлы Басаровтың туу туралы куәлігінің көшірмесін бізге беруіңізді сұраймын.

Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.Н.Мамыров

Қарағанды қаласы, Зональная 12  
Тел.336562

Т А Л А П

Қарағанды облыстық прокуратурасының АТ және ҚТКБ

1.Тегі: БАСАРОВ

2.Аты, әкесінің аты АЛПАМЫС Алимжанұлы

3.Туған күні 1978 ж. 4 сәуір

4.Туған жері ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, САРАН ҚАЛАСЫ

5.Мекен-жайы: ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ, ДУБОВСКАЯ КӨШЕСІ 29-109

6.Тексерудің себебі: ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПҚА ТАРТУ

7.Қандай анықтама қажетті: СОТТЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

8.Киров аудандық ПБ-нің бастығы А.А.Идрисов

9.Орындаушы: А.Р. МАМРАЕВ

Жіберушінің мекен-жайы: Қарағанды қаласы Зелинского 12

Тұрғын жердің атауы: Қарағанды қаласы

Облыстың, Республиканың атауы: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Органның атауы: Киров ПБ-і

Қарағанды облысы бойынша  
жылжымайтын дүние-мүлік бойынша  
орталық мемлекеттік аймақтық  
кәсіпорын бастығы

М.А.Кадыроваға



ҚР ҚДЖК 36 б. 5 б. талаптарына сай, қылмыстық іс тергеу жүргізуімен байланысты, 1977 ж. 4 желтоқсанда, Қарағанды қаласында туылған, Қарағанды қаласы Гоголь көшесі 45 үй, 12 пәтер тұрғыны Алпамыс Алимжанұлы Басаровтың жеке меншігінде жылжымайтын мүліктің бар-жоқтығы туралы анықтама беруіңізді сұраймын.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің тергеушісі  
полиция капитаны

П.Р. Раймбеков

---

---

### 30

*Сараптама тағайындау барысында қойылатын сұрақтар*

1. Наркологиялық сараптама.
  1. Азамат Е.А. Мағжанов нашақорлықтан (маскүнемдік) азап шегуші тұлға болып табылады ма?
  2. Егерде табылса, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға мұқтаж ба?
2. Химиялық сараптама
  1. Е.А. Мағжановтан алынған зат есірткі зат болып табыла ма?
  2. Егерде табылса, қандай түріне жатады?
  3. Оның салмағы қанша?
  4. Е.А. Мағжановтан алынған зат С.М.Мамыровтан алынған затпен бұрын бір тұтас болды ма?
3. Сот-медициналық сараптама
  1. Өлуінің себебі және оның ескірушілігі
  2. Мәйіттің денесінде жарақат бар ма, бар болса оның саны, жайылтпаушылығы, пайда болу механизмі, ауырлықтың дәрежесі және өлу себептілігімен байланыста тұрама?
  3. Зардап келтірген заттың сипаттамасы туралы айтуға болады ма, дене жарақатын жәбірленуші өз бойының биіктігінен құлап қалудан пайда болуы мүмкін бе, ол дене жарақатты жәбірленуші өз өзіне келтіруі мүмкін бе, дене жарақаттардың қайсысы адам көзі тірі уақытында қайсысы адам көз жұмған соң келтірілді.
  4. Көзі тірі барысында жәбірленуші кейбір бір аурумен азап шекті ме, егерде шексе ол өлім себебімен байланысты ма?
  5. Өлім алдында жәбірленуші спирттік ішімдіктерді ішкен бе, егерде ішкен болса оның концентрациясы?
4. Баллистикалық сараптама
  - 1 С.М.Мамыровтан алынған тапанша оқ атуға жарамды ма?

2 Егерде жарамды болса, атыс қаруы болып табылады ма, оның калибрі қандай?

3 Бұл тапаншадан оқ атылды ма, егерде атылса, оның ескірушілігі?

4 С.М.Мамыровтың үйінен алынған оқтар оқ-дәрі болып табылады ма?

5. Криминалистік сараптама -

1. Зерттеуге жіберілген объект суық қаруға жатады ма?

2. Егерде жатса, оның түрі?

3. зерттеуге жіберілген объектіні дайындау әдісі?

6. Сот - психиатриялық сараптама.

1. Оған айып таққан уақытта айыпталушы А.А.Иманов психикалық аурумен немесе жан қызметі уақытша бұзылуымен азап шекті ме?

2. Қылмыс жасау барысында А.А.Иманов өзінің әрекеттеріне есеп беру және ол әрекеттерімен басшылық ете алды ма?

3. Қазіргі уақытта психикалық немесе уақытша жан бұзушылық аурулармен азап шеге ме, өзінің әрекеттеріне есеп беріп олармен басшылық ете алалама?

4. Өзінің психиялық ахуалы бойынша, тергеу және сот алдында жауап бере алама?

5. Қылмыс жасау барысында А.А.Иманов физиологиялық немесе патологиялық аффекті болған жоқ па?

7.Физика-техникалық сараптама

1. Ұсынылған объектілерде:

а) жәбірленуші Е.Н.Мамыровқа жататын көйлекте;

б) жәбірленуші Е.Н.Мамыровтың мәйітінен алынған терістік жарақатта зақым келтіру бар ма?

2. Егерде болса, олардың пайда болу механизімі, зақым келтіру жайылтпаушылығы?

3. Табылған дене жарақаттар, зерттеуге ұсынылған оқиға болған жерді қарау барысында алынған 2 сана ас пышақтармен келтірілуге мүмкін ба?

8. Сот - биологиялық сараптама

1.Ұсынылған объектілерде:

а) жәбірленуші П.Н. Сағындықоваға жататын көйлекте, шалбарында;

б)оқиға болған жер қарау барысында алынған орамалда, 2 сана ас пышақтарда;

в) айыпталушы И.Р.Мамонтоваға жататын куртка мен шалбарында қан ізі бар ма?

2.Егерде болса ол қан кімге жатады: хайуанаттың ба әлде адамдікі ме?

3.Ол кімге жатуға мүмкін: айыпталушы И.Р.Мамоноваға, жәбірленуші П.Н. Сағындықованыкі ме немесе басқа адамдікі ме?

*Тергеу алдында тексеріс жүргізу материалдарды рәсімдеу барысында жіберілетін типтік тергеулік қателіктер:*

Типтік қателіктер	Пайда болу себептері	Пайда болуы мүмкін салдар
<p>1.Қылмыстық іс қозғауға негіз болып табылған құжаттарды толтыру барысында міндетті түрде болатын реквизиттердің немесе процессуалдық кепілдіктердің болмауы. Мысалы, арыз алу барысында:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- арызданушының жеке басы толық көрсетілмейді (мысалы, Азаматтығы, тұрақты және нақты тұратын мекен-жайы, телефондардың нөмірлері және т.б.);</li> <li>- арызданушы өтінішінің мәні нақтыланбайды;</li> <li>- көрсетілген оқиғаны дұрыс саралау жүргізуге мүмкіншілік беретін маңызды мәліметтердің бейнеленбеуі;</li> <li>- Әдейі жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылуға мүмкін екендігі туралы ескертілмеуі;</li> <li>- кім құрастырған, қашан және арызды кім</li> </ul>	<p>Қылмыстық іс жүргізу теориясын нашар білуі.</p>	<p>Қылмыстарды тергеулік ретінде жіберуін дұрыс анықтамау.          Әдейі жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауапқа тартуға мүмкіншілік болмау.          Жедел ретінде арызданушыны шақырумен байланысты кедергілер.          Арызды қабылдау барысында қызметкердің әрекетіне шағымдану мүмкіндігі.</p>

<p>қабылдағаны туралы жазбаның жоқтығы;</p>		
<p>2. Оқиға болған жерді қарау барысында толтырылатын хаттамада іске маңызды болуға тиіс табылған және алынған заттар немесе құжаттар, қылмыстың іздерінің нақты орындары нақтылап көрсетілмейді. Оларды алғаны және қаптағаны туралы мәліметтердің болмауы. Алынған заттардың ерекше белгілері, сипаттамалары көрсетілмеген немесе олардың тізімі құрастырылмаған. Оқиға болған жерді қарау барысында құрастырылған хаттама түсініксіз жазылудың себебінен оқыған кезде қиындық туғызады. Хаттама әр парағының астында куәгерлердің қол қоймауы. Сызба нұсқалар құрастырылмайды, фото кестелер қосылмаған, қылмыстық іздерді тауып алуға және бекітуге көмек беретін арнайы шаралардың сипаттамалары көрсетілмеген.</p>	<p>Оқиға болған жерді қарау және қылмыстың іздерін алу әдісін нашар игеруі. Оқиға болған жерді қарауды асығып жүргізуі. Тергеушінің жұмысын дұрыс емес ұйымдастыруы Болашақта тергеу жүргізуге оқиға болған жерді қарау барысында хаттамаға енгізілген ақпараттың маңыздылығын ұғынбауы.</p>	<p>Дәлелдемелік ақпаратты жоғалту немесе оның жол білмеушілігі. Оқиға болған жерді қосымша немесе қайталап қарау кезінде қажеттіліктер болса; Қарау жүргізген тергеушіге жағымсыз салдардың пайда болуы.</p>
<p>3. Қаулының сипаттамалық бөлімінде тұлғаның мәртебесін анықтауға негіз болған жағдайлардың</p>	<p>Процессуалдық құжаттарды құрастыруға формальды түрде қарау</p>	<p>Тиісті мәртебеге ие болушы адамның тарапынан шағымның болуы</p>

көрсетілмеуі		
4. Қаулының қарар бөлімінде қатысушының құқықтарын көрсетудің орнына ҚР ҚІЖК - нің нормаларының көрсетілуі	Процессуалдық құжаттарды құрастыру кезінде неғұрлым қысқаруы	Қатысушылардың өздерінің құқықтарын білмеуінің салдарынан олардың құқықтарын бұзу арқасында теріс зардаптардың пайда болу мүмкіндігі.

### **3. АНЫҚТАМА ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДАҒЫ ТЕРГЕУ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ РӘСІМДЕЛУІ.**

Алдын-ала тергеу қарым-қатынасына байланысты сотқа дейінгі іс жүргізудің өзіндік процессуалдық қалпы ретінде анықтама екі түрге бөлінеді:

1) Анықтау органдарының алдын-ала тергеу жүргізу міндетті болып табылатын істер бойынша (ҚР ҚІЖК 200 б.)

2) Алдын-ала тергеу ісін жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау (ҚР ҚІЖК 37 тарау).

Алдын-ала тергеу жүргізу міндетті болып табылатын қылмыс белгілері болған кезде анықтау органы қылмыстық іс қозғауға және қылмыстың ізін анықтау мен бекіту жөніндегі кейінге қалдыруға болмайтын тергеу іс әрекеттерін: қарауды, тінтуді, алуды, куәландыруды, сезіктілерді ұстау мен олардан жауап алуды, жүргізуге құқылы (ҚР ҚІЖК-нің 200 б.1 б.).

Дәлелдемелерді жоғалту мүмкіндігімен анықталатын кейінге қалдыруға болмайтын тергеу әрекеттерінің тізімі тергеу ретіне байланысты тергеушінің құзыретіне жататын айыпты тағуға жасалған қылмыстардың ауырлығымен шектеледі. Сонымен қоса, анықтау органдары тек тергеуді жүргізу құқығымен бірге анықтаушыға қарағанда ол бойынша заңда көзделген ЖІШ-ын өткізуге құқылы. ҚР ҚІЖК-нің 130-бабына сәйкес жедел іздестіру нәтижелеріне дәлелдемелік күш беру үшін процессуалдық нормаға сәйкес жүргізілуі керек. Осындай ақпараттың жол берушілігінің кепілі тек заңмен анықталған қайнар көзі, алу әдісі мен тәртібі ғана емес осы ақпаратты қылмыстық іс бойынша дәлелдемеге айналдыратын субъектінің беделі де болып келеді.

ҚР ҚІЖК-нің 37-бабының тәртібіне сәйкес тергеудің жеке нысаны ретінде қарастырылып, келесідей белгілермен сипатталады:

- дәлелдемелік материалдарды жинаудың ерекше тәртібі (жәбірленушіден, куәден ауызша сұрау жүргізу).

- сотқа дейінгі (айыптау хаттамасы, тергеудің қысқартылған мерзімі; қылмысты жасағаны туралы сезік келтірген адамдарға қатысты ғана өндіріс; іс бойынша тоқтата тұру институтының болмауы) және соттық кезеңдерінде де (істі қысқартылған мерзімде соттық қарау);

Заңда (ҚР ҚІЖК-нің 288-б.) алдын ала тергеуді жүргізу анықтама органдарымен жүргізу қарастырылған, егер қылмыс олардың тергеу реті бойынша арнайы субъектімен жасалса (мысалы, жасы кәмелетке толмағанмен), қылмыс туралы ақпарат алған уақытында қылмыс жасаған адам анықталмаған болса;

Сонымен қоса анықтаушы іс бойынша барлық процессуалдық шешімдерді анықтау органдарының бастығымен бекітуден басқа тергеушіге берілген барлық өкілеттіктерге ие.

Анықтау органдарымен жүргізілетін алдын ала тергеу кәдімгі тергеу сияқты айыптау хаттамасымен немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа беру туралы қаулысымен, қылмыстық істі

қысқарту туралы қаулысын шығарумен прокурорға жолдауымен аяқталады (ҚР ҚІЖК-нің 195 бабы).

Анықтау органдарымен жүргізілетін алдын ала тергеу мерзімі қылмыстық іс қозғау уақытынан бастап есептеледі (ҚР ҚІЖК - нің 288 б.4 б.).

---

---

### 31

*Анықтама жүргізу барысындағы тергеу құжаттарының процессуалдық рәсімдеу үлгілері*

#### БЕКІТЕМІН

Қарағанды қалалық Киров аудандық  
ПБ-нің бастығы полиция подполковнигі

П.А. Бермаханов

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

#### Қылмыстық іс қозғау және өз өндірісіне алу туралы Қ А У Л Ы

200\_\_жылы наурыздың 4 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің анықтама бөлімшесінің анықтаушысы полиция лейтенанты Р.М.Макаров азамат А.Р. Көбелековтен есірткі зат алу фактісі бойынша материалдарды қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. наурыздың 4 күні сағат 14.00 –де Киров ПБ - нің жедел-ізвестіру уәкілі П.П.Сағындыков жедел-ізвестіру шаралар қолдану барысында Қарағанды қаласында Киров көшесінде орналасқан 45 үйдің жанында көзі тірі адамды қарау барысында азамат А.Р. Көбелековтың үстінде киілген қара былғары курткасының оң жақ қалтасының ішінде ақ түсті, ұнтақты зат бар, қағаздан жасалынған түйіншекті тауып алды. Сот - химиялық сараптама қорытындысына сай, ол зат – салмағы 0,01 грамм героин есірткі зат болып табылды. Ол есірткі затты А.Р. Көбелеков өзі пайдалану үшін заңсыз иемденіп алып, сақтаған.

Жиналған материалдарда қылмыстық іс белгілер бар екенін ескере отырып, ҚР ҚІЖК 177, 178, 183, 185, 186, 189, 192, 194, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

## Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. 25 мамыр 1988 жылы туған азамат Алмас Рамазанұлы Көбелековтен есірткі зат алу фактісі бойынша ҚР ҚК 259 б.1 б. көрсетілген қылмыстық белгілер бойынша қылмыстық іс қозғау, өз өндірісіме қабылдау анықтау жүргізуге кірісуге.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Киров полиция бөлімінің  
анықтама бөлімшесінің анықтаушысы  
полиция лейтенанты

Р.М.Макаров

Анықтама: қаулының көшірмесі прокурорға 200\_\_ж. наурыздың 4 күні жолданды.

Шығу № 456

Қаулы маған 200\_\_ж. наурыздың 4 күні жарияланды, қаулының көшірмесін алдым

А.Р. Көбелеков

---

32

## КӨЗІ ТІРІ АДАМДЫ ҚАРАУ Х А Т Т А М А С Ы

200\_ ж. наурыздың 16 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды ІІБ ЕСКБ аға жедел –іздестіру уәкілі полиция аға капитаны А.Н.Сакеев есірткі затты заңсыз мүліктенген адамдарды әшкерелеуге ЖІШ жүргізгенде, ҚР ҚІЖК-221-223 баптарына сәйкес қарауға келесі куәгерлер:

1. Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 21 үй,5 пәтер тұрғыны Асқат Сапарұлы Асанов;

2.Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 12 үй, 13 пәтер тұрғыны Қанат Болатұлы Сабыров;

Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 79 үй, 25 пәтер тұрғыны, 1975 жылы туған С.П.Сембеков азаматы куәлермен сәйкес, Қарағанды қаласы; Ержанов көшесінде 49 үйде орналасқан “Огонек“ дүкенінің қасында тоқтатып, оған қарау жүргіздім, сол себепті ҚР ҚІЖК - нің 203 және 227 баптарының талаптарын сақтай отырып,осы хаттаманы толтырдым.

Қарауды бастамас бұрын жоғарыдағы аталған адамдарға қарау барысында жүргізілген тергеушінің барлық әрекетіне қатысуға, қарау туралы хаттамаға енгізуге жататын арыздар мен ескертулер жасауға, өзі қатысқан тергеу - іс әрекетінің хаттамасымен танысу, ізге түсу органының іс-әрекетіне



шағым жасауға, тергеу әрекетін жүргізу барысында келтірілген шығындар үшін өтем алуға құқылы екендері түсіндірілді.

Куәлерге ҚР ҚІЖК -нің 86 бабында көзделген міндеттері түсіндірілді және олар өз міндеттерін орындаудан немесе дәлелді себептерсіз келуден бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны туралы ескертіледі.

Куәгерлер:

А.С. Асанов

Қ.Б. Сабыров

Қарау ауа - райының күн ашық кезінде өткізілді.

### ҚАРАУМЕН АНЫҚТАЛДЫ:

Қарауға тартылған азамат С.П.Сембековтың бойы 1 метр 70 см. ұлты европалық, шашының түсі қаралау, иектің сол жағында меңі бар, үстіне киілген қара былғары курткасының оң жақтағы ішкі қалтасынан, сұр түрі фольгадан жасалынған кішкене мөлшері 3 – 4 мм. түйіншек табылып алынды. Ол түйіншекті жайған кезінде, ішінде ақ ұнтақты зат болғаны анықталды.

Бұл жөнінде С.П. Сембековке «ол не зат» деп, қойылған сұраққа, бұл зат – есірткі зат героин, және осы затты 200\_ жылы наурыздың 16 күні «Огонек» деген дүкенің қасында бейтаныс кавказ ұлттық әйелден 1000 теңгеге, көктамырға «инъекция» жасау бойынша пайдалану үшін өзіне сатып алдым деп жауап берді. Есірткі затты қолданғанына бір жыл болды.

Сосын, ақ ұнтақты зат табылған С.П. Сембековтың курткасы бір парақ қағазға оралып, желімденіп, № 1 мөр басылды, және түсіндіру жазу жазылды: «№ 1 пакет. 200\_ жылы наурыздың 16 күні С.П. Сембековтан алынған куртка». Осы пакетке куәгерлер А.С.Асанов пен К.Б.Сабыров және С.П.Сембековтың қолы қойылды. Содан кейін фольгадан жасалынған түйіншек конвертке салынып, желімденіп, № 1 мөр басылды, және түсіндіру жазу жазылды: «№ 2 пакет. 200\_ жылы наурыздың күні С.П. Сембековтан алынған фольгадан жасалынған түйіншек, ішіндегі зат пен бірге». Осы пакетке куәгерлер А.С. Асанов, Қ.Б. Сабыров және С.П.Сембековтер өздерінің қолдарын қойды. Осымен қарау аяқталды.

Қарау барысында толтырылған хаттама қатысушыларға дауыстап оқылып берілді, бәрі дұрыс, қатысушылар тарапынан қарау тәртібі бойынша және хаттама мазмұны бойынша арыздар мен ескертулер түспеді.

Қаралынған адам:

С.П.Сембеков

Куәгерлер:

А.С. Асанов

Қ.Б. Сабыров

Қарау жасаған Қарағанды қ.  
ІІБ ЕСКБ аға жедел-ізвестіру

33

Қарағанды қаласы Киров аудандық  
ПБ полиция бөлімінің бастығы  
полиция подполковнигі  
А.А.Ержанов

## МӘЛІМДЕМЕ

200\_ жылы наурыздың 16-да мен Қарағанды қаласының ПБ есірткі затты сатумен қарсы күресу бөлімінің жедел-ізвестіру уәкілі полиция лейтенанты А.Т. Булатовпен бірге есірткі затты заңсыз мүліктенген адамдарды әшкерелеуге ЖІШ жүргізгенде, 18 сағат 40 минутта Қарағанды қаласы Ержанов көшесінде 49 үйде орналасқан «Огонек» деген дүкенінің қасында 1975 жылы туған, Қарағанды қаласы Ержанов көшесі 79 үй, 25 пәтердің тұрғыны С.П. Сембеков деген азамат тоқтатылды. Жеке тінту кезінде С.П. Сембековтың үстінде киілген куртқасының оң жақ қалтасынан фольгалы түйіншекке орлаған ақ ұнтақты зат табылып алдынды.

Сарапшының қорытындысы бойынша С.П. Сембековтан алынған зат салмағы 0,08 грамм героин деген есірткі зат болып табылды.

С.П. Сембековті жеке тінтуде одан алынған затты героин деген есірткі зат деп, және ол есірткі затты 200\_ жылы наурыздың 16 күні сағат 16 шамасында «Огонек» деген дүкенің жанында бейтаныс кавказ ұлтты әйелден 1000 теңгеге сатып алдым деп түсіндірді.

Жоғарыда көрсетілгенің негізінде С.П. Сембековтың іс-әрекетінде ҚР ҚК 259 б.1 көзделген белгілері қылмыстың белгілеріне көрсететін жеткілікті деректер бар болуы себебінен осы материалды Киров полиция бөлімшесінің АТК журналына тіркеуге рұқсат сұраймын.

Қарағанды ПБ ЕЗКБ  
аға жедел-ізвестіру уәкілі  
полиция капитаны

А.Н.Сакеев

## Қосымша

Тергеуге дейінгі тексеру материалдары \_\_\_\_\_ парақта:

1. Көзі тірі адамды қарау хаттамасы;
2. С.П. Сембековтың түсініктемесі;
3. К.Б.Болатовтың түсініктемесі;
4. Б.А.Қуанышовтың түсініктемесі;
5. Химия сарапшылық тағайындау қаулы;
6. С.П. Сембековқа химия сарапшылық қаулысы жариялану;

7. Анықтама – есептеу;
  8. Химия сараптама қорытындысы;
  9. С.П. Сембековтың сарапшылық қорытындысымен жариялау хаттамасы.
- 
- 

34

Қарағанды қаласы Киров аудандық ІІБ  
бастығы полиция подполковнигі

А.А. Ержановқа

11.04.1963 жылы, Қарағанды қаласында  
туған, қазақ, ҚР - нің азаматы, бойдақ,  
білімі орташа - арнайы, Қарағанды  
қаласы, Ержанов көшесі, 21 үй, 5  
пәтерде тұрады, сотталмаған жеке  
куәлігі № 34572309

Сабыр Талапбекұлы Наурызбаевтан

#### ТҮСІНІКТЕМЕ

Маған қойылған сұрақтарға беретін жауабым төмендегідей: 200\_ жылы наурыздың 16 –күні 18 сағаттың шамасында мен “Огонек “ деген дүкенге барып азық алайын деп едім. Дүкенге кіре берісте маған екі жігіт жақындап келіп, өздерін полиция қызметкері екендігін айтып таныстырды, олар маған есірткі зат алу кезінде куәгер болуды өтінді. Мен олардың өтінішіне келістім. Содан кейін, полиция қызметкерлері бір ер адамды ертіп әкелді, ол кісі екінші куәгер болады деді. Біз дүкеннің жанында тұрғанда, полиция қызметкерлері жанынан өтіп бара жатқан европа ұлтты, үстінде қара былғары курткасы бар жігітті тоқтатты. Ол жігіт өзін Сержан Пархатұлы Сембеков деп таныстырды. Полиция қызметкерлері одан тыйым салынған заттар мен мүліктер бар ма деп сұрады. С.П. Сембеков жоқ деп жауап берді. Кейін полиция қызметкері С.П.Сембековтың денесін қарай бастады. Үстінде киілген қара былғары куртканың оң жағы ішкі қалтасынан фольгадан жасалынған кішкене мөлшері бар түйіншек табылып алынды. Оны жайған кезде ішінде ақ ұнтақты зат табылды. С.П. Сембековтан сол алынған зат туралы сұрақ қойғанда, ол заттың атын – героин деген есірткі зат деп жауап берді.

Ол затты С.П. Сембеков 200\_ жылы наурыздың 16 –да «Огонек» деген дүкеннің жанында кавказ ұлтты бейтаныс әйелден өзіне пайдалану үшін, 1000 теңгеге сатып алғандығын, есірткі затты бір жылдай пайдаланып жүргендігін айтты. Сосын, алынған зат конвертке салынып, мөр басылғаннан кейін бәріміз қол қойдық. Одан кейін, полиция қызметкерлері сол зат

табылған қалтасын кесіп алып, конвертке салып, мөр басылғаннан кейін қол қойдық.

Менің айтқан сөзім дұрыс жазылды, өзім оқып шықтым, өзгертулермен толықтырулар жоқ.  
С.Т. Наурызбаев

16 наурыз 200\_ ж.

Түсініктеме алған:

Қарағанды қ.ПБ

ЕСКБ аға жедел-іздестіру уәкілі

полиция капитаны:

А.Н.Сакеев

---

---

35

### ТҮСІНІКТЕМЕ

200\_ ж. наурыздың 16-ы

Қарағанды қ.

Басталуы: 18 сағ. 40 мин.

Аяқталуы: 19 сағ. 20 мин.

Қарағанды қаласы ПБ ЕСКБ жедел-іздестіру уәкілі полиция лейтенанты А.П.Болатов ҚІЖК - нің 7-бабының 37-тармағы, және 123-бабының 2-тармағы талабына сәйкес Қарағанды қаласы Киров аудандық ПБ бөлмесінде төмендегі азаматтан ауызша сұрау алдым:

Ерсін Азаматұлы Қуатов

Туған жылы: 26.10.1967

Туған жері: Қарағанды

Ұлты: қазақ

Жұмыс орны: КСК “Элита”, слесарь

Мекен жайы: Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі, 12 үй, 13 пәтер

Білімі: орташа - арнайы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Қазақ тілін мүлтіксіз білемін, аудармашының көмегін қажет етпеймін

\_\_\_\_\_ Е.А. Қуатов

Маған қойылған сұрақтарға беретін жауабым төмендегіше: 200\_ жылы наурыздың 16 күні, 18 сағат шамасында мен «Огонек» дүкенінің жанынан өтіп бара жатқанда, мені екі жас жігіттер тоқтатып, өздерін полиция қызметкерлеріміз деп таныстырды. Олар маған есірткі зат алу кезінде куәгер болуын өтінді. Мен келістім, бізбен бірге тағы бір ер адам болды, полиция қызметкерлерінің айтуы бойынша, ол кісі екінші куәгер. Біз дүкеннің жанында тұрғанда полиция қызметкерлері, европалық түрлі бір жас жігітті тоқтатты, содан кейін ол жігітке тыйым салынған заттар мен мүліктер барма деп сұрақ қойды. Ол жігіт өзін Ерлан Алтынбекұлы Қанатов деп

таныстырды, қойған сұраққа ештеңе жоқ деп жауап берді. Полиция қызметкерлердің біреуі Е.А. Қанатовтың сөзіне сенбей, оның үстіне киінген былғары куртқасының қалтасын тінте бастады. Он жақтағы ішкі қалтасынан фольгадан жасалған кішкене мөлшері бар түйіншек табылып алып шықты. Оны жайғанда, ішінде ақ ұнтақты зат табылды. Полиция қызметкері Е.А. Қанатовқа бұл не зат, және қалтасына қалай түскенін сұрады. Е.А. Қанатов өзіне қойылған сұраққа - ол зат есірткі зат – героин деп жауап берді, және ол есірткі затты 200\_ жылы наурыздың 16 күні “Огонек “ деген дүкеннің жанында бейтаныс кавказ ұлтты әйелден 1000 теңгеге өзіне пайдалану үшін сатып алды. Есірткі затты пайдаланып жүргеніне бір жылдай болды. Содан кейін алынған түйіншек конвертке салынып, желімденіп, мөр басылды, оған біз бәріміз қолымызды қойдық.

Түсініктемені оқып шықтым, менің сөзімнен дұрыс жазылды.

Е.А. Қуатов

Түсініктеме алған:  
Қарағанды қаласы ІІБ ЕЗКБ  
жедел-ізвестіру уәкілі  
полиция лейтенанты

А.П.Болатов

---

36

Қарағанды қаласы Киров аудандық ІІБ  
бастығы полиция подполковнигі

А.А.Ержановқа

11.04.1963 жылы, Қарағанды қаласында  
туған, қазақ, ҚР - нің азаматы, бойдақ,  
білімі орташа - арнайы, Қарағанды  
қаласы, Ержанов көшесі, 21 үй, 5  
пәтердің тұрғыны, бұрын сотталмаған,  
жеке куәлігі № 34572309 ҚР ІІМ  
берілген,

Қасым Бекжанұлы Манаровтан

## ТҮСІНІКТЕМЕ

Маған қойылған сұрақтарға беретін жауабым төмендегідей: 200\_\_ж. сәурдің 21 күні мен таңғы 8 сағат шамасында үйімнен шығып жұмысқа кеттім. Кетер алдында мен пәтердің есігін екі құлыпқа жауып кеттім. Жұмыстан мен 17 сағатта қайтып келдім. Енді пәтерге жақындағанда, есіктің ашық жатқанына көзім жетті. Былай қарасам, екі құлып бұзылған, үйдің іші талқыланып жатыр. Біреу бірдеме іздеген сияқты. Мен қорқып үйге

кірмей, көршінің үйіне барып полицияға телефон соқтым. Енді полиция келген соң, мен заттардың түгелділігін тексере бастадым. Сонда менің анықтағаным үйден келесі заттар ұрланып кеткен:

1. Қонақ бөлмесінде жиһаздың ішінде тұрған «Sony» маркалы теледидар – құны 25000 теңге;

2. Дәлізде киім ілгіште ілініп тұрған қара түсті былғары куртқа – құны 15000 теңге, қалтасында қара былғары қолғап болған – құны – 5000 теңге;

3. Балалар ұйықтайтын бөлмесінде тұрған «LG» маркалы компьютер – құны 125000 теңге

Келтірген мүліктік зиянның жалпы соммасы – 170000 теңге.

Бұл қылмысты кім жасауға мүмкін екенін білмеймін, ешкімге күмән туғызбаймын.

Түсініктеме маған дауыстап оқылып шықты, менің сөзімнен дұрыс жазылды, толықтыру мен өзгертулер жоқ. Қ. Б. Манаров

200\_\_ж. 22 сәуір

---

37

## АУЫЗША СҰРАУ Х А Т Т А М А С Ы

200\_ жылғы наурыздың 19-ы

Қарағанды қ.

Мен, Киров аудандық ІІБ анықтаушысы полиция лейтенанты Д.Б.Алтаев ҚР ҚІЖК – нің 286 баптың 3, 4, 6 бөлімдерін талаптарын сақтай отырып, Киров аудандық ІІБ бөлмесінде ауызша сұрау жүзгізілді:

Тегі, аты, әкесінің аты: Қасым Бекжанұлы Манаров

Туған жылы: 1963 жылы, 11.04

Туған жері: Қарағанды

Азаматтығы: ҚР

Ұлты: қазақ

Білімі: орташа

Отбасылық жағдайы: бойдақ

Жұмыс орны: уақытша жұмыс істемейді

Тұратын жері: Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 21 үй, 5-ші пәтер

Төлқұжат немесе басқа құжаттар жайлы мәлімет: №34572309 жеке куәлік, 15.07. 200\_ жылы берілген

Сотталғаны туралы мәліметтер: сотталмаған

Айыпкерге ара қатынасы: таныс емес

Жауап алу алдында ҚР ҚІЖК 214 б.2 б. сәйкес К.Б. Манаровқа ҚР ҚІЖК 82 б.көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Сонымен бірге, К.Б. Манаровқа өзінің ерінің (зайыбының), жақын туыстарынан, қылмыс жасағанын ашатын, сондай-ақ діни қызметшіге тәубе ету үстінде оған ішкі сырын сеніп ашқан адамдарға қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқығы бар екенін түсіндірілді. Бұған куә К.Б. Манаров былай деп арызданды: “Осы құқықпен қолданбаймын “

Куә: К.Б. Манаров

Куә К.Б. Манаров ҚР ҚІЖК 100 б. сәйкес қауіпсіздік шараларын қолдануды тілей ме? деген сұраққа былай деп мәлімдеді: “ Осы құқықпен қолданбаймын ”

Куә: К.Б. Манаров

Бұдан кейін, К.Б. Манаровқа ҚР ҚК 353,352 баптары бойынша қасақана жалған жауап беру үшін және қасақана айғақтарды беруден бас тарту үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілді.

Куә: К.Б. Манаров

Айғақтарды қазақ тілінде беруді тілеймін және аудармашыны қажет етпеймін.

Куә: К.Б. Манаров

Сұрастырудың нәтижесінде анықталды: куә А.С.Асановтың көрсетуі бойынша ол 200\_ жылы 16 наурызда 16 сағаттың шамасында “Огонек “деген дүкенге азық алу үшін барды. Дүкеннің жанында оны екі жас жігіт тоқтатып, куәліктерін көрсетіп өздерін полиция қызметкерлері екенін таныстырып, К.Б. Манаровқа есірткі зат алу кезінде куәгер болуын өтінді. Оған К.Б. Манаров келісті. Полиция қызметкерлері оған куәгердің құқықтары мен міндеттерімен таныстырды. Содан кейін полиция қызметкерлері екінші куәгерді шақырды. Дүкеннің жанында 20 минут тұрғаннан кейін, полиция қызметкерлері жанынан өтіп бара жатқан, үстінде қара былғары куртқа киінген, бір жігітті тоқтатып оның деректерін сұрады. Ол жігіт өзінің деректерін айтты Сержан Пархатұлы Сембеков. Оған полиция қызметкерлері тыйым салынған заттар мен мүліктер бар ма деп сұрақ қойды. Ол жоқ деп жауап берді.

Сонда полиция қызметкерлерінің біреуі оның сөзіне сенім жоқ деп; жеке тінту бастады. Сол тінту жүргізгенде, Сембековтың үстінде киілген куртқасының оң жақ ішкі қалтасынан фольгадан жасалынған кішкене түйіншек табылды, оны полиция қызметкері алып шығып жайғанда ішінде ақ ұнтақты зат табылды. Сембековқа сұрақ қойылды – ол не зат ? Бұл сұраққа Сембеков былай деп жауап берді: “ Бұл зат - героин деген есірткі зат, оны мен бейтаныс әйелден сатып алдым, өзіне пайдалану үшін”. Осыдан кейін, ол түйіншек конвертке салынып желімденді, мөр басылды біз бәріміз қол қойдық. Полиция қызметкері сол түйіншек табылған қалтаны қайшымен кесіп алды да, оны да конвертке салып желімдеді, мөр басылып біз қол қойдық. Осымен бәрі бітті.

Куә \_\_\_\_\_

К.Б. Манаров

Ауызша түсініктеме туралы  
анықтаманы құрастырған  
Киров аудандық ІІБ анықтаушысы  
полиция лейтенанты

Д.Б.Алтаев

---

38

### Ақша купюрасың белгілеу туралы ХАТТАМАСЫ

200\_\_ж. сәурдің 25 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров аудандық ІІБ - нің жедел уәкілі полиция капитаны Ә.Л. Аликперов келесі куәгерлер:

1. Жағыпар Абішұлы Керимов, мекен жайы: Қарағанды қаласы, Киров көшесі 14 үй 54 пәтер;

2. Жанболат Сейітұлы Жанғыров, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Пирогова көшесі 25 үй;

Сонымен қатар маман ретінде А.Н.Жасыровтың қатысуымен ақша купюрасың белгілеу туралы хаттаманы толтырды.

Әрекет жасау алдында куәгерлер Ж.А.Керимов пен Ж.С.Жанғыровқа ҚР ҚІЖК 86 б. көрсетілген Құқықтар мен міндеттерім түсіндірілді.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Маман А.Н. Жасыровқа ҚР ҚІЖК 84 б. сай құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

\_\_\_\_\_ А.Н. Жасыров

Содан кейін, маман А.Н.Жасыров сериясы БК 1256321 саны құны 5000 теңге купюраны люминенстік ұнтақпен екі жақтан белгіленді.

Бұл әрекет жасау барысында қатысушылардан ешқандай өзгертулерімен толықтырулар түскен жоқ.

Куәгерлер: 1.

Ж.А.Керимов

2.

Ж.С.Жанғыров

Маман:

А.Н.Жасыров



Жедел іздестіру уәкілі:

Ә.Л.Аликперов

39

### АҚША КУПЮРАСЫН БЕРУ ТУРАЛЫ ХАТТАМАСЫ

200\_\_ж. сәурдің 25 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің жедел уәкілі полиция капитаны Ә.Л.Аликперов ақша купюрасын беру барысында келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Жағыпар Абішұлы Керимов, мекен жайы: Қарағанды қаласы, Киров көшесі 14 үй 54 пәтер

2. Жанболат Сейітұлы Жанғыров, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Пирогова көшесі 25 үй тұрғыны

Осы азаматтардың қатысуымен ақша купюра бергені туралы хаттама толтырды.

Әрекет жасау алдында куәгерлер Ж.А.Керимов пен Ж.С.Жанғыровқа ҚР ҚІЖК 86 б. көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Содан кейін, сериясы БК 1256321 саны құны 5000 теңге купюра азамат Айдос Иманұлы Беріковке берілді.

Іс-әрекет жасау барысында қатысушылардан ескертулер түскен жоқ.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Жедел іздестіру уәкілі:

Ә.Л.Аликперов

Ақша купюрасын алдым:

А.И. Беріков

40

### ҒЫЛЫМИ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР БЕРУ ТУРАЛЫ ХАТТАМА

200\_\_ж. тамыздың 25 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласы Киров аудандық ПБ - нің жедел уәкілі полиция капитаны Ә.Л.Аликперов ғылыми техникалық құралдарды беру барысында келесі куәгерлердің:

1. Жағыпар Абішұлы Керимов, мекен жайы: Қарағанды қаласы, Киров көшесі 14 үй 54 пәтер;

2. Жанболат Сейітұлы Жанғыров, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Пирогова көшесі 25 үй;

Осы куәгерлердің қатысуымен ғылыми - техникалық құралдарды беру туралы хаттама толтырды.

Бұл әрекетті жасау алдында куәгерлерге Ж.А.Керимов пен Ж.С.Жанғыровқа ҚР ҚІЖК 86 б. көрсетілген құқықықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Содан кейін, маман А.Н.Жанғыров «Sony» маркалы № 1256111 магнитофонды Аслан Иманұлы Беріковке берді.

Іс-әрекет жасау барысында қатысушылардан ескертулер түскен жоқ.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Жедел іздестіру уәкілі:

Ә.Л.Аликперов

Құралды алдым:

А.И. Беріков

---

41

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің  
бастығы полиция подполковнигі  
А.А.Батырхановка

## Б А Ғ Ы Т Т А М А

200\_\_ жылы қазанның 15 күні 21 сағат шамасында екі бейтаныс адам өздерін электромонтер деп таныстырып, алдау әдісімен Қарағанды қаласы, Чкалова көшесі 56 үйде, 45 пәтерде тұратын азаматша Алма Хайдаровна Капшеваның үйіне кіріп, оған күш қолданып аяқ-қолын жіппен байлады. Содан кейін, үйде болған заттарды дорбаға салып алып кетті.

Қылмыскерлердің белгілері:

1. Бойы орташа, бетінің пішіні азияттық, шашы қысқа, қара қоңыр түсті, көздері қара, ауызындағы үстіңгі сол жақтағы тістерінің біреуі сары

темірден жасалынған, қазақша таза сөйлейді, үстінде қысқа, қара куртка киілген, басында бас киім жоқ

2. Бойы 1 м.80 см. шамасында, бетінің пішіні кавказдық, шашы қысқа, қара түсті, көздері қара, басқа белгілер жоқ. Үстінде қызылт свитер киілген. Басқа ерекше белгілер жоқ.

Ұрланған заттардың тізімі:

1. Гүл тәрізді жасалынған, жоғары жақта қызыл тасы бар, алтыннан жасалынған жүзік – 1 дана

2. Қазақ ұлттық оюлары бар алтыннан жасалынған сырғалар – 2 дана

3. Жылан тәрізді оймақ бар алтыннан жасалынған білезік – 1 дана

4. «Түркия» өндірісінің қара былғары курткасы – 1 дана

5. Хрусталь шыныдан жасалынған рюмкалар мен бокалдар – 12 дана

6. «Голдстар» маркалы бейнежазу магнитофон № 1236548 - дана

Жоғарыда көрсеткенді негіздей отырып, осы қылмысты ашу мақсатымен барлық қызметкерлердің құрамын бағыттауға сұраймын.

Егерде жарамды нәтижелер пайда болса бізге хабарлауды сұраймын.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің бастығы

полиция майоры

А.А.Ремжанов

---

42

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің  
бастығы полиция подполковнигі  
П.Н.Шерубаевка

### М Ә Л І М Д Е М Е

Қарағанды қаласы, Киров көшесі 25 үй 5 пәтер тұрғыны азамат П.Н.Жановтың үйінен ұрлық жасау фактісі бойынша, осы қылмысты ашу мақсатымен менімен келесі жұмыс өндірілді:

4. Киров көшесі 25 үйде № 6, 7, 8 пәтерде тұратын Мақашев, Елемесов, Оразовтардан сұрау жүргізілді.

5. Осы үйдің ауласында адамдардан ауызша сұрау жүргізілді.

6. Жедел-ізвестіру шаралар қолдану барысында ұрлаған мүліктерді сататын орындар тексерілді.

Осы шараларды қолдану барысында жаратымды нәтижелер табылған жоқ.

Киров ПБ-нің жедел-ізвестіру уәкілі  
полиция капитаны

Н.Н.Пернебаев

43

БЕКІТЕМІН  
Киров аудандық ПБ-нің  
бастығы полиция подполковнигі  
Т.А.Абрахов  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

КЕЛІСІМЕН  
Киров ауданының прокуроры  
заң кеңесшісі  
Т.А.Малахов  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

### АЙЫПТАУ ХАТТАМАСЫ

«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ж.

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласы Киров аудандық ПБ - нің анықтаушы Мыңжасаров Б.А. 1982 ж. 2 наурызда, Қарағанды қаласында туған, ҚР ҚК 259 б.1 б. көзделген қылмыс жасаған Сержан Болатұлы Болатов деген азаматқа қатысты №25612354 санды қылмыстық іс материалдарын қарап шығып, келесіні анықтадым:

200\_\_жылы қарашаның 4 күні 21.10 сағат шамасында азамат Б.А.Шынаров Қарағанды қаласы, Букпинская көшесі 67 үйдің жанында бейтаныс әйел адамның 1000 теңгеге, өзімен пайдалану мақсатымен қағазға оралынан ақ түсті ұнтақты затты сатып алды. Бұл сатып алған зат есірткі зат екенін ұғына отырып, өзі пайдалану үшін, сату мақсатынсыз оны заңсыз иеленді, содан кейін ол есірткі затты үстіне киілген киімінің қалтасына салып, заңсыз сақтады.

Сол күні, жедел-іздігі іс әрекеттер жүргізу барысында, полиция қызметкерлерімен 21.45 сағат шамасында Қарағанды қаласы, Зональная көшесі 79 үй жанында екі куәгер қатысуымен азамат С.Б. Болатов ұсталынды, оған сырттай қарау жүргізу барысында үстіне киілген куртканың оң жақтағы сыртқы қалтасында қағаздан жасалынған орама алынды, оның ішінде ақ түсті ұнтақты зат бар түйіншек табылып алынды.

200\_\_ж. қарашаның 15 күні № 15-1 сарапшының қорытындысы бойынша С.Б. Болатовтан алынған зат - салмағы 0,25 грамм героин есірткі зат болып табылды.

1998 жылы шілденің 10 күні «Есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар туралы және олардың заңсыз айналымына және теріс пайдаланушылыққа қарсылық көрсету шаралары жөнінде» және 1998 жылы 9 наурызда № 186 ҚР Үкімет Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында бақылауға алуға жататын есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар Қазақстан Республика Заңға қосылған № 2 жиынтық кестесіне сәйкес, сонымен қатар 200\_2 ж.30 мамырда «Есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар туралы және олардың заңсыз айналымына бақылау жүргізу бойынша ҚР кейбір заңнамалықтарға

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңға сай, салмағы 0,25 грамм героин есірткі зат ірі мөлшерге жатады.

Қорытындылай, С.Б. Болатов ҚР ҚК 259 б. 1 б. көзделген қылмыс жасады, яғни сату мақсатынсыз, ірі мөлшерде есірткі затты заңсыз иемдену және сақтау.

#### МАЗМҮНДАҒАН РАСТАЛЫНАДЫ:

1. Киров аудандық полиция учаскелік инспекторы А.С. Ахметовтың баянатымен.
2. С.Б. Болатовтан зат алу хаттамасымен.
3. 200\_\_ж. 15.11 № 15-1 сарапшының қорытындысымен.
4. Заттай дәлелдеме ретінде тануға және іске тіркеу туралы қаулымен.
5. Куә Т.Б.Қараевтан жауап алу хаттамасымен.
6. Куә Е.Б. Сайлауовтан жауап алу хаттамасымен.
7. Беттестіру жүргізу хаттамамен.
8. Өзінің кінәсін мойындаған С.Б. Болатовтан жауап алу хаттамасымен.

#### АЙЫПТАЛУШЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР:

1982 жылы 2 наурызда, Қарағанды қаласында туған, қазақ, ҚР азаматы, бойдақ, уақытша жұмыс істемейді, білімі орташа, тұратын жері: Қарағанды қаласы, Доватора көшесі 145 үй, 200\_1 жылы ҚР ҚК 259 б. 1 б. бойынша бұрын сотталған.

#### Сотқа шақыруға жататын тұлғалардың ТІЗІМІ

#### ҚОРҒАУ ТАРАПЫ:

1. Айыпталушы: Сержан Болатұлы Болатов – мекен-жайы Қарағанды қаласы, Доватора көшесі 145 үй.

#### АЙЫПТАУ ТАРАПЫ:

Куәлар:

1. Талғат Бағдатұлы Қараев – Қарағанды қ. Шахтерская 25 үй.
2. Есен Бақытұлы Сайлауовтан – Қарағанды қ. Павлова 25 үй.

#### №25612354 қылмыстық істің жылжымасы туралы АНЫҚТАМА

1. №25612354 қылмыстық іс 200\_\_ж. 15 қарашада қозғалды.
2. С.Б. Болатовқа тиісті бұлтартпау шарасы – қамау 200\_\_ж. 15 қарашада қолданылды.

3. Айыптау хаттама 200\_\_ж. 18 қарашада құрастырылды.
4. Заттай дәлелдеме Киров ПБ - нің сақтау камерасында сақталуда.
5. Сот шығындар жоқ.

Киров ПБ анықтаушысы  
полиция аға лейтенанты

Б.А.Мыңжасаров

### БАСТЫҚТЫҢ ШЕШІМІ:

ҚР ҚК 259 б.1 б. бойынша С.Б. Болатовты айыптау №25612354 санды қылмыстық істі ҚР ҚІЖК 287 б. талаптарына сай айыпталушыны сотқа беру және істі тергеулік ретінде жолдауға үшін Қарағанды қаласы Киров аудандық прокурорға жолдауға.

КИРОВ ПБ БАСТЫҒЫ  
ПОЛИЦИЯ МАЙОРЫ

А.Н. КАШБАЕВ

Танысу үшін айыпталушы С.Б. Болатовқа 1 томдағы 25 парақты қылмыстық іс танысуға ұсынылды. Қылмыстық іс материалдарымен танысып болған соң айыпталушы С.Б. Болатов былай деп мәлімдеді: қылмыстық іс материалдарымен таныстым, арыздар мен өтініштер жоқ.

200\_\_ж. 18 қараша

С.Б. Болатов

Киров ПБ анықтаушысы  
полиция аға лейтенанты

Б.А.Мыңжасаров

*Анықтама жүргізу кезіндегі тергеу құжаттарын толтыру барысындағы жіберілетін типтік тергеу қателіктері:*

Типтік қателіктер	Пайда болу себептері	Мүмкін болатын салдар
1. Құжаттарды құрастыру кезінде анықтама органы бастығымен бекітілетін қажетті реквизиттер мен процессуалдық кепілдіктердің болмауы (бекіту елтаңбалық мөрі)	Қылмыстық іс жүргізу теориясын білудің нашарлығы мен құрастырылатын құжаттардың процессуалдық нысанының маңызын тиісінше түсінеді	Қабылданған шешімнің жол берілмеуі немесе заңды күшінің болмауы.
2. ҚР ҚІЖК - нің 37	Қылмыстық іс жүргізу	Сезіктінің құқықтарын

<p>тарауының тәртібі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы қаулысының қарар бөлімі заң талаптарына сәйкес келмеуі.</p> <p>Мысалы, сезіктінің анкеталық мәліметтерін толық көрсетпеуі немесе оның процессуалдық мәртебесін анықтағаны туралы мәліметтердің болмауы (құқықтары мен міндеттерін түсіндіру);</p> <p>- сезіктіге қаулыны жариялаған күні мен оның көшірмесін берілгені туралы мәліметтердің болмауы;</p>	<p>теориясын білудің нашарлығы.</p>	<p>елеулі түрде бұзудың салдарынан істің қосымша тергеуге жіберілуі. Процеске қатысушылардан немесе қорғаушыдан анықтаушының іс-әрекетіне шағым жасалуының ықтималдылығы.</p> <p>Анықтаушы үшін теріс зардаптардың пайда болу мүмкіндігі.</p>
<p>3. Қылмыстық іс қозғалғанға дейін ауызша сұрау жүргізілгені туралы анықтама құрастыру.</p>	<p>Бұл жауап алудың қысқартылған нысаны олардың дұрыстығына күмән келтіретін белгілі бір іс - әрекеттің жүргізілу шындығына жауапты болатын адамдарға қолданылатын толық түсінбеу (куәгерлердің, статисттердің, тінтілетін адамның кәмелеттік жасқа толған отбасы мүшелері)</p>	<p>Құрастырылған құжаттың дәлелдемелік күшін жоғалтуы.</p>
<p>4. Айыптау хаттамасында тізімге сәйкес танысу үшін ұсынылатын материалдарының санына қатысты мәліметтердің болмауы</p>	<p>ҚР ҚІЖК - нің 116 б. 3б. білмеуі, яғни тізімге енгізілмеген құжаттар сотпен дәлелдеме ретінде қарастырылмауы мүмкін.</p>	<p>Істің қосымша тергеуге қайтарылуы.</p>

#### **4. АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ШЕШІМДЕР.**

Қылмыстық іс жүргізуге қатысатын мүдделі адамдарды тергеу процесіне қосудың негізгі элементтерінің бірі болып – тергеушімен тиісті қаулының шығарылуы:

- жәбірленуші ретінде тануға;
- азаматтық талапкер немесе жауапкер ретінде тануға;
- өкілі немесе заңды өкілі ретінде тануға;
- айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы;

Сезіктінің (ұстау хаттамасын құрастыру) немесе куәнің (іс бойынша маңызы бар жағдайларды анықтау үшін жауап алу үшін шақырылған сәттен бастап) мәртебесін анықтау өзгеше болып келеді.

Қатысушының мәртебесін анықтау шешімінің ерекшелігі болып:

- жекеше келу (анкеталық мәліметтердің көрсетілуі);
- қатысудың заңды негізі (ҚР ҚІЖК - нің арнайы нормалары);
- қаулыны шығару тәртібін регламенттейтін жалпы норманың негізінде шешімді қабылдаудың мүмкіндігі (ҚР ҚІЖК- нің 202 бабы);
- қабылданған шешімді жариялағаны туралы және тиісті құқықтар мен міндеттерді түсіндіргені туралы мәліметтердің болуы;
- заңмен көзделген жағдайлардың болуына байланысты тиісті мәртебені анықтаудан бас тарту мүмкіндігі (жасы кәмелетке толмаған адамға кері әсер етуі мүмкін, арнайы білімдерге ие болмау);
- процеске қатысу ретінде тануға талап ету құқығы (ҚР ҚІЖК - нің 114 б.);

---

**44**

*Қылмыстық процеске қатысушылардың мәртебесін анықтайтын тергеушінің (анықтаушының) процессуалдық шешімдерінің үлгілері*

#### **Жәбірленуші ретінде тану туралы Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. қарашаның 26 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ - нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздықов № 050103061322 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**



200\_\_жылы қарашаның 26 күні бейтаныс адамдар, кілті сұрыптау жолымен Қарағанды қаласы, Сакена көшесі 5 үй, 10 пәтерде тұратын азамат М.И.Ауелбековтің үйіне заңсыз кіріп, мүлікті ұрлап, жалпы 60233 теңге соммасына зардап келтірді.

Жоғарыда көрсеткенді негізге ала отырып, азамат М.И. Ауелбековке тікелей қылмыспен мүліктік зиян келтіргенін назарға ала отырып, ҚР ҚІЖК 202, 75 б. талаптарын басшылыққа ала отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1.Осы қылмыстық іс бойынша Маулен Ильясұлы Ауелбековті жәбірленуші ретінде тануға, осы қабылдаған шешім туралы оның қол қоюымен оған жариялансын.

2. Жәбірленуші М.И.Ауелбековке ҚР ҚІЖК 75 б. көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілсін

Қаулы маған 200\_\_ж. қарашаның «\_26\_» күні жарияланды, және құқықтар мен міндеттер түсіндірілді.

Қаулыны жариялаған, құқықтары мен міндеттерін түсіндірген

Қарағанды қаласының Орталық аудандық  
ПБ-нің ТБ –нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.Б. Сыздыков

---

45

#### Азаматтық талапкер ретінде тану туралы Қ А У Л Ы

200\_\_жылы мамырдың 4-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздыков № 050103060222 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_жылы мамырдың 1-і күні сағат 19 шамасында Қарағанды қаласы, Лермонтова көшесінде орналасқан 12 үйдің жанында, бейтаныс адамдар азамат А.Н. Нурмановты кездестіріп, тонау мақсатымен, оған күш қолданып, жалпы 12000 теңге соммасына мүлігін ашық ұрлады.

Азамат А.Н. Нурмановқа қатысты тікелей қылмыспен мүліктік, физикалық залал келтірілді деп ұйғаруға жеткілікті негізі бар екенін ескере отырып, ҚР ҚІЖК 77 б. 162 б. 163 б. 164 б. 202 б. талаптарын сақтай отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Арман Нұрланұлы Нурмановты азаматтық талапкер ретінде тануға.
2. А.Н. Нурмановқа ҚР ҚІЖК 77 бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге.
3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 200\_\_ж. мамырдың «4-і» күні жарияланды. Құқықтар мен міндеттерім түсіндірілді. А.Н. Нурманов

Қарағанды қаласының Орталық аудандық ПБ-нің  
ТБ –нің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б. Сыздықов

Анықтама: Көшірме прокурорға 200\_\_ж. мамырдың 5–і күні жолданды.  
Шығу № 322.

---

---

46

#### Азаматтық жауапкер ретінде тану туралы Қ А У Л Ы

200\_\_жылы сәурдің 4-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздықов № 050103060122 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_жылы наурыздың 5-і күні 17 сағат шамасында азамат Р.П. Абдрахманов ұрлық жасау мақсатымен, Қарағанды қаласы, Чкалова көшесі 56 үй 45 пәтерде тұратын П.И.Ташин деген азаматтың үйінің есігін бұзу арқылы тұрғын үйге заңсыз кіріп, жалпы 20000 теңге соммасына мүлікті ұрлады.

Тергеу жүргізу барысында жәбірленуші П.И.Ташинға кінәлі адамнан оның пайдасына жалпы 20000 теңге соммасына келтірілген зардапты талап ету туралы арыз түсті.

Жоғарыда көрсетілгенін негізге алып, қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің барысында қойылған талапқа байланысты заң күшімен тыйым салынған әрекетімен келтірілген зиян үшін мүліктік жауаптылықта болатын азамат Р.П.Абдрахманов табылады. Соған байланысты, ҚР ҚІЖК 75 б. 78 б. 202 б. талаптарын сақтай отырып,

#### Қ А У Л Ы    Е Т Т І М:

1. Осы қылмыстық іс бойынша Р.П.Абдрахмановты азаматтық жауапкер ретінде тануға.
2. Оған ҚР ҚІЖК 75 б. 78 б. көрсетілген құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге.
3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 200\_\_ж. сәурдің «4-і» күні жарияланды. Құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді.  
Р.П.Абдрахманов

Қаулыны жариялаған, құқықтары мен міндеттерін түсіндірген  
Қарағанды қаласының Орталық аудандық  
ПБ-нің ТБ –нің тергеушісі  
полиция лейтенанты  
А.Б. Сыздықов

Анықтама: Көшірме прокурорға 200\_\_ж. сәурдің 5–і күні жолданды.  
Шығу № 322.

---

47

#### **Жәбірленушінің заңды өкілі ретінде тануға және қылмыстық іске қатысуға рұқсат ету туралы Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. қыркүйектің 21-і күні  
Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ - нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздықов № 0501030600022 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

#### **А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_жылы қыркүйектің 20-і күні 12 сағат шамасында азамат Аубакиров М. Қарағанды қаласы, Гоголь көшесінде 14 үйдің жанында жасы кәмелетке толмаған Марат Ильдарұлы Галеевті кездестіріп, күш қолдану арқылы оның үстіне киген 6000 теңге бағалық куртқасын иемденді.

Жәбірленуші М.И. Галеев 1989 жылы туылған, соған қарағанда жасы кәмелетке толмаған және жасына байланысты өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау мүмкіндігінен айырылған, соған байланысты қылмыстық іс бойынша жасы кәмелетке толмаған жәбірленуші М.И.Галеевтің заңды өкілі ретінде, оның әкесі - Ильдар Ильдусұлы Галеевті танып, қылмыстық іске қатысуына қажет.

Жоғары көрсетілгенді негізге алып, ҚР ҚІЖК 80 б., 202 б. талаптарын сақтай отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. № 0501030600022 қылмыстық іс бойынша жасы кәмелетке толмаған Марат Ильдаровқа заңды өкілі ретінде оның әкесі-Ильдар Ильдусұлы Галеевті тану және қылмыстық іске қатысуға рұқсат ету және жәбірленуші тұлғадай ҚР ҚІЖК 75 бабында көзделген шектерде процессуалдық құқықтары бар екенін түсіндіруге.

2. Қаулының көшірмесі прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 200\_\_ж. қыркүйектің 21 күні жарияланды, құқықтар мен міндеттері түсіндірілді. \_\_\_\_\_ И.И. Галеев

Қаулыны жариялаған, құқықтары мен міндеттерін түсіндірген  
Қарағанды қаласының Орталық аудандық ПБ - нің  
ТБ –нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.Б. Сыздықов

Анықтама: Көшірме прокурорға 200\_\_ж. қыркүйектің 21-і күні жолданды.Шығу № 522.

---

48

### Аудармашы ретінде тағайындау туралы Қ А У Л Ы

200\_\_ж. маусымның 22-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздықов № 0501030600022 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. маусымның 20-і күні азамат 20 сағат шамасында Казбеков М.Р. Қарағанды қаласы, Пирогова көшесі 25 үйде 22 пәтерде С.М.Иманов деген азаматпен бірге қосылып спирттік ішімдіктер ішуге кіріскен. Ішу барысында бұлардың арасында қақтығыс пайда болды, соның барысында С.М.Иманов үстелдің үстінде жатқан пышақты қолына алып, П.Р.Қайсаровтың ішіне екі рет жұмсады, нәтижесінде, кейіннен ол пышақтық жарақаттармен ауруханаға жеткізілді.

Бұл факті бойынша, ҚР ҚК 103 б. 1 б. көрсетілген қылмыстық белгілері бойынша қылмыстық іс қозғалған.

200\_\_ж. маусымның 21 күні 18 сағат 20 минутта азамат С.М.Иманов ҚР ҚІЖК 132 б. көрсетілген негіздер бойынша ұсталынды. 200\_\_ж. 22 маусымда сезікті ретінде жауап алу барысында, ол өндіріс жүргізілетін тілді білмеймін, жауапты қазақ тілінде беремін деп ынталанды.

Соған байланысты, қылмыстық іс жүргізуге аудармашы тағайындау қажетті болды.

Жоғарыда көрсеткенді негізге алып, ҚР ҚІЖК 85, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. № 0501030600022 қылмыстық іс бойынша іске мүдделі емес Гульмира Оқасқызы Омарованы - аудармашы ретінде тағайындауға. (Жоғары білімі туралы № 2361232 дипломы)

2. Оған ҚР ҚІЖК 85 б. көрсетілген аудармашының келесі құқықтары мен міндеттері түсіндірілді:

Аударманы жүзеге асыру кезінде қатысушыларға аударманы нақтылау үшін сұрақтар қоюға; жүргізуіне өзі қатысқан тергеу немесе өзге де іс жүргізу іс-әрекеттерінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және аударманың толықтығы мен дұрыстығына қатысты хаттамаға енгізуге жататын ескертпелер жасауға; егер оның аудару үшін қажетті білімі болмаса, іс бойынша іс жүргізуге қатысудан бас тартуға; қылмыстық процесті жүргізуші органның іс-әрекетіне шағым жасауға; тергеу және өзге де іс жүргізу іс-әрекетіне қатысуына байланысты өзіне келтірілген шығындарға өтем және егер іс бойынша іс жүргізуге қатысу оның қызметтік міндетінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқығы бар. Қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуге; өзіне тапсырылған аударманы дәл және толық орындауға; оның қатысуымен жүргізілген тергеу іс-әрекетінің хаттамасында, сондай-ақ процесске қатысушыларға олардың ана тіліндегі немесе олар білетін тілдегі аудармасында тапсырылатын іс жүргізу құжаттарында аударманың дұрыстығын өзінің қолымен куәландыруға; аудармашы ретінде тартылуына байланысты өзіне белгілі болған істің жағдайы туралы мәліметтерді немесе өзге де деректерді жарияламауға; тергеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында тәртіп сақтауға міндетті.

3. Г.О. Омароваға ҚР ҚІЖК 85 б. 5 тармағына сәйкес дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндетін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапқа және қасақана дұрыс аудармаған жағдайда аудармашы қылмыстық жауапқа тартылуға мүмкін екені ескертілді.

Қаулы маған 200\_\_ж. \_\_\_\_\_«\_\_» күні жарияланды,  
құқықтар мен міндеттер түсіндірілді. \_\_\_\_\_ Г.О. Омарова

Қарағанды қаласының Орталық аудандық  
ПБ-нің ТБ –нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.Б. Сыздықов

---

---

49

### Сезіктіні ұстау туралы Х А Т Т А М А

200\_\_ж. наурыздың 12-і күні  
12 сағ. 00 мин.

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімі тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты Оразов А.П. ҚР ҚК 179 б. 2 б. көрсетілген қылмыс жасады деп сезік келтірген адамды, ҚР ҚІЖК 134, 132 б. талаптарын сақтай отырып, сезікті ретінде ұстадым:

1. **Тегі, аты, әкесінің аты:** ДАРХАН СЕРІКҰЛЫ ЖАМБУРБАЕВ
  2. **Туған жылы:** 1972 жылы, мамырдың 12 күні
  3. **Туған жері:** Қарағанды қаласы
  4. **Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
  5. **Білімі:** орташа
  6. **Жұмыс орны:** Қарағанды нан комбинаты, слесарь
  7. **Мекен-жайы:** Қарағанды қ. Н.Әбдіров даңғылы, 25 үй 45 пәтер
  8. **Соттылығы:** 1998 ж. Қарағанды қалалық № 2 сотымен ҚР ҚК 175 б. 2 б. бойынша 4 жылға бостандығынан айырылуға
- Ұстаудың негізі:** ол адам тұратын үйінде қылмыстың анық ізі табылған

**Ұстаудың себебі:** ауыр қылмыс жасау

Қарағанды қалалық Орталық ПБ - нің ТБ -нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.П.Оразов

Хаттама маған 200\_\_жылы наурыздың 12-күні жарияланды  
\_\_\_\_\_ Д.С.Жамбырбаев

(қолы)

Сонымен қатар, маған ҚР ҚІЖК 68 б. көзделген сезіктінің келесі құқықтары түсіндірілді:

- өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге және өзіне қарсы қылмыстық іс қозғалғандығы туралы қаулының көшірмесін не ұстау хаттамасының немесе бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының көшірмесін алуға; өзіне қарсы күдікке байланысты түсініктеме мен жауап беруге, түсіндірме мен жауап беруден бас тартуға; дәлел ұсынуға; өтініш пен қарсылық мәлімдеуге: ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ пен түсініктеме беруге; аудармашының ақысыз көмегін пайдалануға; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескерту беруге; тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен оның өтініші немесе қорғаушының не заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға; соттың, прокурордың, тергеушінің және анықтаушының іс-әрекеті мен шешіміне шағым беруге; оның өтініші бойынша қорғаушының қатысуымен жауап алынушы болуға құқылы.

Сезікті Дархан Серікұлы Жамбурбаев құқықтарымен танысып, былай деп мәлімдеді: құқықтар маған түсіндірілді, қорғаушының қатысуымен жауап алынушыға өтінемін.

Сезікті.

Жамбурбаев Д.С.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.П.Оразов

---

50

### Ұсталған адамды жеке тінту туралы Х А Т Т А М А

200\_\_ жылы наурыздың 12-і күні

Қарағанды қ.

Басталуы: 10 сағ.00 мин

Аяқталуы: 10 сағ. 20 мин.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімі тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты Оразов А.П. ҚР ҚІЖК 135, 203, 233 б. талаптарын сақтай отырып, келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Ердос Багаудинұлы Лашинов, тұрғын жері: Қарағанды қаласы, Чкалова көшесі 36 үй 26 пәтер

2. Ерлан Ибрагимұлы Дарибеков, тұрғын жері: Қарағанды қаласы, Двинская көшесі 12 үй

ҚР ҚІЖК 132 б. бойынша сезікті ретінде ұсталынған Дархан Серікұлы Жамбурбаевқа жеке тінту жүргізді.

Жеке тінту жүргізу алдында куәгерлерге: Е.Б.Лашинов және Е.И.Ибрагимовке ҚР ҚІЖК 86 б. сай құқықтары түсіндірілді.

1. \_\_\_\_\_  
(қолы)

2. \_\_\_\_\_  
(қолы)

Сезікті Дархан Серікұлы Жамбурбаевтың үстінде киілген киімі: ақ түсті, ұзын жеңді көйлек, қара түсті шалбар, аяғында «adidas» жазуы бар аяқ киім.

Тінту барысында келесі заттар алынды:

1. Оң қолындағы орта саусағынан сары металдан жасалынған, ешқандай белгісі жоқ сақина – 1 дана;

2. Шалбарының оң жақтағы қалтасынан, металлдық бір тұтас 100 (жүз) теңге;

3. Шалбарының сол жақтағы қалтасынан, мөлшері 10 см.\*10 см. ер адамның орамалы -1 дана.

Барлығы 3 дана.

Тінту барысында қатысушылардан өзгертулер мен толықтырулар түспеді.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Сезікті: \_\_\_\_\_ Жамбурбаев Д.С.

Тінту жүргізген:

Қарағанды қалалық Орталық ПБ -нің ТБ - нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.П.Оразов

---

---

51

Шығу № 2134

200\_\_ж. наурыздың 12-і күні  
Қарағанды қалалық Орталық ауданның  
прокурорының әділет кеңесшісі  
Д.А.Омархановқа

Х А Б А Р Л А М А



200\_\_ж. наурыздың 12-і күні 12 сағат 00 мин. менімен ҚР ҚК 179 б. 2 б. көрсетілген қылмыс жасалғанына сезіктеніп Дархан Серікұлы Жамбурбаев ұсталынды.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ -нің ТБ -нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.П.Оразов

---

52

Қарағанды қаласы,  
Нүркен Әбдіров  
даңғылы 25 үй 25 пәтер  
С. Жамбурбаевқа

200\_\_ж. наурыздың 12-і күні 12 сағат 00 мин. менімен ҚР ҚК 179 б. 2 б. көрсетілген қылмыс жасалғанына сезікті ретінде Сіздің ұлыңыз Дархан Серікұлы Жамбурбаев ұсталынды.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.П.Оразов  
тел. 456231

---

53

Қарағанды ІІД -нің УҰИ бастығы  
полиция капитаны  
П.П.Жакуповқа

ҚР ҚІЖК 132 б. негіздерімен 200\_\_ж. 11 шілдеде ұсталынып және Киров ПБ-не санды, ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыстық белгілері бойынша қылмыс жасауға сезікті, 1965 жылы, 12 желтоқсанда туған Дархан Серікұлы Жамбурбаевты 200\_\_ж. 26 шілде Киров ПБ-де тергеулік әрекеттер жүргізу үшін беруін сұраймын.

Киров ПБ - нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.Л.Хамзин

Айдауылдың құрамы: 2 адам

Қарулану: ПМ маркалы тапанша – 2 дана  
Қол кісендері – 1 дана

---

---

54

**Қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталған адамды  
босату туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты П.А.Ауғанбеков № 06256123456 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып, анықталдым

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. 12 наурызда азамат Д.С.Жамбурбаев ҚР ҚК 178 б. 2 б. қылмыс жасауы бойынша сезікті ретінде ҚР ҚІЖК 134 тәртібі бойынша ұсталынған. Тергеу жүргізу барысында оны қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға негіз жоқ.

Осыған байланысты, ҚР ҚІЖК 136 б. негізге ала отырып

**Қ А У Л Ы Е Т Т І М:**

1. Дархан Серікұлы Жамбурбаевті уақытша ұстау изоляторынан босату.
2. Осы қабылдаған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

П.А.Ауғанбеков

Осы қаулымен таныстым, анықтаманы алдым Д.С.Жамбурбаев  
200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

---

---

55

**Уақытша ұстау изоляторынан босату туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласы Киров аудандық ПБ - нің тергеушісі полиция лейтенанты С.М.Мамыров № 06056232 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

## А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. 25 наурызды ҚР ҚК 178 б. 1 т. көзделген қылмыстық белгілер бойынша сезікті ретінде азамат С.М.Мадияров ұсталынды.

200\_\_ж. 28 наурызда Киров аудандық прокурор қылмыстық іс материалдарын қарап шығып, ұсталынған С.М.Мадияровты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға негіз жоқ деп, оған тиісті таңдалынған «қамауға алу» бұлтартпау шарасын санкциялаудан бас тарты.

Жоғары көрсетілгенді негізге ала отырып, ҚР ҚІЖК 136 б. 1 б., 202 б. талаптарын сақтай отырып,

## Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. ҚР ҚІЖК 134 б. сай сезікті ретінде ұсталынған Сабит Мамырұлы Мадияровті уақытша ұстау изоляторынан босатуға.

2. Қаулының көшірмесін аудандық прокурорға жолдауға.

3. Ұсталған С.М.Мадияровқа анықтама беруге.

Қарағанды қаласы Киров аудандық ПБ - нің тергеушісі  
полиция лейтенанты С.М.Мамыров

Көшірмесі прокурорға 200\_\_ж. « » күні жолданды. Шығу №

Анықтаманы алдым: 200\_\_ж. « » күні С.М.Мадияров

---

56

## А Н Ы Қ Т А М А

200\_\_ж. 25 наурызда 20.00.сағатта Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты С.М.Мамыровпен, ҚР ҚІЖК 134 б. талаптарына сай сезікті ретінде азамат Сабит Мамырұлы Мадияров ұсталынды.

200\_\_ж. 28 наурызда 17.00 сағатта қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға негіз болмағандығы себебімен С.М.Мадияров босатылды.

Қарағанды қаласы Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты С.М.Мамыров

---

57

**Алдын-ала тергеу тергеушілер тобына тапсырылуы туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. «\_\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық ІІБ-ның ТБ-нің бастығы полиция майоры И.А.Сабуров № 06050123 қылмыстық материалдарын карап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. наурыздың 14 күні 15.00 сағат шамасында азамат Т.А.Мамыров Қарағанды қаласы Шоссейная көшесі 12 үйде өзінің танысы Ғ.А. Асановпен спирттік ішімдік ішуге салынған. Спирттік ішімдік ішу барысында олардың арасында қақтығыс пайда болды, соның барысында Ғ.А. Асанов мас күйде болып, адам өлтіру мақсатымен, ас бөлмеде үстел үстінде жатқан пышақты қолына алып, оны қару ретінде пайдалана отырып, қасақана Т.А.Мамыровты кеудесінің сол жағына бір рет ұрды, сонын нәтижесінде, Т.А.Мамыровтың жүрегіне жарақаттар келтіріліп, ол сол жерде көз жұмды.

Осы қылмыс тергеу маңыздылығын және алдын-ала тұрған жұмыстың көлемі аса көп болуға мүмкін екенін ескере отырып, ҚР ҚІЖК 63 б. 2 б., 198 б. 1 б. талаптарын сақтай отырып,

**Қ А У Л Ы Е Т Т І М:**

1. Алдын-ала тергеу тергеушілер тобына тапсыруға;
2. Тергеушілер тобын келесі жүйемен құрастыруға:
  - Қарағанды қалалық ІІБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты П.А.Қорабаев;
  - Қарағанды қалалық ІІБ-нің тергеушісі полиция капитаны Р.П. Қараулов;
  - Қарағанды қалалық ІІБ-нің тергеушісі полиция майоры О.Р. Хабибуллин.
3. Тергеу топ жетекшісі болып Қарағанды қалалық ІІБ-нің тергеушісі полиция майоры О.Р.Хабибуллинді тағайындауға;
4. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға және оларға топ құрамындағы кез келген тергеушіден бас тарту құқығын түсіндіруге;
5. Осы қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық ІІБ-ның ТБ-нің бастығы  
полиция майоры

И.А.Сабуров

Таныстым:

Сезікті ( айыпталушы):\_\_\_\_\_

Жәбірленуші: \_\_\_\_\_

Азаматтық талапкер: \_\_\_\_\_

58

**Жәбірленушіден (куәдан) жауап алу  
Х А Т Т А М А С Ы**

200\_\_ж. наурыздың 4-і күні

Қарағанды қ.

Басталуы: «14» сағат 00 мин

Аяқталуы: «14» сағат 20 мин.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздықов Орталық ПБ-нің № 12 кабинетте ҚР ҚІЖК 203, 211, 212, 213, 214, 218 бабтарының талаптарын сақтай отырып, жәбірленуші (куә) ретінде жауап алдым:

1. Тегі, аты, әкесінің аты: НАРЫН ДАУЛЕТҰЛЫ СЕЙІЛХАНОВ
2. Туған жылы: МАМЫРДЫҢ 25-КҮНІ, 1968 ж.
3. Туылған жері: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, НҰРА АУДАНЫ, КИЕВКА АУЫЛЫ
4. Ұлты: ҚАЗАҚ
5. Азаматтығы: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
6. Білімі: ОРТА-АРНАЙЫ
7. Отбасы жағдайы: ҮЙЛЕНГЕН
8. Жұмыс орны: ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ, № 41 МЕКТЕП, БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫНЫҢ МҰҒАЛІМІ
9. Мекен-жайы: ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ, Н.ӘБДІРОВ КӨШЕСІ, 12 ҮЙ, 22 ПӘТЕР, телефон 441224
10. Жеке басын анықтайтын құжаттар: 200\_1 ж. 12 мамырда № 0031213 ҚР ПМ берілген жеке куәлік

Қай тілде жауапты бергісі келетін сұраққа, қазақ тілінде деп ынталанды.

\_\_\_\_\_  
( қолы)

Жәбірленуші (куә) Н.Д.Сейілхановқа ҚР ҚІЖК 75 б. сәйкес құқықтары мен міндеттері түсіндірілді ( қосымша № 1)

Сезікті (айыпталушы) Н.А. Макеевпен ешқандай қатысы жоқ.

( қолы)

Жәбірленуші (куә) Н.Д.Сейілхановқа, қасақана жалған айғақ бергені үшін және жауап беруден бас тартқаны үшін ҚР ҚК 352 б. сай қылмыстық жауапқа тартылуға мүмкін екені ескертілді.

( қолы)

Сонымен бірге, жәбірленуші (куә) Н.Д.Сейілхановқа өзінің, ерінің (зайыбының), жақын туыстарының қылмыс жасағанын ашатын қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқығы бар екенін түсіндірілді.

( қолы)

Сонымен қатар ҚР ҚІЖК 98, 99 203 б. талаптарына сәйкес жәбірленуші (куә) Н.Д.Сейілхановқа қауіпсіздік шараларын қолдануға құқығы бар екені түсіндірілді.

( қолы)

Жауап алу барысында «PANASONIC» маркалы бейнежазу магнитофон қолданды, ол туралы жауап алуды бастау алдында жәбірленуші (куә) Н.Д. Сейілхановқа хабарланды.

( қолы)

Маған қойылған сұрақтар бойынша айқындаймын: мен жоғары көрсеткен мекен-жайда өзімнің отбасымен тұрамын. Денсаулығым бойынша ешқайда тіркеуде жоқпын, бұрында миыма зақым келтіретін жарақат алғаным жоқ. Н.Д. Сейілхановтың қолы.

200\_\_ жылы наурыздың 3 күні сағат 20 шамасында мен дүкеннен нан алып келуге үйден шықтым. Дүкеннің менің үйімнен алыстығы 200\_ метрдей шамасында. Енді дүкенге таяй бергенде, менің алдымнан орташа бойлы, түрі азияттық тұрпатты, шашы қысқа, үстінде былғары тәрізді қара түсті куртка бар бір жігіт шығып, маған қатар келгенде жұдырығымен менің бетімнің сол жағынан бір рет ұрып жіберді. Ол ұрғаннан мен жерге құладым, ол мені аяғымен тепкіле бастады, неше рет тепкілегенін айта алмаймын, тепкілегені дене бойынша және басымнан. Содан кейін ол «Ақша қайда, ақша бер» деді. Мен курткамның он қалтасында болған 1000 теңгені алып шығып, оған қолымды создым. Ол қолымнан ақшаны жұлып алып бой тасады. Мен жерден тұрып, есімді жинағанша 1 минуттай тұрдым. Содан кейін үйге барып телефон арқылы полицияға хабар бердім.

Сұрақ: Ол жігітті бұрын көрдіңіз бе?

Жауап: Жоқ, оны бұрын біз жақта көрген жоқпын, көргенім бірінші рет.- (қолы)

Сұрақ: Сіз оны тани аласыз ба?

Жауап: Иә, оның түрі менің есімде қалды, көрсетсе танимын. – (қолы)

Сұрақ: Ақшаңыз қандай купюралар болды?

Жауап: Бір тұтас купюра болған. - (қолы)

Сұрақ: Ақшадан басқа жоғалған мүлік барма?

Жауап: Жоқ, ақшадан басқа жоғалған мүлік жоқ. – (қолы)

Басқа қосымша айтатыным жоқ. 13 сағат 20 минутта бейне жазу тоқтатылды.

Хаттама мен өзіммен оқылды, бейне жазуды қарап шықтым, менің сөзімнен дұрыс жазылды, толықтырулар мен өзгертулер жоқ. Н.Д. Сейілханов

Жауапты жүргізген:

А. Б. Сыздықов

---

---

59

№ 1 қосымша

### **Жәбірленушіге құқықтар мен міндеттерді түсіндіру туралы Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. наурыздың 4-і күні.

Қарағанды қ.

Басталуы: «14 » сағат 00 мин

Аяқталуы: «14» сағат 20 мин.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздықов Орталық ПБ-нің № 12 кабинетте жәбірленуші Н.Д.Сейілхановқа ҚР ҚІЖК 75 бабында көрсетілген жәбірленушінің келесі құқықтары және міндеттерін түсіндірді М:

Айыпталушыға тағылған айыпты білуге, айғақ беруге; дәлелдер ұсынуға; өтініш пен қарсылық білдіруге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өкілі болуына; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертпелер беруге; тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өз өтініші не өз өкілінің өтініші бойынша жүргізілген тергеу әрекеттеріне қатысуға; тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген көлемде кез келген мәліметті көшіріп алуға; қылмыстық іс қозғау туралы, оны жәбірленуші деп тану туралы немесе одан бас тарту туралы, істі тоқтату туралы қаулылардың көшірмелерін, айыптау қорытындысының көшірмесін, сондай-ақ үкімнің, апелляциялық сатыдағы сот шешімдерінің көшірмесін алуға; бірінші сатыдағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге; айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдануға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескерту беруге; қылмыстық процесті жүргізуші органның әрекетіне шағым әкелуге; соттың үкімі мен қаулысына шағымдануға; іс

бойынша әкелінген шағымдары мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық ұсынуға; мәлімделген шағымдарды, өтініштерді және наразылықтарды апелляциялық сатыдағы соттың қарауына қатысуға құқығы бар.

Жәбірленуші: қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша белгілі барлық мән-жайларды шын хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жарияламауға, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Құқықтарым мен міндеттерім маған 200\_\_ж. қарашаның 4-і күні жарияланды, түсіндірілді.

Жәбірленуші:	Н.Д. Сейілханов
Қарағанды қаласының Орталық аудандық	
ПБ-нің ТБ –нің тергеушісі	
полиция лейтенанты	А.Б. Сыздықов

---

60

№ 2 нұсқа

**Жәбірленуші (куәдан) жауап алу  
Х А Т Т А М А С Ы**

200\_\_ж. наурыздың 4-і күні

Қарағанды қ.

Басталуы: «14» сағат 00 мин

Аяқталуы «14» сағат 20 мин.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздықов Орталық ПБ-нің № 12 кабинетте ҚР ҚІЖК 203, 211, 212, 213, 214, 218 бабтарының талаптарын сақтай отырып, жәбірленуші (куә) ретінде жауап алдым:

1. Тегі, аты, әкесінің аты: **БЕРІК БОЛАТҰЛЫ СЕРІКОВ**
2. Туған жылы: **МАМЫРДЫҢ 25-КҮНІ, 1968 ж.**
3. Туылған жері: **ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, НҰРА АУДАНЫ, КИЕВКА АУЫЛЫ**
4. Ұлты: **ҚАЗАҚ**
5. Азаматтығы: **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
6. Білімі: **ОРТА-АРНАЙЫ**
7. Отбасы жағдайы: **ҮЙЛЕНГЕН**
8. Жұмыс орны: **ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ, № 41 МЕКТЕП, БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫНЫҢ МҰҒАЛІМІ**



9. Мекен-жайы: ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ, Н.ӘБДІРОВ КӨШЕСІ, 12 ҮЙ, 22 ПӘТЕР, телефон 441224

10. Жеке басын анықтайтын құжаттар: 200\_1 ж. 12 мамырда № 0031213 ҚР ПМ берілген жеке куәлік

Қай тілде жауапты бергісі келетін сұраққа, қазақ тілінде деп ынталанды.

---

(қолы)

Жәбірленуші (куә) Б.Б.Серіковке ҚР ҚІЖК 75 б. сәйкес құқықтары мен міндеттері түсіндірілді: Айыпталушыға тағылған айып білуге, айғақ беруге; дәлелдер ұсынуға; өтініш пен қарсылық білдіруге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өкілі болуына; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертпелер беруге; тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өз өтініші не өз өкілінің өтініші бойынша жүргізілген тергеу әрекеттеріне қатысуға; тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген көлемде кез келген мәліметті көшіріп алуға; қылмыстық іс қозғау туралы, оны жәбірленуші деп тану туралы немесе одан бас тарту туралы, істі тоқтату туралы қаулылардың көшірмелерін, айыптау қорытындысының көшірмесін, сондай-ақ үкімнің, апелляциялық сатыдағы сот шешімдерінің көшірмесін алуға; бірінші сатыдағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға; сот жарыссөздерінде сөйлеуге; айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдануға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескерту беруге; қылмыстық процесті жүргізуші органның әрекетіне шағым әкелуге; соттың үкімі мен қаулысына шағымдануға; іс бойынша әкелінген шағымдары мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық ұсынуға; мәлімделген шағымдарды, өтініштерді және наразылықтарды апелляциялық сатыдағы соттың қарауына қатысуға құқығы бар.

Жәбірленуші: қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша келуге, іс бойынша белгілі барлық мән-жайларды шың хабарлауға және қойылған сұрақтарға

жауап беруге; өзіне ісі бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жарияламауға, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

---

(қолы)

Сезікті (айыпталушы) Н.А. Макеевпен ешқандай қатысы жоқ.

---

( қолы)

Жәбірленуші (куә) Б.Б.Серіковке, қасақана жалған айғақ бергені үшін және жауап беруден бас тартқаны үшін ҚР ҚК 352 б. сәйкес қылмыстық жауапқа тартылуға мүмкін екені ескертілді.

\_\_\_\_\_  
( қолы)

Сонымен бірге, жәбірленуші (куә) Б.Б.Серіковке өзінің, ерінің (зайыбының), жақын туыстарының қылмыс жасағанын ашатын қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқығы бар екені түсіндірілді.

\_\_\_\_\_  
( қолы)

Сонымен қатар ҚР ҚІЖК 98, 99 203 б. талаптарына сәйкес жәбірленуші (куә) Б.Б.Серіковке қауіпсіздік шараларын қолдануға құқығы бар екені түсіндірілді.

\_\_\_\_\_  
( қолы)

Жауап алу барысында «PANASONIC» маркалы бейнежазу қолданды, ол туралы жауап алуды бастау алдында жәбірленуші (куә) Б.Б.Серіковке хабарланды.

Жәбірленуші Б.Б.Серіков жауап алуда бейнежазуды пайдалануға қарсы емес.

\_\_\_\_\_  
(қолы)

Маған қойылған сұрақтар бойынша айқындаймын: мен жоғарыда көрсеткен мекен-жайда өзімнің отбасымен тұрамын Денсаулығым бойынша ешқайда тіркеуде жоқпын, бұрында миыма зақым келтіретін жарақат алғаным жоқ.

Б.Б.Серіковтың \_\_\_\_\_ қолы

200\_\_ жылы наурыздың 3 күні сағат 20 шамасында мен дүкеннен нан алып келуге үйден шықтым. Дүкеннің менің үйімнен алыстығы 200\_ метр шамасында. Енді дүкенге таяй бергенде, менің алдымнан орташа бойлы, түрі азияттық тұрпатты, шашы қысқа, үстінде былғары тәрізді қара түсті куртқасы бар бір жігіт шығып, маған қатар келгенде жұдырығымен менің бетімнің сол жағынан бір рет ұрып жіберді. Ол ұрғаннан мен жерге құладым, ол мені аяғымен тепкіле бастады, неше рет тепкілегенін айта алмаймын, тепкені дене бойынша және басымнан. Содан кейін ол «Ақша қайда, ақша бер» деді. Мен куртқамның он қалтасында болған 1000 теңгені алып шығып, оған қолымды создым. Ол қолымнан ақшаны жұлып алып бой тасады. Мен жерден тұрып, есімді жинағанша 1 минуттай тұрдым. Содан кейін үйге барып телефон арқылы полицияға хабар бердім.

Сұрақ: Ол жігітті бұрын көрдіңіз бе?

Жауап: Жоқ, оны бұрын біз жақта көрген жоқпын, көргенім бірінше рет.- (қолы)

Сұрақ: Сіз оны тани аласыз ба?

Жауап: Иә, оның түрі менің есімде қалды, көрсетсе танимын. –  
Б.Б.Серіков (қолы)

Сұрақ: Ақшаңыз қандай купюралар болды?

Жауап: Бір тұтас купюра болған. - (қолы)

Сұрақ: Ақшадан басқа жоғалған мүлік барма?

Жауап: Жоқ, ақшадан басқа жоғалған мүлік жоқ. – (қолы)

Басқа қосымша айтарым жоқ. 15 сағат 20 минутта бейне жазу тоқтатылды.

Хаттама менің өзіммен оқылды, бейне жазуды қарап шықтым, менің сөзімнен дұрыс жазылды, толықтырулар мен өзгертулер жоқ. Б.Б.Серіков

Жауапты жүргізген:

А. Р. Сыздықов

---

---

61

**Жасы кәмелетке толмаған жәбірленушіден (куәден)**

**жауап алу туралы**

**Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. наурыздың 2-і күні

Қарағанды қ.

Басталуы: «14 » сағат 00 мин

Аяқталуы: «14 сағат 20 мин.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздықов Орталық ПБ-нің № 12 кабинетте ҚР ҚІЖК 203, 211, 212, 213, 215, 218 бабтарының талаптарын сақтай отырып, жасы кәмелетке толмаған жәбірленуші (куә) ретінде жауап алдым:

1. Тегі, аты, әкесінің аты: НАРИМАН СЕЙІТҰЛЫ ҚАРАБАЕВ

2. Туған жылы: МАМЫРДЫҢ 25-КҮНІ, 1993 ж.

3. Туылған жері: ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

4. Ұлты: ҚАЗАҚ

5. Оқу орыны: ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ, № 41 МЕКТЕП, 6 «а» сынып

9. Мекен-жайы: ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ, Н.ӘБДІРОВ КӨШЕСІ, 12 ҮЙ, 22 ПӘТЕР, телефон 44122

Қандай тілде жауапты бергісі келетін сұраққа, қазақ тілінде деп ынталанды.

\_\_\_\_\_  
( қолы)

Жәбірленушіден (куәден) жауап алуға қатысу үшін, Қарағанды қаласының, № 41 мектептің оқытушысы Айсулу Қайырбекқызы Мырзагелдина шақыртылды және Н.С.Қарабаевтың заңды өкілі – Сейіт Абылайұлы Қарабаев қатысады.

Жасы кәмелетке толмаған жәбірленуші (куә) Н.С. Қарабаевқа ҚР ҚІЖК 215 б. талаптарына сай тек шындықты ғана айтудың қажет екені аталып көрсетілді және өздерінің немесе жақын туыстарының қылмыс жасағанын ашатын айғақтар беруден бас тарту құқығы түсіндірілді.

\_\_\_\_\_ Н.С. Қарабаев

(қолы)

Жауап алуға қатысушыларға – А.К.Мырзагеллина, С.А.Қарабаевқа хаттамаға енгізуге тиісті жауап алынып отырған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылық туралы ескертпелер берілді, сондай-ақ тергеушінің рұқсатымен жауап алынып отырған адамға сұрақ қою құқығы түсіндірілді.

1. \_\_\_\_\_ 2. \_\_\_\_\_

(қолы)

(қолы)

Сонымен қатар ҚР ҚІЖК 98, 99 203 б. талаптарына сәйкес заңды өкілі С.А.Қарабаевқа қауіпсіздік шараларын қолдануға құқығы бар екені түсіндірілді.

\_\_\_\_\_ С.А. Қарабаев (қолы)

Маған қойылған сұрақтар бойынша айқындаймын: 200\_\_жылы наурыздың 1-і күні 12 сағат шамасында мен мектептен қайтып келе жатқанмын. Мен тұратын үйімнің жанына жақындағанда, бұрышта 3 баланы көрдім. Оларды бұрын көргенім жоқ, түрлері таныс емес. Мен олардың жанынан өтіп бара жатқанда, солардан біреуі бөлініп маған таяп, мені жағамнан ұстап, үстімде киілген куртканы шеш деп талаптанды. Мен оның қолын қағып жіберіп, қаша жөнелдім, ол мені қуып жетіп, аяғымнан шалып жерге құлатты. Содан кейін, үстіме отырып алып, тағы да куртканы шеш деп талаптанды. Өзі мас күйде болды, себебі ауызынан спирттік ішімдіктің иісі шыққанын сездім. Ол мені жерден тұрғызып, өзі менің үстімнен куртканы шешіп алып үстіне киіп алды. Мен қорққанымнан ештеме істей алмадым. Содан кейін ол кетіп қалды. Мен үйге келіп әкеме хабарладым. Екеуіміз далаға шығып оларды іздедік, бірақ таба алмадық.

Сұрақ: Сол жігіттің түрін суреттеп беріңіз.

Жауап: оның түрі азияттық тәрізді, шашы қысқаша, сары, көзі көк, қазақша таза сөйлейді, ерекше белгілер жоқ, үстінде жасыл спорттық костюмы бар, кеудесінің оң жағында «PUMA» деген жазу бар. Оны көрсем тани аламын. - \_\_\_\_\_ С.А. Қарабаев

Сұрақ: Қалған 2-еуі қандай әрекет жасады, және бір бірін атады ма?

Жауап: Олар ештеме істеген жоқ, сол тұрған жерінен қозғалған жоқ, бір бірін атаған жоқ. - \_\_\_\_\_ С.А. Қарабаев

Сұрақ: Тонау жасаған адам олардың жанына барды ма?

Жауап: Оны айта алмаймын, өйткені мен тез үйге қаштым. –

С.А. Қарабаев

Сұрақ: Өзіңіздің курткаңыздың түрі қандай болды?

Жауап: Күзгі куртка, қысқа, түсі қара, 46 размер, алды замокпен жабылады, екі жағының тік қалталары бар. Ерекше белгілер жоқ, өйткені ол су жана, кигеніме 2-ақ күн болды. Қалталарда ешқандай заттар болған жоқ. Бағасы 6000 теңге. – С.А. Қарабаев

Жауап алуға қатынасқан А.К.Мырзагелдина және С.А.Қарабаевқа жауап алынып жатқан Н.С.Қарабаевқа сұрақ қоюға рұқсат берілді. Сұрақтар жоқ.

Хаттама тергеушімен дауыстап оқылып шықты, дұрыс жазылған, толықтырулар мен өзгертулер жоқ С.А. Қарабаев

Хаттама Н.С.Қарабаевтің сөзінен дұрыс жазылды, толықтырулар мен өзгертулер жоқ А.К. Мырзагелдина

Хаттама менің баламның сөзімен дұрыс жазылды, толықтырулар мен өзгертулер жоқ С.А. Қарабаев

Жауап алуды жүргізген: А.Б. Сыздықов

---

62

### Сезіктіден жауап алу Х А Т Т А М А С Ы

200\_\_ж. маусымның 6-ы күні

Қарағанды қ.

Басталуы: 15 сағ.00 мин

Аяқталуы 15 сағ. 30 мин.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің ТБ-і тергеушісі полиция аға лейтенанты Шарипов А.А. ПБ-нің №10 кабинетте ҚР ҚІЖК 211, 212, 213, 216, 218 б. талаптарын сақтай отырып, сезікті ретінде жауап алдым:

1. **Тегі, аты, әкесінің аты:** Ергали Оспанұлы Қараев
2. **Туған уақыты:** 1971 ж. мамырдың 1-і күні
3. **Туған жері:** Қарағанды қаласы
4. **Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы
5. **Ұлты:** қазақ
6. **Білімі:** орта - арнайы
7. **Отбасылық жағдайы:** бойдақ
8. **Жұмыс орны:** «Орион» фирмасы, күзетші
9. **Мекен-жайы:** Қарағанды қаласы, Ленин көшесі 25 үй, 21 пәтер
10. **Соттылығы:** сөзінен бұрын сотталмаған

**11. Жеке басың анықтайтын құжаттар:** 200\_ ж. наурыздың 25 күні  
№ 0070203 ҚР ІІМ берілген жеке куәлік

Қандай тілде жауап бергісі келетін сұраққа былай деп мәлімдеді:  
Жауапты орыс тілінде беремін, аудармашыны шақыруға арызданамын

\_\_\_\_\_ (қолы)

Осы Е.О.Қараевтің берген арызы бойынша аудармашы Әсел Асылбекқызы Омарова шақырылды. Жауап алу басталмай тұрып, оған ҚР ҚІЖК 85 б. сәйкес құқықтары мен міндеттері түсіндірілді (қосымша № 1).

Жауап алуға Орталық ауданның заң кеңесінің қорғаушысы Әбдіров Анель Қайсаровна қатысады - 200\_\_ж. маусымның 6-ы күні берілген ордер № 123

Жауап алу басталар алдында сезікті Е.И. Қараевқа тонау жасағанына сезік келтірудің мәнісін хабарлады.

Сезікті: Е.О. Қараев  
Қорғаушы: А.Қ. Әбдіров

Сезікті Е.О.Қараевқа ҚР ҚІЖК 68 б. қарастырылған құқықтары түсіндірілді

(қосымша № 2)

Сонымен бірге сезікті Е.О.Қараевқа 68 б. сәйкес айғақ беруден бас тарту құқығы және оның айтқандары оның өзіне қарсы пайдалануы мүмкін екенін түсіндірілді.

Сезікті \_\_\_\_\_ Е.О. Қараев  
Қорғаушы \_\_\_\_\_ А.Қ. Әбдіров  
Аудармашы: \_\_\_\_\_ А.А.Омарова

Жауап алу барысында «PANASONIC» маркалы бейнежазу қолданды, ол туралы жауап алу басталу алдында сезікті Е.О.Қараевқа хабарланды. Сезікті Е.О.Қараев жауап алуды бейнежазуды пайдалануға қарсы емес.

\_\_\_\_\_ (қолы)

Қорғаушысы: \_\_\_\_\_

(қолы)

Жауап алуда сезіктіге күмәні туралы және өзінің пікірінше іс үшін маңызы бар басқа барлық мән-жайлар бойынша айғақтар беруін ұсынылғанына сезікті былай деп мәлімдеді:

Мен жоғары көрсеткен мекен - жайда өзімнің анам - Несіп Ганиқызы Қарабаева мен тұрамын. Ол кісі кондитерлік фабрикада буып - түйетін қызметкер болып істейді. Біз екеумізден басқа ешкім тұрмайды. Өзім алкогольизм себебінен, наркологиялық диспансерде тіркеуде тұрамын. Спирттік ішімдікке салынғаным 5 жыл болды, соған байланысты бір жұмыста істемей, шығарып жібереді. Қазіргі жұмысқа орналасқаным 2 ай

болды. Өмір бойы басымен ұрынып, немесе басқа жағдайлар бойынша миыма зақым келген жоқ. 200\_\_жылы маусымның 2-і күні мен жұмыстан сағат 9-да шықтым. Жолдан сыра ішейін деп сататын барға кіріп, 1 бақал сыра іштім. Содан кейін 100 грамм арақ алып іштім, қарыным аш, мас болып қалдым. Енді далаға шығып үйге қайтам деп бара жатқанда, жолды өте бергенде, жол өтетін жерден бара жатқанда, алдымда қолында дорбасы бар бір әйелді көрдім. Мен сол дорбасын көргенімде, оның ішінде ақша болуға мүмкін шығар деп, сол ақшаны қолыма түсіру мақсатымен, жолдан өтіп болған соң, ол әйелдің жанына тоқтап, дорбасын қолынан жұлып алып қашып кеттім. Ол әйел бақыра бастады, мен жанында тұрған үйлердің есік алдына қашып келіп бір подъезге тығылдым. Ең жоғары қабатқа көтеріліп, бір 10-15 минуттай шыдадым. Содан бәрі тынышталған соң, дорбаны ашып қарадым. Ішінде сары түсті, былғары, ауызы сарт еткізіп бекітіледі, әмияны көрдім. Ішінде жалпы соммасы 1500 теңге бар екен, бәрі 500 купюралармен. Ол ақшаны мен қалтама салып, әмияны сол қабатқа тастап кеттім. Содан кейін, ол дорбада неше түрлі косметика бар екеніне көзім жетті, оған тиіскен жоқпын. Қандай косметика болғанын мен айта алмаймын, өйткені назар аударған жоқпын. Дорбаны сол косметикамен бірге мен қабатта тастап кеттім. Енді далаға шығып, үйге бара жатқанда, мені полиция қызметкерлері автокөлікпен қуып жетіп, ұстады. Ақшаны менің қалтамнан алды, содан кейін мен айту бойынша қабатта басқа заттарды алды. Жасаған қылмысты мойындаймын, өз еркіммен айтып беруге дайынмын. ( қолы)

Сұрақ: Дорбаның түрін суреттеп беріңіз.

Жауап: Былғарыдан жасаған әйелдің дорбасы, түсі қара, қолға ұстайтын және иыққа илетін бауы бар. Е.О. Қараев

Сұрақ: Дорбаның ішінен ақшадан басқа заттарды алдыңыз ба.?

Жауап: Жоқ, алғаным жоқ. Е.О. Қараев

Сұрақ: Ол әйелді тани аласыз ба?

Жауап: Жоқ, ол кісінің түрі есімде қалған жоқ оған қосымша мен мас болдым.

Сұрақ: подъезге кірген кезде сізді біреу көрді ме?

Жауап: Мен подъезге жүгіріп кіргенімде, алдымнан спорттық киім киген жігіт кездесті, бірақ ол кім екенін айта алмаймын, түрінде аса есімде қалған жоқ.

Бейне жазу 15 сағ. 30 мин тоқтатылды. Хаттама дауыстап оқылып шықты, бейнежазу қаралып шығарылды, дұрыс жазылған, өзгертулер мен толықтырулар жоқ.

Е.О. Қараев

Қорғаушы:

А.Б. Әбдіров

Аудармашы

А.А. Омарова

Бұл хаттама қазақ тіліне аударылып қосымша іске тіркелді .

Аудармашы:

А.А. Омарова

Орталық ПБ ТБ - нің тергеушісі

63

**СЕЗІКТІГЕ ҚҰҚЫҚТАРЫН ТҮСІНДІРУ ТУРАЛЫ  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. маусымның 6-ы күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық полиция бөлімінің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция аға лейтенанты А.А.Шарипов ҚР ҚІЖК,68, 216 б. көрсетілген талаптарына сай, сезікті Е.О.Қараевқа оның келесі құқықтарын түсіндірдім:

- өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге және өзіне қарсы қылмыстық іс қозғалғандығы туралы қаулының көшірмесін не ұстау хаттамасының немесе бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының көшірмесін алуға; өзіне қарсы күдікке байланысты түсініктеме мен жауап беруге, түсіндірме мен жауап беруден бас тартуға; дәлел ұсынуға; өтініш пен қарсылық мәлімдеуге: ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ пен түсініктеме беруге; аудармашының ақысыз көмегін пайдалануға; өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескерту беруге; тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен оның өтініші немесе қорғаушының не заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға; соттың, прокурордың, тергеушінің және анықтаушының іс-әрекеті мен шешіміне шағым беруге; оның өтініші бойынша қорғаушының қатысуымен жауап алынушы болуға құқылы.

Құқықтарым маған 200\_\_жылы маусымның 6-ы күні жарияланып, түсіндірілді.

Сезікті:	Е.О.Қараев
Қорғаушысы:	А.К.Әбдіров
Аудармашы:	А.А.Омарова

Құқықтарын жариялаған Орталық ПБ-нің тергеушісі  
полиция аға лейтенанты Шарипов А.А.

64

**Жәбірленушіден (куәден) қосымша жауап алу  
Х А Т Т А М А С Ы**

200\_\_ж. қазанның 21-і күні

Қарағанды қ.



Басталуы: 11 сағ.25 мин.

Аяқталуы: 12 сағ.00 мин.

Қарағанды қаласының, Орталық ПБ - нің ТБ - нің тергеушісі полиция аға лейтенанты П.А.Шарипов ҚР ҚІЖК 211, 212, 213, 214, 218 б. талаптарын сақтай отырып, жәбірленуші

(куә) ретінде: Айдар Қаратайұлы Жалғасовтан жауап алды. Жауап алу тұлғаның жеке басы толықша, қылмыстық іс материалдарында 22-ші парақта анықталған.

Жауап алу алдында жәбірленуші (куә) Айдар Қаратайұлы Жалғасовқа ҚР ҚІЖК 75 б. сәйкес құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

---

(қолы)

Жәбірленуші (куә) Айдар Қаратайұлы Жалғасовқа қасақана жалған айғақ бергені үшін және жауап беруден бас тартқаны үшін ҚР ҚК 352 б. сәйкес қылмыстық жауапқа тартылуға мүмкін екені ескертілді.

---

(қолы)

Сонымен бірге, жәбірленуші (куә) Айдар Қаратайұлы Жалғасовқа өзінің, ерінің (зайыбының), жақын туыстарының қылмыс жасағанын ашатын қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқығы бар екенін түсіндірілді.

---

Сонымен қатар ҚР ҚІЖК 98, 99 203 б. талаптарына сәйкес жәбірленуші (куә) Айдар Қаратайұлы Жалғасовқа қауіпсіздік шараларын қолдануға құқығы бар екені түсіндірілді.

---

(қолы)

Маған қойылған сұрақтар бойынша айқындаймын: 200\_\_ жылы сәурдің 2-і күні менің үйіме екі адам, полиция қызметкерлері деп өздерін таныстырып, мені алдап үйіме кіріп менің басыма тапанша тәрізді затты тіреп, ақша беруімді талап етті.

Сұрақ: Ақша қайда жатқанның сіз өзіңіз айттыңыз ба?

Жауап: Иә, ол ақша шкафта киімнің арасында жатқанның өзім айттым. Жалғасов

Сұрақ: Тапаншаны қалай қабылдадыңыз: оқ аттатын ба немесе ойыншық екенін сездіңіз бе?

Жауап: Ол тапаншаның түрі оқ ататынға ұқсайды, сонда мен оны атуға жарайтын тапанша деп қабылдадым. А.Қ. Жалғасов.

Хаттаманы оқып шықтым, менің сөзімнен дұрыс жазылды, толықтырулар мен өзгертулер жоқ. А.Қ. Жалғасов.

Жауапты алған:

А.А. Шарипов

## Қауіпсіздік шараларын қолдану туралы Қ А У Л Ы

200\_\_ж. мамырдың 5-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Ибрагимов А.П. № 050306050123 қылмыстық іс бойынша азаматша Д.И.Асқарованың берген арызын қарап шығып,

### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_жылы сәурдің 25 күні 12 сағат шамасында азаматтар М.К.Қосдаулетов пен Р.П.Мадияров Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 25 үй 45 пәтерде спирттік ішімдік ішуге кіріскен. Спирт ішімдіктерді ішу барысында олардың арасында қақтығыс пайда болып, М.К.Қосдаулетов Р.П.Мадияровты аяқ-қолымен ұрып соғып, өте ауыр жарақат келтірген.

Осы факті бойынша сәуірдің 25 күні ҚР ҚК 103 б.1 б. қылмыстық белгілері бойынша қылмыстық іс қозғалған. М.К. Қосдаулетовқа бұлтартпау шарасы ретінде – қамау қолданылды.

Тергеу барысында, жәбірленуші Р.П.Мадияровтан қауіпсіздік шараларын қолдану туралы арыз түсті, себебі айыпталушы М.К.Қосдаулетовтың ағасы – А.К.Қосдаулетов телефон арқылы, жауапты өзгертпесең туған туыстарына күш қолданамын деп қорқытады.

Жоғарыда көрсеткенді негізге алып, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге байланысты жәбірленушіге және оның туған туыстарына қатысты күш қолдануды немесе қылмыстық заңда тыйым салынған өзге де әрекетті жасаудың нақты қауіпті бар.

Соған байланысты, ҚР ҚІЖК 98, 99, 100, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Жәбірленуші Р.П. Мадияровтың арызы бойынша қауіпсіздік шаралар қолдануға.

2. Қауіпті шаралар ретінде күш қолдану немесе қылмыстық заңда тыйым салынған басқа да әрекеттер қауіпті шыққан А.К.Қосдаулетовқа, оны мүмкін болатын қылмыстық жауапқа тарту туралы ресми ескерту жасауға.

3. Қылмыстық процесті жүргізуші органның енгізген ескертуді А.К.Қосдаулетовқа қолын қойғызып, жариялауға.

4. Қаулының көшірмесін аудандық прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Орталық

66

### РЕСМИ ЕСКЕРТУ

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_\_» күні

Қарағанды қ.

Мен, Қарағанды қаласы, Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісімен \_\_\_\_\_

ҚР ҚІЖК 100 б. талаптарын сақтай отырып, қылмыстық процесті жүргізуші органның тұлғасы ретінде айыпталушы (сезікті) \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қылмыстық іс бойынша, оны қылмыс жасағанын әшкерелейтін жауаптар беруге немесе беруден бас тартуға оның жағынан (психикалық, физикалық) әсер ету жолымен, тергеуге қатысушыларды мәжбүрлеуге тыйым салынатын туралы ресми ескерту жарияланады.

Егерде, осындай фактілер анықталынса, ҚР ҚК 354 б. 2,3,4 б. көзделген қылмыс жасағаныңыз үшін, сіз қылмыстық жауапқа тартыласыз.

Тергеуші \_\_\_\_\_

Ресми ескерту маған 200\_\_ жылы \_\_\_\_\_ «\_\_\_» күні жарияланды және ҚР ҚІЖК 100 б. талаптарына сай, ресми ескертуде көрсетілген шектеулерді орындамағанын салдары, соңын ішінде ҚР ҚК 354 б. көзделген қылмыс жасау үшін қылмыстық жауапқа тартылуға мүмкін екенін туралы ескертілді.

Айыпталушы (сезікті) \_\_\_\_\_

Ресми ескертуді жариялаған, салдарын түсіндірген:

Тергеуші \_\_\_\_\_

Ресми ескертуінің көшірмесін және ҚР ҚК 354 б. үзіндісін алдым  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

Айыпталушы (сезікті) \_\_\_\_\_

67

### БЕТТЕСТІРУ ХАТТАМАСЫ

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_\_» күні

Қарағанды қ.

Басталуы: 12 сағ.00 мин.

Аяқталуы: 12 сағ.30 мин.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Н.Р Омаров ҚР ҚІЖК 203, 220 б. талаптарын сақтай отырып, бұрын жауап алынған куә Батырбек Елеусізұлы Жайдарманов және сезікті Елихан Мырзаұлы Боранбаевтың жауабында елеулі қайшылықтар болғандықтан, осы қайшылықтардың себебін анықтау үшін оларды беттестіреді.

Беттестіруге, Қазыбек –би атындағы аудандық заң консультациясының қорғаушы М.О. Аубакиров қатысады.

Беттестірудің басында куә Б.Е.Жайдармановқа және сезікті Е.М.Боранбаевқа «Бірін-бірін білетін - білмейтіндігі және олардың арасында қандай қарым-қатынас бар» деген сұрақ қойылды:

Куә Б.Е.Жайдарманов «алдында отырған Е.М.Боранбаевті бұрын білмейтінмін, арамызда ешқандай қарым-қатынас жоқ» (қолы)

Сезікті Е.М.Боранбаев: «Боранбаевтің сөзін растаймын, бір-бірімізді бұрын білмейтінбіз, арамызда ешқандай қарым-қатынас жоқ» ( қолы)

Куә Б.Е.Жайдармановқа айғақ беруден бас тартқаны, айғақ беруден жалтарғаны және көрінеу жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертілді, сондай-ақ оған өзіне, еріне (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндірілді.

\_\_\_\_\_ Б.Е.Жайдарманов

( қолы)

Сұрақ: Куә Б.Е. Жайдарманов 200\_ ж. « » күні Сіздің алдыңызда отырған адамды қандай мән-жайлар бойынша кездестірдіңіз ?

Жауап: Ол күні, мен 20 сағатта жұмыстан үйге келе жаттым. Енді Қарағанды қаласы Мұқанов көшесінде орналасқан үйдің есігінің алына кірейін деп тұрғанда, үйдің бұрышынан алдымда отырған Е.М.Боранбаев жүгіріп шықты. Оның үстінде киілген курткасын алды жағы қан тәрізді қызыл дақтар және оң жақ қолында пышақ бар екеніне көзім жетті. Ол менің жанымнан жүгіріп кетті. (қолы)

Сұрақ: Е.М.Боранбаев, сіз Б.Е.Жайдарманов берген айғақтарды естідіңіз бе, ол айтқанды растайсыз ба ?

Жауап: Б.Е.Жайдарманов берген айғақтарды естідім. Бірақ ол айтқанды растамаймын. Ол күні мен ол үйдің жанында болғаным жоқ. Ешқандай пышақ қолымда болған жоқ. Бұл айтқанының бәрі айқын емес. ( қолы)

Сұрақ: Б.Е.Жайдарманов, бұл кісінің үстінде қандай киім болды?

Жауап: Бас киімі болған жоқ, үстінде жасыл түсі куртка, көк джинсы, аяғында не болғанын көргенім жоқ. ( қолы)

Сұрақ: Е.М.Боранбаев, осындай киімдер Сіздің үйіңізден тінту жүргізу барысында табылып алынды, не айтасыз?

Жауап: Ол менің киім емес, үйге қалай келгенін білмеймін. (Қолы)

Сұрақ: Б.Е.Жайдарманов, сіз осы адамды нақты көрдіңіз бе?

Жауап: Оны көргенде, бұл адамның дидамы менің жадымда жақсы сақталынды. Сол күні осы адамды көргенім нақты. (қолы)

Сұрақ: Е.М.Боранбаев, бұл айғақтарға не айтасыз?

Жауап: Мен, оның сөзін растамаймын, келесіде жауап беруден бас тартпаймын (қолы)

Б.Е.Жайдарманов\_\_\_\_\_

Е.М.Боранбаев\_\_\_\_\_

Сұрақ: Б.Е.Жайдарманов, алдында отырған Е.М.Боранбаевқа қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

Жауап: Жоқ.

Сұрақ: Е.М.Боранбаев, қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

Жауап: Жоқ.

Сұрақ: Қорғаушы, сұрақтарыңыз бар ма?

Жауап: Жоқ.

Хаттама дауысталып оқылды, айтқан сөздерімен дұрыс жазылды, өзгерту мен толықтырулар жоқ.

Б.Е.Жайдарманов\_\_\_\_\_

Е.М.Боранбаев\_\_\_\_\_

Қорғаушы: \_\_\_\_\_

Беттестіруді жүргізген:

Омаров Н.Р

---

---

68

### Заттай дәлелдеме ретінде тануға және іске тіркеу туралы ҚАУЛЫ

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_» күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің тергеушісі полиция капитаны П.И.Оразбеков № 05060123 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ жылы қаңтардың 20 күні Қарағанды қаласы, Кривогуза көшесі 5 үй 2 пәтер тұрғыны азамат П.И.Имановтың үйінде тінту жүргізу барысында «Panasonic» маркалы бейнетаспа алынды. Келешекте, ол бейнетаспа жәбірленуші С.Т. Асановтың үйінен ұрланғаны анықталды.

Жоғарыда көрсеткенді негіздей отырып, алынған зат қылмыстық іс - әрекеттерінің объектілері болып табылуға және кінәлі адамдарды әшкерлеу шаралары ретінде болуға мүмкін екенін ескере отырып, ҚР ҚІЖК 202 б. 223 б. талаптарын сақтай отырып,



70

**ЗАТ АЛУ  
ХАТТАМАСЫ**

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_» күні.

Қарағанды қ.

Басталуы: 15 сағ.00 мин

Аяқталуы: 15 сағ.40 мин.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты А.Н.Омаров ҚР ҚІЖК 203, 231, 232 және 234 баптарын талаптарын сақтай отырып, төменгі куәгерлер қатысуымен:

1. Қарағанды қаласы, Новая көшесі 2 үйде тұратын Аркен Сағитұлы Жабаев,

2. Қарағанды қаласы, Панфилова көшесі 14 үй 14 пәтерде тұратын Алмас Төкенұлы Сакенов.

Қарағанды қаласы, Дальняя көшесі 14 үйде тұратын Нұрлан Русланұлы Алтайбековтан зат алуды жүргіздім.

Зат алу бастамай тұрғанда, куәгерлер А.С.Жабаевқа және А.Т.Сакеновқа ҚР ҚІЖК 86 б. көзделген Құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді.

А.С. Жабаев \_\_\_\_\_

А.Т. Сакенов \_\_\_\_\_

Содан кейін, азамат Н.Р.Алтайбековке 200\_\_ж. «\_\_» күні құрастырылған зат алу туралы қаулы жарияланды. Азамат Н.Р. Алтайбековтан алынуға жататын – қара күзен терісінен тігілген бас киімді ерікті түрде беруді ұсынылды.

Азамат Н.Р. Алтайбековтің ерікті түрде келесі заттарды берді:

- қоңыр түсті, іші қара сатиннен тігілген, 56 мөлшерлі, он жақта ақ дақ бар, қара күзенің терісінен тігілген әйел адамның бас киімі – 1 дана.

Н.Р. Алтайбековтың айытуы бойынша, бұл бас киімді, 200\_\_жылы «\_\_» күні оның туысы Т.А. Асанов әкелді. Осы бас киімді, ол базарда 5000 теңге бағасына сатып алып, Н.Р. Алтайбековтың үйіне уақытша сақтауға әкелді.

Алынған зат куәгерлерге көрсетіліп, буып - түйілді, мөрмен бекітілді, куәгерлер, Н.Р. Алтайбеков қол қоюымен куәландырылды.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, өзгерістер мен толықтырулар жоқ.

Куәгерлер: А.С.Жабаев  
А.Т.Сакенов

Зат алынған тұлға: Н.Р. Алтайбеков

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің  
тергеушісі полиция лейтенанты А.Н.Омаров

Хаттаманың көшірмесін алдым: Н.Р. Алтайбеков

---

---

71

### ЗАТТАЙ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ҚАРАУ ХАТТАМАСЫ

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_\_»

Қарағанды қ.

Басталуы 9 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 9 сағ.20 мин.

Қарағанды қаласы Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты П.А. Мадин № 23 кабинетінде ҚР ҚІЖК 221, 222, 223 баптардың талаптарын сақтай отырып, келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Иман Исабайұлы Құрмантаев – мекен-жайы Қарағанды қаласы, Лободы көш. 40 үй, 24 пәтер;

2. Ильяс Исабекұлы Алимжанов- мекен-жайы Қарағанды қал, Лободы көш. 40 үй, 16 пәтер;

Жоғарыда көрсетілген куәгерлердің қатысуымен азамат Р.А. Мараловтан алынған етіктерге қарау жүргіздім. Сол жүргізілген әрекет туралы ҚР ҚІЖК 203, 227 б. сай хаттаманы толтырдым.

Қарау жүргізу алдында куәгерлер И.И. Құрмантаев пен И.И.Алимжановқа ҚР ҚІЖК 86 б. сәйкес олар тергеу іс әрекеттерін жүргізуге қатысуға, тергеу іс әрекеті жөнінде хаттамаға енгізуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға, өзі қатысқан тергеу іс әрекетінің хаттамасымен танысуға, қылмыстық ізге түсу органның іс әрекетіне шағым жасауға, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзіне келтірілген шығындарға өтем алуға құқығы бар екені түсіндірілді. Сонымен қатар оларға ҚР ҚІЖК 86 б. көзделген міндеттері түсіндірілді және олар өз міндеттерін орындаудан немесе дәлелді себептерсіз келуден бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны туралы ескертілді.

Куәгерлер: \_\_\_\_\_И.И. Құрмантаев  
\_\_\_\_\_И.И. Алимжанов



## ҚАРАУМЕН АНЫҚТАЛДЫ:

Қараудың объектісі кара түсті былғары етіктер болып табылады. Етіктер көтерісінің екі жағынан ілгекке салынады. Оң жақ етіктің алдының оң жағында сызық түрінде 2 см. ұзындығы кесілген жері бар. Аяқ киімнің табаны тұтас кара қоңыр түсті. Оң жақ етіктің алды шеті бойынша 7 см. ұзындыққа кесілген. Аяқ киімнің іші ақ қоңыр түсті терімен қапталған. Ұлтарақтары тозған күйде. Етіктер қарау уақытында тозған күйінде екені анықталды.

Қарау күндізгі уақытта, бұлтсыз шуақ күнде және табиғи жарықта жүргізілді.

Қарау барысында қатысушылардан еш ескертпе мен өтініш түскен жоқ.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды, дұрыс жазылған. Өзгертулер мен толықтырулар жоқ.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Қарауды жүргізген:  
тергеуші полиция лейтенанты

П.А. Мадин

---

72

### Заттай дәлелдемені сақтау камерасына тапсыру туралы ҚАУЛЫ

200\_ ж. «\_\_\_» наурыз

Қарағанды қ.

Киров аудандық ИБ анықтаушысы полиция капитаны Д.Б. Алтаев № 03091963 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_ жылы 16-шы наурызда тінту жүргізгенде С.Т. Сембиевтан ақ ұнтақты зат алынды. Он зат, сараптама қорытынды бойынша, салмағы 0,08 грамм есірткі зат –героин.

Ол затты С.Т. Сембиев заңсыз мүліктеніп және мақсаты өтімсіз, ірі мөлшерде сақтады.

Анықтаушының 200\_ жылы 18 наурызда шығарылған қаулым бойынша есірткі зат героин- заттай дәлелдеме ретінде танылып, № 03391963 қылмыстық іске қосылды.

Жоғарыда көрсетілгеннің негізінде, ҚР ҚІЖК –нің 121, 203 баптарды және ҚР “Қылмыстық істер, азаматтық Істер, және әкімшілік заңды бұзушылық бойынша сот,прокуратура мүшесі, алдын-ала тергеу, анықтау және сот сараптамасы заттай дәлелдеменің алуын, түгендеуін, сақтандыруын, беруін және жоюшылығын” Инструкциясын қолдана отырып,

#### Қ А У Л Ы   Е Т Т І М:

1. С.Т. Сембиевтан алынған салмағы 0,07 грамм конвертке салынып желімденген, № 8 мөрі басылған героин есірткі зат, Киров аудандық ІІБ сақтандыру камерасына тапсыруға;

2. Осы қаулымның көшірмесі Қарағанды қаласының прокурорына жолдауға.

Киров аудандық ІІБ анықтаушысы  
полиция капитаны

Д.Б. Алтаев

Осы қаулымның көшірмесі Қарағанды прокурорға 200\_ жылы 18 наурызда жолданды, шығыс № 2547

Конвертке салынған, мөрі басылған және С.Т. Сембиевтан алынған салмағы 0,07 грамм есірткі зат героин жазуы бар заттай дәлелдемені алдым

Қарағанды қаласы Киров ІІБ  
старшинасы

И.К. Шаров

Тапсырған:  
Қарағанды қ.Киров ІІБ  
анықтаушысы

Д.Б. Алтаев

---

---

73

#### САҚТАУ ТУРАЛЫ ҚОЛ ХАТ

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_\_»

Қарағанды қ.

Мен, Қарағанды қаласы, Киров көшесі 25 үй, 45 пәтер тұрғыны Иман Интыкбаевич Ильясов тергеуші Д.Б. Алтаевтан келесі заттарды алдым:

- 1.«Sony» маркалы теледидар
- 2.«Panasonic» маркалы бейнетаспа.

Барлығы – 2 дана.

Осы заттарды сот шешімі шыққанға дейін сақтауға міндеттенемін. Сеніп тапсырылған мүлікті ысырап еткен үшін ҚР ҚК 357 бабына байланысты қылмыстық жауапқа тартылатындығы маған ескертілді.

И.И. Иманов \_\_\_\_\_  
200\_\_ж. 5 мамыр

---

---

74

Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 24  
үй, 52 пәтерде тұратын Арман  
Актуреевич Кажмуратовтың үйінде  
тінту жүргізуді

**САНКЦИЯЛАЙМЫН**

Қарағанды қаласы Қазыбек - би  
атындағы аудандық прокуроры әділет  
кеңесшісі

Б.Т.Амерханов

200\_ ж. \_\_\_\_\_ « » күні

### **ТІНТУ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ**

200\_ ж. \_\_\_\_\_ «\_\_» күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласы Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны Р.О.Аскарлов № 060504060124 санды қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

### **А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_ жылы қаңтардың 12 күні 20 сағ.00 мин шамасында, Қарағанды қаласы Матросова көшесі 12 үйде тұратын А.А. Кажмуратовтың үйіне екі адам кіріп, тапанша қолдану арқылы қарақшылық шабуыл жасап, 600000 теңге жалпы сомаға зардап келтірді. Осы қылмыс бойынша, Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 2 үй 10 пәтер тұрғыны Айдын Сакенұлы Сержанов сезікті ретінде ұсталынды.

Тергеу жүргізу барысында оның кінәсін толық ретінде дәлелдейтін дәлелдемелер жиналды, бірақта А.С.Сержанов өзін кінәсін мойындамай отыр. Қылмыстық іс бойынша жиналған мәліметтерге қарағанда, А.С.Сержановтің пәтерінде А.А. Кажмуратовтың үйінен қарақшылық жасау барысында ұрланған мүліктер бар деуге негіз табылды.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге алып, ҚР ҚІЖК 202, 231, және 232 бабы 1 тармағын басшылыққа ала отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1.Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 2 үй, 10 пәтерде тұратын Айдын Сакенұлы Сержанов үйіне ұрланған заттарды алу мақсатында тінту жүргізуге.

2. Осы қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін аудандық прокурорға жолдауға.

Қарағанды қаласы Михайловка

ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі

полиция капитаны

Р.О.Асқаров

Қаулы маған 200\_ жылы \_\_\_\_\_ « \_\_\_ » күні жарияланды

Сезікті:

А.С.Сержанов

---

75

### ТІНТУ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ Х А Т Т А М А

200\_ж. \_\_\_\_\_ « \_\_\_ » күні

Қарағанды қ.

Басталуы 8 сағ. 40 мин.

Аяқталуы 9 сағ.20 мин.

Қарағанды қаласы Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны Р.О.Асқаров ҚР ҚІЖК 203, 230, 232, 234 баптарын талаптарын сақтай отырып, келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Бейбіт Рахимұлы Куанышев, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Кривогуза көшесі 21 үй 22 пәтер

2. Пернебай Тұрарұлы Садыков, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Кошевого көшесі 1 үй

Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 2 үй 10 пәтерінде тінту жүргіздім.

Тінту жүргізу алдында куәгерлер Б.Р.Куанышев және П.Т.Садыковке ҚР ҚІЖК 86 б. көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және куәгерлер дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндетін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылатыны туралы ескертілді.

1. \_\_\_\_\_ Б. Р.Куанышев

2. \_\_\_\_\_ П.Т.Садыков

Тінту жүргізу алдында үй иесі Айдын Сакенұлы Сержановқа  
200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_»

күні құрастырылған тінту жүргізу туралы қаулы көрсетілді.

\_\_\_\_\_ А.С.Сержанов

Тінтуге кіріскенде тергеуші А.С.Сержановқа іс үшін маңызды болуы мүмкін, алынуға жататын заттарды ерікті түрде беруді ұсынды. Оған А.С.Сержанов былай деп жауап берді: « Үйде ешқандай заттар жоқ ».

\_\_\_\_\_ А.С.Сержанов

Содан кейін тінту жүргізілді, тінту жүргізу барысында мәжбүрлеу түрінде келесі заттар алынды:

1. Ас бөлмеде тұратын үстелдің үстінде хрустальден жасалынған,, биіктігі 40 см., дөңгелек қалыпты, бас жағында шыны ұшқан гүлсауыт - 1 дана

2. Ас бөлмеде тұрған жиһаздың тартпасынан мельхиорлы шанышқылар – 6 дана

3. Қонақ бөлмесінде тұрған жиһаздың үстіндегі антресольден қарақүзен терісінен жасалған, артқы жағында он жағында ақ дақ бар ер адамның қысқы бас киімі – 1 дана.

Барлығы: 4 дана.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, толықтырулар мен өзгерістер жоқ.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_ Б.Р.Куанышев

2. \_\_\_\_\_ П.Т.Садыков

Тінту кімде жүргізілді \_\_\_\_\_ А.С.Сержанов

Қарағанды қаласы Михайловка

ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі

полиция капитаны:

Р.О.Асқаров

Тінту хаттамасын алдым:

А.С.Сержанов

---

76

## ТАНУ ҮШІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ Х А Т Т А М А

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Басталуы 14 сағ. 40 мин.

Аяқталуы 15 сағ.10 мин.

Қарағанды қаласы Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны Р.О.Асқаров ҚР ҚІЖК 203, 228, 229, баптарын талаптарын сақтай отырып, Қарағанды ПД Михайловка ПБ-нің 12 кабинетте келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Амангелді Коржубайұлы Аманбаев, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Школьная көшесі 5 үй;
2. Руан Шакирұлы Оспанов, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Гвардейская көшесі 46 үй;

Жәбірленуші И.М.Ғалымовқа тану үшін азамат Аман Иманұлы Мұхтаровты көрсетті.

Тану үшін көрсетуді жүргізу алдында куәгерлер А.К.Асқаров және Р.Ш. Оспанов ҚР ҚІЖК 86 б. көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және куәгерлер дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндетін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылатыны туралы ескертілді.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

Танудың алдында жәбірленуші И.М.Ғалымов айғақ беруден бас тартқаны үшін, көрінеу жалған айғақ берген үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертілді, оған сондай-ақ өзіне (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндірілді.

\_\_\_\_\_ И.М.Ғалымов

Тергеу іс-әрекетіне арасында танылуға тиіс адам орналасқан өзге адамдар:

И.Т.Аязов, П.А.Гумаров қатысуы ерікті түрде келіскенін және тануға қатыстырылған И.М.Ғалымов олармен бұрын таныс болмағаны туралы дәлелдеді.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

Танитын адам: И.М.Ғалымов болмау кезінде танылуға тиіс А.И.Мұхтаровқа өзге адамдардың арасында кез келген орынды тандап алуын ұсынылды, содан кейін А.И.Мұхтаров екінші орынды тандап алды. Сөйтіп сол жақтан оң жаққа отырғандар:

1. 1982 жылы қаңтардың 11-де туылған, бойы 1 м.70 см., шашы сары, қысқа, көзі көк, үстіне қара былғары куртка, көк түсті джинсы киілген Иман Берікұлы Жандосов;
2. 1983 жылы мамырдың 1-де туылған, бойы 1 м. 70 см., шашы сары, қысқа, көзі көк, үстіне қара түсті замшы терісінен жасалған куртка, қара шалбар киілген Аман Иманұлы Мұхтаров;

3. 1983 жылы сәурдің 25-де туылған, бойы 1 м.71 см. шашы сары, қысқа, көзі көк, үстіне қара материалды куртка, қара джинсы киілген Олжас Төлегенұлы Аязов;

Содан кейін, танитын И.М.Ғалымов шақырылды, оған өзі ол туралы айғақ берген адамды көрсету ұсынылды. И.М.Ғалымов оған ұсынылған үш адамдарға қарап былай деп мәлімдеді:

Маған ұсынылған адамдардың арасында мен екінші болып тұрған адамды таныдым. Мен оны дидарынан таныдым, себебі мен оны жақсы есте сақтадым. Нақты осы адам 200\_\_ж. желтоқсаның 12-де Кривогуза көшеде мені ұрып-соғып, мүліктерімді алып кетті.

Танылған адам өзін - 1983 жылы маусымның 1-де туылған Аман Иманұлы Мұхтаров деп таныстырды.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, өзгерістер мен толықтырулар жоқ.

Танушы: \_\_\_\_\_

Куәгерлер 1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Танылуға тиіс адам: \_\_\_\_\_

Михайловка ПБ—нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Р.О.Асқаров

---

77

## ТАНУ ҮШІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ Х А Т Т А М А

200\_\_ж. « » \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Басталуы 10 сағ. 40 мин.

Аяқталуы 11 сағ.20 мин.

Қарағанды қаласы, Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны Р.О.Асқаров ҚР ҚІЖК 203, 228, 229, баптарын талаптарын сақтай отырып, Қарағанды ПД Михайловка ПБ-нің 12 кабинетте келесі куәгерлердің қатысуымен:

1.Амангелді Коржубайұлы Аманов, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Школьная көшесі 5 үй

2. Руан Шакирұлы Оспанов, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Гвардейская көшесі 46 үй.

Жәбірленуші И.М.Ғалымовқа тану үшін заттарды көрсетті.

Тану үшін көрсетуді жүргізу алдында куәгерлер А.К.Аманов және Р.Ш. Оспанов ҚР ҚІЖК 86 б. көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және куәгерлер дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндетін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылатыны туралы ескертілді.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

Танудың алдында жәбірленуші И.М.Ғалымов айғақ беруден бас тартқаны үшін, көрінеу жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертілді, оған сондай-ақ өзіне (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндірілді.

\_\_\_\_\_ И.М.Ғалымов

Танитын И.М. Ғалымов болмаған кезде, тергеуші келесі заттарды сол жақтан он жаққа нөмерледі:

1. Пышақ, жалпы ұзындығы 20 см. алмастың ұзындығы 12 см., сабы көк изолентпен оралған, ұзындығы 8 см.

2. Пышақ, жалпы ұзындығы 25 см., алмастың ұзындығы 15 см., сабы қара плексигластан жасалынған

3. Пышақ, жалпы ұзындығы 25 см., алмастың ұзындығы 15 см., сабы ағаштан жасалынған

Содан кейін, танитын И.М.Ғалымов шақырылды, оған заттар көрсетілді, ол заттарды қарап шығып, былай деп мәлімдеді:

Маған ұсынылған заттардың арасында мен екінші болып жатқан пышақты таныдым. Мен оны ең сабы бойынша таныдым. Нақты осы пышақпен 200\_\_ж. желтоқсанның 12-де Кривогуза көшеде бейтаныс адам мені қорқыту арқылы мүліктерімді алып кетті.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, өзгерістер мен толықтырулар жоқ.

Танушы: \_\_\_\_\_

Куәгерлер 1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Михайловка ПБ—нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Р.О.Асқаров



## ТАНУ ҮШІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ Х А Т Т А М А

200\_\_ж. «    » \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Басталуы 14 сағ. 40 мин.  
Аяқталуы 15 сағ. 20 мин.

Қарағанды қаласы, Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны Р.О.Асқаров ҚР ҚІЖК 203, 228, 229, баптарын талаптарын сақтай отырып, Қарағанды ІД Михайловка ПБ-нің 12 кабинетте келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Амангелді Коржубайұлы Аманов, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Школьная көшесі 5 үй

2. Руан Шакирұлы Оспанов, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Гвардейская көшесі 46 үй

Куә И.М. Балабаевқа тану үшін мәйітті көрсетті.

Тану үшін көрсетуді жүргізу алдында куәгерлер А.К.Аманов және Р.Ш. Оспановқа ҚР ҚІЖК 86 б. көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және куәгерлер дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндетін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылатыны туралы ескертілді.

1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Танудың алдында куә И.М. Балабаев айғақ беруден бас тартқаны үшін, көрінеу жалған айғақ берген үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертілді, оған сондай-ақ өзіне (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндірілді. \_\_\_\_\_ И.М. Балабаев

Танитын И.М.Балабаевқа бойы 1 м. 80 см., қысқа сары шашты, көзі көк, тістердің үсті жағында үшінші тіс сары металдан жасалынған, кеудесінің оң жағында пышақтың суреті бар, ер адамның мәйіті көрсетілді.

Куә И.М. Балабаев мәйітті қарап шығып, былай деп мәлімдеді:

Бұл мәйітті мен танымын, ол менің танысым Мереке Гарифуллаұлы Бегайдаров. Оны мен кеудесіндегі суреті, шашы және дидары бойынша танымын. Бұл адам бір ай бұрын хабар ошарсыз кеткен болатын.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, өзгерістер мен толықтырулар жоқ.  
Танушы: \_\_\_\_\_

Куәгерлер 1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Михайловка ПБ—нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Р.О.Асқаров

79

## ТАНУ ҮШІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ Х А Т Т А М А

200\_\_ж. « » \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қаласы, Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны Р.О.Асқаров ҚР ҚІЖК 203, 228, 229, баптарын талаптарын сақтай отырып, Қарағанды ІД Михайловка ПБ-нің 12 кабинетте келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Амангелді Коржубайұлы Аманов, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Школьная көшесі 5 үй;
2. Руан Шакирұлы Оспанов, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Гвардейская көшесі 46 үй;

Жәбірленуші И.М.Ғалымовқа тану үшін фотосуреттерді көрсетті.

Тану үшін көрсетуді жүргізу алдында куәгерлер А.К.Аманов және Р.Ш. Оспановқа ҚР ҚІЖК 86 б. көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және куәгерлер дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндетін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылатыны туралы ескертілді.


1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Танудың алдында жәбірленуші И.М.Ғалымов айғақ беруден бас тартқаны үшін, көрінеу жалған айғақ берген үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертілді, оған сондай-ақ өзіне (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндірілді.

\_\_\_\_\_ И.М.Ғалымов

Танитын И.М. Ғалымовқа келесі фотосуреттер көрсетілді:



Содан кейін, танитын И.М.Ғалымов фотосуреттерді қарап шығып, былай деп мәлімдеді:

Маған ұсынылған фотосуреттердің арасында мен екінші фотосуреттегі болған адамды таныдым. Мен оны дидары бойынша таныдым. 200\_\_ж. 12 желтоқсанда Кривогуза көшеде осы адам мені қорқыту арқылы мүліктерімді алып кетті.

Жеке куәлік бойынша бұл адам Сержан Мұхтарұлы Шанов болып танылды.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, өзгерістер мен толықтырулар жоқ.

Танушы: \_\_\_\_\_

Куәгерлер 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Михайловка ПБ—нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Р.О.Асқаров

---

80

## ТАНУ ҮШІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ Х А Т Т А М А

200\_\_ж. « » \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Басталуы 10 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 10 сағ. 40 мин.

Қарағанды қаласы, Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны Р.О.Асқаров ҚР ҚІЖК 203, 228, 229, баптарын талаптарын сақтай отырып, Қарағанды ІІД Михайловка ПБ-нің 12 кабинетте келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Амангелді Коржубайұлы |Аманов, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Школьная көшесі 5 үй

2. Руан Шакирұлы Оспанов, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Гвардейская көшесі 46 үй

Жәбірленуші И.М.Ғалымовқа тану үшін бейнежазбаны көрсетті.

Тану үшін көрсетуді жүргізу алдында куәгерлер А.К.Асқаров және Р.Ш. Оспановқа ҚР ҚІЖК 86 б. көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және куәгерлер дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндетін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылатыны туралы ескертілді.

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

Танудың алдында жәбірленуші И.М. Ғалымов айғақ беруден бас тартқаны үшін, көрінеу жалған айғақ берген үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертілді, оған сондай-ақ өзіне (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына қарсы куәлік етпеу құқықығы түсіндірілді.

\_\_\_\_\_ И.М.Ғалымов

Танитын И.М. Ғалымовқа «Panasonic» маркалы бейнемагнитофон пайдалану арқылы үш адамның бейнежазбалары көрсетілді:

1. Дидарының түрі азиаттық, шашы қара, қысқаша, қасы қалың, көзі кара, мұртты бар, дене пішіні толықтау, үстінде спорттық костюм киілген ер адам

2. Дидарының түрі азиаттық, шашы қара, қысқаша, қасы қалың, мұртты бар, дене пішіні толықтау, үстіне костюм киілген ер адам

3. Дидарының түрі азиаттық, шашы қара, қысқаша, қасы қалың, мұртты бар, дене пішіні толықтау, үстіне куртка киілген ер адам

Тануға көрсету алдында, бейне жазу магнитофонның дауысы басылып қойылған. И.М.Ғалымов бейнежазбаларын көріп былай деп мәлімдеді:

Бұл үш адамның арасынан мен есепте екінші болып жазылған адамды дидары бойынша, және үстіне киілген киім бойынша танып тұрмын, себебі мен ол адамның осы белгілерін жақсы есімде сақтадым. Нақты осы адам 200\_ жылы « » \_\_\_\_\_ маған шабуыл жасап ашық түрде мүліктерімді алып кетті.

Бейне жазу магнитофонның дауысын қосқанда, ол адам – 1978 жылы туылған, Садыров Набиен Аширұлы болып табылды.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, өзгерістер мен толықтырулар жоқ.

Танушы: \_\_\_\_\_

- Куәгерлер 1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Михайловка ПБ—нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Р.О.Асқаров

Қарағанды қаласы, Щорса көшесі 12 үй  
25 пәтерде тұратын Пернебаев Мағзия  
Отарбайұлы атына келіп түскен пошта -  
телеграф жөнелтілімдерін тұтқындауын

**САНКЦИЯЛАЙМЫН**

Қарағанды қаласының Октябрь  
аудандық прокуроры әділет кеңесшісі  
А.Н.Онғарбай

«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

**Пошта - телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау туралы  
Қ А У Л Ы**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің тергеу бөлімнің тергеушісі  
полиция лейтенанты Т.А. Темирбаев № 0652643251 қылмыстық іс  
материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. наурыздың 26 күні сағат 20.00 сағат шамасында азамат Бисат  
Шагенұлы Қарымбаев Қарағанды қаласы Озерная көшесі 21 үйінің бірінші  
қабатында орналасқан «Кенет» дүкеніне келіп, Б.М.Жараскина деген  
дүкеншіні тапаншамен қорқыту арқылы, 25000 теңге жалпы сомма ақшаны  
ашық түрде иемденіп, оқиға болған жерден бой тасалады.

Қылмыс жасаған соң, Б.Ш.Қарымбаев. тергеу органдарынан  
жасырынып және осы уақытқа дейін оның болған жері анықталмады.

Қарағанды қаласы, Щорса көшесі 12 үй, 25 пәтерде оның ағасы Персат  
Шагенұлы Қарымбаев тұрады, оның атына келіп түсетін пошта – телеграф  
жөнелтілімдер іс үшін манызы бар мәліметтер болуға мүмкін екенін ескере  
отырып, ҚР ҚІЖК 202, 235 б. талаптарын басшылыққа ала отырып,

**Қ А У Л Ы Е Т Т І М:**

1. Ерекше билікке дейін, Қарағанды қаласы, Щорса көшесі 12 үй, 25 пәтерде тұратын Персат Шагенұлы Қарымбаевтың атына келіп түскен хаттар, жеделхаттар, радиogramмалар, бандерольдер, посылкалар мен басқа да пошта - телеграф жөнелтілімдерін тұтқындауға.
2. Осы қаулы орындауы Қарағанды облысының бас поштаға жүктеуге.
3. Қаулының көшірмесі прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің  
тергеу бөлімнің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Т.А. Темирбаев

Анықтама: қаулының көшірмесі Қарағанды облыстық бас поштаның  
басшысына 200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_ жолданды. Шығу №

---

---

82

**Ұсталған пошта - телеграф жөнелтілімдерін қарау,  
және көшірмесін түсіруді туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қаласы Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Т.А. Тулегенов ҚР ҚІЖК 203, 235 б. талаптарын сақтай отырып, келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Ерлан Берікұлы Алимбеков, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 22 үй 52 пәтер

2. Сержан Бердалиұлы Сайлаубаев, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Фестивальная көшесі 5 үй

Қарағанды облыстық бас пошта жайда Қарағанды қаласы, Щорса көшесі 12 үй, 25 пәтерде тұратын Персат Шагенұлы Қарымбаевтың атына келіп түскен хаттар, жеделхаттарды қарап шықты.

Қарау жүргізу алдында куәгерлер А.Е. Алимбеков және С.Б. Сайлаубаевқа ҚР ҚІЖК 86 б. көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және куәгерлер дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндетін орындаудан бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылатыны туралы ескертілді.

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Содан кейін келесі құжаттар қаралды:

1. Персат Шагенұлы Қарымбаевтың атына келіп түскен хат. Оның бетінде П.Ш. Қарымбаевтың мекен-жайы көк сиямен жазылған, жіберушінің мекен-жайы көрсетілмеген. Конверті ашу барысында оның ішінде клеткалы бір парақ қағаз табылды. Ол парақта екі бетке көк сиямен жазу бар, оның басы былай деп басталады: «Сәлем айтамын ! Қалыңыз қалай, мен қазір алыс жердемін, бәрі жақсы», аяқ жағында былай деген: «Егерде келтірген

зардаптың орын толтырсам, мүмкін ол мені кешіретін шығар. Сәлеммен Бисат»,

2. Персат Шагенұлы Қарымбаевтың атына келіп түскен жеделхатты. Оның мәтіні былай: «Қарағанды, Щорса 12-25 Персат Қарымбаевке. Жіберілгені 200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_ Көкшетау. Маған 2000 теңге жіберіңіз «өздері келіп сұрағанша» Бисат

3. Осы хат және жеделхат мәтіндерінің көшірмесі түсірілді.

4. Хат пен жеделхаттың өзін алушыға жіберу.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, өзгерістер мен толықтырулар жоқ.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің

тергеу бөлімнің тергеушісі

полиция лейтенанты

Т.А. Тулегенов

---

---

83

**Пошта - телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау туралы  
қаулының күшін жою туралы  
Қ А У Л Ы**

«\_\_»\_\_\_\_\_200\_\_ ж.

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің тергеу бөлімнің тергеушісі полиция лейтенанты Т.А. Тулегенов № 0652643251 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. наурыздың 26 күні сағат 20.00 сағат шамасында азамат Бисат Шагенұлы Карымбаев Қарағанды қаласы Озерная көшесі 21 үйінің бірінші қабатында орналасқан «Кенет» дүкенге келіп, Б.М.Жараскина деген дүкеншіні тапаншамен қорқыту арқылы, 25000 теңге жалпы сомма ақшаны ашық түрде иемденіп, оқиға болған жерден бой тасалады.

Қылмыс жасаған соң, Б.Ш. Қарымбаев тергеу органдарынан жасырынып және осы уақытқа дейін оның болған жері анықталмады.

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_ Қарағанды қаласы, Щорса көшесі 12 үй, 25 пәтерде тұратын Персат Шагенұлы Қарымбаев атына келіп түскен хаттар, жеделхаттар, радиogramмалар, бандерольдер, посылкалар мен басқа да пошта - телеграф жөнелтілімдерін тұтқындалды.

Осы уақытта, Бисат Шагенұлы Қарымбаев ұсталынып, оған бұлтартпау шарасы ретінде «қамау» қолданылды.

Жоғарыда көрсеткенді негізге ала отырып, пошта - телеграф жөнелтілімдерін тұтқындаудың күшін бұл шараға қажеттілігі жойылғанын ескере отырып, ҚР ҚІЖК 202, 235 б. талаптарын басшылыққа ала отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Пошта - телеграф жөнелтілімдерін тұтқындау туралы қаулының күшін жоюға.

2. Осы қабылдаған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының шешімін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің

тергеу бөлімнің тергеушісі

полиция лейтенанты

Т.А. Тулегенов

Қаулының көшірмесін алдым: Қарағанды облыстық бас поштаның кеңсе басшысы:

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Прокурорға көшірмесі 200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ жолданды.

Шығу № \_\_\_\_

---

84

Азамат Абу Вахитұлы Шошаевтің телефонмен сөйлесулерін тыңдау мен жазуды

**САНКЦИЯЛАЙМЫН**

Қарағанды қалалық прокуроры

әділет кеңесшісі

А. А. Қабылов

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

**Сөйлесулерді тыңдау мен жазу туралы**

**Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.



Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты А.А.Рысқұлов № 060506402 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. 15 наурызда 20.00 сағат шамасында азамат Абу Вахитұлы Шошаев мас күйде Қарағанды, қаласы Пассажирская көшесі 56 үй 5 пәтерде тұратын өзінің танысы А.Р.Мирзоевқа келді. Содан кейін, екеуі ас үйде отырып бір шөлмек арақ ішті, спирттік ішімдік ішу барысында А.Р.Мирзоев қарызға алған ақшаны уақытымен қайтармағаны себебінен олардың арасында қақтығыс пайда болды. А.Р.Мирзоев А.В.Шошаевті әзер дегенде сабырлыққа әкеліп, оны үйінен шығарып жіберді. А.В.Шошаев Пассажирская көшесінде орналасқан сыраhanaға барып, сыра мен арақты араласа ішті. Содан кейін, 22.00 сағат шамасында А.В.Шошаев тағыда А.Р.Мирзоевтің үйіне келеді. А.Р.Мирзоев есікті ашқан кезде, А.В.Шошаев оны бетінен жұдырығымен ұрып жерге құлатады, аяқпен және қолымен А.Р.Мирзоевті дене бойы ұрады, осыған тоқтамай, А.В.Шошаев ас үйде үстелдің үстінде жатқан пышақты алып келіп, кісіні қасақана өлтіру мақсатымен оны тамағынан бауыздады. Осының салдарынан А.Р.Мирзоев сол жерде қайтыс болды. Қылмыс жасаған соң А.В.Шошаев тергеу органдарынан жасырынды және осы уақытқа дейін оның болған жері анықталмады.

Қарағанды қаласы, Панфилов көшесі 22 үйде тұратын оның зайыбы – Перхат Зарнаева осы қылмыс және А.В.Шошаевтің қазіргі уақытта болған жері туралы мәліметтерді білуі мүмкін.

Жоғарыда көрсеткенді негізге ала отырып, Перхан Зарнаеваның сөйлескен сөздерін, оның ішінде телефондар арқылы сөйлескен сөздерін тыңдау мен жазу тыңдау нәтижесінде іс үшін манызы бар мәліметтер алынады деп пайымдауға жеткілікті негіздер бар екенін ескере отырып ҚР ҚІЖК 202, 237 б. талаптарын сақтай отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. 3 ай ішінде, Қарағанды қаласы Панфилов көшесі 22 үйде тұратын Перхан Зарнаева сөйлескен сөздерін оның ішінде № 225636 телефон арқылы сөйлескен сөздерін тыңдау мен жазуға.

2. Осы қаулы орындау үшін КП бастығына жіберуге.

3. Қаулының көшірмесін Қарағанды қалалық прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.А.Рысқұлов

Азамат Күлпәш Сағындыққызы  
Хамитованың телефонын сөйлесулерді  
тыңдау мен жазуды

САНКЦИЯЛАЙМЫН

Қарағанды қалалық прокуроры  
әділет кеңесшісі

А. А. Қабылов

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

### Сөйлесулерді тыңдау мен жазу туралы Қ А У Л Ы

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты А.А.Рысқұлов № 060506402123 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. 15 наурызда 20.00 сағат шамасында азамат Абу Вахитұлы Шошаев мас күйде Қарағанды, қаласы Пассажи́рская көшесі 56 үй 5 пәтерде тұратын өзінің танысы А.Р.Мирзоевқа келді. Содан кейін, екеуі ас үйде отырып бір шөлмек арақ ішті, спирттік ішімдік ішу барысында А.Р.Мирзоев қарызға алған ақшаны уақытымен қайтармағаны себебінен олардың арасында қақтығыс пайда болды. А.Р.Мирзоев А.В.Шошаевті әзер дегенде сабырлыққа әкеліп, үйден шығарып жіберді. А.В.Шошаев Пассажи́рская көшесінде орналасқан сыраhanaға барып, сыра мен арақты араластырып ішті. Содан кейін, 22.00 сағат шамасында А.В.Шошаев тағыда А.Р.Мирзоевтің үйіне келеді. А.Р.Мирзоев есікті ашқан кезде, А.В.Шошаев оны бетінен жұдырығымен ұрып жерге құлатады, аяқпен және қолымен А.Р. Мирзоевтың дене бойы ұрады, осыған тоқтамай, А.В.Шошаев ас үйде үстелдің үстінде жатқан пышақты алып келіп, кісіні қасақана өлтіру мақсатымен оны тамағынан бауыздады. А.Р.Мирзоев сол жерде қайтыс болды. Қылмыс жасаған соң А.В.Шошаев тергеу органдарынан жасырынды және осы уақытқа дейін оның болған жері анықталмады.

Қарағанды қаласы, Пассажи́рская көшесі 56 үй 5 пәтерде жәбірленуші А.Р.Мирзоевтің зайыбы Күлпәш Сағындыққызы Хамитова тұрады. Оған бір неше рет бейтаныс адамдар үйіне телефон соғып күш қолдануымен қорқытты.

Жоғарыда көрсеткенді негізге ала отырып, күш қолдану әрекетті А.Р.Мирзоевтің отбасы мүшелеріне қолдану қауіпті болғанының себебінен, ҚР ҚІЖК 202, 237 б. талаптарын сақтай отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Үш ай ішінде, Қарағанды қаласы Пассажирская көшесі 56 үйде 5 пәтерде тұратын Күлпәш Сағындыққызы Хамитованың № 335636 телефон арқылы сөйлескен сөздерін тыңдау мен жазуға.

2. Қабылдаған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Осы қаулы орындау үшін ҚП бастығына жіберуге.

4. Қаулының көшірмесін Қарағанды қалалық прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.А.Рысқұлов

Қаулы маған 200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ жариялады.

\_\_\_\_\_  
(Қолы)

---

---

86

Криминалдық полиция бөлімі бастығы-  
на полиция майоры

П.И. Левинге

ҚР ҚІЖК 237 б. 6 т. сай, 200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ Пассажирская көшесі 56 үй 5 пәтерде тұратын Күлпәш Сағындыққызы Хамитова телефон арқылы сөйлескен сөздерін тыңдау және жазу фонограммасын қарап және тыңдап шығуға бізге жіберуін сұраймын.

Қарағанды қалалық Михайловка  
ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.А.Рысқұлов

---

---

87

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің  
тергеушісі полиция лейтенанты

Ә. А. Рысқұловқа

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ шығу № \_\_\_\_ Сіздің сұрауыңыз бойынша 200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ сөйлесулерді тыңдау мен жазу туралы қаулының негізінде, 200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат 12.00 бастап 200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат 13.00 дейін Күлпәш Сағындыққызы Хамитованың телефоны арқылы сөйлесулерін тыңдау және жазу фонограммасын жіберіп отырмын. Сөйлесулерді тыңдау және жазу аппарат Е- 24 арқылы жүргізілді, жазудың сапасы жақсы.

Криминалдық полиция бөлімінің бастығы  
полиция майоры П.С. Лиспаев

---

---

88

### Фонограмманы қарау және тыңдау туралы Х А Т Т А М А

200\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты А.А.Рысқұлов №060506402123 қылмыстық іс бойынша сөйлесулерді тыңдау мен жазу туралы қаулының негізінде жазылған фонограмманы келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Батырхан Ергалиұлы Жауеков, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Ержанова көшесі 125 үй, 26 пәтер;

2. Бабылбек Ертайұлы Дауеков, мекен-жайы Камская көшесі 129 үй қарау және тыңдау жүргіздім. Әрекет жүргізу алдында куәгерлер Б.Е.Жауеков және Б.Е. Дауеков өздеріне белгілі болған мәліметтерді жария еткені үшін жауапкершілігі туралы ескертілді.

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Содан кейін фонограмманы қарау барысында келесі жағдайлар анықталды: фонограмма түсі қара, пласмастан жасалынған М-4 маркалы аудио кассетаға жазылған. Үстінде ешқандай жазулар жоқ. Тыңдау барысында іске қатысты бар бөлігі: « Сәлеметсіз бе, бұл сізге телефон соғып тұрған Ваня деген адам. Сіз мені танымайсыз, сізге айтайын дегенім, 24 сағат ішінде 5000 доллар ақша әкеліп бермесеңіз, Сіздің балаңыз тірі болмайды. Қысқаша айтқандай, ертең 10.00 сағатта мен сізді ақшамен «Огонек» дүкенің жанында тосамын. Өзімен бірге біреуді алып келсеңіз сізге және Сіздің балаңызға жаман болады».

Сөйлескендердің сөздерінің естілу сапасы өте жақсы.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, өзгерістер мен толықтырулар жоқ.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Қарағанды қалалық Михайловка ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.А.Рысқұлов

---

89

**Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Басталуы 10.00 сағат  
Аяқталуы 12.00 сағат

Қарағанды қаласы Михайловка ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты  
Рысқұлов А.П. ҚР ҚІЖК 203, 238 б. талаптарын сақтай отырып, келесі  
куәгерлер:

1. Мамбехан Уразұлы Жакупов, мекен-жайы Қарағанды қаласы,  
Кошевого көшесі 25 үй;
2. Кодар Баракұлы Мырзамединов, мекен-жайы Қарағанды қаласы,  
Пирогова көшесі 12 үй;

және маман полиция лейтенанты Е.А.Боранкуловтың қатысуымен  
тексерілетін іс-әрекет болған бағытты және орынды анықтау мақсатымен  
сезікті (айыпталушы) Есен Бағдатұлы Асановтың айғақтарын оқиға болған  
жерде тексеру мен нақтылау жүргізді.

Іс әрекет жүргізу алдында куәгерлер М.У.Жакупов пен  
Қ.Б. Мырзамединовке ҚР ҚІЖК 86 б. Сәйкес құқықтары мен міндеттері  
түсіндірілді.

1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Маман Е.А.Боранкуловқа ҚР ҚІЖК 84 б. көрсетілген оның құқықтары  
мен міндеттері түсіндірілді \_\_\_\_\_Е.А.Боранкулов

Бұған қоса іс әрекет жүргізу барысында «Sony» маркалы бейнетаспа  
ғылыми-техникалық құралын қолдануы туралы тергеу іс-әрекетін жүргізуге  
қатысқан адамдарға хабардар етілген.

Сезікті \_\_\_\_\_  
Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Іс-әрекет жүргізу алдында сезікті Есен Бағдатұлы Асановтың айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылауға өз еркімен шыққанын растады.

Сезікті \_\_\_\_\_

Тергеуші, екі куәгер, сезікті, маманнан құралған топ Михайловка ПБ-нің № 45 кабинеттен шығып № М456АЕМ УАЗ маркалы автокөлікке отырды. Содан кейін, сезікті Е. Б. Асановқа айғақтары тексерілетін бағыт пен орынды ерікті түрде көрсету ұсынылды. Сезікті Е. Б. Асановқа Гоголь көшесі 63 үйге баруын ұсынды. Ол ұсынған үйге келгенде, Е. Б. Асанов екінші кіреберістің жанында тоқтауын сұрады. Топтың бәрі автокөліктен шыққан соң, Е. Б. Асанов былай деп мәлімдеді: «200\_\_ жылы қаңтардың 26 күні 20.00 сағат шамасында мен осы үйдің жанынан өтіп бара жатқанмын сол уақытта осы үйде дүкен сатушысы Ғалия тұратыны жадыма түсті. Онда ақша көп болу керек деп ойлап, соның үйінен ұрлық жасау мақсатымен кіреберіске кірдім».

Содан кейін, Е. Б. Асанов екінші қабатқа көтерілуін ұсынды. Топтың бәрі екінші қабатқа көтерілген соң, ол оң жақта орналасқан № 21 пәтерге көрсетіп, сол күні аяқпен теуіп есіктің құлпын бұзып, пәтерге кіргенін айтты. Үйге кірмей тұрып, Е. Б. Асанов куәгерлер көзінше ол үйдің жайын айтты: 3 бөлмлі, кіреберісте сол жағында қабырғаға қағылған ағаш киім ілгіш, оған қарсы қонақ бөлмесіне кіреберіс есік, тікелей он мен сол жақтарда ұйықтайтын бөлмелер. Осы сөздерден кейін, топ пәтерге кірді, Е. Б. Асанов былай деп мәлімдеді: «Пәтерге кірген соң, киім ілгіштің үстінде тұрған қара күзен терісінен жасалынған ер адамның бас киімін алдым, содан кейін қонақ бөлмесіне кіріп, сонда тұрған жиһаздың шыны есігін ашып, сөреде тұрған сүт құйғыштың ішінен алтын сырғаны алдым, содан кейін сол жақтағы ұйқы бөлмеге кіріп, ақтара бастадым. Төсектің үстінде жатқан жастықты жыртып жібергенде оның ішінен ақша түсті, жинап санасам, онда 5000 АҚШ доллар. Осы заттарды алып мен пәтерден шығып кеттім. Содан кейін, осы үйдің шатырына көтеріліп, бас киімді тығып қойдым. Ақша мен алтын сырғаны өзімен бірге алып кеттім.». Іс-әрекет жасау барысында үйде болған Ғалия Иманбаевна Садыкова оның сөзін растады. Содан кейін, Е. Б. Асанов осы үйдің шатырына көтеруін ұсынды. Топ шатырға көтерілгенде, Е. Б. Асанов он жақтың бұрышынан күлге көміп қойған полиэтилендік пакетті алып шықты. Ол пакетті ашу кезінде, оның ішінен қара күзен терісінен жасалынған қара түсті ер адамның бас киімі табылды. Осы табылған зат буып - түйіліп, куәгерлер, сезікті қолдары қойылып, мөрмен бекітілді.

Тексеру бұлтты ауа - райында, ауа температурасы – 10 градуста, жасанды жарықта өткізілді.

Осы хаттамаға қосымша тіркелетін: бейнежазу кассетасы

Айғақтары тексерілген адамның қолы:

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Қатысушылар 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Сезікті \_\_\_\_\_ Е. Б. Асанов

Қарағанды қаласы Михайловка

ПБ-нің тергеушісі

полиция лейтенанты

Рысқұлов А.П.

---

---

90

### Тергеу экспериментін жүргізу туралы Х А Т Т А М А

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Басталуы «\_\_» сағат

Аяқталуы «\_\_» сағат

Қарағанды қалалық Михайловка полиция бөлімі тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.И. Жақыпжанов ҚР ҚІЖК 203, 239 б. талаптарын сақтай отырып, келесі куәгерлер:

1. Аринбек Багиров, мекен-жайы Қарағанды қаласы, Мира көшесі 35 үй, 63 пәтер;

2. Қозыбай Наукенұлы Жарқымбаев, мекен-жайы, Пушкин көшесі 65 үй 32 пәтер;

және өздерінің келісімі бойынша маман полиция лейтенанты Б.Ж.Маманқұлов пен сезікті (айыпталушы) И.А.Бабархановтың қатысуымен іс үшін маңызды бар мәліметтерді зерттеліп отырған оқиғаның бір әрекеттерін тексеру мен нақтылау мақсатымен тергеу экспериментін жүргіздім.

Іс әрекетті жүргізу алдында куәгерлер А.Багиров пен Қ.Н.Жарқымбаевқа ҚР ҚІЖК 86 б.сәйкес құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Маман Б.Ж.Маманқұловқа ҚР ҚІЖК 84 б.көрсетілген оның құқықтары мен міндеттері түсіндірілді \_\_\_\_\_ Е.А.Боранқұлов

Бұған қоса іс әрекет жүргізу барысында «Sony» маркалы бейне - таспа ғылыми-техникалық құралын қолдануы туралы тергеу іс-әрекетін жүргізуге қатысқан адамдарға хабардар етілген.

Сезікті \_\_\_\_\_

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ күні сезікті ретінде жауап алу барысында И.А.Бабарханов былай деп мәлімдеді: « Фирма «Вавилон» қоймасына мен ұрлықты терезе арқылы кіріп жасадым. Терезе кішкентай болса да менің денем одан өтті.» Осы айғақтарды тексеру үшін тергеу эксперименті жүргізілді. Эксперимент Қарағанды қаласы Складская көшесі № 27 үйде орналасқан «Вавилон» фирмасында өткізілді. Эксперимент жасау барысында, сезікті И.А.Бабарханов қойманың терезесінен өтуге тырмысты. Бірақ бірінші реттен ол өте алмады, екінші ретте де өте алмады, үшінші ретте де ол өте алмады. Нәтиже: И.А.Бабарханов ұрлықты терезе арқылы кіріп жасауға мүмкін емес екендігі анықталды.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Сезікті: \_\_\_\_\_

Қарағанды қалалық Михайловка полиция бөлімі  
тергеу бөлімшесінің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.И. Жақыпжанов

---

91

Б Е К І Т Е М І Н  
Қарағанды қаласы Киров  
аудандық ПБ бастығы  
полиция подполковнигі  
А.А.Ержанов

Сезіктіні куәландыру туралы  
К А У Л Ы

200\_ ж. наурыздың 16 күні

Қарағанды қ.



Қарағанды қаласы ІІБ Киров аудандық ІІБ анықтаушысы полиция лейтенанты Д.Б. Алтаев № 03091963 санды қылмыстық іс құжаттарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_ ж. 16 шы наурызда 18 сағат 30 минут шамасында, полиция қызметкерлері ЖІШ жүргізгенде, “ Огонек “ дүкенінің жанында азамат С.П.Сембиев ұсталынып, салмағы 0,08 грамм героин деген есірткі зат табылды. Осы қылмыстық істің құжаттарына қарағанында, С.П. Сембиевтің көктамырға инфекция бойынша есірткі затты жүйелі пайдаланатын адам деп санауға дәлелдігі табылды.

Жоғарыда көрсетілгендерді ҚР ҚІЖК 202, 226-баптары негізінде басшылыққа алып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1.Сезікті С.П. Сембиевқа куәландыру өткізілсін, ол куәландырудың мақсаты - С.П. Сембиевтың денесінде медициналық емес есірткі затты пайдаланған ізін табуға.

2. Осы қаулының көшірмесін аудандық прокурорына жолдауға.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдар хабарлар етуге.

Қарағанды қ.Киров  
аудандық ІІБ анықтаушысы  
полиция лейтенанты

Д.Б.Алтаев

---

92

#### Сезіктіні куәландыру Х А Т Т А М А С Ы

200\_ ж.наурыздың 16-ы

Қарағанды қ.

Басталуы 19 сағ.00 мин.

Аяқталуы 19 сағ.20 мин.

Қарағанды қ. Киров аудандық ІІБ анықтаушысы полиция лейтенанты Алтаев Д.Б.ҚР ҚІЖК -нің 222, 226 баптарының талаптарын орындай отырып, 200\_ ж. 16 наурызда сезіктіні куәландыру туралы қаулының негізінде 03091963 қылмыстық іс бойынша сезікті С.П.Сембиевті куәландырды.

Бұл тергеу әрекеті тергеушінің 23 кабинетінде, табиғи жарықта куәгерлер:

1.Қарағанды қаласы Лермонтов көшесі, 42 үй, 5 пәтерде тұратын 1972 ж.т. Сержан Данярұлы Асербаев

2.Қарағанды қаласы Методическая көшесі 32 үй, 2 пәтерде тұратын 1968 ж.т. Алмас Ерланұлы Ганиевтің қатысуларымен сезікті С.П. Сембиев дәрігерлікке жатпайтын есірткі затты пайдалану ізін табу мақсатында куәландыру жүргізілді және ҚР ҚІЖК-нің 203, 227 –баптарын басшылыққа ала отырып, осы хаттама толтырды.

Жоғарыда көрсетілген адамдарға тергеулік әрекет басталмас бұрын ҚР ҚІЖК –нің 86-бабына сәйкес мынандай құқықтары түсіндірілді: куәландырудың шеңберінде жүргізілген барлық әрекеттерге қатысу, куәландыру барысында хаттамаға енгізілетін толықтырулар мен ескертпелерді айтуға, куәландыру хаттамасымен танысуға,тергеушінің әрекетіне шағым жасау және ол міндеттерді орындаудан бас тартса немесе жалтарса, әкімшілік жауапкершіліктері туралы ескертпе жасалды.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Содан кейін С.П.Сембиевқа көйлегінің жеңін түруін туралы ұсыныс жасалды. Ол көйлегінің жеңін түрген соң С.П. Сембиевтің сол жақтың жіліншіктің ішкі жағының бүгілісінде, көктамырлар жайғасқан ауданда көптеген медициналық иненің ықпал іздері бар.

Осыдан басқа іздер табылған жоқ.

Қатысушылардан ескертпелер түскен жоқ.

Хаттама оқылды, дұрыс жазылған.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Куәландырылған адам

С.П. Сембиев

Қарағанды қ.Киров аудандық  
ІІБ анықтаушысы  
полиция лейтенанты

Д.Б. Алтаев

бойдақ, уақытша жұмыс істемейтін,  
Қарағанды қаласы Ержанов көшесі,  
79 үй, 25 пәтерде тұратын Сержан  
Ерланұлы Сембиевтан.  
Жеке куәлік № 23454649 ҚР ІІМ  
25.08.200\_ жылы берілген, бұрын  
200\_1 жылы ҚР ҚК 259 б. 1 тармағы  
бойынша, 1- жылға бас  
бостандығынан айыруға сотталған.  
2002 жылы “амнистия”  
заңы бойынша босатылған.

### А Р Ы З

Маған, № 03091963 қылмыстық іс бойынша ҚР ҚК –тін 259 б.1 б.  
сезікті Сержан Ерланұлы Сембиевке ҚКЖ 71 б. сәйкес, қорғаушыны талап  
етуге құқығым бар екені түсіндірілді.

ҚР ҚКЖК 73 бапқа сәйкес, анықтама жүргізу уақытында  
қорғаушының көмегінен бас тартамын, себебі құқықтарым мен  
ынталарымды өзім қорғаймын. Қорғаушыдан бас тартуым менің  
материалдық жағдайыммен байланысты емес.

Келесіде, қорғаушының қажеттілігі болса, қосымша хабарлаймын.

Арыз өз қолымен жазылған  
16.03.200\_ ж.

С.П.Сембиев

Кеңес аудандық заң консультациясының  
қорғаушысы

К.Т.Карманов

Арызды қабылдаған  
Киров аудандық ІІБ  
анықтаушысы полиция капитаны

Д.Б.Алтаев

---

94

Б Е К І Т Е М І Н  
Қарағанды қ. Киров аудандық  
ІІБ бастығы  
полиция подполковнигі  
А.А.Ержанов  
200\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

**Сот ісін жүргізу тілін анықтау туралы**

## Қ А У Л Ы

200\_ ж. наурыздың 16-ы

Қарағанды қ.

Киров аудандық ІІБ анықтаушысы полиция лейтенанты Д.Б.Алтаев №03091963 қылмыстық істі материалдарын қарап шығып,

### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_ ж. наурыздың 16-да С.П.Сембиевқа қарсы, ҚР ҚК 259 б. 1 б. қылмыс жасағаны үшін қылмыстық іс қозғалды.

Анықтама жүргізу уақытында, сезікті С.П.Сембиевтан анықтама қазақ тілінде жүргізілсін деп арыз түсті, себебі қазақ тілі оның ана тілі. Аудармашының қажеттігі жоқ.

Жоғарыда көрсетілгеннің негізінде, ҚР ҚІЖК 26, 30 б. басшылыққа ала отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М

1. № 03091963 қылмыстық іс бойынша сот ісі қазақ тілінде жүргізілсін.
2. Осы қабылданған шешімді мүдделі адамдарға хабарлауға.
3. Қаулының көшірмесін аудандық прокурорына жолдауға.

Қарағанды қаласы Киров аудандық  
ІІБ анықтаушысы  
полиция лейтенанты

Д.Б.Алтаев

Қаулы маған 200\_ жылы наурыздың 16-да хабарланды  
Қаулының көшірмесін алдым  
Сезікті

С.П.Сембиев

95

Азамат Вахит Газалиұлы Дараевтің  
мәйітіне эксгумация жүргізуін  
САНКЦИЯЛАЙМЫН

Қарағанды қалалық Киров аудандық  
прокуроры 1-ші класты заң кеңесшісі  
Ж.Р.Жамаханов

200\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Эксгумация жүргізу туралы

## ҚАУЛЫ

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_ .....Қарағанды қ.  
Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты А.П.Ғаженов № 0623456 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. наурыздың 16 күні Қарағанды қаласы Зональная көшесінде орналасқан 16 үйде Вахит Газалиұлы Дараевтің мәйіті табылды.

200\_\_ж. наурыздың 17 күні Қарағанды облыстық сот сараптама бюросының 05-210 санды сот - медициналық сараптама қорытындысы В.Г.Дараевтің өлімі «миына жарақат келтірген» себебінде болғанын бекітті.

Осы факті бойынша 200\_\_ж. наурыздың 18 күні ҚР ҚІЖК 103 б. 3 б. белгілері бойынша № 0623456 санды қылмыстық іс қозғалды. Алдын-ала тергеу жүргізу барысында В.Г.Дараевтің туыстарынан облыстық прокурор атына шағым түсті, онда олар сот-медициналық сарапшының қорытындысымен келіспей отырғанын мәлімдеді, себебі олар В.Г.Дараевтің мәйітін мүрдеханадан алған кезде оның денесінің көптеген жерінде жарақаттар бар болғанына көзі жетті. Соған қарағанда, оны белгісіз адамдар қасақана ретінде өлтірді деп болжам шығарды.

Қазіргі уақытта В.Г.Дараевтің мәйіті Қарағанды қаласының Тихоновка ауылының жанында орналасқан зиратта жерленген.

Жоғарыда көрсеткенді негізге ала отырып, қосымша сот - медициналық сараптама тағайындап өткізу үшін В.Г.Дараевтің мәйіті жерленген жерінен қазып алу қажетті болғанын ескере отырып, ҚР ҚІЖК – нің 202, 225 б. талаптарын басшылыққа ала отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Азамат Вахит Газалиұлы Дараевтің мәйітіне қосымша сот-медициналық сараптамасын тағайындау үшін оның жерленген жері, яғни Қарағанды қаласы, Тихоновка ауылы жанында орналасқан зиратта эксгумация жүргізуге.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулы көшірмесін аудандық прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.П.Ғаженов

Қаулы маған 200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_ күні жарияланды

\_\_\_\_\_  
(қолы)

Қаулының көшірмесі аудандық прокурорға 200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ күні  
жолданды.

Шығу №

96

### Экспумация жүргізу ХАТТАМАСЫ

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 12 сағ. 40 мин.

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты А.П.Ғаженов ҚР ҚІЖК –нің 225 б. талаптарын сақтай отырып, келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Жарас Айдарұлы Жарымов, мекен-жайы -Қарағанды қаласы, Бирюзова көшесі 25 үй

2. Айып Тұрсынұлы Аянов, мекен –жайы – Қарағанды қаласы, Пичугина көшесі 32 үй, 32 пәтер

және сот - медициналық сарапшысы Нұрғали Айдарұлы Серіковтың қатысуымен, Қарағанды қаласы, Тихоновка ауылының жанында орналасқан зиратта 1965 жылы туылған азамат Вахит Газалиұлы Дараевтің мәйітіне экспумация жүргіздім, осы туралы ҚР ҚІЖК 203, 225 б. талаптарына сай осы хаттаманы толтырдым.

Тергеулік әрекетті бастамас бұрын куәгерлер А.Ж.Жарымовқа және А.Т.Аяновқа ҚР ҚІЖК 86 б. көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді, сонымен қатар дәлелді себептерсіз келуден немесе өзінің міндеттерін орындаудан бас тартса немесе жалтарса әкімшілік жауапқа тартылатындықтарды ескертілді.

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_  
2. \_\_\_\_\_

Сарапшы ретінде тартылған Н.А.Серіковке ҚР ҚІЖК 83 б. бойынша құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Сарапшы: \_\_\_\_\_ Н.А.Серіков

Тергеу әрекетіне қатысушылар Қарағанды қаласы, Тихоновка ауылының жанында орналасқан зиратқа келдік. Зиратта № 3625 бейітті таптық. Бейіт металдан жасалынған қоршаумен 2\*2 м көлемді жерді алып жатыр, биіктігі 1,5 м., басында граниттен жасалынған «Вахит Газалиевич

Дараев 23.Х, 1965 – 16.ІІІ. 2009г. от родных» деген жазу бар көктас орнатылған.

Бейітің топырағы аршылып, ішінен ақ матаға оралған мәйіт сыртқа шығарылды. Мәйіті ораған ақ матаны шаң басқан, кеуде тұсында және басында сараптамалық зерттеуде жарып қараудан түскен және тігілген іздер бар. Содан кейін, қосымша сот-медициналық сараптама өткізу үшін В.Г.Дараевтің мәйіті Қарағанды қалалық мүрдеханаға жіберілді.

В.Г.Дараевтің мәйітін зерттеу күндіз, табиғи жарықта, далада ауа райы +15 градуста өткізілді.

Эксгумация жүргізу барысында қатысушылардан ескертулер мен арыз-өтініштер түскен жоқ.

Хаттама дауыстап оқылды, дұрыс жазылды.

Куәгерлер. 1 \_\_\_\_\_ А.Ж.Жарымов  
2. \_\_\_\_\_ А.Т.Аянов

Сарапшы: \_\_\_\_\_ Н.А.Серіков

Қарағанды қалалық Киров аудандық  
ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.П.Ғаженов

---

97

ҚР ҚК 175 б. 2 б. «а», «б» т. бойынша  
айыпталушы Пархат Иманұлы Ганиевті  
медициналық мекемеге орналастыруын  
С А Н К Ц И Я Л А Й М Ы Н  
Киров аудандық прокуроры  
әділет кеңесшісі

А.А.Әбдіров

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Стационарлық сот-психиатриялық сараптама тағайындау туралы  
Қ А У Л Ы

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты  
С.Н.Таласбеков №060524656 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

## А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_ күні сағат 14.00 шамасында П.И. Ганиев Қарағанды қаласы Гоголь көшесінде орналасқан № 12 үйге 45 пәтерге терезе әйнегін бұзу арқылы кіріп, азамат Баяндиннің мүлігін жалпы 25000 теңге сомаға жасырын түрде ұрлап кетті. Тергеу жүргізу барысында П.И. Ганиев психиатриялық диспансерде тіркеуде бар болғанын ескере отырып, амбулаторлық сот - психиатриялық сараптама тағайындалған. Ол сараптама қорытындысы бойынша П.И. Ганиевтің есі дұрыс екенін анықтауға мүмкіншілік болған жоқ, соған себепті стационарлық сот - психиатриялық сараптама тағайындау қажетті болды.

Жоғарыда көрсеткенді ескере отырып, осы сұрақтарды шешу үшін арнайы білім керек екенін ескере отырып ҚР ҚК 202, 241, 247 б. талаптарын сақтай отырып,

## Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1.Осы қылмыстық іс бойынша стационарлық сот - психиатриялық сараптама тағайындауға;

2.Сарапшыға келесі сұрақтар қою:

А)- Оған айып таққан уақытта айыпталушы П.И. Ганиев психикалық аурумен немесе жан қызметі уақытша бұзылуымен азап шекті ме?

Б) Қылмыс жасау барысында П.И. Ганиев өзінің әрекеттеріне есеп беру және ол әрекеттерімен басшылық ете алады ма?

В) Қазіргі уақытта психикалық немесе уақытша жан бұзушылық аурулармен азап шеге ме, өзінің әрекеттеріне есеп беріп олармен басшылық ете ала ма?

Г) Өзінің психикалық ахуалы бойынша, тергеу және сот алдында жауап бере ала ма?

Д) Қылмыс жасау барысында П.И. Ганиевта физиологиялық немесе патологиялық аффекті болған жоқ па?

3. Сарапшыға П.И. Ганиевтің амбулаторлық картасын, осы қаулының көшірмесін жолдауға.

4. Сарапшыға ҚР ҚК-нің 352 б. бойынша көрнеу жалған қорытынды берген үшін қылмыстық жауапқа тартылуға мүмкін екені туралы ескерілді.

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің  
ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

С.Н.Таласбеков



**Айыпталушыны іздеуге жариялау туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты П.А.Төлегенов № 06056321 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_ күні азамат А.Н. Наскеновты Қарағанды қаласы Қабанбай - батыр көшесі 12 үйдің жанында азамат П.Н.Ильясов күш қолдану арқылы, тонау жасап, 1200\_ жалпы сомаға мүлікті зардап келтірді. Қылмыс жасаған соң П.Н.Ильясов тергеу органдарынан бой тасалады және қазіргі уақытқа дейін оның болған орны анықталған жоқ.

Жоғарыда көрсеткенді негізге алып, ҚР ҚІЖК 202, 267 б. талаптарын сақтай отырып,

**Қ А У Л Ы Е Т Т І М:**

1. 1976 жылы 12 наурызда туылған айыпталушы Пархат Нұрланұлы Ильясовты іздеуге жариялауға және бұлтартпау шара ретінде «қамауға алу» таңдауды.

2. Іздеуді Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің анықтама органына тапсыруға.

3. Қаулының көшірмесін аудандық прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты П.А.Төлегенов

99

**Істі өзінің өндірісіне алу туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты А.П.Набиев Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінде ҚР ҚҚ 179 б. 2 б. «А» т. белгілері бойынша қозғалған № 06023545 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

## А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. наурыздың 12 күні А.П.Набиев Қарағанды қаласы Гоголь көшесінде № 129 үйінің жанында пышақ қолдану арқылы азаматша Н.П.Нагибинаға қарақшылық шабуыл жасап, 60000 жалпы сомаға мүлікті зардап келтірді.

Қазіргі уақытта, Киров аудандық ПБ-і оған қарсы ҚР ҚК 96 б. 2 б. қылмыстық белгілері бойынша қылмыстық іс қозғап оған бұлтартпау шарасы ретінде – қамауға алу қолданды.

Жоғарыда көрсеткенді негізде отырып, осы қылмыстық іс материалдарын қарап шығып, алдын-ала тергеу жүргізу қажетті екенін және бұл қылмыстық іс ТБ- бастығымен маған тапсырғанын ескере отырып, ҚР ҚІЖК 191, 192, 193, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

## Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Істі өзінің өндірісіне алу және алдын-ала тергеу жүргізуіне кірісуге.
2. Осы қаулының көшірмесін аудандық прокурорға жолдауға.
3. Істің көшірмесін мүдделі тұлғаларға беруге.

Қарағанды қалалық Киров аудандық  
ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.П.Набиев

---

100

## Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы Қ А У Л Ы

200\_\_ж. желтоқсаның 30-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздықов № 050103060211 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

## А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_жылы қыркүйектің 29 күні бейтаныс адамдар, кілтті сұрыптау жолымен Қарағанды қаласы, Сәкен көшесі 5 үй, 10 пәтерде тұратын азамат М.И.Ауелбековтің үйіне заңсыз кіріп, мүлікті ұрлап, осының салдарынан жалпы 60233 теңге соммасына зардап келтірді.

Бұл факіт бойынша, 200\_\_жылы қыркүйектің 30 күні ҚР ҚК 175 б. 2 б. п. «в» көрсетілген қылмыстық белгілері бойынша қылмыстық іс қозғалған. Тергеу жүргізу барысында бұл қылмысты жасаған адамдар анықталмады.

Жоғарыда көрсеткенді негізге алып, қылмыстық іс бойынша тергеу мерзімі аяқталған және айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауы назарға ала отырып, ҚР ҚІЖК 202, 50 б. 1 б. 1 т. талаптарын басшылыққа ала отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауы бойынша қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға.
2. Қылмыстық іс бойынша жүргізуді тоқтату туралы процеске қатысушыларға хабарлауға.
3. Осы шығарған қаулының көшірмесін аудандық прокурорға жолдауға.

Қарағанды қаласының Орталық аудандық  
ПБ-нің ТБ –нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.Б. Сыздықов

Анықтама:

1. 200\_\_ж. қарашаның 31 күні жәбірленуші М.И.Ауелбековке хабарланды. Шығу № 561
2. Көшірме прокурорға 200\_\_ж. қарашанның 25 –і күні жолданды. Шығу № 259.

---

101

### Сезіктің өтінішін қанағаттандырудың толық бас тарту туралы Қ А У Л Ы

200\_\_ж. қаңтардың 25-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Омаров А.П. № 050305030122 қылмыстық іс бойынша, сезікті Иманов А.Р. берген өтінішті қарап шығып,

### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

№ 050305030122 қылмыстық іс жүргізу барысында, сезікті А.Р. Иманов психиатриялық диспансері « 1 дәрежедегі ақылсыздық» деген диагнозбен тіркеуде бар себебімен, 200\_\_жылы қаңтардың 15 күні сот - психиатриялық сараптама тағайындалған.

200\_\_ж. қаңтардың 25 күні №232 сот - психиатриялық сарапшының қорытындысы бойынша: «Зерттеу барысында А.Р.Иманов « ақылсыздық» психиатриялық ауырымен азап шегуші тұлға болып табылды. Бірақ, бұл ауырғаны, А.Р.Имановты қылмыстық жауапқа тартудан босатпайды, есі барлық, соған байланысты ол сот және алдын-ала тергеу алдында жауап бере алады.».

200\_\_ж. қаңтардың 25 күні А.Р.Иманов бұл сарапшының қорытындысымен танысу барысында, былай деп өтінді: «Сот – психиатриялық сараптама қорытындысымен келіспеймін, себебі менің ауыруым бойынша, олар мені толық есі дұрыс емес тұлға деп қорытынды шығару керек еді. Соған байланысты, қосымша сот - психиатриялық сараптама тағайындауды өтінемін».

Сезіктінің берген өтінішін қарап шығып, ол келесі себептермен қанағаттандырудан бас тартуға жатады:

- Қосымша сараптама қорытынды жеткілікті түрде айқын болмаған, сондай-ақ бұрын зерттелген жағдайларға қатысты жаңа мәселелер пайда болған кезде тағайындалады.

- Қосымша сараптама сарапшының алдыңғы қорытындысы жеткілікті түрде негізді болмағанда не оның дұрыстығы күмәнді болған жағдайларда тағайындалады.

- Сот - психиатриялық сараптаманың шығарған қорытындысы жеткілікті түрде өткізілді, сондай-ақ бұрын зерттелген жағдайларда қатысты жаңа мәселелер пайда болған жоқ.

- Сот - психиатриялық сараптамасы жеткілікті түрде негізді болды, оның дұрыстығына күмәнді болған жағдайлар табылмады.

Жоғарыда айтылғанды негізге алып, ҚР ҚІЖК 102, 202 б. талаптарын басшылыққа ала отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Сезікті А.Р.Иманов қосымша сот - психиатриялық сараптама тағайындау туралы беруге және өтінішті қанағаттандырудан толық бас тартуға.

2. Қабылдаған шешім туралы, өтініш берген А.Р.Имановқа жеткізу және өтініш жөніндегі шешімге осы Кодексте белгіленген шағым берудің және оны қараудың жалпы ережелері бойынша шағым жасалуы мүмкін екенін түсіндіруге.

Қарағанды қалалық Орталық  
ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі

полиция лейтенанты

Омаров А.П.

Қаулымен таныстым:  
Қорғаушысы:

А.Р.Иманов  
Р.О.Амренов

---

---

102

**Қылмыстық істерді біріктіру туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. қарашаның 14-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты Сыздықов А.Б. № 050103060123 және № 050103060200 қылмыстық істердің материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. қаңтардың 15 күні А.Т. Сағындықов сағат 15-тің шамасында, Қарағанды қаласы, Чкалова көшесі 25 үй, 12 пәтерде тұратын П.П. Афанасьев деген азаматтың үйін есік құлыпын бұзу арқылы тұрғын үйге заңсыз кіріп, жеке мүлігін ұрлау салдарынан оған 50265 теңге жалпы соммасына мүліктік зардап келтірді. Осы факті бойынша, 200\_\_жылы қаңтардың 15-і күні ҚР ҚК 175 б. 2 бөлімінің п. «в»-да көрсетілген қылмыстық белгілері бойынша, № 050103060123 қылмыстық іс қозғалған.

200\_\_ж. қаңтардың 25-і күні, 20 сағат шамасында, А.Т. Сағындықов Қарағанды қаласы, Чкалов көшесінде, 12 үй маңында жұмыстан үйіне қайтып келе жатқан, оған таныс емес азаматша Е.Н. Болатовнаны кездесіп, бөтен мүлікті ашық ұрлау мақсатымен, оның басынан норка терісінен тігілген бас киімді жұлып алып қашып кеткен. Осының салдарынан азаматша Е.Н.Болатовнаға 8000 теңге жалпы соммасына зардап келтірді. Бұл факті бойынша, 200\_\_ж. қаңтардың 26 күні ҚР ҚК 178 б. 2 бөлімі п. «б» -да көрсетілген қылмыстық белгілері бойынша № 050103060200 қылмыстық іс қозғалды.

Жоғарыда көрсеткенді негізге алып, бұл екі қылмыс бір адаммен жасалғанын назарға ала отырып, ҚР ҚІЖК 202, 48 бабтарының талаптарын сақтай отырып,

**Қ А У Л Ы Е Т Т І М:**

1. № 05010306012 және № 05010306020 қылмыстық істерді бір іс жүргізуде біріктіруге.

2. Бұл жаңа қылмыстық іске № 050103060200 беріліп, іс жүргізу мерзімі осы қылмыстық іс қозғалған күннен бастап есептеуге.

3. Осы қабылдаған шешімінің көшірмесін аудандық прокурорға жолдауға.

Қарағанды қаласының Орталық аудандық  
ПБ-нің ТБ –нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.Б. Сыздыков

Анықтама: көшірме прокурорға 200\_\_ж. қарашанның 15 –і күні жолданды.

Шығу № 256.

---

---

103

### Қылмыстық істі бөлектеу туралы Қ А У Л Ы

200\_\_ж. қарашаның 25-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздыков № 050103060201 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. қазанның 14 күні сағат 19-да жедел іздестіру шараларын қолдану барысында полиция қызметкерлері Қарағанды қаласы, Кривогуза көшесі, 12 үйдің жанында азамат Е.А.Габидуллинды тоқтатып, көзі тірі адамды қарау барысында, үстінде киілген куртканың он жақ сыртқы қалтасынан фольгадан жасалған түйіншекті тауып алды. Оны ашқанда, оның ішінде ақ түсті, ұнтақ тәрізді зат табылды. Сараптама қорытындысы бойынша, бұл зат - салмағы 0,01 грамм есірткі зат – героин болып танылды.

Сезікті, содан кейін айыпталушы ретінде жауап алу барысында Е.А.Габидуллин есірткі затты заңсыз иемдеп, сақтағаны бойынша толықтай кінәсін мойындап, ол есірткі затты 200\_\_ж. қазанның 14 күні 18 сағат шамасында Кривогуза көшесінде орналасқан «Огонек» деген дүкенінің жанында түрі азияттық, бейтаныс әйелден өзі пайдалану мақсатымен 1000 теңгеге сатып алғанын айтты.

Қылмыстық іс материалдарын талдау барысында ол бейтаныс әйелдің іс-әрекетінде ҚР ҚК 259 б. 3 б.п. «в» көрсетілген қылмыстық белгілері бар деп табылды. Соған байланысты, қылмыстық іс бойынша бұл іске

байланысты емес қылмыстың белгілері бар іс-әрекеттер туралы мәлімет алынғанын назарға ала отырып, ол туралы барлық материалдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін бөлектеуге қажетті. Ол материалдарды бөлектеуі, істі тергеу мен шешудің жан-жақтылығына, тұтастығына әсер етпейді.

Жоғарыда айтылғанды негізге алып, ҚР ҚІЖК 202, 49 бабтарының талаптарын басшылыққа ала отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. № 050103060201 қылмыстық істен, есірткі затты заңсыз иемдену, сақтау және сату бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдарды бөлектеуге.

2. Осы шығарған қаулының көшірмесін аудандық прокурорға жолдауға.

Қарағанды қаласының Орталық аудандық  
ПБ-нің ТБ –нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.Б. Сыздықов

Бөлектенетін материалдардың тізбесі:

1. Қылмыстық іс қозғау және өз өндірісіне алу туралы қаулы (көшірме)
2. Көз тірі адамды қарау хаттамасы (көшірме)
3. Химиялық сараптама тағайындау туралы қаулы (көшірме)
4. Сарапшының қорытындысының актісі (көшірме)
5. Габидуллиннан алынған түсініктеме (көшірме)
6. Габидуллинан сезікті, айыпталушы ретінде жауап алу хаттамалары (көшірме)
7. Жеке тапсырма, жеке тапсырмаға жауап (көшірме)

Анықтама: көшірмесі прокурорға 200\_\_ж. қарашанның 25 –і күні жолданды.

Шығу № 259.

---

---

104

#### Тоқтатыла тұрған алдын-ала тергеуді жаңғырту туралы Қ А У Л Ы

200\_\_ж. желтоқсанның 25 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сыздықов № 050103060211 алдын-ала тергеуі тоқтатыла тұрған қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_жылы қыркүйектің 29 күні бейтаныс адамдар, кілтті сұрыптау жолымен Қарағанды қаласы, Сәкен көшесі 5 үй, 10 пәтерде тұратын азамат М.И.Ауелбековтің үйіне заңсыз кіріп, мүлікті ұрлап, жалпы 60233 теңге соммасына зардап келтірді.

Бұл факті бойынша, 200\_\_жылы қарашаның 30 күні айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауы негізімен ҚР ҚІЖК 202, 50 б. көрсетілген қылмыстық белгілері бойынша қылмыстық іс бойынша алдын-ала тергеу тоқтатылған. Желтоқсанның 25 күні жедел-ізвестіру шараларын қолдану барысында, осы қылмысты жасаған азамат Н.А.Сизов анықталды. Соған байланысты, тоқтата тұру үшін негіздер жойылды.

Жоғарыда көрсеткенді негізге алып, ҚР ҚІЖК 202, 268 б. 1 б. 1 т. талаптарын сақтай отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. № 050103060211 тоқтатыла тұрған қылмыстық іс бойынша алдын-ала тергеуді тоқтата тұру негіздері жойылғандықтан, өндірісті жаңғыртуға.

2. Осы қабылданған шешім туралы процеске қатысушыларға хабарлауға.

Қарағанды қаласының Орталық аудандық  
ПБ-нің ТБ –нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.Б. Сыздықов

Анықтама:

1. 200\_\_ж. желтоқсанның 26 күні жәбірленуші М.И. Ауелбековке хабарланды.

Шығу № 1254



қылмыстық істің алдын-ала тергеу  
мерзімін ҮШ АЙҒА дейін

**ҰЗАРТАМЫН**

Қарағанды қалалық Орталық аудандық  
прокуроры әділет кеңесшісі

**Д.А.ОМАРХАНОВ**

200\_\_ж.\_\_\_\_\_ «\_\_\_\_» күні

**Алдын-ала тергеу мерзімін және қамау мерзімін ұзарту бойынша  
өтінішті қозғау туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. сәуірдің «23 » күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімі тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты Оразов А.П. № 050305030122 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_жылы ақпанның 27 күні 20.00 сағат шамасында, Е.Б. Жасұланов тергеу барысында анықталмаған тұлғамен алдын-ала сөз байланысу бойынша, қарақшылық шабуыл жасау мақсатымен, өзімен бірге тапаншаны алып, Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 56 үйде 23 пәтерде тұратын М.И.Мақсатовтың үйіне келді. Е.Б.Жасұланов өзін полиция қызметкерімін деп таныстырып, М.И.Мақсатовты алдап үйіне заңсыз кірді. Содан кейін, Е.Б.Жасұланов М.И.Мақсатовтың өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданамын деп қорқытып, оның басына тапаншаны тақап, ақша бер деп талап қойды. М.И.Мақсатов өзінің өміріне зиян келетінінен қорқып, ақша жатқан жерін көрсетті. Е.Б.Жасұлановпен бірге келген тұлға белгісіз азамат көрсеткен жерден 5000 АҚШ долларды тауып алып келді. Өзінің қылмыстық әрекеттерін жалғастыру барысында, Е.Б.Жасұланов пен тергеу барысында анықталмаған тұлға жәбірленуші М.И.Мақсатовтың қол-аяғын байлап, ауызына лейкопластрь жабыстырып оқиға болған жерден бой тасалап кеткен.

Сөйтіп, Е.Б.Жасұланов ҚР ҚК 179 б.2 б. «а», «в», «г» тармағымен көрсетілген қылмыс жасады, яғни қарақшылық, яғни бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданамын деп қорқытуымен ұштасқан шабуыл жасау, адамдар тобының алдын-ала сөз байланысу арқылы, тұрғын үй-жайға заңсыз кірумен, қару қолданумен жасалған.

Айыпталушы ретінде жауап алған Е.Б.Жасұланов, оған ҚР ҚК 179 б.2б. «а,в,г» тармақтармен тағылған айып бойынша өзін кінәсін ішінара мойындап былай деп мәлімдеді: 200\_\_жылы ақпанның 27 күні сағат 19 сағатта мен

өзімнің танысым, Сержан деген жігітпен менің үйімде отырдық. Содан кейін, ол маған бір бай тұратын адамның үйіне барып ақшасын тартып алайық деді. Содан кейін, ол маған қалтасынан тапаншаны алып шығып маған көрсетті. Мен алдымен онымен бірге барудан бас тарттым, бірақ ол маған, «бармасаң өлтіремін» деді. Мен одан қорқып, келістім. Үйден біз сағат 19 сағат 30 мин. шығып, жаяу Гоголь көшесіне бардық. Сержан мені бір 5 қабатты үйге әкеліп, 2 қабатқа көтерілген соң, маған есік қақтырып, өзіңді полиция қызметкерімін деп таныстырасың деп нұсқау берді. Содан кейін, оның айтқанын орындап, біз сол үйге кірдік. Кірген соң, Сержан сол үйдің иесінің басына тапаншаны таяп, ақша қайда деп сұрады, ол шкафта деді. Сержан маған барып алып кел деді, мен барып долларды алып келдім, неше соммасы екенін санаған жоқпын. Кейін біз ол үйдің иесінің қол-аяғын байлап, тастап кеттік. Далаға шыққаннан кейін, Сержан маған 200 доллар берді да, өзі кетіп қалды. Содан кейін мен оны көргенім жоқ. Оның аты-жөнінен басқа ол туралы және қайда тұратын жөнінде ештеңе білмеймін. Ол маған берген ақшаға мен PANASONYK маркалы теледидарды сатып алдым.

Жәбірленуші ретінде жауап алған М.И.Мақсатов былай деп мәлімдеді: 200\_\_жылы ақпанның 27 күні мен жұмыстан келіп үйде демалып жатқанмын. Сағат 20.00 шамасында есікке қонырау соғылды, кім деп сұрағанымда, «полиция» деп жауап берді. Мен сеніп есікті аштым, үйге екі ер адам кіріп, біреуі менің басыма тапаншаны тақап, ақша бер деп талаптанды. Мен қорқып, ақшаның қайда жатқанын айттым. Біреуі ақшаны алып келді, содан кейін олар менің аяқ-қолымды байлап, ауызыма лейкопластрь жабыстырып, үйден шығып кетті.

Айыпталушының өзінің кінәсін мойындағанын және жауап бергеннен басқа, оның кінәсі тергеу барысында жиналған келесі материалдармен дәлелденеді:

- көз тірі адамды тануға ұсынумен, осы әрекетті жүргізу барысында жәбірленуші М.И.Мақсатов сезікті Е.Б.Жасұлановты таныды;
- Жәбірленуші М.И.Мақсатов пен сезікті Е.Б.Жасұлановтың арасында жүргізген беттестірумен айқындалды;
- Айыпталушы Е.Б.Жасұлановпен айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаумен;
- Айыпталушы Е.Б.Жасұлановтың тұрғын үйіне тінту жүргізу барысында PANASONIK маркалы теледидар алуымен анықталды.

Қылмыстық іс ҚР ҚК 179 б.2 б. бойынша 200\_\_жылы ақпанның 28 күні қозғалды. ҚР ҚІЖК 134, 132 б. негіздерімен Е.Б.Жасұланов 200\_\_жылы наурыздың 2-і күні ұсталынды. Бұлтартпау шарасы ретінде – қамау – 200\_\_жылы наурыздың 5-і күні қолданды.

ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а, в, г» тармағымен 200\_\_жылы 5 күні айып тағылды.

Қылмыстық істің алдын-ала тергеу мерзімі сәуірдің 28 күні, қамаудың мерзімі мамырдың 2 күні аяқталады, бірақ ол мерзімге дейін алдын-ала тергеуді келесі себептермен аяқтауға мүмкіншілік болмай отыр:

- алдын-ала тергеу жүргізу барысында Е.Б.Жасұлановқа оның қорғаушысының ұсынысы бойынша сот-психиатриялық сараптама тағайындалсын деген өтініш түсті; себебі Е.Б.Жасұланов психиатриялық диспансерде тіркеуде тұрғандығы ескертілді.

Өтінішін тексеру барысында қорғаушының өтініші расталды.

Соған байланысты, қорғаушы Г.Г. Сембиннің берген өтініші толық қанағаттандыруға жатады.

Жоғарыда көрсеткенді ескере келіп, сот - психиатриялық сараптама тағайындау және өткізу үшін біраз уақыт керегін назарға ала отырып және алдын-ала тергеудің және қамаудың мерзімі оған жеткілікті еместігін ескеріп ҚР ҚІЖК 153, 196, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1972 жылы наурыздың 2 күні туылған, Қарағанды қаласында туып-өскен, білімі орташа, Қазақстан Республикасының азаматы, қазақ, үйленген, уақытша жұмыста жоқ, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, С.Лазо көшесі 22 үй, жеке куәлігі: № 03125645 200\_ жылы 12 мамырда ҚР ІІМ берілген, Ермек Болатұлы Жасұлановты 179 б. 2 б. «а,в,г» тармағымен айыпталу бойынша, № 050305030122 қылмыстық істің алдын-ала тергеу мерзімін 3 айға яғни мамырдың 28 күніне дейін ұзарту туралы, Қарағанды қалалық Орталық аудандық прокурорының алдында өтінішті қозғауға.

Қарағанды қалалық Орталық  
ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.П.Оразов

КЕЛІСЕМІН  
Орталық ПБ-нің ТБ-нің бастығы  
полиция майоры

Н.Жазбеков

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_\_» күні

---

**106**

200\_\_ж. сәурдің 28 күні  
Шығу № 1523

Қарағанды облыстық юстиция  
департаментін АҚ-159\1 мекеме  
бастығына юстиция майоры  
Т.Р.Болатбековқа

179 б. 2 б. «а,в,г» тармағымен айыпталған, 1972 жылы наурыздың 2 күні туылған, Ермек Болатұлы Жасұлановқа қолданған бұлтартпау шарасы –

қамау - мерзімі 3 айға яғни 200 жылы мамырдың 28 күнге дейін ұзартылғаны туралы сізге хабарлаймын.

Қарағанды қалалық Орталық  
ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.П.Оразов

*Алдын ала тергеу барысында тергеу әрекеттерін жүргізудегі типтік тергеулік қателіктер*

<b>Мүмкін болатын қателіктер</b>	<b>Пайда болу себептері</b>	<b>Мүмкін болатын салдар</b>
1.Тергеу әрекетінің хаттамасын құрастырған кезде хаттаманың кіріспе бөлімі толтырылмайды.	Тергеуді қысқарту және процессуалдық тиімділіктің көрінуі, олардың ары қарай қолдану.	Хаттамада баян етілген мәліметтердің тергеу әрекеттерін жүргізудің фактілі жағдайларына сәйкес келмеуі (мысалы, өндірістің фактілі күніне және уақытына сәйкес келмеуі т.б.) және тергеуде: -алынған дәлелдемелердің жол берілмейтінін тану; -соттың жүргізілген іс-әрекетті заңсыз деп тануы; -істің қосымша тергеуге қайтарылуы; -орындаушыға қатысты теріс салдардың пайда болуы.
2.Хаттаманың сипаттамалық бөлімінде қылмыстық саралауына немесе қылмыстық істің қорытынды шешіміне әсер ете алатын мәліметтер көрсетілмейді (мысалы, қарақшылық жасау кезінде жәбірленушімен оның өмірі мен денсаулығына қауіптің шынайы-	Дәлелдемелер және қылмыстарды саралау теориясын нашар білуі.	Жеңілдету жағына саралауды сот талқылауында өзгеруі. Айыптық жалтару. Сотпен жеке қаулының шығарылуы. Нақ сол жағдай бойынша тергеу әрекеттерін бір немесе бірнеше рет қайталап жүргізу қажеттігі. Қылмыстық істің қосымша тергеуге қайтарылуы.

лығына деген субъективті қабылдауын немесе ұрланған заттардың тізімімен қоса олардың тектік және жеке белгілерін, құнын көрсетпеуі т.б.).		
3. Қажетті реквизиттердің жоқтығы (куәгерлердің қолдары, қатысушылардың қолдары, тергеу әрекетін жүргізген адамның қолы, қолданылатын ҒТҚ - дың техникалық сипаттамасы, өндірістің басталған және аяқталған уақыты т.б.)	Тергеу әрекетін жүргізетін адамның құрастырылатын құжаттың заңда көзделген процессуалдық нысанына жеңілтектікпен қарау. Тергеу әрекеттерін жүргізуді регламенттейтін ҚР ҚІЖК - нің нормаларының білмеуі.	Алынған нәтижелердің жол берілмейтінін тану. Қылмыстық істің қосымша тергеуге қайтарылуы. Тергеушіге (анықтаушыға) және тергеуге қатысты теріс салдардың пайда болуы.
4. Келісілмеген түзетулер немесе тергеу әрекетінің мазмұнын түсінуге мүмкіндік бермейтін түсініксіз жазу	ҚР ҚІЖК-нің 116-бабының 3 бөлігін білмеуі.	Қылмыстық істің қосымша тергеуге қайтарылуы
5. Тергеу әрекетінің хаттамасыда қосымшалардың жоқтығы (сызбалар, суреттер, фото кестелер және т.б.).	Құжаттармен танысқан кездегі ұқыпсыздық.	Қылмыстық іс бойынша мүмкін деген дәлелдемелердің жоғалуы.
6. ҚР ҚІЖК- де көзделген процедураны бұзумен тергеу әрекетін жүргізу (жасы кәметке толмағанның заңды өкілінің немесе өкілінің қатысуынсыз жауап алу, сезіктінің қатысуынсыз тінту жүргізу, тергеуді жүргізген кезде заңсыз әдістерді қолдану және	Қылмыстық іс жүргізу теориясын білудің нашарлығы.	Қылмыстық істің қосымша тергеуге қайтарылуы. Ақтау үкімінің шығарылуы.

т.б.)		
7. Алдын ала қаулыны шығаруды қажет ететін тергеу әрекетін жүргізу. Мысалы, алу әрекетін жүргізу.	Теорияны дұрыс білмеу.	Істің қосымша тергеуге қайтарылуы. Орындаушыға қатысты теріс салдардың пайда болуы.

## **5. АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДІҢ ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУҒА ЖӘНЕ НЕГІЗДІЛІГІНЕ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ, МЕКЕМЕЛІК ЖӘНЕ СОТ БАҚЫЛАУЫНЫҢ АКТІЛЕРІ.**

Анықтама органдарының, тергеу және соттың қызметіне бақылау жасайтын ең жоғары қалпы болып табылатын – прокурорлық қадағалау (Прокуратура туралы Қазақстан Республика заңының 48 б.). Қадағалау функциясын жүзеге асыру барысында, тергеу процесіне тартылған органның процессуалдық дәрежесіне қарамай, прокурор жіберілген қателіктерді жою үшін және кінәлі адамдарды анықтап, жауапқа тарту бойынша шаралар қолдану керек. Осы себептен, ҚР ҚІЖК 282 б. және 289 б. 1,3 т.т., 197 б. 1 б. 1,2,4,5,10,11,15,17 т.т. (шешімдерді қабылдау, санкциялау, процессуалдық және тергеулік әрекеттер жүргізу және т.б.) талаптарымен реттелінген алдын-ала тергеу және анықтаманың қызметіне басшылықты жүзеге асыру бойынша прокурорға процессуалдық өкілеттігі берілген. Прокурордың процессуалдық өкілеттігі ҚР ҚІЖК 197 б. 1 б. 3, 6, 7, 8, 9, 12, 13, 14, 16, 17 т.т. және 289 б. 2 б. (қылмыстық істерді табыстау, сотқа беру). Анықтама органдарына тапсырма беру, тергеуде болған істер бойынша заңдылықты, соның ішінде қамауды сотқа шағымдануды және негізділікті тексеру прокурордың ұйымдастырушы - басқарушылық функциясын анықтайды.

Сонымен қатар, прокурорлық қадағалауының бар болғаны өзінің құзыретінің шегінде (ҚР ҚІЖК 63, 66) және сәйкестік бұйрықтармен және нұсқауларымен қызмет жасайтын анықтама органы бастықтарына, тергеу бөлімі бастықтарына және олардың орынбасарларына жүктелген мекемелік бақылауының рөлін төмен түсірмейді. Осыған себепті, мекемелік бақылау жақсы ұйымдастырылса, прокурордың қол сұғушылық әрекетіне қарсы тұруы мүмкін. Тергеуде болған қылмыстық істер бойынша тапсырмалар және нұсқаулар беруде, бағыныстық қызметкерлерінің күнде атқаратын жұмыстарында заңдылық және негізділік қамтамасыз етуде мекемелік бақылаудың көрінісі.

Мекемелік бақылауды прокурорлық қадағалаумен салыстырса, сот бақылау эпизодтық тұрғыда қарауы сипатталады және оның пайда болуына қолданылған бұлтарпау шарасымен – қамауға алу немесе қамаудың мерзімін ұзартумен келіспей отырғанымен байланысты сезіктінің, айыпталушының, олардың қорғаушысының немесе заңды өкілеттігінің шағымдануы бойынша материалдар табылады.

---

---

*Прокурорлық қадағалаудың, мекемелік және сот бақылауының актілерінің үлгілері.*

Қарағанды қалалық Киров ауданының  
ПБ-нің ТБ-нің бастығы  
полиция майоры

Т.Р.Ташеновке

### Қылмыстық іс бойынша НҰСҚАУ

200\_\_ж. маусымның 14 күні 20.00 сағат шамасында бейтаныс адамдар Қарағанды қаласы Чкалова көшесі 126 үй 75 пәтерде тұратын П.Е.Мараловтың үйіне келіп, оны қаруымен қорқытып, күш қолданып оның денсаулығына жарақат келтірді.

Осы факті бойынша, 200\_\_ж. маусымның 14 күні Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Б.К.Қаусаров ҚР ҚК 179 б. 2 көзделген белгілер бойынша № 056232145 санды қылмыстық іс қозғады.

Осы қылмыстық іске қадағалауды жүзеге асыру барысында алдын-ала тергеу жүргізу барысында келесі кемшіліктер әшкереленді:

- 200\_\_ж. маусымның 15 күні азамат П.Е.Мараловтан жәбірленуші ретінде жауап алу барысында ол осы қылмысты оның танысы А. Р. Рамазанов жасауға мүмкін екенін айтты. Бірақ, тергеуші Б.К.Қаусаров сезікті ретінде А. Р. Рамазановтың қылмыстыққа қатыстығы бар-жоғын анықтауға ешқандай шаралар қолданған жоқ. Осыған байланысты, А. Р. Рамазановтың осы қылмыстыққа қатыстығы бар-жоқтығын анықтауға келесі шаралар қолданылсын:

- Тергеу жүргізу барысында азамат Е.С. Абуовтан куә ретінде жауап алынды, жауап алу барысында ол П.Е.Мараловтың үйіне сол күнде кіріп бара жатқан екі адамды көрді. Егер ол адамдарды тануға ұсынған жағдайда тани алатындығы айтылған. Осыған байланысты келесі іс әрекеттер жүргізілсін:

а) А. Р. Рамазановның фотосуретін Е.С. Абуовқа процессуалдық түрде тануға ұсыну жүргізілсін;

б) Егерде ол А. Р. Рамазановны таныса, оны бірден ұстауға шаралар жасалынсын;

- Жәбірленуші П.Е.Мараловтан қосымша жауап алу арқылы келесі сұрақтар анықталсын:

а) Есік ашу барысында ол бірінші кімді көрді, оның қандай мақсатпен келген туралы сұрады ма егер сұраған жағдайда кім жауап берді немесе екі адамның қайсысы екендігі?

б) оған күш қолданған кезде нақты кім оны ұрды: бір адам ғана ұрды ма, әлде екеуі қосылып ұрды ма?

в) ақша тұрған орын қай жерде болды?

Осы жоғары кемшіліктерді көрсете отырып, оларды жою үшін осы нұсқауды жолдап отырмын. Қылмыстық іс тексеруге 200\_\_жылы 25 күні прокуратураға жолдауды сұраймын.



108

Қарағанды облыстық прокурорына  
әділет аға кеңесшісі

А.Б.Ибраевқа

Қарағанды қаласы Киров аудандық прокуроры берген нұсқауларын  
ШАҒЫМДАНУ

200\_\_ж. маусымның 14 күні 20.00 сағат шамасында бейтаныс адамдар Қарағанды қаласы Чкалова көшесі 126 үй 75 пәтерде тұратын П.Е.Мараловтың үйіне келіп, оны қаруымен қорқытып, күш қолданып оның денсаулығына жарақат келтірді.

Осы факті бойынша, 200\_\_ж. маусымның 14 күні Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің тергеу бөлімшесімен ҚР ҚК 179 б. 2 көзделген белгілер бойынша № 056232145 санды қылмыстық іс қозғалды.

200\_\_ж. шілденің 15 күні Киров аудандық прокурорымен қадағалау жүргізу ретімен осы іс бойынша келесі нұсқау берілді:

а) А. Р. Рамазановның фотосуретін Е.С. Абуовқа процессуалдық түрде тануға ұсыну жүргізілсін;

б) Егерде ол А. Р. Рамазановны таныса, оны бірден ұстауға шаралар жасалынсын;

- Жәбірленуші П.Е.Мараловтан қосымша жауап алу арқылы келесі сұрақтар анықталсын:

а) Есік ашу барысында ол бірінші кімді көрді, оның қандай мақсатпен келген туралы сұрады ма егер сұраған жағдайда кім жауап берді немесе екі адамның қайсысы екендігі?

б) оған күш қолданған кезде нақты кім оны ұрды: бір адам ғана ұрды ма, әлде екеуі қосылып ұрды ма?

в) ақша тұрған орын қай жерде болды?

Осы берілген нұсқау негізсіз берілген деп санаймын, себебі куә Е.С. Абуов жауап алу барысында адамдарды тани алмаймын деп мәлімдеді, бірақ прокурордың нұсқауы бойынша біз оған А. Р. Рамазановтың фотосуретін тануға ұсынуымыз қажет.

Жоғары айтқанды негізге ала отырып, ҚР ҚІЖК 64 б. 6 б. талаптарын басшылыққа ала отырып, № 056232145 санды қылмыстық іс бойынша Киров аудандық прокурормен берілген нұсқаудың заңдылығын қарап шығуды сұраймын.

---

---

109

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің ТБ-нің  
бастығы полиция майоры  
А.А.Раисовқа

Сізге қосымша тергеу жүргізу үшін П.Р.Райымовты тонау фактісі бойынша ҚР ҚК 178 б. 2 б. «а» тармақшасында көзделген белгілерімен қозғалған № 12563245 санды қылмыстық істі жолдап отырмын.

Қылмыстық іс қысқарту туралы қаулының күші жойылды. Біз берген нұсқауларды орындап болған соң, процессуалдық шешім қабылдап 200\_\_ж. наурыздың 20 күні қылмыстық істі бізге беруге сұраймын.

Киров аудандық прокуроры  
1 сынып заңгері

А.А. Қадыров

---

---

110

**Қылмыстық іс қысқарту қаулының күшін жою туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. қазанын 25 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласы Киров аудандық прокуроры 1 сынып заңгері А.А.Лақбаев №05623212 санды қысқартылған істің материалдарын карап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. мамырдың 25 күні 21.00 сағат шамасында азамат Қ.К.Корабаев ұрлық жасау мақсатымен Қарағанды қаласы, Зональная көшесі 145 үйде 45 пәтерде тұратын азамат П.П.Мендібаевтің үйіне есікті бұзу арқылы кіріп жалпы сомасы 65000 теңгеге елеуді зардап келтірді.

Осы қылмыстық іс бойынша айыпталушы Қ.К.Корабаев өзінің кінәсін толық мойындады, келтірген мүліктік зардаптың орнын толық толтырды.

Оның кінәсі іс жүргізу барысында қылмыстық іс материалдарымен толық дәлелденді.

200\_\_ж. шілденің 11 күні Киров аудандық ТБ - нің тергеушісі полиция лейтенанты О.Р. Беріковпен ҚР ҚІЖК 37 б. 1 б. 5 тармақша және ҚР ҚК 67 б. талаптарына сай – жәбірленушінің айыпталушымен ымыраласуы бойынша қылмыстық іс қысқартылды.

Осы қабылданған іс жүргізу шешімі заң бұзушылықпен қабылданды деп табылады, себебі ҚР ҚІЖК 37 б. 1 б. 5 тармақша бойынша қылмыстық іс өндірісін қысқарту ақтамайтын жағдаяттар болып танылады. Соған қарағанда, ҚР ҚІЖК 38 б. 5 бөлімі бойынша осы негіздері бойынша қылмыстық істі қысқартуға егерде сезікті, айыпталушы немесе жәбірленуші қарсылық білдірсе, жол берілмейді.

Бұл іс бойынша айыпталушы осы негіздер бойынша қылмыстық істі қысқартуға келісім беріп отыр, жәбірленуші келісе ме, әлде келіспейді ме белгісіз.

Жоғары айтқанды негізге ала отырып, ҚР ҚІЖК 38 б. талаптары бұзылғанын ескере отырып, ҚР ҚІЖК 62, 197 б. талаптарын ескере отырып және ҚР «Прокуратура туралы» Заңын 37, 38 б. басшылыққа ала отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

№ 05623212 санды қылмыстық іс қысқарту туралы қаулының күші жою және қосымша тергеу жүргізу үшін оны Киров ПБ-нің ТБ-ге жолдауға.

Киров ауданды прокуроры  
1 класс заңгері

А.А.Лақбаев

---

111

Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің  
тергеушісі полиция лейтенанты  
П.Н.Қаратаевқа

№ 05623123 санды қылмыстық іс бойынша  
**НҰСҚАУ**

200\_\_ж. наурыздың 16 күні

Қарағанды қ.

15 наурызда 200\_\_ж. бейтаныс адамдар Қарағанды қаласында Киров көшесінде орналасқан 15 үйінің жанында 20.00 сағат шамасында азамат Е.Н.Нұрқановты кездесіп, оған тіл тигізіп, аяқ-қолымен ұрып, сот - медициналық сарапшының қорытындысы бойынша денсаулығына орташа дәреже жарақат келтірген. Оған қосымша, Е.Н. Нұрқановтың қалтасынан 15000 теңге ақшаны ашық түрде тартып әкетті.

Осы факті бойынша 200\_\_ж. наурыздың 15 күні ҚР ҚК 179 б. көзделген белгілері бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Тергеу жүргізу барысында, қылмысты ашу мақсатымен келесі тергеулік іс –әрекеттерді орындауға міндеттісіз:

- Е.Н.Нұрқановты жәбірленуші ретінде тануға және жәбірленуші ретінде жауап алу барысында келесі сұрақтарды анықтау:

А) Е.Н.Нұрқанов кіммен тұрады, оның денсаулығы, медициналық мекемелерде тіркеуде бар-жоғы?

Б) Сол күні ол қайда болды, спирт ішімдіктерді пайдаланды ма?

В) Көшеде адамдар кездескенде не сұрады, ол қалай жауап берді?

Г) Ол адамдарды тани ала ма? Ол адамдарда қандай киім болды, ұлты, дене пішіні қандай?

Д) Бірінші болып кім ұрды, қай жерінен? Есінен танып қалды ма? Қалтасынан ақшасын кім алды? Ол ақшалар қандай купюралар болды?

Ж). Оны ұрып жатқанына көз жеткен адам бар ма?

– Жауап алу барысында пайда болуға мүмкін басқа да сұрақтар бойынша анықталсын;

– Жауап алған нәтижелеріне қарай отырып, күдікті адамдарды анықтау үшін жедел-ізвестіру қызметкерлеріне жеке тапсырма беру.

Осы нұсқауларды орындап болған соң, қылмыстық істі тексеруге 200\_\_ж. наурыздың 22 күні берілсін.

Киров ПБ-нің тергеу бөлімшесінің бастығы  
полиция майоры

Б.О. Жумағалиев

---

112

### Алдын-ала тергеу тергеушілер тобына тапсырылуы туралы Қ А У Л Ы

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық ПБ-нын ТБ-нің бастығы полиция майоры  
И.А.Сабуров № 06050123 қылмыстық материалдарын қарап шығып,

### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. наурыздың 14 күні 15.00 сағат шамасында азамат П.А.Маратов Қарағанды қаласы Шоссейная көшесі 12 үйде өзінің танысы Г.А. Мамыраевпен спирттік ішімдік ішуге салынған. Спирттік ішімдік ішу барысында олардың арасында қақтығыс пайда болды, сол барысында Г.А. Мамыраев мас күйде болып, адам өлтіру мақсатымен, ас бөлмеде үстел үстінде жатқан пышақты қолына алып, оны қару ретінде пайдалана отырып,

қасақана П.А.Маратовтың кеудесінің сол жағына бір рет ұрды, соның нәтижесінде, П.А.Маратовтың жүрегіне жарақаттар келтіріліп, ол сол жерде көз жұмды.

Осы қылмыс тергеу маңыздылығын және алдын-ала тұрған жұмыстың көлемі аса көп болуға мүмкін екенін ескере келе, ҚР ҚІЖК 63 б. 2 б., 198 б. 1 б. талаптарын сақтай отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Алдын-ала тергеу тергеушілер тобына тапсыру:
2. Тергеушілер тобы келесі жүйесімен құрастыру:
  - Қарағанды қалалық ІІБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты П.А.Қорабаев;
  - Қарағанды қалалық ІІБ-нің тергеушісі полиция капитаны Р.П. Қараулов;
  - Қарағанды қалалық ІІБ-нің тергеушісі полиция майоры О.Р.Хабибуллин;
3. Тергеу топ жетекшісі болып Қарағанды қалалық ІІБ-нің тергеушісі полиция майоры О.Р.Хабибуллинді тағайындауға.
4. Қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға және оларға топ құрамындағы кез келген тергеушіден бас тарту құқығы түсіндіруге.
5. Осы қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық ІІБ-ның ТБ-нің бастығы  
полиция майоры И.А.Сабуров

Таныстым:  
Сезікті ( айыпталушы) \_\_\_\_\_

Жәбірленуші: \_\_\_\_\_

Азаматтық талапкер \_\_\_\_\_

---

*Прокурорлық қадағалаудың, мекемелік және сот бақылауының актілерін толтыру барысындағы мүмкін болатын типтік тергеулік қателіктер.*

<b>Мүмкіндік қателіктер</b>	<b>Пайда болу себептері</b>	<b>Мүмкін болатын салдар</b>
-----------------------------	-----------------------------	------------------------------

1.Қылмыстық іс материалдарында тергеу бөлімі бастығының нұсқауларының жоқтығы.	Өзі берген нұсқаулар қалай орындалатына тергеу бөлімі бастығы жағынан бақылауды әлсіз жүргізу.	Тергеу толық жүргізілмеген себептен жағымсыз салдар болу тиіс. Тергеу жүргізуге тергеуші жеке ретінде жауапты болуға тиіс.
2.Іс бойынша нұсқаулар формальды түрде берілген.	Мекемелік бақылаудың тиімділігін жөнімен бағаламау.	Тергеу аяқталу кезінде теріс нәтиже пайда болуға және тергеу бөлімінің көрсеткіштері төмен түсуге мүмкін.
3.Тергеу жүргізу туралы нұсқауларды ауызша айтып беру.	Процессуалдық қалыпты сақтамауы.	Тергеу жүргізуге тергеуші жеке ретінде жауапты болуға тиіс.
4.Айыпталушының (сезіктінің) шағымдануы бойынша сот қарау барысында қамауға алуды санкциялаған прокурордың жоқ болуы.	Қамауға алуды немесе оның мерзімін ұзарту бойынша берілген сотқа шағымдануды формальды қарауы.	Қолданылған бұлтартпау шарасын негізсіз өзгерту немесе мерзімін ұзартудан негізсіз бас тарту. Қылмыстық іс жүргізу мақсатына жетпеу.

## 6. АЙЫПТЫ ТАҒУ САТЫСЫНДАҒЫ ТЕРГЕУДІҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ АКТІЛЕРІ.

«Айыпталушы ретінде жауапқа тарту алдын-ала тергеу жүргізуінің маңызды бетбұрыстық кезеңі болып табылады. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту актісі – сол уақыттан бастап іс жүргізуге оған тағылған айыпты даулауға кең құқығы бар, жаңа белсенді қатысушы енгізілген деп түсінуге болады..».<sup>2</sup>

Айыпталушы ретінде жауапқа тарту алдында, тергеуші нақты қылмыстың бар-жоғы жөнінде қорытынды шығаруға және қылмыстық құқықтық заңға сәйкес саралау жүргізуге қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайларды анықтау керек (ҚР ҚІЖК 117 б.). Сонымен қатар, қаулы құрастыру барысында жасалынған қылмыстың мән-жайларын мазмұндау барысында нақты дәрежесі әртүрлі болуға мүмкін, бірақ ҚК - не сәйкес нормамен қарастырылған қылмысты саралауға маңыздылығы бар барлық мән-жайлар фактілі дәлелдемелермен негізделу керек. Осы ережеден шегіну - айып негізсіз тағылған деп табылып, салдары ретінде қосымша тергеуге жіберіледі.

Айып тағу (тергеушінің кешенді процессуалдық әрекеттері ретінде) үш сатыға бөлуге болады:

Дайындық әрекеттер	Тікелей айып тағу	Айыпталушыдан жауап алу
а) айыптың негізіне жол бермеген, болжамдаған немесе дәлелденбеген фактілі мәліметтер енгізбеу мақсатымен іс бойынша жиналған дәлелдемелерді олардың қатыстылығына және жарамдылығына талдау жасау қажет; б) Айып тағу жүргізу үшін орынды, уақытты, қатысушылардың жүйесін және оларды қамтамасыз ету әдісін анықтау.	а) қаулының мәтінін жариялау; б) қаулыға қол қою және ҚР ҚІЖК 69-бабында қарастырылған құқықтарды айыпталушыға түсіндіру; в) арызданған өтініштерді шешу.	Тағылған айыпқа айыпталушының көзқарасын анықтау және әркімнің қылмыстық эпизоды бойынша оның түсініктемесі.

<sup>2</sup> Шейфер С.А. Привлечение в качестве обвиняемого и всесторонность расследования. В сб.: Уголовная ответственность: проблемы содержания, установления, реализации. Воронеж. 1989 с.74

*Айыпты тағу сатысындағы тергеудің процессуалдық актілерінің үлгілері.*

**113**

**Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_жылы қыркүйектің 29-ы күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны П.Н. Алпысбаев № 0563241 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

Бұрын ҚР ҚК 175 б. 2 бөлімі бойынша екі жылға бас бостандығынан айыруға сотталған Л.Ж.Орынбасаров өзіне жаратымды қорытынды шығармай келесі мән-жайлар арқылы жаңадан қылмыс жасады: 200\_\_жылы тамыздың 25 күні 20.00 сағат шамасында ол ұрлық, яғни бөтен мүлікті жасырын ұрлау мақсатымен, Қарағанды қаласы, Кривогуза көшесі, 31 үй, 65 пәтерде тұратын азамат С.П.Пархатовтың үйіне келіп, үйінде ешкім болмағанына көзі жетіп, қолында болған монтировка мен есік бұзу арқылы тұрғын үйге заңсыз кіріп келесі мүліктерді ұрлап:

1. Былғары куртка – бағасы 5000 теңге;
2. Ол куртканың қалтасында болған 3000 теңге ақша;
3. Ол куртканың қалтасында болған жүрістік билеті – бағасыз;
4. «Sony» маркалы бейнежазу магнитофон – бағасы 14000 теңге;
5. Ол магнитофоның паспорты – бағасыз;
6. Қаракүзен терісінен жасалған бас киім – 9000 теңге.

Осы ұрланған заттың С.Н.Пархатовқа келген зиянның көлемі 31000 теңгенің жалпы сомасын құрайды. Ол ұрлықты жасағаннан кейін қылмыс оқиғасы болған жерден бой тасалаған.

Сөйтіп, ол ҚР ҚІЖК 175 б. 2 б. «б, в» тармақтарда ескерілген қылмыс жасады яғни ұрлық, яғни мүлікті жасырын ұрлау, бірнеше рет, тұрғын үй-жайға заңсыз кірумен жасалғандығын анықтай келе іс бойынша айып тағуға дәлелдемелер толық жиналды деп тауып, ҚР ҚІЖК 202, 206, 207, 209 бабтарын талаптарын сақтай отырып,

**Қ А У Л Ы Е Т Т І М:**

1. 1980 жылы 11 наурызда, Қарағанды қаласында туылған Лесбай Жеңісұлы Орынбасаровты, ҚР ҚК 175 б. «б, в,» тармағымен осы іс бойынша айыпкер ретінде тарту, және осы қабылданған шешім туралы осы қаулыда оған қол хат қоюмен жариялауға.



2. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қаулы маған 200\_\_жылы қыркүйектің 29 күні 14.00 сағатта жарияланды

\_\_\_\_\_ Л.Ж.Орынбасаров

Қорғаушы:

Жиренбаев Б.А.

Сонымен қатар, маған ҚР ҚІЖК 69 бабында көзделген менің құқықтарым түсіндірілді:

Заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыты мен мүмкіндігі болуға, өзінің не үшін айыпталғандығын білуге және өзін айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесін алуға, қылмыстық ізге түсу органың өзіне тиесілі құқықтары туралы дереу түсіндірме алуға, қылмыстық процесті жүргізуші органнан өзінің құқықтарын және мүдделерін қозғайтын іс жүргізу шешімдерін қабылдау туралы хабардар етілуге, бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулының көшірмесін алуға, өзіне тағылған айып бойынша түсініктеме мен айғақ беруге, айғақ беруден бас тартуға, дәлел ұсынуға, өтініш пен қарсылық мәлімдеуге, ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге және түсінісуге, аудармашының тегін көмегін пайдалануға, қорғаушысы болуға, осы кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен өзінен алғашқы жауап алудың алдындағы кезден бастап қорғаушымен оңаша және құпия жолығуға, тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өзінің өтініші бойынша немесе өзінің қорғаушысының не заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға, осы әрекеттердің хаттамаларымен танысуға, және оларға ескертулер беруге, сарапшының алдында мәселелер қоюға, сараптама тағайындау туралы қаулымен және сарапшының қорытындысымен танысуға, тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға және одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, соттың, прокурордың, тергеушінің және анықтаушының іс-әрекеті мен шешіміне шағым беруге, ақтамайтын негіздер бойынша істі қысқартуға қарсылық білдіруге, жария сот талқылауын талап етуге құқылы. Сотталушының бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда істі соттың қарауына қатысуға және тараптың барлық құқықтарын пайдалануға, сонымен бірге ақырғы сөз құқығына да құқығы бар.

Айыпталушы:

Л.Ж.Орынбасаров

Қорғаушы:

Б.А.Жиренбаев

Қаулы жариялаған, құқықтарын түсіндірген  
Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің  
ТБ-нің тергеушісі

полиция капитаны

П.Н. Алпысбаев

Қаулының көшірмесін 200\_\_ж. қыркүйектің 29 күні алдым:

\_\_\_\_\_Л.Ж.Орынбасаров

114

**Айыпталушыдан жауап алу туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_жылы наурыздың 25 жұлдызы

Қарағанды қ.

Басталуы: 14 сағ.14 мин.

Аяқталуы: 15сағ. 00 мин.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты Р.А. Оразалинов ҚР ҚІЖК 203, 211, 212, 213, 217 б. талаптарын сақтай отырып, айыпталушы ретінде жауап алды:

1. **Тегі, аты, әкесінің аты:** Райымбек Ерланұлы Лақбаев
2. **Туылған жылы:** 1976 жылы наурыздың 25 –і жұлдызы
3. **Туылған жері:** Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Калин аулы
4. **Азаматтығы:** ҚР
5. **Ұлты:** қазақ
6. **Білімі:** орташа
7. **Отбасы жағдайы:** үйленген
8. **Жұмыс орны:** уақытша жұмыс істемейді
9. **Мекен-жайы:** Қарағанды қаласы, Черняева 25
10. **Сотталғаны:** 200\_ жылы Қазыбек - би атындағы сот үкімі бойынша ҚР ҚК 259 б. 1 б. бойынша 2 жылға бас бостандығынан айыруға жазаланды
11. **Жеке басын анықтайтын құжаттар:** жеке басы анықталды

Қандай тілде жауап бергісі келетін сұраққа былай деп мәлімдеді:  
Жауапты мемлекеттік тілде беремін \_\_\_\_\_

(қолы)

Жауап алудың алдында айыпталушы Р.Е. Лақбаевқа ҚР ҚІЖК 69 бабына сай айыпталушының құқықтары түсіндірілді: Заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыты мен мүмкіндігі болуға, өзінің не үшін айыпталғандығын білуге және өзін айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесін алуға, қылмыстық ізге түсу органынан өзіне тиесілі құқықтары туралы дереу түсіндірме алуға, қылмыстық процесті жүргізуші органнан өзінің құқықтарын және мүдделерін қозғайтын іс жүргізу шешімдерін қабылдау туралы хабардар етілуге,

бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулының көшірмесін алуға, өзіне тағылған айып бойынша түсініктеме мен айғақ беруге, айғақ беруден бас тартуға, дәлел ұсынуға, өтініш пен қарсылық мәлімдеуге, ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге және түсінісуге, аудармашының тегін көмегін пайдалануға, қорғаушысы болуға, осы кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен өзінен алғашқы жауап алудың алдындағы кезден бастап қорғаушымен оңаша және құпия жолығуға, тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өзінің өтініші бойынша немесе өзінің қорғаушысының не заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға, осы әрекеттердің хаттамаларымен танысуға, және оларға ескертулер беруге, сарапшының алдында мәселелер қоюға, сараптама тағайындау туралы қаулымен және сарапшының қорытындысымен танысуға, тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға және одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, соттың, прокурордың, тергеушінің және анықтаушының іс-әрекеті мен шешіміне шағым беруге, ақтамайтын негіздер бойынша істі қысқартуға қарсылық білдіруге, жария сот талқылауын талап етуге құқылы. Сотталушының бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда істі соттың қарауына қатысуға және тараптың барлық құқықтарын пайдалануға, сонымен бірге ақырғы сөз құқығына да құқығы бар.

Қосымша айыпталушыға оның айғақ беруден бас тарту құқығын және айыпталушының айтқандары оның өзіне қарсы пайдаланылуы мүмкін екенін түсіндірілді.

Айыпталушы:

Р.Е.Лақбаев

Қорғаушы:

Р.П.Рымбаев

Жауап алудың басында айыпталушы Р.Е. Лақбаевқа ҚР ҚК 179 б. 2 б. бойынша тағылған айыптың мәнісін түсіндіре отырып, ол тағылған айып бойынша өзінің толық немесе ішінара кінәлі екенін мойындайтын, не өз кінәсін теріске шығаратын анықтау барысында ол былай деп мәлімдеді: ҚР ҚК 179 б.2 б. бойынша тағылған айып бойынша өз кінәмді ішінара мойындаймын.

Айыпталушы:

Р.Е.Лақбаев

Қорғаушы:

Р.П.Рымбаев

Айыпталушыға тағылған айып пен іс үшін маңызы болуы мүмкін басқа жағдайлар бойынша айғақтар беруді ұсынылды: 200\_\_ жылы ақпанның 5 жұлдызында мен үйде болып, таңертеңнен бастап спирттік ішімдікке кірістім. Мас болып ұйықтап қалдым. Енді көзімді ашсам, сағат кешкі 7-і болыпты. Басым ауырып, сол басымды жазайын деп, арақ алуға ақша іздедім. Бірақ үйде ақша жоқтығына көзім жетті. Енді ақшаны тауып алу мақсатымен көшеге шығып, көрші подъезге танысым Берік деген жігіттің үйіне барып ақшаны қарызға алайын деп тырмыстым. Подъезге кіріп, сатымен көтеріліп келе жатқанда, 2 қабатта бір пәтердің есігі ашық жатқанына көзім жетті. Оған

мен таң қалып, сол пәтерге кірдім. Кірсем, қонақ бөлмесінде диванда ұйықтап жатқан әйелді көрдім. Мен енді шығайын деп тұрғанда, ол әйелінің жанында жатқан дорбасына көзім түсті. Онда не бар екенін қарайыншы деп, диванда тақалып келіп дорбаны ақырын алып, ішін аштым. Оның ішінде ақша жатыр екен, мен оларды алып қалтама салдым да шығуға тырмыстым. Ол уақытта әйел оянып, мені көріп, айқалай бастады, мен көршілері естіп қалуға мүмкін деп, оның бетінен бір ұрып жіберіп қаша жөнелдім, ол әйел менің артымнан қалмай, қуа бастады. Есіктің жанында қуып жетіп ұстап алды. Мен оны итеріп жіберіп, аяғымен ішінен бір теуіп жібердім. Ол жерге құлаған соң, мен бой тасалап қашып кеттім. Содан кейін, үйге келген соң, ақшаны санап едім, онда жалпы соммасы 3000 теңге болып шықты. Түнімен мен ол ақшаның жартысына арақ іштім. Таңертең полиция қызметкерлері келіп мені алып кетті.

Сұрақ: Кінәңізді ішінара неге мойындайсыз?

Жауап. Өйткені, менің ойымша тергеу органдары маған 178 б.1 б. бойынша айып тағу керек еді, менің іс-әрекетімде қарақшылық шабуыл жасау құрамы жоқ.

Хаттама дауыстап оқылып шықты, менің сөзімнен дұрыс жазылды, өзгерістер мен толықтырулар жоқ.

Қорғаушы:

Р.Е. Лақбаев

Р.П. Рымбаев

---

---

115

### Айып тағу күнін хабарлау туралы ХАТТАМА

200\_\_жылы қыркүйектің 28 күні

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны П.Н. Алпысбаев ҚР ҚІЖК 203, 206 б. талаптарын сақтай отырып, Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімде, № 25 кабинетте № 0563241 қылмыстық іс бойынша айыпталушы болып табылған Л.Ж.Орынбасаровқа айып тағу күні 200\_\_жылы қыркүйектің 29 күні болатынын хабарлады.

Сонымен қатар айыпталушы Л.Ж.Орынбасаровқа оған қорғаушы шақыру не тергеушіден қорғаушының қатысуын қамтамасыз ету туралы өтініш беру құқығы түсіндірілді.

Айыпталушы Л.Ж. Орынбасаров былай деп арызданды: Айып тағу күні маған түсіндірілді, қорғаушы шақыруынан бас тартамын, себебі мен өзімді өзім қорғай аламын, бұл арыз менің материалдық жағдаймен байланысты емес.

Айыпталушы:

Л.Ж.Орынбасаров

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің  
ТБ-нің тергеушісі  
полиция капитаны

П.Н. Алпысбаев

**116**

**Айып тағу күнін хабарлау туралы  
ХАТТАМА**

200\_\_ жылы қыркүйектің 28 күні

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция капитаны П.Н. Алпысбаев ҚР ҚІЖК 203, 206 б. талаптарын сақтай отырып, Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімде, № 25 кабинетте № 0563241 қылмыстық іс бойынша айыпталушы болып табылған Л.Ж.Орынбасаровқа айып тағу күні 200\_\_ жылы қыркүйектің 29 күні болатынын хабарлады.

Сонымен қатар айыпталушы Л.Ж.Орынбасаровқа оған қорғаушы шақыру не тергеушіден қорғаушының қатысуын қамтамасыз ету туралы өтініш беру құқығы түсіндірілді.

Айыпталушы Л.Ж. Орынбасаров былай деп арызданды: Айып тағу күні маған түсіндірілді, Орталық заң кеңесінің мүшесін А.О.Батталованы шақыруға және маған қорғаушы болуын сұраймын.

Айыпталушы:

Л.Ж.Орынбасаров

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің  
ТБ-нің тергеушісі  
полиция капитаны

П.Н. Алпысбаев

**117**

**Қылмыстық ізге түсуді айып тағу бөлігінде қысқарту туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ жылы сәуірдің 5 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Омаров Н.Р. № 050625123 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_жылы наурыздың 4 жұлдызында Қарағанды қаласы, Нүркен Әбдіров көшесінде 12 үй, 25 пәтерде Қ.И. Иманов пен Р.А. Қазановтың арасында қақтығыс пайда болып, Қ.И.Иманов Р.А.Қазановты аяқ-қолымен ұрып-соғып, сот-медициналық сараптама қорытындысы бойынша « сол жақтағы екі қабырғасы сынып, оған орташа дәреже жарақат келтірілді».

Содан кейін, 200\_\_жылы наурыздың 25-і жұлдызында 20 сағат шамасында, Қарағанды қаласы Гоголь көшесінде орналасқан 5 үйінің жанында, бейтаныс адамдар азамат Е.Н.Пернебаевті кездесіп, басында киілген қарақүзен терісінен жасалынған бас киімін қағып алып кетті.

Осы Е.Н.Пернебаевқа қарсы жасалған қылмыстың кінәсін К.И.Иманов мойындады. Соған байланысты, 200\_\_жылы сәурдің 1 жұлдызында Қ.И.Имановқа ҚР ҚК 104 б. 2 б., 178 б. 2 б. бойынша айып тағылды.

Бірақ, тергеу жүргізу барысында, Е.Н.Пернебаевқа қарсы қылмысты жасаған А.Н.Айдаров азамат анықталды. Одан дәлелдеме зат алынып, кінәсі толық ретінде дәлеленді.

Қосымша жауап алу барысында Қ.И.Иманов ол қылмысты жасамағанын айтты, бұрынғы берген айғақтардан бас тартып, ол қылмысты мойына жүктеген себебі А.Н.Айдаровтің күштеуі бойынша орындағанын айтқан.

Сөйтіп, Қ.И.Имановтың кінәсі тек қана ҚР ҚК 104 б. бойынша дәлелденді, 178 б. бойынша оның кінәсі расталмады.

Жоғарыда көрсеткенді негізге алып, ҚР ҚІЖК 202, 210 б. талаптарын басшылыққа ала отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Тағылған айыптың тонау бойынша бөлігі расталмаған себебімен, осы бөлік бойынша қылмыстық ізге түсуді қысқартуға.
2. Осы қабылдаған шешім бойынша айыпталушыға және процестің басқа да қатысушыларына хабарлауға.
3. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Орталық  
ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Н.Р. Омаров

Осы қаулымен таныстым, және қаулының көшірмесін алдым.  
Айыпталушы:

К.И.Иманов

200\_\_ жылы \_\_\_\_\_ «\_\_» жұлдызы

Осы қаулымен таныстым:

Қорғаушы:

Р.П.Романов

Жәбірленуші:

Е.Н.Пернебаев

*Айыпты тағу сатысындағы тергеудің процессуалдық актілерінің үлгілерін дайындау барысындағы кейбір типтік қателіктер*

<b>Мүмкін болатын қателіктер</b>	<b>Пайда болу себептері</b>	<b>Мүмкін болатын салдар мен- жағдайлар</b>
1. Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулысын алдын ала (ерте) шығаруы.	Айыптық жалтару, шешімдерді қабылдаған кезде асығыстық білдіру, дәлелдемелер теориясын білудің нашарлығы.	Қылмыстық жауаптылыққа негізсіз тарту мүмкіндігі. Тергеу әрекеттерінің заңсыз іс-әрекеттері салдарынан келтірілген шығындардың орнын толтыру.
2. Қаулының мәтініне келісілмеген өзгертулерді енгізуі.	Іс бойынша заңмен көзделген процессуалдық тұрғыда сақтамауы.	Шығарылған қаулының заңдық күші жоқ деп тануы (ҚР ҚІЖК-нің 116 бабы 3 бөлігі).
3. Қаулының сипаттамалық - себептік бөлімінің істің фактілі жағдайларға сәйкес келмеуі.	Айыптың тұжырымдамасын дәлелдемелердің қайнар көздерімен бекітілмеген мәліметтердің енгізілуінен көрінетін айыптық жалтару.	Айыпталушының немесе оның қорғаушысының арыз жазу мүмкіндігі. Қадағалайтын прокурормен қаулы күшінің жойылуы. Қылмыстық істің қосымша тергеуге қайтарылу мүмкіндігі. Тергеуші үшін теріс салдардың келу мүмкіндігі.
4. Айыпталушының жеке басының толық анықталмауы.	Істе айыпталушының жеке басын куәландыратын	Жүргізілген тергеудің толық еместігі, дәлелдеу субъектісінің

	құжаттардың болмауы.	анықталмауы.
5. Айыпталушының іс-әрекетін заң тұрғысынан дұрыс бағаламауы.	Қылмыстарды саралау теориясын нашар білуі.	Қылмыстық істің прокурормен немесе сотпен қосымша тергеуге қайтарылуы.
6. Айып тағудың уақытын әдейі созуы.	Айыпталушыны қорғануға дайындалу мүмкіндігінен айыруға тырысуы.	Жүргізілген тергеудің толық еместігі.
7. Айыптау хаттамасының сипаттамалық бөлігі айыпталушылардың әрекеттері қылмысқа қатысудың дәрежесіне сәйкес және жауапқа тартылатын адамдардың санын ескермей құрастырылады	Процессуалдық құжаттарды құрастыруға жеңілтектікпен қарауы, қылмыстарды саралау және дәлелдеу теориясын нашар білуі.	Жүргізілген тергеудің толық еместігі салдарынан қылмыстың саралануының өзгеруі немесе істің қосымша тергеуге қайтарылуы.
8. Қаулы немесе хаттаманың қарар бөлімінде айыпталушының құқықтарының тізімінің орнына ҚР ҚІЖК - нің тек қана 69-бабының көрсетілуі.	Процессуалдық құжаттарды құрастыруға жеңілтектікпен қарауы.	Айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерінің елеулі түрде бұзылуы. Істің қосымша тергеуге қайтарылуы.



## **7. Бұлтартпау шарасын қолдану барысындағы тергеудің процессуалдық актілері**

Қылмыстық іс жүргізудің мәні мемлекеттің мәжбүрлеу аппаратының бірі ретінде саналып, заң сыйлаушы азаматтардың заңды мүдделеріне байланысты қоғамдағы міндетті дұрыс жүріс-тұрысын, мінез-құлқын қамтамасыз етуде айқындалады. Осы мақсатпен қылмыстық істі жүргізуші органдар белгілі бір билікті - реттеушілік лауазымға ие болады, соның ішінде мәжбүрлеу шаралары маңызды орын алады. Заң бұларға: ұстау, бұлтартпау шаралары, процессуалдық мәжбүрлеудің басқа да шараларын қосады. Осы бұлтартпау шараларының ішінде ерекше орынды ұстау, бұлтартпау шаралары алады, себебі бұл шаралар нақты бейнеленген мәжбүрлеу сипатындағы, іс жүзінде адамдардың конституциялық құқығының, яғни еркін жүріп-тұру құқығын шектейді. Басқа мәжбүрлеу шараларына қарағанда бұл шаралар (әрине заңмен көзделген негізде) тек қана сезіктіге, айыпталушыларға, қолданылады. Альтернативті бұлтартпау шарасына үйде қамау және кепіл жатады.

Қамаудың негізділігінің, заңдылығының кепілі болып табылады:

1. ҚР ҚІЖК-де қамаудың бөлшектік регламентациясы.
1. Судьямен немесе прокурормен міндетті түрде санкциялауы.
2. Қамаудың соттық шағым мүмкіндігі.
3. Қамауға алынатын тұлғадан прокурордың міндетті түрде жауап алуы.

---

*Бұлтартпау шарасын қолдану барысындағы тергеудің процессуалдық актілерінің үлгілері*

**118**

### **Бұлтартпау шарасын қолдану туралы**

### **Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты И.А.Абдрасилов,

1. Марат Кешкенұлы Кашкенов
2. 4 мамыр 1981 ж. туылған
3. Торғай қаласында туылған
4. орташа білімі
5. ҚР азаматы
6. бойдақ

7. мекен-жайы - Семей қаласы, Абай көшесі 12 үй 25 пәтер
  8. жұмыс орны – Семей қорғаныс зауыты, слесарь
  9. соттылығы – бұрын сотталмаған
- қылмыстық қызметі туралы № 0625612 қылмыстық істің материалдарын қарап шығып,

#### А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

200\_\_ж. 25 сәур күні сағат 12.00 шамасында М.К.Кашкенов мас күйінде болып, Қарағанды қаласы Гоголь көшесі 12 үй жанында бұрын таныс емес азаматша Н.Б. Коспаваеваны кездесіп, оған былапыт сөйлеп, жұдырығымен бетінен бір ұрып жіберді. Бұл қылмыс нәтижесінде, Н.Б. Коспаваеваның денсаулығына орта дәрежеде зардап келтірілді.

Осыған орай М.К.Кашкенов ҚР ҚК 257 б. 1 б. көрсетілген қылмыс жасағанын және айыпталушы бұрын сотталмағанын, қылмыстық жауапқа тартылмағанын, тұрақты мекен-жай бар екенін есіне ала отырып ҚР ҚІЖК 139, 140, 141, 142, 144, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Марат Кешбекұлы Кашкеновқа қатысты бұлтартпау шарасы ретінде ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау қолдану, бұл туралы оған осы қаулыда қол қоюмен жариялауға;

2. Қаулының көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты И.А.Абдрасилов

Қаулы маған жарияланды: М.К.Кашкенов

---

---

**119**

#### **Ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат**

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Мен, Қарағанды қаласы, Дегтярев көшесі 25 үй 25 пәтер тұратын, 1982 жылы туған Пархат Каримұлы Ганиев жоғары көрсеткен тұратын жерден тергеу органдардың, соттың рұқсатынсыз ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау, сонмен қатар тергеу органдары және соттың шақыруы бойынша дәл уақытында келуге міндеттеме туралы қолхат беремін.

Осы берген қол хатты бұзсам, ҚР ҚК 143 бабына сәйкес бұл бұлтартпау шара қатаң шараға ауыстырылуға мүмкін екені маған түсіндірілді.

Айыпкер:  
Қол хат алған:

П.И. Ганиев  
Р.А. Сембеков

---

---

120

**ҚАМАУ**  
**Бұлтартпау шарасын қолдануын**  
**САНКЦИЯЛАЙМЫН**  
**Қарағанды қаласы Киров аудандық**  
**соттың судьясы**  
**И.К. Қасымов**  
200\_\_ж. \_\_\_\_\_

**Сот қамауды қолдану үшін өтінішті қозғау туралы**  
**ҚАУЛЫ**

200\_\_ж. 15 қазан.

Қарағанды қ.

Н облыстық ПБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Б. Б. Карев азамат:  
Аты-жөні: Еркін Асербайұлы Таласбаев;  
Туған жылы: 12.01.1980 ж.;  
Туған жері: Қарағанды қ.  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы;  
Ұлты: қазақ;  
Білімі: орташа;  
Отбасы жағдайы: үйленген жоқ;  
Паспорт немесе басқа құжаттар: Қарағанды қалалық Оңтүстік –Шығыс  
ПБ-нен 1997 ж. 20.05. берілген П-СЮ № 673541 паспорт;  
Мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Тәттімбет көшесі 28 үй, 2 пәтер;  
Жұмыс орны: уақытша жұмыс істемейді;  
Соттылығы: сотталмаған.  
Айыптау бойынша № 02565232145 қылмыстық іс материалдарын  
қарап шығып,

**АНЫҚТАДЫМ:**

01.10.200\_\_ж. 15 сағат шамасында Е.А. Таласбаев мас күйінде Қарағанды қаласы, Чехова көшесі 1 үй орналасқан «Тұлпар» дүкеніне кіріп, сонда болған адамдардың алдында қоғамдық тәртіпті бұзып және олардың

мазасын алып, дүкеннің қызмет көрсетушілеріне балағатты сөздер айтты. Одан кейін, Е.А. Таласбаев ыдыстарды сындырып, оның бұзақылық әрекетіне кедергі жасағандарға қарсылық көрсетіп азамат Т.Р.Исингтің денсаулығына жеңіл жарақат келтірді.

05.10.200\_\_ж. Е.А. Таласбаевтың жасаған қылмысы үшін ҚР ҚК 257 б. 2 б. «б» тармағымен айып тағылды және келуге міндеттеме алынды. Бірақ тергеу кезінде Е.А. Таласбаев куәларды алдын-ала қорқытып, жауабын өзгертуін талап еткені, келуге міндетті хаттамасында көрсеткен мекен-жайында тұрмайтыны, тергеу органдардың шақыруы бойынша келмейтіні анықталды. Көрсетілген негіздер Е.А. Таласбаевтың тергеуді жүргізуге кедергі жасап отырғандығына толық негіз береді.

Е.А. Таласбаевтың қоғамға қауіпті әрекет жасау оқиғасы іс бойынша жиналған келесі қылмыстық іс материалдары:

- оқиға болған жерді қарау хаттамасымен;
- жәбірленушілер Л.Ф. Габитова және Т.Р.Исина айғақтарымен;
- куәлар Д.Ж.Сулейменова, С.Б. Касимова, Т.А. Кайсаровтың айғақтарымен;

- сот - медициналық сараптама қорытындыларымен расталады.

Жоғарыда көрсеткенді негізге ала отырып ҚР ҚІЖК 139, 140, 141, 143, 150, 202 баптарын талаптарын басшылыққа ала отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Қарағанды қаласының прокурорының алдында 1980 ж.т. Еркін Асербайұлы Таласбаевқа қатысты сот қамауды қолдану туралы өтінішті қозғау, сол туралы осы қаулыда қол қоюмен оған жариялауға.

2. Қабылдаған шешім туралы айыпталушыға және оның туыстарына хабарлауға.

3. Осы қаулының көшірмесін Қарағанды облыстық прокурорға жолдауға.

Қарағанды облысының ІІБ ТБ тергеушісі  
полиция лейтенанты

Б. Б. Карев

Прокурордың шешімі:

«Қамау» бұлтартпау шарасын қолдануға негіздер бар.

Қарағанды қаласының прокуроры

Т.А. Балбеков

Қаулы маған 200\_\_ж. 15.10. жарияланды және ҚР ҚІЖК 143 б. 2 б. сәйкес, 110 б. көрсетілген талаптарымен қабылдаған шешімінің сот шағымдануының тәртібі түсіндірілді.

\_\_\_\_\_ Е.А. Таласбаев

Қаулыны жариялаған, құқықтарын түсіндірген

Қарағанды қалалық ІІБ ТБ тергеушісі  
полиция лейтенанты Б. Б. Карев

Қаулының көшірмесін алдым.  
\_\_\_\_\_Е.А. Таласбаев

---

---

121

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ  
СОТТЫҢ ТӨРАҒАСЫ  
Ж.А. КАСЕНОВКЕ.

**Қамауға алуды санкциялаудан бас тарту туралы сот шешімін  
қайта қарау туралы  
ӨТІНІШ**

200\_\_ж. 11 қазан

Қарағанды қ.

Қарағанды облыстық ІІБ ТҚ тергеушісі полиция лейтенанты Б. Б.Карев,  
ҚР ҚК 96 б. 1 б. көзделген қылмыстық белгілері бойынша С.П. Койдаковты  
айыптау бойынша № 0708698 санды қылмыстық іс материалдарды қарап  
шығып,

**АНЫҚТАДЫМ:**

200\_\_жылы 11 қазанда Т.А. Койдаков мас күйде болып, бұрынғы  
кектегі қарым-қатынас болған себептен өзінің әйелін өлтірген. Ол сол күні  
ұсталынып, оған қасақана кісі өлтіру бойынша айып тағылды.

200\_\_ж. 14 қазанда Қарағанды қалалық сот айыпталушыны қамауға  
алудан бас тарты. Осы шешім қабылдаудың негізі болып табылғаны - оң  
сипаттайтын мәліметтер, онда тұрақты мекен-жайы болуы және жасаған  
қылмысқа өкінгені, өзін дұрыс ұстайтындығы себеп болған.

Бірақ, қылмыстық іс материалдарын талдау барысында айыпталушы  
Т.А. Койдаков ұзақ уақыт (бір жыл шамасында) ешқайда жұмыста жоқ,  
қоғамға қарсы іс әрекеттер жасайды және оның үстіне жәбірленуші атынан  
бір қатар арыздар түскен, сол себептен ол екі рет (200\_\_жылы 1. 01 және  
200\_\_жылы 20.07) әкімшілік жауаптылыққа тартылған. Оған қосымша,  
М.Н.Койдакованың (айыпталушының анасы) айғақтары бойынша, ол  
бірнеше рет өзінің зайыбы және енесі жағынан қорқыту және ажырасып  
басқа қалаға кету туралы пікір айтқан. Бірақ, айыпталушы соттан және  
тергеуде бой тасалауға мүмкін екенін куәландыратын бұл дәлелдемелер сот  
назарға алған жоқ, қабылданған шешімнің негізіне айыпталушы

қорғаушының өтініші және онымен сотқа берген Т.А. Койдаковтың ақырғы жұмысынан алынған оңды сипаттама алынған.

Қамауға алуға бас тарту сот шешімі тағылған айыптың ауырлығына және айыпталушының жеке басына сәйкес келмейді деп санаймыз.

Жоғарыда көрсеткенді негізге алып ҚР ҚК 102, 103 б. талаптарын басшылыққа ала отырып,

Өтінемін:

Айыпталушы С.П.Койдаковты қамауға алудан бас тарту Қарағанды қаласы сот шығарған шешімді қайта қарауды.

Қарағанды облыстық ІІБ ТБ  
тергеушісі полиция лейтенанты Б. Б.Карев

Алдын-ала тергеу органың өтінішін қолдаймын.  
Қарағанды қала прокуроры  
заң кеңесшісі Балбеков Т.А.

---

---

*Іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де шаралары*

122

**Тергеушіге келу туралы  
М І Н Д Е Т Т Е М Е**

200\_\_жылы шілденің 12 күні

Қарағанды қ.

Мен, Қарағанды қаласы Гоголь көшесі 22 үйде 22 пәтерде тұратын ЕРДЕН КОЙБАҒАРҰЛЫ ЖОЛБАРЫСОВ тергеушінің шақыруы бойынша уақтылы келуге және тұратын жері өзгерген жағдайда бұл туралы кешіктірмей хабарлауға, жазбаша міндеттеме беремін.

\_\_\_\_\_ Е.К.Жолбарысов

Міндеттемені алған:  
Қарағанды қалалық Орталық  
ІІБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.П.Оразов

**Жәбірленушіні алып келу туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_жылы тамыздың 5-күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты А.П Абдрасилов. № 05030602060 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_жылы шілденің 4-і күні бейтаныс адамдар Қарағанды қаласы Н.Әбдіров даңғылы 54 үй 7 пәтерде тұратын азамат Е.А. Райсовтың үйіне есік бұзу арқылы заңсыз кіріп, мүліктерін ұрлап, оған 25000 жалпы сомаға зардап келтірді.

Осы факті бойынша Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесімен ҚР ҚК 175 б. 2 б. «в» тармағы бойынша 200\_\_жылының 5 күні қылмыстық іс қозғалды. Тергеу жүргізу барысында Е.А. Райсов жәбірленуші ретінде танылып, жауап алынды.

Содан кейін, тергеу барысында жәбірленуші Е.А. Райсовтан қосымша жауап алу қажетті болды, сол себептен Е.А. Райсов бір неше рет полиция бөліміне шақырылды, бірақ ол келуден бас тартты.

Жоғарыда көрсеткенді негізге алып, ҚР ҚІЖК 158, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

**Қ А У Л Ы Е Т Т І М:**

1. Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы 54 үй 7 пәтерде тұратын азамат Елжан Алимжанұлы Райсовты Орталық полиция бөлімінің тергеу бөлімшесіне 5 кабинетке тергеуші А.П.Абдрасиловқа, 200\_\_күні тамыздың 7 күні 12 сағат 00 мин. алып келуге.

2. Бұл қаулы орындауға Орталық полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздігін қорғау бөлімшесіне жолдауға.

Қарағанды қалалық Орталық ПБ-нің ТБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.П.Абдрасилов

Қаулы маған 200\_\_ж. тамыздың 7 күні  
жарияланды Е.А. Райсов

ҚР ҚК 175 б. 2 б. «а,в,г» тармағымен  
айыпталған Пернебай Рахметұлы  
Шигебаевтің мүлігіне тыйым салу

**САНКЦИЯЛАЙМЫН**

Қарағанды қалалық Орталық ауданның  
прокуроры әділет кеңесшісі

Акулов А.П.

200\_\_ж «\_\_» күні \_\_\_\_\_

**Мүлікке тыйым салу туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_жылы тамыздың 4-і күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты Р.А. Оразалин № 05030602040123 қылмыстық материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_жылы маусымның 7-і күні Шигебаев П.Р. 20.00 сағаттың шамасында Қарағанды қаласы, Бұқар - Жырау даңғылы 25 үй 25 пәтерде тұратын азамат О.Р.Боранбаевтың үйіне есік бұзу арқылы кіріп мүлікті ұрлап оған, 250000 жалпы сомаға зардап келтірді. Алдын-ала тергеу жүргізу барысында П.Р.Шигебаевқа ҚР ҚК 175 б. 2 б. көзделген қылмыстар белгілері бойынша айып тағылды. ҚР ҚК 175 б. 2 б. санкциясы бойынша мүлікті тәркілеу мүмкін.

Жоғарыда көрсеткенді ескере отырып, мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатымен, ҚР ҚКЖК 161, 202 б. талаптарын сақтай отырып,

**Қ А У Л Ы Е Т Т І М:**

1. Қарағанды қаласы, Бирюзова көшесі 45 үй 12 пәтерде тұратын Пернебай Рахметұлы Шигебаевтың мүлігіне тыйым салу.
2. Тыйым келесі мүлікке салынсын:
  - «Пана Сонук» маркалы теледидарға;
  - «Пана Сонук» маркалы бейнежазу магнитофонға;
  - Көлемі 2\*3 өрнекті кілемге;
 Азаматтық талапты қамтамасыз етуде тыйым салу жеткілікті болатын мүліктің құны 34000 теңге.
3. Осы қаулының көшірмесі прокурорға жолдауға.



Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің  
тергеу бөлімшесінің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Р.А. Оразалин

Қаулыны қолхат ала отырып  
тапсырылды:

П.Р.Шигебаев

---

125

**Мүлікке тыйым салу туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_жылы тамыздың 4 күні

Қарағанды қ.

Басталуы: 16 сағ.20 ми.  
Аяқталуы 17 сағ. 20 мин.

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты Р.А. Оразалин куәгерлер:

1. Айнұр Серікқызы Байтеленова, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 23 үй 13 пәтер;

2. Арман Нұрланұлы Нурманов, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Бадина көшесі 10 үй тұрғынының қатысуымен, ҚР ҚІЖК 203, 161 б.көрсетілген талаптарын негізге алып, тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатымен, Қарағанды қаласы, Бирюзова көшесі 45 үйде 12 пәтерде тұратын Пернебай Рахметұлы Шигебаевтың мүлігіне тыйым салды.

Тыйым салу алдында тергеушімен 200\_\_жылы тамыздың 4 күні шығарылған мүлікке тыйым салу туралы қаулы ұсынылды.

Куәгерлерге ҚР ҚІЖК 86 б. сай құқықтары түсіндірілді: тергеу іс әрекеттерін жүргізуге қатысуға; тергеу іс-әрекеті жөнінде хаттамаға енгізуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға; өзі қатысқан тергеу іс-әрекетінің хаттамасымен танысуға; қылмыстық ізге түсу органының іс-әрекетіне шағым жасауға; қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзіне келтірілген шығындарға өтем алуға құқығы бар.

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Қосымша тізім бойынша ОТЫЗ ТӨРТ МЫҢ теңге 00 тыйым жалпы сомаға мүлік тізімделіп, тыйым салынып ПЕРНЕБАЙ РАХМЕТҰЛЫ ШИГЕБАЕВКА сақтауға берілді.

Шигебаевқа П.Р. мүліктің сақталуы үшін жауаптылығы ескертілді.

\_\_\_\_\_ П.Р.Шигебаев

Қатысып отырған басқа адамдардан түскен арыздар мен ескертпелер:  
**ТҮСКЕН ЖОҚ**

Хаттама тергеушімен дауыстап оқылды, дұрыс жазылды

Куәгерлер: 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Қарағанды қалалық Орталық полиция бөлімінің  
тергеу бөлімшесінің тергеушісі  
полиция лейтенанты

Р. А. Оразалин

Осы хаттамаға қоса тіркелген тізімінің көшірмесін алдым.

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» күні

П.Р. Шигебаев

---

---

126

### **Қ О Л Х А Т**

Мен, Пернебай Рахметұлы Шигебаев, қосымша тізім бойынша тыйым салынған мүлікті сақтауға қабылдап алдым, тергеу аяқталғанға және сот шешімі қабылданғанға дейін сақтауға міндеттенемін.

Егер бұл міндетім орындалмаған жағдайда ҚР ҚК 357 б. сай қылмыстық жауаптылық маған түсіндірілді

\_\_\_\_\_ Шигебаев П.Р.

---

---

127

### **Лауазымынан уақытша босату туралы Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. 11 қазан

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің тергеушісі полиция капитаны С.М.Сербеков № 062562312 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

### **А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

Қарағанды қаласында орналасқан «Халық банкі» филиалында А.М.Торқанов директорының орынбасары бола отырып, оған сеніп тапсырылған жалпы соммасы 500000 теңге ақшаны иемденіп алған.

Осы факті бойынша ҚР ҚК 176 б. 2 б. 3 т. көзделген қылмыстық белгілері бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Осы қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелер А.М.Торқановтың Қарағанды қаласындағы «Халық банкі» филиалының директорының орынбасары қызмет өкілетіне қалуы, істің дұрыс тергелуі мен сот қарасында кедергі келтіруін, қылмыспен келтірілген зиянды, өтеуден бас тартуға немесе қылмыспен айналысуын жалғастыруын болжауға негіз болады, сонымен қатар ҚР ҚІЖК 156, 159, 202 б. басшылыққа ала отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. 1965 ж. туған Айқар Мухатұлы Торқановты «Халық банкі» филиалының директорының орынбасары қызметінен шеттеуге.

2. А.М.Торқановты қызметінен уақытша шеттеу туралы қаулының көшірмесін «Халық банкі» директорына жіберуге.

3. Қызметінен шеттетілген А.М.Торқановқа, егер ол оған қатысты емес жағдайлар бойынша басқа қызметте істей алмаса немесе басқа жұмысқа кіре алмаса, еңбекке ақы төлеудің ең төменгі бір мөлшерінен кем емес сомада ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыға құқығы бар туралы түсіндіруге.

Киров ПБ-нің тергеушісі  
полиция капитаны

С.М.Сербеков

Қаулы маған 200\_\_ж. 11 қазанда жарияланды, құқықтар түсіндірілді  
\_\_\_\_\_ А.М.Торқанов

#### *Бұлтартпау шарасын қолдану барысындағы кейбір типтік қателіктер*

Типтік қателіктер	Пайда болу себептері	Пайда болатын салдар
1. Шығарылған қаулы экзemplарларының саны қамауға алынғанға берген көшірмені санамайды.	Процессуалдық нысанды сақтамау	Айыпталушының процессуалдық заңды мүдделерімен, сонымен қатар қорғалу құқығын бұзу.
2. Ең негізгі акцент бұлтартпау шарасын қолдану барысында нақты жағдайларға жасамайды. Мысалы: қылмыстың ауырлық дәрежесі, айып талушының жеке басы)ҚРҚІЖК 139-	Субъективтік қарым қатынаста пайда болатын айыптау.	Соттың шағымы. Бұлтартпау шарасының өзгеруі, әлеуметтік әділеттіліктің бұзылуы.

бабында көзделген негіздерге қарап емес.		
Қаулының процессуалдық нысанын сақтамау соттың шағымын түсіндірудің жоқтығы, қаулының көшірмесін бергені туралы мәліметтің болмауы.)	Қамауға жататын іс шараларға қатысты формалды қарым қатынас.	Тергеушінің заңға қайшы әрекетіне шағым жасау мүмкіндігі. Прокурор қабылдаған шешімінің алынып тасталуы. Қосымша тергеуге әкеліп соқтыратын айыпталушының құқығының бұзылуы

## 8. ТЕРГЕУДІ АЯҚТАУДЫҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ АКТИЛЕРІ.

Тергеуді аяқтаудың қорытынды кезеңі, яғни олардың қатысушылары арасындағы тиісті құқықтық қатынастарының аяқталуы бұл – алдын ала тергеудің аяқталуы.

Берілген кезең процессуалдық іс-әрекеттердің жиынтығымен сипатталады:

- қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелердің толықтығын, жан-жақтығын, объективтігін тексеру және жүргізілген тергеудің кемшіліктерінің орнын толтыру (ҚР ҚІЖК - нің 117 бабында қарастырылған қылмыстық істің дәлелдеу пәніне жататын қылмыстық іс материалдарын талдау және оларды қылмыстың оқиғасының, мән-жайларын дәлелденгені тұрғысынан жүйелеу).

- жүргізілген тергеудің нәтижелерін ашық баяндау және қылмысты жасағаны немесе жасамағаны туралы, кінәлілігі немесе кінәсіздігі туралы негізделген қорытынды жолымен рәсімдеу.

- статистикалық есеп берудің қажетті құжаттарын шығару (1.1, 2.0, ІАК(Іздестіру ақпараттық карта), МНІАК (Мүліктер мен нәрселерді іздестіру ақпараттық карта).

Тергеудің аяқталуының жалпы шарттары:

- тергеушінің іс бойынша ақиқат анықталды, іс бойынша жиналған дәлелдемелер айыпталушыны сотқа беру үшін және со ісін жүргізуге кедергі келтіретін мән-жайлардың жоқтығына ішкі сенімінің болуы;

- істің барлық материалдары ҚР ҚІЖК-нің нормаларына сәйкес жүйеленген, тігілген және нөмерлеген және барлық қосымшалардың болуы (құжаттар, заттай дәлелдемелер, статистикалық карточкалар, жолдама хаттар);

- тергеу заңымен белгіленген мерзім ішінде жүргізілуі;

- ҚР ҚІЖК-нің 195-бабының талаптарына сәйкес алдын ала тергеу

- айыптау қорытындысын жасау

- қылмыстық істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберу туралы қаулы

- қылмыстық істі қысқару туралы қаулы шығарумен аяқталады.

Анықтама жүргізу аяқталады:

- істі тергеу реті бойынша беру туралы қаулы шығарумен (ҚР ҚІЖК-нің 200 б.)

- алдын ала тергеу органдарымен жүргізілетін алдын ала тергеуді тағайындау (ҚР ҚІЖК-нің 288 б.)

- айыптау хаттамасын құрастырумен (ҚР ҚІЖК-нің 37-тарауы)

-

-

-

128

**Қылмыстық істі қысқарту туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. желтоқсанның 26 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б. Сыздықов №050103061216 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

Қылмыстық іс қозғаудың себебі мен негізі болғаны, 200\_\_ж. қарашаның 25 күні, сағат 12 шамасында Қарағанды қаласы, Кривогуза көшесі 14 үй 2 пәтерден үй есік бұзу арқылы жалпы 56231 теңге сомаға мүліктік зардап келтірген туралы, азамат А.Н.Арысбаевтің арызы.

Тергеу барысында анықталғаны:

200\_\_жылы қарашаның 25 күні сағат 12 шамасында, бұрын бір неше рет сотталған азамат А.П. Коскеев бөтен мүлікті ұрлау мақсатымен, Қарағанды қаласы, Кривогуза көшесі 14 үйде 12 пәтерде тұратын азамат А.Н. Арысбаевтің үйінің есігін монтировкамен бұзу арқылы заңсыз кіріп, оның келесі мүлігін ұрлады:

1. Алтын жүзік – бағасы 3000 теңге
  2. Ер адамның былғары курткасы – бағасы 8000 теңге
  3. Ол куртканың қалтасында болған былғары биялай – 2000 теңге
  4. Ол куртканың қалтасында болған билет автобустікі – бағасыз
  5. Норка жүнінен жасалынған малақай – 9000 теңге
- Жалпы соммасы 22000 теңге.

Сөйтіп, А.П. Коскеев ҚР ҚК 175 б. «б», «в» тармақтарында көрсетілген қылмысты жасады, яғни бөтен мүлікті жасырынып ұрлау, бір неше рет, тұрғын үйге заңсыз кіру мен жасауы. ( і. п. 2- 120)

Жауап алу барысында жәбірленуші А.Н.Арысбаев былай деп мәлімдеді: 200\_\_ж. қарашаның 25 күні сағат 11 сағ.30 мин. ол үйінен дүкенге азық-түлік сатып алуға шығып кетті. 12 сағ. 45 мин. шамасында үйіне қайтып келгенде, есік бұзылу жатқанын, содан кейін пәтерге кіргенде мүліктер орында жоқ екеніне көзі жетті. Соған байланысты, полиция қызметкерлерді шақырды. ( і.п. 3, 4, 12, 13)

Айыпталушы ретінде жауап алу барысында А.П. Коскеев Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодекстің 175 б. 2 бөлімінің «б», «в» тармақтарымен тағылған айыпқа толықша келісіп өзі төмендегіше жауабын берді: 200\_\_ж. 25 күні онда ұрлық жасау ойы туды. Сол мақсатымен, ол

ұрлау жасайтын пәтерді іздеуіне кірісті. Қарағанды қаласы, Кривогуза көшесі, 14 үйінің жанынан өтіп бара жатып, 1 подъезге кірді, бірінші қабатта орналасқан № 2 пәтерге қоңырау соқты, оған ешкім жауап бермеді. Содан кейін, ол өзімен бірге әкелген монтировкамен есікті бұзып пәтерге кірді. Сол кірген соң, мүліктерді ұрлап пәтерден шығып кетті. Ұрлаған мүліктерді өз үйіне әкеліп тығып қойған. ( і.п. 11, 26, 36)

Өзінің кінәсін мойындағаннан басқа айыпталушының кінәсі келесі қылмыстық іс материалдарымен дәлелденеді:

- А.П. Коскеевтің үйінен заттар алу хаттамасы. ( і.п.40)

- заттарды тануға ұсыну туралы хаттама. ( і.п. 43)

- жауапты оқиға болған жерде алу және нақтылау. ( л.п.50)

- А.П. Коскеев пен А.Н.Арысбаевтің арасында жүргізілген беттестіру хаттамасымен. ( і.п. 63)

200\_\_ж. қарашаның 27 күні сезікті А.П. Коскеев ҚР ҚІЖК 132, 134 б.б. талаптарына сәйкес ұсталынды.

200\_\_ж. қарашаның 30 күні бұлтартпау шарасы қамау қолданылды.

Қылмыстық іс материалдарын талдау барысында А.П. Коскеевтің кінәсі толық дәлелденді.

200\_\_ж. желтоқсанның 24 күні абақтының бастығының атынан А.П. Коскеевтің дүние салғаны туралы хабарлама келді. Соған қосымша, сот - медициналық сарапшының қорытындысы бойынша, А.П. Коскеев өмірін өзін-өзі асылып үзді.

Соған байланысты, жоғарыда көрсеткенді негізге ала отырып, ҚР ҚІЖК 202, 269, 37 б.1 б. 11 тармағының талаптарын сақтай отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. №050103061216 қылмыстық істі айыпталушының қайтыс болған себебімен қысқарту.

2. Қолданған бұлтартпау шарасын – қамауға алуды - қолданбау.

3. Заттай дәлелдемелер ретінде танылған заттар жәбірленушіге қайтарылып берілсін.

4. Мүлікті тұтқындауды алып тастау.

5. Қаулының көшірмесін прокурорға жіберу.

Қарағанды қаласының Орталық аудандық

ПБ-нің ТБ –нің тергеушісі

полиция лейтенанты

А.Б. Сыздықов

Анықтама: Көшірме прокурорға 200\_\_ж. желтоқсанның 27 –і күні жолданды. Шығу № 322.

Жәбірленушіге 200\_\_ж. желтоқсанның 27 күні жазбаша түрінде хабарланды. Шығу № 325

**Қылмыстық істі қысқарту туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. желтоқсанның 26 күні

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласының Орталық ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі полиция лейтенанты А.Б.Сағындықов № 050103061216 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. 14 мамырда Қарағанды қаласы, Спортивная көшесі 24 үй орналасқан 12 пәтерден, бейтаныс адамдар терезе бұзу арқылы М.И.Мирзоевтың үйінен 25000 теңге жалпы сомаға мүлік ұрлаған фактісі бойынша ҚР ҚК 175 б. 2 б. «в» тармақшасында көзделген белгілері бойынша № 050103061216 қылмыстық іс қозғалды.

Тергеу жүргізу барысында жауаптылыққа тартылатын адамдар табылмағандығы себебінен 200\_\_ж. 14 шілдеде қылмыстық іс өндірісі тоқтатылды.

200\_\_ж. 10 желтоқсанда Орталық ПБ-нің криминалдық полиция бөлімшесінен, осы қылмысты 1995 ж. 15 маусымда туған Пархат Ганиұлы Медеров және 1996 ж. 15 желтоқсанда туған Арман Болатханұлы Жапаров жасады деген хабар түсті.

Осы хабар негізінде, 200\_\_ж. 11 желтоқсанда тоқтатылған қылмыстық іс жаңғыртылды және тексеру жүргізу барысында анықталды: 200\_\_ж. мамырдың 14 күні сағат 10.00 шамасында П.Г.Медеров пен А.Б.Жапаров Қарағанды қаласы, Спорттық көшесі 24 12 пәтерде тұратын, 1990 ж. туған өзінің танысы П.Г. Медеровқа ақша сұрау мақсатымен келеді. Кейіннен оларға ақша жоқ деп, оларды үйден шығарып жібереді. Үйден шыға берісте, П.Г.Медеров қонақ үйде жиһаздың үстінде тұрған «Sony» маркалы бейнежазу таспаны көреді. Үйден шыққан соң, П.Г.Медеровте сол бейне жазу таспаны ұрлау туралы ойы туады. Сол ойын жүзеге асыру үшін, ол А.В.Жапаровқа ұрлау жасау ұсынады. Кейіннен сол ұсынысқа келіседі. Сөйтіп, екеуі алдын-ала сөз байланысқа еніп, Мирзоевтың үйін аңдуға кірісті. Мирзоевтің отбасы мүшелері үйден кеткеніне көзі жеткен соң, А.Г.Медеров Мирзоев пәтерінің терезесін сындырып үйге кірді. А.Б.Жапаров ол уақытта көшеде тұрып, біреу келе жатса, П.Г.Медеровті алдын - алуға міндетті болатын. А.Г.Медеров М.И. Мирзоевтің үйінен жиһаздың үстінде тұрған, бағасы 17000 теңге, «Sony» маркалы бейнежазу таспаны және оның жанында тұрған бағасы 8000 теңге «Ролингс» маркалы қол сағатты жасырын ұрлады. Содан кейін, терезе арқылы көшеге шығып, А.В.Джапаровпен бірге сол үйдің



подвалына ұрлаған заттарды тығып қойды. Екі күннен кейін олар ұрланған заттарды Қарағанды қаласы, Зональная көшесі 77 үй 112 пәтерде тұратын таныстары Вахид Ибрагимұлы Такировка 10000 теңгеге сатты. (і.п. 56-65)

Жәбірленуші ретінде жауап алу барысында М.И.Мирзоев 200\_\_ж. 14 мамырда сағат 19.00 сағатта үйге келгенде, бейнежазу таспа және сағат жоқтығына, және терезе бұзылып жатқанына көзі жетті. Содан кейін полицияға хабарлады. (і.п. 14 )

Куә ретінде жауап алу барысында А.Г.Медеров былай деп мәлімдеді: 200\_\_ж. 14 мамырда ол А. Б. Жапаровпен бірге ақша сұрау үшін Г.Мирзоевтің үйіне келді. М.И. Мирзоев есік ашып оларды үйге кіргізді, олар қонақ бөлімшеге кіріп отырып әңгімелесті. Сөз сөйлесу барысында А.Г.Медеров жиһазда жатқан бейне таспаға көзі жетті. М.И. Мирзоев ақша жоқ деп оларды үйден шығарды. Үйден шаққан соң ол А.Б.Жапаровқа ұрлық жасау туралы ұсыныс айтты, ол келісті. Содан кейін, олар үйдің бұрышында тұрып, М.И. Мирзоев қашан кеткенін тосып алып, ол пәтерге көше жақтан таяды. Ол пәтер бірінші қабатта орналасқан себептен, П.Г.Медеров терезені бұзып, А.Б.Жапаровқа далада тұр, біреу келе жатса алдын - ала айтасың деп, өзі үйге терезе арқылы кірді. Кірген соң, жиһаздың үстінде жатқан бейнежазу таспаны алды және оның жанында болған қол сағатты алды. Сол заттармен терезеден шығып, А.Б.Жапаровпен бірге подвалға барып заттарды тығып қойды. Содан кейін, екі күн өткен соң, олар заттарды 10000 теңгеге танысы В.И.Такировка сатты. ( і.п. 55 )

Куә ретінде жауап алу барысында А.Б.Жапаров П.Г.Медеровтың сөзін растады. (і.п. 59)

Куә ретінде жауап алу барысында В.И.Такиров П.Г.Медеровтан «Sony» маркалы бейнежазу таспаны және «Ролингс» сағатты сатып алғанын мойындады. ( і.п. 63)

Одан басқа, А.Г.Медеров пен А.Б.Жапаровтың кінәсі істің келесі материалдарымен дәлелденеді:

- В.И.Такировтан заттар алу хаттамасымен ( і.п. 50)
- Тануға ұсыну хаттамамен ( і.п. 51)

А.Г.Медеров пен А.Б.Жапаровтың іс-әрекетінде ҚР ҚК 175 б. 2 б. «б,в» т. бойынша қылмыстық белгілері қаралады, яғни бөтен мүлікті жасырынып ұрлау, алдын-ала сөз байланыс арқылы, тұрғын үйге заңсыз кіру мен жасау.

Бірақ, А.Г.Медеров пен А.Б.Жапаровты қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз болмай отыр, себебі А.Г. Медеров 1995 ж. 15 маусымда, А.Б.Жапаров 1996 ж. 15 желтоқсанда туған, соған байланысты қылмыс жасау уақытында оларға 11 жас толды. ҚР ҚК 15 б. 2 б. сай, А.Г.Медеров және А.Б.Жапаров қылмыс жауаптылық басталатын жасқа келген жоқ.

Жоғарыда көрсеткенді негізге ала отырып, ҚР ҚІЖК 202, 269, 37 б. 10 т. талаптарын басшылыққа ала отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Әрекет жасаған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмаған себептен – қылмыстық істі қысқарту.
2. Қабылдаған шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.
3. Шешім көшірмесін прокурорға жолдауға.

Қарағанды қаласының Орталық аудандық  
ПБ-нің ТБ –нің тергеушісі  
полиция лейтенанты

А.Б. Сыздықов

Анықтама: Көшірме прокурорға 200\_\_ж. желтоқсанның 27 –і күні жолданды. Шығу № 322.

Жәбірленушіге 200\_\_жылы желтоқсанның 27 күні хабарланды. Шығу № 323

А.Г.Медеров пен А.Б.Жапаровтың өкілеттеріне 200\_\_жылы 27 күні жолданды. Шығу № 324, 325

---

---

130

**Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін  
қылмыстық істі сотқа жіберу туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. «\_\_»\_\_\_\_\_

Қарағанды қ.

Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты  
А.А.Абдрасилов № 06256321 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. 5 қараша күні 20 сағат шамасында Б.А.Шамшиев, Қарағанды қаласы Пирогова көшесі № 4 үйде өзінің танысы Б.А.Ганиевпен бірге спирттік ішімдіктер ішуге кіріскен. Содан кейін, Б.А.Шамшиев пен Б.А.Ганиевтың арасында қақтығыс пайда болды. Сол барысында Б.А.Шамшиев Б.А.Ганиевты бетінен қолымен ұрып жерге құлатып, оның денесі бойы аяқпен бір неше рет ұрды. Содан кейін, Б.А.Шамшиев үстелдің үстінен хрустальден жасалынған күлдегішті алып Б.А.Ганиевты басынан бір неше рет ұрды.

Сот - медициналық сарапшының қорытындысы бойынша:«  
Б.А.Ганиевқа келесі зардап келтірілді: сол жақтағы көзінен асты көгерген, оң жақтағы 2-3 қабырғалары сыну, оң жақтағы самай сүйегі сыну, көз көгергені жеңіл жарақат дәрежесіне жатады, қабырғалардың сынуы ОРТАША жарақат дәрежесіне жатады, самай сүйегі сыну ауыр жарақат дәрежесіне жатады».

Сөйтіп, Б.А.Шамшиевтің іс-әрекетінде ҚР ҚК 103 б. 1 б. көзделген қылмыстық белгілері бар яғни адамның өміріне, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру

Б.А.Шамшиевтің қоғамға қауіпті әрекет жасау оқиғасы іс бойынша жиналған келесі дәлелдемелерімен расталады:

- Жәбірленуші Б.А.Ганиев берген жауабында, 200\_\_ж. 5 қараша күні ол Б.А.Шамшиевпен бірге спирттік ішімдік ішуге кіріскен. Содан кейін, Б.А.Шамшиев Б.А.Ганиевқа тиісе бастады, ақыры шыдамай оған қарсы сөздер айтты. Сол себептен олардың арасында қақтығыс пайда болды, соның барысында Б.А.Шамшиев оның бетінен ұрып жіберіп жерге құлатып, дене бойы аяғымен тепкіле бастады, Б.А.Ганиев басын қолымен жауып жатты, содан кейін не болғаны жадында қалған жоқ. ( і.п. 14)

- Куә И.Р.Идрисов берген жауабында, 200\_\_ж. 5 қараша күні ол өзінің көршісі Б.А.Ганиевтің үйінен қатты дауыс шығып жатқанын естіді. Не болды деп, сол үйге барып кірсе, жерде жатқан Гончаровты, оның үстінде отырған Б.А.Шамшиевке көзі жетті. Ақырғының қолында гүлдеуші бар, сонымен Б.А.Ганиевты ұрайын деп тұрғанын көрді. И.Р.Идрисов жүгіріп барып, гүлдеушіні тартып алып, Б.А.Шамшиевтің қолын байлап тастады, содан кейін Б.А.Ганиев ессіз жатқанын көріп, жедел медициналық көмек шақырды. ( і.п. 25)

- Оқиға болған жерді қарау барысында гүлдеушіні алынып, биология сараптаманың қорытындысы бойынша онда Б.А.Шамшиевтің қанының іздері табылды. ( і.п.26)

Алдын-ала тергеу жүргізу барысында, Б.А.Шамшиев Қарағанды облыстық психоневрологиялық диспансерде тіркеуде бар болған себептен, оған сот - психиатриялық сараптама тағайындалды.

200\_\_ж. 26 желтоқсаның күні шыққан № 144 санды сот - психиатриялық сараптамасының қорытындысына сай Б.А.Шамшиев «ұқсас жағдайымен шизофрения нысанындағы тұрақты жүйке күйзеліспен ауырады және қазіргі уақытта алдын-ала тергеу және соттың алдында жауап бере алмайды. Қылмыс жасаған уақытта өз әрекеттеріне есеп беруге және басқаруға кедергі жасалған. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану мұқтажы». (і.п.34)

Сонымен, Б.А.Шамшиев өзінің психикалық күйі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды қажет етті.

Жоғарыда көрсеткенді негізге алып, ҚР ҚІЖК 202, 514 б. талаптарын сақтай отырып,

#### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. ҚР ҚК 103 б.1 б. көзделген қоғамға қауіпті әрекетті жасаған, 1962 жылы 5 желтоқсанда Қарағанды қаласында туылған, қазақ, білімі орташа, ҚР азаматы, бойдақ, уақытша жұмыс істемейді, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Мустафина көшесі 10 үй, 12 пәтер, бұрын сотталмаған Болат Айдынұлы

Шамшиевқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені шешу үшін сотқа жіберуге.

2. Осы қаулының көшірмесін заң өкілетіне беруге.

Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің тергеушісі

полиция лейтенанты

А.Абдрасилов

---

---

131

### Сот отырысына шақыруға жататын адамдардың ТІЗІМІ

1. Болат Айдынұлы Шамшиев - Қарағанды қаласының психоневрологиялық диспансерге орналастырылған.

2. Заң өкілеті – Қарағанды қалалық Кеңес аудандық заң консультациясының адвокаты П.А. Еренов

3. Жәбірленуші – Болат Аманұлы Ганиев – Қарағанды қаласы, Пирогова көшесі 4 үй

4. Куә - Ильдар Рашидұлы Идрисов – Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 14 үй, 6 пәтер

### А Н Ы Қ Т А М А:

1. Қылмыстық іс 200\_\_ж. қарашаның 6 күні қозғалды
2. Б.А.Шамшиев ҚР ҚІЖК 134 б. талаптары бойынша 200\_\_ж. қарашаның 6 күні ұсталынды.
3. Б.А.Шамшиевке бұлтартпау шарасы қолданбаған.
4. Іс бойынша қылмыстық іс өндірісі 200\_\_ж. қарашаның 31 күні аяқталды.
5. Заттай дәлелдеме – гүлдеуіш қылмыстық іске тіркелген.
6. Процессуалдық шағымдар жоқ.

Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің тергеушісі

полиция лейтенанты

А.Абдрасилов

---

---

132

Қарағанды қалалық Киров аудандық  
прокуроры әділет кеңесшісі

И.А.Сабыровқа

Көшірмесі \_\_\_\_\_ -  
Қарағанды облыстық әділет  
басқармасы АҚ-159\1 мекеменің  
бастығы әділет майоры  
Т.Т. Тастановқа

Осымен қатар, ҚР ҚІЖК 280 б. талаптарына сай, зерделеу және айыпталушыны сотқа беру үшін, Сізге Сержан Иманұлы Барғановты ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» тармақшасы көзделген қылмысты жасауда айыптау бойынша № 06256123 қылмыстық істі жолдап отырмыз.

Осы күннен бастап қамауға алынған С.И. Барғанов Сіздерде болып саналады.

Қосымша; 1 томдағы, 210 парақтағы № 06256123 қылмыстық іс, С.И.Барғановтың жеке куәлігі.

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің тергеушісі  
полиция лейтенанты А.А.Әбішев

---

**133**

Шығу № 123

Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 45 үй  
56 пәтер тұрғыны азаматша  
С.И.Смаиловаға

ҚР ҚІЖК 273 б. сай, ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыстық белгілері бойынша С.М.Мырзабаевті № 0612356 қылмыстық іс бойынша айыптау бойынша тергеудің аяқталғаны туралы және іс материалдарымен танысу және өтініш айту құқықтары бар туралы хабарлаймын.

Қылмыстық іс материалдарымен танысу 200\_\_ж. 15 наурызда Киров ПБ-нің жаясында 15.00 сағатта басталатын хабарлаймын.

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің  
тергеушісі: Е.М.Мырзаханов

Құқықтары түсіндірілді, қылмыстық іс материалдарымен толық ретінде танысуға тілек білдіремін. С.И. Смаилова

---

**134**

**Жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге  
немесе олардың өкілеттеріне қылмыстық іс материалдарымен  
таныстырылғаны туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. « 15 » наурыз

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Е.П.Мырзаханов ҚР ҚК 179 б. 1 б. «а» тармақшасында көзделген қылмыстық белгілері бойынша Сержан Иманұлы Мырзабаевті, № 0623156 қылмыстық іс бойынша айыптау туралы алдын-ала тергеу жүргізуі аяқталды деп тауып, жәбірленуші С.И. Смаилованың ауызша арызына байланысты, Қарағанды қаласы, Киров ПБ-нің жаясында, ҚР ҚІЖК 203, 273, 274 талаптарын сақтай отырып, оған тігілген және нөмірленген түрде 1 томда 65 парақта қылмыстық іс материалдары берілді.

Жәбірленуші С.И. Смаилова қылмыстық іс материалдарымен жеке оқып шығып танысты.

Іс материалдарымен танысу 200\_\_ж. 15 наурызда 15.00 сағатта басталып 200\_\_ж. 15 наурызда 16.00 сағатта аяқталды.

Қылмыстық іс материалдарымен танысып болған соң, онда өтініштер немесе арыздар бар ма деген сұраққа былай деп жауап берді:

Қылмыстық іс материалдарымен толық танысып шықтым, арыздар, өтініштер жоқ.

\_\_\_\_\_С.И. Смаилова

Хаттама тергеушімен дауыстап оқылып шықты, дұрыс жазылды.

\_\_\_\_\_С.И. Смаилова

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің  
тергеушісі:

Е.П.Мырзаханов

---

135

Қарағанды қаласы, Октябрь аудандық  
заң кеңесінің мүшесі

А.Р.Артықбаевка

ҚР ҚІЖК 273 б. сай, ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыстық белгілері бойынша С.М.Мырзабаевті № 0612356 қылмыстық іс бойынша

айыптау бойынша тергеудің аяқталғаны туралы және іс материалдарымен танысу және өтініш айту құқықтары бар екендігі туралы хабарлаймын.

Қылмыстық іс материалдарымен танысу 200\_\_ж. 16 наурызда тергеу изолятор жаясында 15.00 сағатта басталатынын хабарлаймын.

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің  
тергеушісі:

Е.М.Мырзаханов

---

136

1 нұсқа

**Айыпталушыға тергеу іс-әрекетінің аяқталғаны туралы  
хабарлағаны және оған құқықтары түсіндірілгені туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. 16 наурыз

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Е.М.Мырзаханов ҚР ҚІЖК 203, 273 б. талаптарын сақтай отырып, іс бойынша барлық тергеу іс-әрекеті орындалды, ал жиналған дәлелдер айыптау қорытындысын жасау үшін жеткілікті деп танылғаннан кейін ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыстық белгілері бойынша айыпталушы Сержан Мұхтарұлы Мырзабаевқа ол туралы хабарлады.

Сонымен қатар оған істің барлық материалдарымен жеке өзінің де, қорғаушысының көмегімен де танысу, сондай-ақ алдын-ала тергеуді толықтыру немесе іс бойынша басқа шешімдер қабылдау туралы өтініш айту, танысуға, сонымен қатар айғақ заттар ұсыну және айыпталушы немесе оның қорғаушысының өтініші бойынша, егер тергеу іс-әрекетінің хаттамаларына қоса тіркелген болса, фонограммалар тыңдалып, бейнежазбалар мен кинофильмдер көрсетіліп айыпталушының немесе оның қорғаушысының өтініші бойынша олар іс материалдарымен бірге немесе жеке-жеке таныса алуға болатын, айыпталушы мен қорғаушы іс материалдарымен танысу процесінде, егер ол бірнеше томнан тұрса, олардың кез келгенін қайта қарауға, сондай-ақ, кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, құжаттардың көшірмесін түсіріп алуға, соның ішінде техникалық құралдардың көмегімен түсіріп алуға құқылы екені түсіндірілді

Құқықтар маған түсіндірілді, қылмыстық іс материалдарымен танысудан бас тартпаймын, жеке танысамын, танысу барысында

қорғаушының қажеттілігі жоқ, себебі өзімді өзім қорғай аламын, бұл арыз менің материалдық жағдайыммен байланысты емес.

Қолы: \_\_\_\_\_ С.М. Мырзабаев

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің  
тергеушісі:

Е.М.Мырзаханов

---

137

**Айыпталушыға тергеу іс-әрекетінің аяқталғаны туралы  
хабарлағаны және оған құқықтары түсіндірілгені туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. 16 наурыз

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Е.М.Мырзаханов ҚР ҚІЖК 203, 273 б. талаптарын сақтай отырып, іс бойынша барлық тергеу іс-әрекеті орындалды, ал жиналған дәлелдер айыптау қорытындысын жасау үшін жеткілікті деп танылғаннан кейін ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыстық белгілері бойынша айыпталушы Сержан Мұхтарұлы Мырзабаевқа ол туралы хабарлады.

Сонымен қатар оған істің барлық материалдарымен жеке өзінің де, қорғаушысының көмегімен де танысу, сондай-ақ алдын-ала тергеуді толықтыру немесе іс бойынша басқа шешімдер қабылдау туралы өтініш айту, танысуға, сонымен қатар айғақ заттар ұсыну және айыпталушы немесе оның қорғаушысының өтініші бойынша, егер тергеу іс-әрекетінің хаттамаларына қоса тіркелген болса, фонограммалар тыңдалып, бейнежазбалар мен кинофильмдер көрсетіліп, айыпталушының немесе оның қорғаушысының өтініші бойынша олар іс материалдарымен бірге немесе жеке-жеке таныса алуға болатын, айыпталушы мен қорғаушы іс материалдарымен танысу процесінде, егер ол бірнеше томнан тұрса, олардың кез келгенін қайта қарауға, сондай-ақ, кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, құжаттардың көшірмесін түсіріп алуға, соның ішінде техникалық құралдардың көмегімен түсіріп алуға құқылы екені түсіндірілді

Құқықтары түсіндірілді, айыпталушы ретінде С.М.Мырзабаев қылмыстық іс - материалдарымен танысудан бас тартты, себебі өзін өзі кінәлі деп санамайды.

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің



тергеушісі:

Е.М.Мырзаханов

---

---

138

1 нұсқа.

**Айыпталушының қылмыстық іс материалдарымен  
таныстырылғаны туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. 16 наурыз

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Е.М.Мырзаханов ҚР ҚІЖК 203, 275, 277 б. талаптарын сақтай отырып, ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» көзделген қылмыстық белгілері бойынша айыпталушы Сержан Мұхтарұлы Мырзабаевқа тергеу изоляторы жаясында танысу үшін 1 томда 56 парақта, тігілген, нөмірленген түрде № 02645623 қылмыстық іс материалдарын танысуға ұсынды.

Айыпталушы С.М.Мырзабаев қылмыстық іс материалдарымен жеке оқу жолымен танысты. Танысып шыққан соң былай деп арызданды

Қылмыстық іс материалдарын толық оқып шықтым. Арыздар мен өтініштер жоқ.

Қолы: \_\_\_\_\_ С.М. Мырзабаев

Танысу 200\_\_ж. 16 наурызда 15.00 сағатта басталды, 200\_\_ж. 16 наурызда 17.00 сағатта аяқталды.

Хаттама дауыстап оқылды, өзгертулер мен толықтырулар жоқ.

\_\_\_\_\_ С.М. Мырзабаев

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің  
тергеушісі тергеуші:

Е.М.Мырзаханов

---

---

139

2 нұсқа.

**Айыпталушыға тергеу іс-әрекетінің аяқталғаны туралы**

**хабарлағаны, оны және оның қорғаушысының қылмыстық іс  
материалдарымен таныстырылғаны туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. 16 наурыз

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Е.М.Мырзаханов ҚР ҚІЖК 203, 273 б. талаптарын сақтай отырып, іс бойынша барлық тергеу іс-әрекеті орындалды, ал жиналған дәлелдер айыптау қорытындысын жасау үшін жеткілікті деп танылғаннан кейін ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыстық белгілері бойынша айыпталушы Сержан Мұхтарұлы Мырзабаевқа ол туралы хабарлады.

Сонымен қатар оған істің барлық материалдарымен жеке өзінің де, қорғаушысының көмегімен де танысу, сондай-ақ алдын-ала тергеуді толықтыру немесе іс бойынша басқа шешімдер қабылдау туралы өтініш айту құқығы түсіндірілді

Айыпталушы С.М.Мырзабаев ол істің барлық материалдарымен қорғаушы көмегімен танысуға тілек білдірді.

\_\_\_\_\_ С.М. Мырзабаев

Содан кейін айыпталушы С.М.Мырзабаевқа және № 656 ордер ұсынған қорғаушы А.М.Шермуметовке танысу үшін тігілген, нөмірленген түрде 1 томдық, 78 парақта қылмыстық іс берілді.

Қылмыстық іс материалдарымен айыпталушы С.М.Мырзабаев және қорғаушысы А.М.Шермуметов бірлесіп танысты.

Қылмыстық іс материалдарымен танысу 200\_\_ж. 16 наурызда 15.00 сағатта басталып

200\_\_ж. 16 наурызда 17.00 сағатта аяқталды.

Қылмыстық іс материалдарымен танысып болған соң, тергеуді толтыруға өтініштер бар ма, бар болса нақты немен толтыруға деген сұраққа айыпталушы С.М.Мырзабаев былай деп арызданды:

Қылмыстық іс материалдарымен толық таныстым, арыздар мен өтініштер жоқ. Қолы: С.М. Мырзабаев

Қорғаушы А.М.Шермуметова жағынан іс бойынша арыздар мен өтініштер жоқ.

Қорғаушы

А.М.Шермуметова

Хаттама тергеушімен оқылып шықты, дұрыс жазылды.

Айыпталушы:

С.М.Мырзабаев

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің

тергеушісі тергеуші:

Е.М.Мырзаханов

**Айыпталушыға тергеу іс-әрекетінің аяқталғаны туралы хабарлағаны, оны және оның қорғаушысының қылмыстық іс материалдарымен таныстырылғаны туралы**

### **Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. 16 наурыз

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Е.М.Мырзаханов ҚР ҚІЖК 203, 273 б. талаптарын сақтай отырып, іс бойынша барлық тергеу іс-әрекеті орындалды, ал жиналған дәлелдер айыптау қорытындысын жасау үшін жеткілікті деп танылғаннан кейін ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыстық белгілері бойынша айыпталушы Сержан Мұхтарұлы Мырзабаевқа ол туралы хабарлады.

Сонымен қатар оған істің барлық материалдарымен жеке өзінің де, қорғаушысының көмегімен де танысу, сондай-ақ алдын-ала тергеуді толықтыру немесе іс бойынша басқа шешімдер қабылдау туралы өтініш айту құқығы түсіндірілді

Айыпталушы С.М. Мырзабаев ол істің барлық материалдарымен жеке өзінің танысуға тілек білдірді.

\_\_\_\_\_ С.М. Мырзабаев

Содан кейін айыпталушы С.М.Мырзабаевқа танысу үшін тігілген, нөмірленген түрде 1 томдық, 78 парақта қылмыстық іс берілді.

Қылмыстық іс материалдарымен айыпталушы С.М. Мырзабаев жеке оқу жолымен танысты.

Қылмыстық іс материалдарымен танысу 200\_\_ж. 16 наурызда 15.00 сағатта басталып

200\_\_ж. 16 наурызда 17.00 сағатта аяқталды.

Қылмыстық іс материалдарымен танысып болған соң, тергеуді толтыруға өтініштер бар ма, бар болса нақты немен толтыруға деген сұраққа айыпталушы С.М.Мырзабаев былай деп арызданды:

Қылмыстық іс материалдарымен толық таныстым, арыздар мен өтініштер жоқ.

Хаттама тергеушімен оқылып шықты, дұрыс жазылды.

Айыпталушы:

С.М.Мырзабаев

141

4 нұсқа

**Айыпталушыға тергеу іс-әрекетінің аяқталғаны туралы  
хабарлағаны, оны және оның қорғаушысының қылмыстық іс  
материалдарымен таныстырылғаны туралы  
Х А Т Т А М А**

200\_\_ж. 16 наурыз

Қарағанды қ.

Басталуы 11 сағ. 00 мин.

Аяқталуы 11 сағ. 40 мин.

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты Е.М.Мырзаханов ҚР ҚІЖК 203, 273 б. талаптарын сақтай отырып, іс бойынша барлық тергеу іс-әрекеті орындалды, ал жиналған дәлелдер айыптау қорытындысын жасау үшін жеткілікті деп танылғаннан кейін ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыстық белгілері бойынша айыпталушы Сержан Мұхтарұлы Мырзабаевқа ол туралы хабарлады.

Сонымен қатар ҚР ҚІЖК 273, 275 б. талаптарына сәйкес, оған істің барлық материалдарымен жеке өзінің де, қорғаушысының көмегімен де танысу, сондай-ақ алдын-ала тергеуді толықтыру немесе іс бойынша басқа шешімдер қабылдау туралы өтініш айту, танысуға, сонымен қатар айғақ заттар ұсыну және айыпталушы немесе оның қорғаушысының өтініші бойынша, егер тергеу іс-әрекетінің хаттамаларына қоса тіркелген болса, фонограммалар тыңдалып, бейнежазбалар мен кинофильмдер көрсетіліп, айыпталушының немесе оның қорғаушысының өтініші бойынша олар іс материалдарымен бірге немесе жеке-жеке таныса алуға болатын, айыпталушы мен қорғаушы іс материалдарымен танысу процесінде, егер ол бірнеше томнан тұрса, олардың кез келгенін қайта қарауға, сондай-ақ, кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, құжаттардың көшірмесін түсіріп алуға, соның ішінде техникалық құралдардың көмегімен түсіріп алуға құқылы екені түсіндірілді

Айыпталушы:

С.М. Мырзабаев

Айыпталушы С.М.Мырзабаев ол істің барлық материалдарымен қорғаушы танысуға тілек білдірді.

\_\_\_\_\_ С.М. Мырзабаев

Содан кейін айыпталушы С.М.Мырзабаевқа танысу үшін тігілген, нөмірленген түрде 1 томдық, 78 парақта қылмыстық іс берілді.

Қылмыстық іс материалдарымен айыпталушы С.М.Мырзабаев жеке оқу жолымен танысты.

Қылмыстық іс материалдарымен танысу 200\_\_ж. 16 наурызда 15.00 сағатта басталып

200\_\_ж. 16 наурызда 17.00 сағатта аяқталды.

Қылмыстық іс материалдарымен танысып болған соң, тергеуді толтыруға өтініштер бар ма, бар болса нақты немен толтыруға деген сұраққа айыпталушы С.М.Мырзабаев былай деп арызданды:

Қылмыстық іс материалдарымен толық таныстым, арыздар мен өтініштер жоқ. С.М. Мырзабаев

Хаттама тергеушімен оқылып шықты, дұрыс жазылды.

Айыпталушы: С.М.Мырзабаев

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің

тергеушісі:

Е.М.Мырзаханов

---

---

142

БЕКІТЕМІН

Қарағанды қаласы Киров аудандық  
прокуроры 1 сынып заңгері

А.Р. Жомартов

200\_\_ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

**Іс материалдарымен танысуға жеткілікті белгілі бір мерзімді  
белгілеу туралы  
Қ А У Л Ы**

200\_\_ж. 15 наурыз

Қарағанды қ.

Қарағанды қаласы Киров ПБ-нің тергеушісі полиция лейтенанты  
Е.М.Мырзағұлов № 06256231 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

200\_\_ж. 6 наурызда ҚР ҚК 179 б. 2 б. «а» т. көзделген қылмыстық белгілері бойынша айыпталушы Е.М.Мырзабаевқа және оның қорғаушы Р.П.Сағындықовқа танысу үшін 1 томда 65 парақта, тігілген, нөмірленген түрде № 0625231 қылмыстық іс материалдары танысуға ұсынылды.

Сол күннен бастап, айыпталушы және оның қорғаушысы 20 парақпен танысты, содан кейін олар материалдармен танысуды қасақана созу бастады.

Мысалы, 8 наурыз күнінен 10 наурызға дейін олар тек қана 5 парақпен танысты, 11, 12, наурызда олар тек қана 2 парақпен танысты.

Жоғарыда көрсеткенді негізге ала отырып, ҚР ҚІЖК 275 б. талаптарын сақтай отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Айыпталушы Е.М.Мырзабаевқа және оның қорғаушысы Р.П. Сағындықовқа іс материалдарымен танысуға 3 күн, яғни 200\_\_жылы 20 наурызға дейінгі мерзімді белгілеуге.

2. Осы шешім туралы мүдделі адамдарға хабарлауға.

3. Қаулының көшірмесін аудандық прокурорға жолдауға.

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің  
тергеушісі:

Е.М.Мырзағұлов

Таныстым: айыпталушы:  
Қорғаушы:

Е.М.Мырзабаев  
Р.П.Сағындықов

*Қылмыстық іс материалдарымен танысу кестесі*

№ реті	Күні	Қандай материалдармен танысуға қажетті	Орындау туралы белгі
1.	17.03 12.00- 17-00.	1.Зат алу туралы қаулы 2.Зат алу хаттамасы 3.Зат қарау хаттамасы 4. заттай дәлелдеме ретінде тануға қаулы 5. Куә Роговтан жауап алу хаттамасы 6. Беттестіру хаттамасы.	Орындалды Айыпталушы: қолы Қорғаушы: қолы

Қарағанды қаласа Киров ПБ-нің  
тергеушісі:

Е.М.Мырзаханов

*Тергеуді аяқтаудың процессуалдық актілерінің үлгілерін дайындау барысындағы жіберілетін кейбір типтік қателіктер*

Типтік қателіктер	Пайда болу себептері	Мүмкін болатын салдар
1. Айыптау хаттамасының	Тергеудің қорытындыда құжаттарын	Қылмыстың жасалуының жалпы

сипаттамалық бөлігі айыпталушылардың әрекеттері қылмысқа қатысудың дәрежесіне сәйкес және жауапқа тартылатын адамдардың санын ескермей құрастырылады	құрастырған кезде шығармашылықтың болмауы	суретін қабылдаудың қиындауы
2. Дәлелдемелерді талдауды олардың қайнар көздерімен ауыстыру, оларды жүйелемей, бейтарап түрде баяндау.	Теорияны дұрыс білмеуі	Қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелерді дұрыс емес бағалау
3. Ешқандай мәні жоқ ұрандарды орынсыз қолдану, кейбір дәлелдемелерге сыни қатынастың болмауы.	Тұрақты штамптар мен баяндауларды орынсыз қолдану	Қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелерді дұрыс емес бағалау
4. Қылмыстық іс материалдарымен таныстыру туралы хаттамасын құрастырған кезде танысуға ұсынылатын құжаттардың тізімі берілмеуі.	Қылмыстық іс материалдарының тізімінің маңызын түсінбеу (ҚР ҚІЖК - нің 116 б. 3 б.)	Мүдделі адамдардың айтуы бойынша қылмыстық іс материалдарымен танысу кезінде оларға танысу үшін ұсынылмаған қайнар көздерді сотпен дәлелдемелер жүйесінен алынуы
5. Айыптау хаттамасы міндетті реквизиттерді қамтымайды (мекеменің елтаңбалық мөрі, резолюцияның астында анықтама органы бастығының қолының болмауы, танысуға ұсынылатын материалдардың саны)	Тергеу құжаттарын құрастыруға деген формальды көз қарастың болуы	Құжаттардың заңды күшіне ие еместігін мойындау
6. Жеке бағалаудың, тергеушінің аралық қорытындыларының жоқтығы	Формальды түрде қарау	Қорытындыда шешім өзінің сенімділігін жоғалтуы

## **9. ТЕРГЕУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ УӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАРЫ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕ ЕТУДІҢ ПРОЦЕССУАЛДЫҚ АКТІЛЕРІ**

ҚР заңнамасына сәйкес және бекітілген халықаралық шарттарға, келісімдерге, конвенцияларына сәйкес қылмыстық іс жүргізуші органдар шетел құқық қорғау органдарының бекітілген тәртіпке сәйкес берген өтініштерін орындап, өзге де құқықтық көмек көрсетпей, өздері де шетел мекемелеріне өтініштер мен тапсырмалар бере алады. Мысалы, жәбірленушілерден, куәлардан, сарапшылардан жауап алу, заттай дәлелдемелерді алу, беру және жөнелту т.б.

Құқықтық көмек көрсету кезінде келісімге түсетін жақтардың уәкілетті әділет мекемелері бір-бірімен орталық, аймақтық және басқа да органдармен процессуалдық әрекеттерді жүргізу, сот арқылы жүзеге асырылатын прокурордың санкциясын қажет ететін іздестіру шараларын жүргізу бойынша тапсырмаларын орындау бойынша сұрақтарын шешеді.

---

---

*Шетел мемлекеттерінің уәкілетті органдары мен лауазымды тұлғаларымен өзара әреке етудің процессуалдық актілерінің үлгілері*

**143**

Қазақстан Республикасы ІІМ  
Қарағанды облыстық ІІД  
Қарағанды қалалық Киров ПБ-і

---

Ресей Федерациясы ІІМ  
Омбы ПБ-ның бастығына  
Омбы қаласы, Пирогова көшесі 32

**Басқа мемлекеттің аумағында іс жүргізу және өзге де іс-әрекеттерді орындау жөнінде құқықтық көмек көрсету туралы**

### **Қ А У Л Ы**

Қарағанды қалалық Киров ПБ-нің тергеу бөлімінде Сержан Батырханұлы Дарибаев азаматқа қатысты ҚР ҚК 179 б. 2 б. «г» көзделген қылмыстың белгілері бойынша қозғалған № 062312545 қылмыстық іс тергелуде.

Тергеу жүргізу барысында Омбы қаласы, Невского көшесі 32 үйде тұратын Павел Иванұлы Задорновтан зат алу және жауап алу тергеулік әрекеттерін жүргізу қажетті болды.



Өздеріне қатысты тапсырма жасалып отырған адамның мәліметі: Ресей Федерацияның азаматы, уақытша жұмыс істемейді, мекен-жайы: Омбы қаласы, Невского көшесі 32 Павел Иванұлы Задорнов

Жоғарыда сипатталғанды негізге ала, азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық қарым-қатынастар және құқықтық көмек көрсету туралы Кишинев Конвенциясың және Қазақстан Республикасының ҚІЖК 523,524 б. талаптарын басшылыққа ала отырып, келесі тергеулік әрекеттерді орындауын

#### СҰРАЙМЫН:

1.Павел Иванұлы Задорновтан жауап алу, жауап алу барысында оған келесі сауалдар қою:

- Сержан Батырханұлы Дарибаевпен қай уақыттан бастап таныс, қарым қатынастары қандай, аралаларында қақтығыстар пайда болды ма, болса қандай себептен?

- 200\_\_ж. қандай айында Қарағанды қалаға келді, келу мақсаты, кімге келді, қай жерде тоқталды

С.Б.Дарибаевпен қай күні кездесті, қай жерде, кездесудің себебі?

- С.Б.Дарибаев оған қандай заттар сатты, олардың түрі, ерекше белгілері, сату құндылығы?

- Ол сатып алған заттар қазіргі уақытта қай жерде?

- С.Б.Дарибаев сату барысында ол заттар оған пайда болған жолын айтты ма?

- П.И.Задорнов сатып алу уақытында ол заттар ұрланған екенін білді ме?

3. П.И.Задорновтан келесі заттар алу жүргізу: жылан тәрізді оймақ бар әйел адамның алтын білезік – 1 дана, алтын алқа – 1 дана, қазақ ұлттық оймақ бар алтын сырға – 2 дана.

Жасалған қылмыстың іс жүзіндегі мән-жайлар: 200\_\_ж. қарашаның 25 күні 20.00 сағатта Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі 2 үйдің жанында С.Б.Дарибаев азаматша С.Н.Николаеваны кездестіріп, оны пышақпен қорқытып, қарақшылық шабуыл жасап оның жеке мүлігімен иемденді

С. Б.Дарибаевтің іс-әрекеті ҚР ҚК 179 б.2б. «г» көзделінген қылмыстық белгілері бойынша сараланған – қарақшылық, яғни бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен, қару заттарды қолданумен жасалған шабуыл

Қарағанды қалалық Киров аудандық ПБ-нің тергеушісі

полиция лейтенанты

С.Г.Қазығуртов

Ескертпе: тиісті бланкте жасалынып, мөр қойылады

Қазақстан Республикасы Бас  
прокуроры 1-ші класты мемлекеттік  
әділет кеңесшісі

А.А.Қадыровка

**Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасап,  
оның аумағынан кетіп қалған адамды ұстап беру туралы  
Қ А У Л Ы**

Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министірлігі Қарағанды қалалық ІІД-нің Киров аудандық полиция бөлімі тергеу бөлімшесінің өндірісінде азамат Пархат Ганиұлы Мақашевті өлтіру фактісі бойынша № 06123456 қылмыстық іс бар.

Осы қылмыс бойынша 1978 жылы туылған, Қазақстан Республикасының азаматы, бойы 1 м.70 см., дидардың түрі азияттық, көзі жасыл, шашы қара, ерекше белгілері: бетінің оң жағында, көзінің астында мең бар (фотосурет тіркелінген) Ерлан Маратұлы Аманбаев айыпталады.

200\_\_ж. қарашаның 12 күні 20.00 сағат шамасында, Е.М.Аманбаев Қарағанды қаласы Зелинского көшесі 12 үй 45 пәтерде, П.Г.Мақашевпен бірге спирттік ішімдік пайдалануға кіріскен. Содан кейін, Е.М. Аманбаевпен П.Г.Мақашевтің арасында қақтығыс пайда болды. Қақтығыс барысында, бұлардың арасында төбелеске ұласты, соның барысында Е.М.Аманбаев қалтасынан пышақ алып шығып, П.Г.Малқашевтің кеудесінен екі рет ұрған. Келтірілген жарақат нәтижесінде П.Г.Мақашев сол жерде көз жұмды. Қылмыс жасаған соң, Е.М.Аманбаев тергеу органдарынан бой тасалады, іздестіру барысында ол Ресей Федерациясы, Омск қаласында ұсталынды.

Сөйтіп, Е.М.Аманбаевтың іс әрекетінде ҚР ҚК 96 б. 1 б. көзделген қылмыс жасады, яғни кісі өлтіру, яғни басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру – алты жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады

Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы Қарағанды қаласында, 200\_\_ж. қарашанның 30 күні шығарылды.

Тіркеме:

1. Е.М.Аманбаевты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулының көшірмесі.

2. Е.М.Аманбаевты қамауға алу туралы бұлтартпау шарасы қолдану туралы қаулының көшірмесі

3. Е.М.Аманбаевтың Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын ол 199 – 200\_\_жылдарының ағымында басқа мемлекеттерге кету және азаматтығын қабылдау туралы арызданған жоғы туралы Қарағанды облыстық ІІД-нің Көші - қон басқармасының 200\_\_жылы 25 қаңтарда берілген анықтама.

4. Қарағанды қаласы, Киров аудандық прокурордың ұстап беру туралы өтініштің заңдылығы мен негіздігі туралы қорытынды

Қазақстан Республикасы

ІІМ Қарағанды облыстық ІІД-нің бастығы

полиция генерал-майоры

А.А.Жақыпбаев

---

---

*Шетел мемлекеттерінің уәкілетті органдары мен лауазымды тұлғаларымен өзара әрекеттесудің процессуалдық актілерінің үлгілерін толтыру барысында типтік қателіктер*

Типтік қателіктер	Пайда болу себептері	Мүмкін болатын зардаптар
Тапсырма формальды сипатқа ие және оның сапалы орындалуына байланысты ешқандай нақты ұсыныстарды қамтымайды.	Орындау үшін ұсынылатын мәліметтердің маңыздылығын қажетті көлемде түсінбеу	Тапсырманың өз мақсатына жетпеуі және оның орындалуының сапасыздығы.

---

---

## Қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің  
2006 жылғы "06" шілдедегі  
№ 543 бұйрығы

### **Ішкі істер органдары тергеу аппаратының қызметін ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ**

#### 1. Жалпы ережелер

1. Ішкі істер органдарының тергеу аппараты аумақтық, көліктік және арнайы ішкі істер органдарындағы тергеу бөлімшелерінің жүйесін құрайды, оларда Тергеу басқармалары, бөлімдер, бөлімшелер, топтар құрылады.

2. Тергеу аппараты:

1) қылмыстарды төз, толық және объективті түрде ашу мен тергеу, қылмыс жасауда кінәлі адамдарды қылмыстық жауапқа тарту;

2) қылмыс жасау арқылы азаматтарға, мекемелерге, ұйымдарға, кәсіпорындарға келтірілген материалдық және моральдық зиянды меншік нысанына қарамастан орнын толтыруды қамтамасыз етуге дер көзінде шаралар қолдану;

3) қылмыс жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау және оларды жою, қоғам мүдделерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында өз қызметін заңдылықты өте қатаң түрде сақтау негізінде жүзеге асырады.

3. Ішкі істер органдары тергеу аппаратының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі мен Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі Қазақстан Республикасының ҚК және ҚІЖК) нормаларымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзгеде нормативтік кесімдерімен, Қазақстан Республикасы Ішкі іс министрінің бұйрықтарымен және нұсқауларымен реттеледі.

Ішкі істер органдарының тергеу аппараты нақты қылмыстық істерді тергеу жөніндегі өз қызметінің еліміздің қылмыстық-іс жүргізу заңнамасының талаптарын басшылыққа алады. Прокурор санкциясын немесе сот шешімін алу заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеудің бағыты және тергеу іс-қимылдарын жүргізу туралы барлық шешімдерді тергеуші дербес қабылдайды және ол үшін толық жауапкершілікте болады.

4. Тергеу аппаратының қызметін бақылауды тек қана ішкі істер органының бастығы және оның тергеу жөніндегі орынбасары, сондай-ақ Ішкі іс министрінің Тергеу департаментінің бастығы, Тергеу департаменті Тергеу басқармаларының, тергеу басқармаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің басшылары жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының басқа қызметтерінің басшылары мен қызметкерлеріне тергеушінің іс жүргізу қызметіне араласуға, іс жүргізу шешімдеріне нұсқаулар мен баға беруге тыйым салынады. Тергеушінің қызметіне заңсыз араласу заңнамада белгіленген тәртіппен жауапкершілікке әкеліп соғады.

5. Жедел жағдай мен штаттық мүмкіндіктер ескеріле отырып, тергеушілер белгілі бір учаскелерге бекітілуі немесе қылмыстың жекелеген түрлерін тергеуге мамандандырылуы мүмкін.

6. Әрбір тергеушінің және тергеу бөлімшелерінің жұмысына баға беру жалпы мынадай негізгі көрсеткіштер:

1) тергеумен, оның ішінде сотқа жіберумен аяқталған қылмыстық істердің саны және тергеудің сапасы (қылмыстық жауапқа заңсыз тарту, ақтау үкімін шығару, істі қосымша тергеуге қайтару);

2) ҚІЖК белгілеген тергеу мен қамауда ұстаудың мерзімдерін сақтай отырып, тергеуі аяқталған қылмыстық істердің саны;

3) біртергеушіге жүктелетін тергеуі аяқталған қылмыстық істердің саны бойынша жүргізіледі.

Тергеушінің және тергеу бөлімшелерінің жұмысына Республикадағы жедел жағдайдың өзгеруіне байланысты маңыздылығын реттеу туралы ережеде Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Тергеу департаментінің тергеу басқармасы айқындайтын тергеу жұмысының басқа да көрсеткіштері бойынша баға беріледі.

7. Тергеушілерді қылмыстық істерді тергеуге байланысты емес міндеттерді орындауға тартуға тыйым салынады.

8. Тергеу қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін атқару кезінде азаматтық киім киюге, табельдік қару мен арнайы құралдарды алып жүруге рұқсат беріледі.

## **2. Қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарындағы тергеу бөлімшелерінің (тергеушілердің) жұмысын ұйымдастыру**

9. Қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарындағы тергеу жұмысын осы органдардың бастықтары мен тергеу бөлімшелерінің басшылары ұйымдастырады.

10. Тергеу бөлімшелерінің қызметі жедел жағдайды және Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің талаптарын ескере отырып, әзірленген жартыжылдық және тоқсандық жұмыс жоспарларының негізінде жүзеге асырылады.

11. Жоспарларда міндетті түрде мыналар:

1) ішкі істер органының жоспарында - қылмыстар туралы хабарлар бойынша дер кезінде назар аударуға, оқиға болған жерлерге жедел-тергеу топтарының төз арада шығуын қамтамасыз етуге, тергеу бөлімшесінің басқа қызметтермен өзара іс-қимылын нығайтуға, жедел-криминалистикалық ұйымдастырушылық және өзгеде техникамен қамтамасыз етуге, тергеушілердің өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындауы үшін тиісті еңбек жағдайларын жасауға бағытталған кешенді іс-шаралар;

2) тергеу бөлімшесінің жоспарында - тергеушілердің жұмысын ұйымдастыруды жақсартуға, ведомстволық бақылаудың деңгейін арттыруға бағытталған (қажет болған жағдайларда басқа қызметтермен келісілген) нақты іс-шаралар; қылмыстарды тергеу әдістемесі мен тергеу іс-қимылдарын жүргізудің тактикасын жетілдіру, оларға практикалық көмек көрсету, жұмыстың оң тәжірибесін, қазіргі заманғы ғылыми әдістерді тарату мен енгізу, тергеушілердің кәсіби даярлығын арттыру жөніндегі іс-шаралар көзделеді.

12. Қалалық аудандық желілік ішкі істер органдарының бастықтары тергеу бөлімшелерінің басшыларымен қатар тергеу жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы және қылмыстың алдын алу, оларды ашу мен тергеу және жасырынған қылмыскерлерді іздестіру жөнінде тергеушілердің ішкі істер органдарының басқа да қызметтерімен өзара іс-қимыл жасауы үшін толық жауапты болады. Осы мақсаттарда оларға:

1) тергеу бөлімшесінің кестесін белгілеу, қызметтік-әскери тәртіптің сақталуын талап ету, тергеушілерді көтермелеу;

2) тергеушілерді жедел-тергеу тобының құрамында заңмен олардың құзырына жатқызылған қылмыстар туралы хабарлар бойынша оқиға болған жерлерді қарауға жіберу;

3) қылмыстарды ашу және тергеу үшін жедел-тергеу топтарын құру;

4) тергеу бөлімшесіне қылмыстық іс қозғау туралы шешімдер қабылдау үшін заңмен ішкі істер органдарының құзырына жатқызылған қылмыстар туралы арыздар мен хабарлар жіберу, олар бойынша қылмыстың белгілерін анықтау үшін алдын ала тексеру талап етілетін арыздармен хабарлар Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 183, 184, 185-баптарына сәйкес шешіледі;

5) тергеу бөлімшелерінің басшылары мен тергеушілерді жұмысты ұйымдастыру және бақылау, нақты қылмыстық істерді тергеу кезінде басқа қызметтермен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша тыңдау құқықтары беріледі.

13. Ішкі істер органының бастығы:

1) әдетте, кісі өлтірулер, зорлаулар, қарулы қарақшылық және заңмен ауыр және аса ауыр қылмыстар қатарына жатқызылған басқа да қылмыстар туралы хабарлар бойынша оқиға болған жерлерге өзі шығуға, қылмыстарды "ізін суытпай" ашу үшін жедел-тергеу тобының және басқа да қызметтердің жұмысын ұйымдастыруға;

2) тергеушілердің іс жүргізу дербестігін және ішкі істер органдарының басқа да қызметтерімен заңда негізделген өзара іс-қимылын, олардың жедел-ізвестіру қызметінің материалдарымен танысу құқығын іске асыруды қамтамасыз етуге, жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер мен материалдардың тергеушілерге белгіленген тәртіппен дер кезінде берілуін бақылауға;

3) тергеушілерді қызметтік үй-жайлармен, инвентарлармен, көлікпен, ұйымдастыру техникасы, байланыс құралдарымен және бланкілік өніммен қамтамасыз етуге;

4) ұсталғандарды қатыстыра отырып, тергеу іс-қимылдарын жүргізу кезінде оларды айдап алып жүру мен күзеттің ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге;

5) тергеу қызметкерлерін тұрғын үймен, олардың пәтерлерін телефон-дармен қамтамасыз етуге, басқа да әлеуметтік-тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру шараларын қабылдауға;

6) анықтау органдарының тергеудегі істер бойынша тергеушілердің тапсырмапарын дер кезінде және сапалы түрде орындауын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

14. Қалалық аудандық, желілік ішкі істер органдары бастығының тергеу жөніндегі орынбасары:

1) тергеу бөлімшелерінің қызметін ішкі істер органдарының жедел және басқа да қызметтерімен, сондай-ақ басқа да құқық қорғау және ведомстволық органдармен үйлестіріп отырады;

2) тергеушілердің жедел-ізвестіру қызметінің материалдарымен танысу құқықтарының іске асуын қамтамасыз етеді, қылмыстық істі тергеу кезінде оны пайдалану үшін жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу нәтижесінде алынған мәліметтер мен материалдарды тергеушілерге белгіленген тәртіппен уақытылы беруге бақылау жасауды жүзеге асырады;

3) қылмыстық істі тергеу кезінде тергеу бөлімшелерінің қызметіне, қылмыстық қудалау кезінде заңдылықтың және азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуына, істің жағдайының толық, жан-жақты және объективті зерттелуіне бақылау жасайды;

4) қылмыс туралы хабар түскеннен кейін сол ауданға, көлік учаскесіне аса қауіп тудыратын жағдайда жедел-тергеу тобымен оқиға болған жерге шығады, оқиға болған жердің сапалы тексерілуіне және материалдардың жиналуына бақылау жасайды;

5) тергеу бөлімшелерінің жұмыс жоспарының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

б) қалыптасқан жедел жағдайларды есепке ала отырып, қалалық, аудандық желілік ішкі істер органдарының бастықтарына қызмет бабындағы актуалды мәселелерді қарау жөнінде ұсыныс жасайды, тергеу бөлімшелерінің қызметін жақсарту және жіберілген кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныс жасайды;

7) жоғарғы органдардан келіп түскен бақылау тапсырмаларының уақытында және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді;

8) олардың кәсіби және іскерлік қабілеттерін ескере отырып, тергеу қызметкерлері кадрларын іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады;

9) бағыныстағы тергеушілердің іс-әрекеттері мен шешімдері жөнінде келіп түскен арыздарды өз құзіреті шегінде қарайды және шешеді, тергеушілерді және бөлімдегі (бөлімшедегі, топтағы) басқа да қызметкерлерді көтермелеуге және тәртіптік жаза қолдануға, ауыстыруға белгіленген тәртіппен ұсыныс жасайды;

14 А. Тергеу бөлімінің, бөлімшесінің бастығы (топтың аға тергеушісі):

1) қылмыстық істі тергеу бойынша бағыныстағы тергеушілердің қызметін ұйымдастырады және басшылық жасайды, алдын ала тергеу жүргізу кезінде заңдылықтың сақталуына, Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 63-бабында көрсетілген өкілеттіліктерді пайдалана отырып, іс жағдайының толық, жан-жақты және объективті зерттелуіне бақылау жасайды;

2) қалыптасқан жедел жағдайларды ,жіберілген кемшіліктерді есепке ала отырып, бөлімнің, бөлімшенің (топтың) жұмыс жоспарын жасайды, тергеу бөлімшелерінің қызметін жақсарту және жіберілген кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныс жасайды және оның орындалуын бақылайды,

қызметкерлер арасындағы міндеттерді бөледі, тергеушілердің көзекшілік кестесін жасайды, олардың орындалуын бақылайды;

3) қылмыстық іс қозғау үшін тергеу бөлімшелеріне келіп түскен арыздарды, хабарларды және қылмыс туралы тексеру материалдарын қарайды, егерде тергеуге дейінгі тексеру материалында қылмыстық іс қозғауға жеткілікті себеп пен негіз болмаса, оны анықтау органына қайтарады;

4) тергеушілердің өндірісіндегі қылмыстық істерді зерттейді, ол бойынша жазбаша нұсқау береді, қажет болған жағдайда тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысады және қылмыстық істі өз өндірісіне алады;

5) жоғарғы органдардан келіп түскен бақылау тапсырмаларының уақытында және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді;

6) тергеу бөлімшелерінің қызметін ішкі істер органдарының басқа да қызметтерімен, құқық қорғау және ведомстволық бақылау органдарымен үйлестіріп отырады;

7) айыптаушының ауруы бойынша және іздестірілуіне байланысты тоқтатылған қылмыстық істі зерттейді, осы іс бойынша өзара салыстыруды криминалдық полиция бөлімшелерімен апта сайын, ал облыстық, қалалық прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығымен ай сайын жүргізеді;

8) еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды, осы заманғы криминалистикалық техникаларды және қылмыстарды тергеудегі озық тәжірибелерді тергеушілердің жұмыс тәжірибесіне енгізуді қамтамасыз етеді;

9) тергеу тәжірибесін және бөлімнің (бөлімшелердің, топтардың) жұмысын сипаттайтын мәліметтерді жүйелі түрде талдайды, алдын-ала тергеудің сапасын және тиімділігін арттыру бойынша іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады, осы мәселелер бойынша ішкі істер органының және ІІБ, ІББ, КІББ-і тергеу қызметінің басшылығына ұсыныстар енгізеді;

10) кәсіби және іскерлік қабілеттеріне қарай тергеу қызметкерлері кадрларын іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады;

11) жеке құраммен тәрбие жұмысын жүргізеді, қызметтік дайындық жүйесінде тергеушілерге сабақ өткізуді ұйымдастырады және тікелей өзі сабақ жүргізеді, қызметкерлердің қызметтік тәртіпті және заңдылықты сақтауын қамтамасыз етеді;

12) бағыныстағы тергеушілердің іс-әрекеттеріне және шешімдері жөнінде келіп түскен арыздарды өз құзіреті шегінде қарайды және шешеді, тергеушілерді және бөлімдегі (бөлімшедегі, топтағы) басқа да қызметкерлерді көтермелеуге және тәртіптік жаза қолдануға, ауыстыруға белгіленген тәртіппен ұсыныс жасайды;

13) сол ауданда, транспорттық учаскеде аса қауіп тудыратын қылмыстар туралы хабар бойынша оқиға болған жерге жедел-тергеу тобымен бірге шығады, оқиға болған жерді тыңғылықты қарауды және материал жинауды қамтамасыз етеді;



14) әрбір тергеушінің және жалпы бөлімнің (бөлімшенің, топтың) жұмысына есеп жүргізеді;

15) тергеу жұмыстары жөнінде есеп жасайды.

15. Қалалық, аудандық ПБ-нің бастығы немесе қалалық, аудандық ПБ-і бастығының тергеу жөніндегі орынбасары (тергеу бөлімінің, бөлімшесінің бастығы, тергеу тобының жетекшісі) ауысқан кезде істерді, оның ішінде өндірістен тоқтатылған істерді де қабылдау-өткізу жүзеге асырылады. Оның нәтижесі аудан (қала) прокуроры жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының мәліметтерімен салыстырылады.

16. Тергеуші оқиға болған жерге жеке өзі тексеру жүргізеді және оның сапасына толық жауап береді. Тексеруге қатысатын мамандар, ішкі істер органдарының жедел және басқа да қызметкерлері оқиға болған жерде тергеу шінің басшылығымен және оның нұсқауы бойынша өз құзіретінің шегінде әрекет етеді.

17. Тергеуші өз жұмысын оның өндірісінде тұрған барлық қылмыстық істер бойынша қажетті тергеу іс-қимылдарын уақытылы жүргізуді қамтамасыз ететіндей етіп құрады.

18. Қылмысты тергеу кезінде тергеушілердің ішкі істер органдарының басқа қызметтерімен өзара іс-қимылы тергеушінің ұйымдастырушылық рөлі жағдайында келісілген жоспарлаудың, өзара ақпарат алмасу, әр қызметтің құзіретін нақты жіктеудің негізінде Қазақстан Республикасының ҚІЖК-не сәйкес құрылады.

19. Тергеуші құқық бұзушылықтың, қылмыстын алдын алу мақсатында:

1) барлық жағдайларда белгіленген тәртіппен есепке алуға жататын жасөспірімдер туралы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияға ақпарат жібереді;

2) халықтың арасында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқықтық насихат жүргізуге қатысады;

3) қылмыстық істі тергеу кезінде қылмысты жасауға ықпал еткен нақты себептер мен жағдайларды, сондай-ақ заңдылықтың бұзылуын анықтай отырып, осы себептермен жағдайларды, сондай-ақ заңдылықтың бұзылуын болдырмау туралы тиісті адамдарға, мекемелер мен ұйымдарға ұсыныс жасауға міндетті.

20. Тергеу процесінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметіндегі кемшіліктер анықталған жағдайда тергеуші тиісті бастыққа ұсынымхат жолдайды.

21. Ішкі істер органдары тергейтін қылмысты жасауда күдікті адам тергеушіге жеткізілген жағдайда, ол қылмыстық істі қозғау және ҚІЖК-нің 132-бабындағы тәртіппен оны ұстау үшін негіздің бар-жоғын тексеруге және тиісті шешім қабылдауға міндетті.

22. Ақтайтын негіздерге байланысты қылмыстық істің тоқтатылуы (оқиғаның, қылмыс құрамының болмауы) немесе ақтау үкімінің шығарылуы себепті тұтқындалушы, айыпталушы күзеттен босатылған жағдайда, қалалық,

аудандық, желілік ішкі істер органы бастығының тергеу жөніндегі орынбасары, тергеу бөлімінің, бөлімшесінің бастығы, топтың аға тергеушісі 24 сағаттың ішінде ПББ-ПБ-КПББ-нің тергеу қызметі (басқармасы) арқылы Ішкіісмин Тергеу департаментінің Тергеу басқармасына арнайы хабар береді.

23. Қылмыстық-іс-жүргізу заңнамасын бұзудың, сондай-ақ қылмыстық істің қосымша тергеуге қайтарылуының әрбір фактісі қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының жедел кеңесінде қаралу тиіс.

24. Қылмыстық істер бойынша заттық айғақтар арнайы жабдықталған үй-жайда сақталады. Олардың есебі мен сақталуына жауап беретін адамды ішкі істер органының бастығы анықтау ісі мен алдын ала тергеуге қатысы жоқ қызметкерлердің ішінен тағайындайды. Заттық айғақтарды, ақшаларды, құндылықтарды қабылдау тәртібі, тапсыру және сақтау мерзімдері тиісті Нұсқаулықпен белгіленеді.

### **3. ПББ-ПБ-КПББ-нің Тергеу басқармасының жұмысын ұйымдастыру**

25. Астана, Алматы қалаларындағы, облыстардағы, көліктегі ішкі істер органдарында және өзге де қызмет көрсету объектілерінде тергеу жұмысын ұйымдастыру тікелей Тергеу басқармасына жүктеледі.

26. Тергеу басқармасының құрамына статистика және аймақтық бақылау басқармасы (бөлімі) мен қылмыстың нақты түрлерін тергеу жөніндегі басқарма (бөлім) кіреді.

27. Инспекциялау және мақсатты тексерулерді, тергеу бөлімшелерінің басшыларын есептермен шақыруды ПББ, ПБ, көліктегі ПБ жұмыс жоспарына сәйкес немесе тергеу аппаратының жұмысындағы кемшіліктерге назар аудару ретінде тергеу басқармасы дербес немесе басқа да қызметтермен бірлесіп жүргізеді.

28. Қылмысқа қарсы күрестің мән-жайы туралы деректерді, есептік мерзім ішіндегі тергеу жұмысының нәтижелерін, инспекциялау, тексеру материалдары мен басқа да ақпараттарды кешенді талдаудың, негізінде ПББ-ПБ-КПББ тергеу басқармалары жарты жылдық жоспар әзірлейді. Соларға сәйкес тергеудің сапасын және ведомстволық бақылаудың деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар жүргізіледі, тергеу жұмысындағы кемшіліктерді жою жөніндегі шешімдер мен іс жүзіндегі шаралардың дер кезінде қабылдануы қамтамасыз етіледі.

29. Тергеу басқармасы қоғамдық дүмпу туғызған ауданаралық сипаттағы аса күрделі қылмыстық істерге тергеу жүргізеді.

30. Тергеу басқармасы:

1) Мына:

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің бақылауында тұрған қылмыстық істерді; қосымша тергеуге қайтарылған қылмыстық істерді; олар бойынша прокурорлардың ұсыныстары, соттардың жеке қаулылары келіп түскен бұқаралық ақпарат құралдарындағы сын мақалаларда орын алған қылмыстық істерді;

олар бойынша тергеу немесе айыптыларды күзет қамауында ұстау мерзімдерін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, облыстың (Астана, Алматы қалаларының) ауданның прокуроры ұзартқан қылмыстық істерді;

шетел азаматтары жасаған және оларға қатысты жасалған қылмыстар бойынша қозғалған қылмыстық істерді;

сыбайлас жемқорлық туралы қылмыстық істерді;

ҚК-тің 96-бабының 1-тармағындағы "з" тармақшасы (жалдау бойынша), 125, 234, 235, 237-баптары бойынша қозғалған қылмыстық істерді; ашылмаған қасақана кісі өлтіру, сондай-ақ екі және одан да көп адамды өлтіру туралы қылмыстық істерді;

ПББ-нің, ПБ-нің, көліктегі ПББ-нің бастықтары және оның тергеу жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ тергеу басқармасының басшысы бақылауға алған қылмыстық істерді;

Қазақстан Республикасы жасаған Халықаралық келісім-шарттарға сәйкес түскен халықаралық тергеу тапсырмаларын орындауды;

Қазақстан Республикасы Ішкі ісминінен, прокуратура органдарынан келіп түскен, олар бақылауға алған азаматтардың хаттарын, шағымдарын бақылауға алады;

2) шешім қабылданғаннан кейін бір айдан кешіктірмей өндірісі тоқтатылған қылмыстық істер әзірленеді; айыпталушының іздестірілуіне байланысты өндірісі тоқтатылған қылмыстық істер бойынша тергеудің толықтығы мен объективтілігі, іздестіруді жариялаудың, жолын кесу шараларын таңдап алудың негізділігі мен уақытылығы, іздестіру ісінің жүргізілуі тексеріледі, іздестіру аппараттарының және құқықтық статистика мен ақпарат орталығының деректері салыстырылады. Ашылмаған қылмыстық істерді зерделеу кезінде тергеудің толықтығы, қылмысты ашу үшін барлық қажетті шаралардың қолданылуы, заттық айғақтардың болуы, олардың зерттелуі және қылмысты ашуға пайдалануы тексеріледі. Осы санаттағы қылмыстық істерді зерделеу нәтижелері бойынша ай сайын қорытынды анықтама жасалады;

3) облыстық және оған теңестірілген сотқа жіберілетін барлық қылмыстық істер зерделенеді;

4) тергеушілердің кәсіптік деңгейлерін көтеру және олардың қылмысқа қарсы күрестеп рөлін арттыру мақсатында қылмыстың ойдағыдай ашылуы мен тергелуінің оң тәжірибесі қорытындыланады және таратылады;

5) белгіленген тәртіппен және мерзімде Ішкі істер министрлігіне.

- тергеу жұмысының нәтижелері туралы статистикалық есепті;
- нақты қылмыстық істер бойынша және тергеу жұмысының жекелеген бағыттары бойынша, азаматтарды ұстау, тұтқындау және қылмыстық жауапқа тарту кезіндеп заңдылықтың сақталуы туралы ақпаратты;
- азаматтардың, мекемелердің, ұйымдар мен лауазымды адамдардың ішкі ісминің бақылауына алынған өтініштері мен шағымдары бойынша ақпаратты тапсырады;

б) азаматтарды күдікті ретінде негізсіз ұстаудың, заңсыз тұтқындау мен қылмыстық жауапқа тартудың әрбір фактісі бойынша қызметтік тексеру жүргізіледі. Алдын ала тергеу барысында тергеу изоляторларынан (буданәрі - тергеу изоляторлары) алдын ала босату фактісі бойынша бір тәуліктің ішінде Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Тергеу департаментінің Тергеу басқармасына арнайы хабар жіберіледі.

Тергеу сатысында азаматтардың конституциялық құқықтары бұзылуының барлық көрсетілген фактілері бойынша қызметтік қорытынды процессуалдық шешім қабылдағаннан кейін 7 күннен кешіктірмей қолданылған шарлартуралы көрсетіле отырып Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Тергеу департаментінің Тергеу басқармасына тапсырылады.

31. Тергеу басқармасының қызметі қылмыстық-іс жүргізу заңна масына, ведомстволық нормативтік кесімдерге, қылмысқа қарсы күресте күш жігерді үйлестіру қағидаттарына негізделген, заттық-аймақтық қағидат бойынша ІББ-ІБ-КІББ-нің басқа да қызметтерімен және тиісті құқық қорғау, бақылау ведомстволарымен өзара іс-қимылда ұйымдастырылады.

32. Тергеу басқармасы басқа да бөлімшелермен және қызметтермен бірлесіп:

1) қылмысты болдырмау, ашу және тергеу жөніндегі жұмысты күшейтуге, заңдылықты нығайтуға бағытталған келісілген іс-шараларды әзірлеуге; бұйрықтардың, нұсқаулар мен әдістемелік құжаттардың жобаларын дайындауға, тергеу және жедел-ізвестіру аппараттары жұмыстарының жағдайын тексеру және оны ұйымдастыруға, сондай-ақ қылмысты ашуда және тергеуде іс-жүзінде көмек көрсету үшін төмен тұрған бөлімшелерге шығуға; белгіленген тәртіппен бірлескен кеңестер, семинарлар мен қылмысқа қарсы күресті күшейту, тергеу және жедел-ізвестіру қызметінің жұмыстарын жетілдіру мәселелері бойынша басқа да іс-шараларды өткізуге;

2) қылмыстың тез және толық шылуы үшін тергеушілер мен анықтау функцияларын орындаушы бөлімшелердің өзара іс-қимылдарын, тергеушілердің тиісті жедел, криминалдық және басқа да қызметтермен бірлесіп оқиға болған жерге дер кезінде шығуын; қылмыстық істер бойынша тергеу іс-қимылдары мен жедел-ізвестіру іс-шаралары келісіп жоспарлануын; сараптама тағайындау мен өткізудің уақыттылығын; алынған нәтижелердің толық пайдаланылуын, қылмысты тергеу барысы туралы өзара ақпарат алысуды және іс бойынша жиналған айғақтардың бірлесіп талқылануын бағылауға;

3) өткен жылдардағы қылмыстық істер бойынша бағыныстағы аппараттар жұмыстарының ұйымдастырылуын, қылмыс жасаған адамдарды анықтауға және ізвестіруге дер уақытында шара қолданылуын тексеруге, анықталған кемшіліктерді жоюда қажетті көмек көрсетуге;

4) нақты қылмыстардың тергелуін және жасырынған қылмыскерлердің ізвестірілуін бақылауға;

5) тергеу кадрларын іріктеуді және орналастыруды жүзеге асыруға, оларды көтермелеу не жазалау, қызмет бойынша ауыстыру туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

33. Әдістемелік сипаттағы құжаттарды ПББ-ПБ-КПББ-нің Тергеу басқармасы жаңа қылмыстық іс-жүргізу заңнамасының талаптарын ескере отырып шығарады және төмендегі тергеу бөлімшелеріне жібереді. Оларда қылмысты жасау және жасыру тәсілдері, оларды ашудың ерекше әдістері, тергеудің тиімді тәсілдері көрсетілуі керек. Қылмыс жасаудың жаңа тәсілдеріне айрықша мән берілуі тиіс. Тергеу бөлімшесінің әрбір көз-келген басшысы қылмыс жаңа және сирек көздесетін тәсілмен жасалған жағдайда Тергеу басқармасы арқылы бұл туралы Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Тергеу департаментінің Тергеу басқармасына дереу хабарлауға міндетті.

34. Тергеу қызметкерлерінің кәсіптік шеберліктерін арттыру екі бағыт бойынша жүзеге асырылады, олар: Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ұйымдастыратын орталықтандырылған тергеу кадрларының біліктілігін арттыру және Ішкіісминнің үлгілік тақырыптың жоспары бойынша ПББ-ПБ- КПББ-дегі қызметтік даярлық жүйесінде оқыту бағыттары.

#### **4. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Тергеу департаменті Тергеу басқармасының жұмысын ұйымдастыру**

35. Тергеу басқармасы Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Тергеу Департаментінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және оған статистика және әдістемелік жұмыс бөлімі, аймақтық бақылау бөлімі және қылмыстың түрлерін нақты тергеу жөніндегі 3-бөлім кіреді.

36. Тергеу басқармасының қызметі аймақтық-заттық қағидат бойынша ағымдағы және перспективалық жұмыс жоспарлары негізінде Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің басқа да қызметтерімен өзара іс-әрекетте ұйымдастырылады.

37. Қазақстан Республикасының ішкіісмині Тергеу Департаментінің Тергеу басқармасы қойылған міндеттерді орындау үшін:

1) елдегі ішкі істер органдарының барлық тергеу бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді және оларға ұйымдастыру - әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

2) тергеу жұмысының жай-күйін белгіленген тәртіппен және мерзімде зерделейді және қорытындылайды;

3) төменде тұрған тергеу бөлімшелері тергеу жұмысының жай-күйін зерделейді және қорытындылайды, инспекциялау мен мақсатты тексерулерді жүзеге асырады, олардың нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою, тергеу бөлімшелері жұмысының тиімділігін арттыру және алдын ала тергеуде заңдылықты сақтау жөнінде шаралар қолдану туралы Қазақстан Республикасы Ішкіісминнің басшылығына ұсыныстар жасайды;

4) тергеу жұмысын ұйымдастыруды, қылмысты тергеу әдістемелерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, тергеудің оң

тәжірибесі мен әдістемесін қорытындылайды және таратады, олардың тергеу практикасына енгізілуін қамтамасыз етеді;

5) тергеу жұмысының жай-күйі, қылмыстарды тергеу кезінде заңдылық пен азаматтардық конституциялық құқықтарының сақталуы туралы статистикалық деректер мен өзге де ақпаратты жинайды, жүйелейді және талдау жасайды;

6) неғұрлым күрделі қылмыстық істердің тергелуін бақылайды, алдын ала тергеудің барысында практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді;

7) ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы, сондай-ақ облысаралық және мемлекетаралық сипаттағы қылмыстар туралы неғұрлым шұғыл және күрделі істер бойынша тергеу жүргізеді;

8) тергеу аппаратының қызметі бойынша Қазақстан Республикасының Ішкіісмині бұйрықтарының, нұсқаулары мен нұсқаулықтарының, өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлейді, тергеу кадрларын іріктеу және орналастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

9) құқықтық көмек көрсету ретінде Қазақстан Республикасы бекіткен Халықаралық шарттарға сәйкес өз күзіреті шегінде басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдары тапсырмаларының атқарылуын қамтамасыз етеді.

#### 38. Тергеу басқармасы:

1) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қауіпсіздік Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік-құқықтық бөлімінің, Бас Прокурордың, Ішкі істер министрі мен оның орныбасарларының бақылауында тұрған;

олар бойынша тергеу мерзімін не айыпталушыны қамауда ұстау мерзімін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры ұзартқан;

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 96-бабындағы 1-тармақтың "з" тармақшасы (жалдау бойынша), 125, 234, 235, 237-баптары бойынша қозғалған;

ашылмаған екі және одан көп адам өлімі туралы, сондай-ақ басқа да аса ауыр немесе қоғамда үлкен дүмпу туғызған қылмыстар туралы

- Тергеу департаменті басшылығының нұсқауы бойынша;

шетелдіктер жасаған және соларға қатысты қылмыстар туралы; лауазымды адамдар жасаған парақорлық туралы қылмыстық істерді;

2) азаматтардың, мекемелердің, ұйымдардың өтініштерін, шағымдарын бақылауға алады.

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің  
2006 жылғы "06" шілдедегі.

**Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында  
анықтауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі  
НҰСҚАУЛЫҚ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Анықтауды, қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірістің нысаны ретінде, ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына қатаң сәйкестікте қылмыстар мән-жайларының жиынтығын анықтау, белгілеу, бекіту және оларды жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту жөніндегі белгіленген өкілеттіктердің шегінде жүргізеді.

2. Ішкіісмин жүйесіндегі анықтау органдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің бұйрықтары мен нұсқауларын, сондай-ақ осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

3. Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндірістің барысында анықтау органы бастығының өкілеттігіне анықтау қызметінің басқармасының, бөлімінің, бөлімшесінің бастығы және анықтау функциясы берілген ішкі істер органдарының өзге де бөлімшелерінің басшылары ие бола алады.

4. Қылмыстарды ашу және тергеу, анықтау өндірісіне ұйымдастыру әдістемелік басшылық және бақылау жасау жөніндегі міндеттерді тиісінше сапалы шешу үшін Астана қаласының ІІБ-де, Алматы қаласының, ІІББ-де, облыстардағы ІІБ-ІІББ-де және КІББ-де (бұдан әрі - ІІББ-ІІБ-КІББ) штаттық басқармалар, қалалық, аудандық, желілік органдарда - анықтау бөлімдері (бөлімшелері) құрылады.

5. Штаттық санды белгілеу, лауазымға тағайындау және олардан анықтаудың штаттық қызметкерлерін босату республика ішкіісминінің тиісті нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Анықтау бөлімшелерінің штаттық лауазымдарына заң білімі бар, сондай-ақ ішкі істер органдарында кемінде 1 жыл жұмыс өтілі бар адамдар тағайындалады.

6. Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі өндіріс жұмыс желісіне, қызмет керсететін объектілер мен аумағына қарай штаттық анықтаушыларға, полицияның учаскелік инспекторларына, криминалдық полицияның, есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің, жол полициясының, әкімшілік полиция бөлімшелерінің, паспорттық-виза жұмысының, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жедел және режим бөлімдерінің, табиғатты қорғау және ветеринарлық полицияның, әскери және арнайы полиция бөлімшелері ; тиісті қызметтерінің қызметкерлеріне жүктеледі.

7. Анықтаудың штаттық бөлімшелері ішкі істер органдарының дербес қызметтері болып табылады және тиісінше Қазақстан

Республикасының Ішкі істер министріне, ПББ-ПБ-КПББ-нің, қалалық, аудандық, желілік органдардың бастықтарына немесе оларға жетекшілік ететін орынбасарларға бағынады.

Анықтаудың штаттық бөлімшелерінің қызметіне тікелей басшылық пен бақылауды анықтау қызметтері басқармаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің бастықтары жүзеге асырады.

8. Ішкі істер органының басшысы:

1) алғашқы материалдарды сапапы жинауға және оларды штаттық анықтау бөлімшелеріне уақытылы жіберуге;

2) анықтау функциялары берілген ПББ-ПБ-КПББ қызметтерінің анықтау қызметіне (басқармасына) бекітілген бірыңғай нысан бойынша ай сайын уақытылы есеп беруіне бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

9. Анықтау бөлімшелері мен анықтау өндірісінің құқығы берілген ішкі іс гер органдары қызметтерінің жұмыстары мен іс жүргізу қызметтері мынадай басты көрсеткіштер бойынша бағаланады:

1) өндірісі аяқталған (сотқа жіберілген, қысқартылған) істердің саны;

2) шешілген істер мен материалдардың саны (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 50-бабы 1- бөлімінің 1,2 - тармақтары бойынша тоқтатылған, топтастырылған, тергеуінің тиістілігі бойынша жіберілгендер, қылмыстық іс қозғауда бастарту туралы қаулы шығарылғандар);

3) тергелген істер бойынша анықтау мен алдын ала тергеу өндірісінің сапасы;

4) жұмыста заңдылық пен атқару тәртібін сақтау.

10. Анықтау саласыбойынша ішкі істер органдарының қылмыстық іс жүргізу қызметінің ұйымдастырылуын тексеруді жоғары тұрған анықтау қызметтері мен басқармалары, анықтау өндірісінің құқығы берілген салалық қызметтермен бірлесіп жүзеге асырады.

### **2ПББ-ПБ -КПББ-нің анықтау басқармасының жұмысын ұйымдастыру**

11. Қаладағы, облыстардағы және көліктегі ішкі істер органдарының штаттық анықтау бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыруды және оған басшылық жасауды тиісті ПББ-ПБ-КПББ басшылары, қалалық, аудандық, желілік органдарының бастықтары жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарында анықтау саласы бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік және талдау жұмысы штаттық анықтау бөлімшелеріне жүктеледі.

12 Қылмысқа қарсы күрестің жағдайы туралы деректерді кешенді талдауды және есеп беру кезеңіндегі штаттық-анықтау бөлімшелерінің жұмыстары мен өзге де қызметтердің анықтамалық қызметтері нәтижелерінің, инспекциялық тексеру материалдарының және басқа да ақпараттардың негізінде ПББ-ПБ-КПББ-нің анықтау басқармасы тоқсандық



және жарты жылдық жоспарлар әзірлейді және соларға сәйкес анықтаудың сапасы мен процессуалдық бақылау деңгейін көтеруге бағытталған іс-шаралар жүргізеді, жұмыстағы кемшіліктер мен келеңсіздіктерді жою бойынша шешімдер мен іс жүзіндегі шараларды уақытында қолданады

13 ПББ-ИБ-КПББ басқармасының құрылымын ПББ-ПБ-КПББ-нің бастықтары бекітеді

14 Кешенді мақсатты тексерістер, қалалық, аудандық, желілік органдардың анықтау бөлімдерінің (бөлімшелерінің) басшыларын, сондай-ақ осы бөлімшелердің басқа да лауазымды адамдарын есептерімен шақыруды ПББ-ПБ-КПББ-нің анықтау басқармасы дербес немесе басқа қызметтермен бірлесіп ПББ-ПБ-КПББ-нің жұмыс жоспарына сәйкес немесе жедел жағдайдың күрделенуіне, бағынышты бөлімшелердің жұмысында кемшіліктер мен бұзушылықтар туралы бар мәліметтерге ден қою ретінде ПББ-ПБ-КПББ-нің басшылығымен келісім бойынша жүргізеді

15. ПББ-ПБ-КПББ-нің анықтау басқармалары

- 1) қосымша тергеуге қайтарылған,
- 2) ол бойынша анықтау өндірісінің және айыпталушыларды тұтқында ұстаудың мерзімі бір айдан артық ұзартылған;
- 3) тұтқында ұстау жұмсақтау жолын кесу шарасына өзгертілген
- 4) прокурорлардың ұсыныстары, соттардың жеке анықтамалары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы орын алған сын мақалалар азаматтардың шағымдары мен арыздары келіп түскен,
- 5) анықтау өндірісінің барысында айыпталушы жасырынған немесе оның тұратын орны анықталмаған,
- 6) Қазақстан Республикасының аумағында жалпы қылмыс жасаған шетел азаматтарына қатысты,
- 7) Ішкісмин Тергеу департаментінің Анықтау басқармасының бақылауында тұрған,
- 8) үлкен саяси немесе әлеуметтік маңызы бар қылмыстық істерді бақылауға алады

16 ПББ-ПБ-КПББ-нің Анықтау басқармасы өзінің жұмысында салалық қызметтермен, қылмыстық-іс жүргізу заңнамасына сәйкес анықтау органының мәртебесі берілген басқа да ведомстволармен ұдайы өзара іс қимыл жасайды. Бұл мақсатта

1) қылмыстың алдын алу және ашу, заңдылықты нығайту жөнінде бірлескен іс-шаралар әзірлейді және келіседі, бұйрықтардың, нұсқаулар мен әдістемелік құжаттардың жобаларын, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді дайындайды, штаттық анықтау бөлімшелерінің және анықтау функцияларын орындайтын басқа да қызметтердің жұмыстары жағдайын тексеруді жүзеге асырады, оларға іс жүзінде көмек көрсетеді, қылмысқа қарсы күресті күшейту мәселелері және анықтаушылық тәжірибені жетілдіру бойынша белгіленген тәртіппен бірлескен кеңестер, семинарлар және басқа да іс-шаралар өткізеді,

2) қылмысты ашу және тергеу бойынша анықтаушылардың анықтау

функцияларын орындайтын басқа да қызметтердің қызметкерлері мен өз ара іс қимылдарын қамтамасыз етеді, қылмыстық істер мен жедел-ізвестіру деректерін іске асыру бойынша анықтау өндірісінің мәселелерін бірлесіп талқылауды ұйымдастырады, қылмыс жасаған адамдарды анықтау және ізвестіруге дер уақытында шара қолдану жөніндегі жұмыстың бағынышты бөлімшелерде ұйымдастырылуын мүдделі қызметтермен бірлесе отырып, жүйелі түрде тексереді және айқындалған кемшіліктерді жоюда қажетті көмек көрсетеді.

3) Әр айдың 30-на қарсы ПББ-НБ-КПББ-нің анықтау функциялары берілген қызметтерінен бірыңғай бекітілген нысан бойынша есептер талап етеді

17. Заңдылық пен тәртіпті бұзу фактілері, штаттық анықтаушылардың қызметтеріне азаматтар мен лауазымды адамдардың шағымдары, арыздары бойынша Ішкіісминінің 1992жылғы бұйрығына сәйкес ПББ-НБ-КПББ-нің Анықтау басқармасы қызметтік тексеру жүргізеді.

Штаттық анықтау бөлімшелері жеке құрамының арасындағы заңдылық пен тәртіпті күшейту мәселелері тоқсан сайын кемінде бір рет анықтау басқармасында қаралады.

18. Ішкіісмин Тергеу департаментінің Анықтау басқармасы бастығының және оның орынбасарларының, ПББ-НБ-КПББбастығының тапсырмасы бойынша анықтау басқармасы ерекше күрделі немесе қоғамдық үлкен резонанс алған қылмыстық істерді өндіріске қабылдайды және анықтау жүргізеді.

19. Анықтаудың штаттық қызметкерлершің кәсіби шеберлігін арттыруды, олардың қызметтік және әскери даярлығын республика ішкіісминінің бұйрықтарына сәйкес анықтау басқармасы ұйымдастырады және жүргізеді. Анықтау басқармаларының қызметкерлері қызметтік іссапарларға шыққан кезде штаттық анықтаушыларды оқыту жағдайын тексереді, осы оқуды жетілдіруде көмек керсетеді.

Анықтаушыны оқытудың нәтижелері мен кәсіби даярлығының деңгейі қызметкерді аттестациялау кезінде көрсетіледі

20. Анықтау басқармасы анықтау өндірісінің озық тәжірибесін топтастырады оны таратуды ұйымдастырады, кадр аппаратымен бірлесіп анықтаушылардың жеке құрамын іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады.

21. ПББ-НБ-КПББ-нің Анықтау басқармасы республика ішкіісмині Тергеу департаментінің Анықтау басқармасына белгіленген тәртіппен:

1) қосымшалары бар № 1-Е нысаны бойынша анықтау жұмысының негізгі көрсеткіштері туралы статистикалық есепті (ай сайын), сондай-ақ 3-Е;

2) қолда бар кереғар көрсеткіштер бойынша түсініктемелер берілетін және қолданылған шаралар туралы, орган басшылары қол қойған, прокуратура мен ішкі істер органының мөрлері басылған қадағалаушы прокуратураның Құқықтық статистика және ақпарат орталығымен өзара тексеріс актісін (ай сайын);

анықтау жұмысындағы негізгі көрсеткіштердің сапасының төмендеуіне әсер еткен себептері ашылған түсіндірме жазбаны (ай сайын);

3) Ішкі ісмин бақылауға алған қылмыстық істер бойынша ақпаратты ұсынады.

### **3. Ішкі істер органдары лауазымды адамдарының анықтау жұмысын ұйымдастыру жөніндегі негізгі міндеттері**

22. Қалалық, аудандық, желілік органның және ішкі істер бөлімшелерінің бастығы:

1) анықтау саласы бойынша ішкі істер органының жұмысының ұйымдастырылуына және жағдайына, заңдылықтың сақталуы мен соңғы нәтижелеріне дербес жауап береді;

2) қылмыстың белгілері мен оны жасаған адамдарды табу қылмыстың алдын алу мен жолын кесу мақсатында қажетті қылмыстық іс жүргізу және жедел іздестіру шараларын қабылдауды ұйымдастырады;

3) алдын-ала тергеу органдарында тергелуге тиісті қылмыстар туралы істер бойынша:

кезек күттірмейтін тергеу амалдарын жүргізуді қамтамасыз етеді;

прокурордың, тергеушінің, оның ішінде жекелеген тергеу және өзге де іс-қимылдардың өндірісі, жәбірленушілерді, куәлерді, қылмыстық сот өндірісіне қатысушы басқа да адамдарды қорғау шараларын қолдану туралы тапсырмаларын орындауды ұйымдастырады;

сот тапсырмасын орындауды ұйымдастырады;

4) сотқа дейінгі өндірісін анықтау органдары жүзеге асыратын қылмыстар туралы істер бойынша анықтаушы іс-қимылының уақытылығы мен заңдылығын бақылайды;

5) анықтауды жүргізетін адамдардың ішкі істер органдары мен бөлімшелерінің басқа да қызметтері қызметкерлерімен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

6) анықтау өндірісі бойынша жұмыстың жағдайы және нәтижесімен оқып танысады, оның жақсаруына шара қолданады, озық тәжірибені топтастырады және енгізеді;

7) жедел-басшы құрамының қызметтік дайындық жүйесінде оларды өткізуге тергеушілерді, штаттық анықтаушыларды, прокуратура, сот қызметкерлерін, мамандар мен ғалымдарды тарта отырып, анықтау өндірісінің мәселері бойынша дәріс алуды ұйымдастырады;

8) анықтаушыларды қызметтік белмелермен, инвентарлармен, іс-жүргізу бланктарымен, көлікпен, ұйымдық техника және байланыс құралдарымен қамтамасыз етуге шара қолданады;

9) штаттық анықтаушыларды қылмыстық істерді тергеуге қатысы жоқ жұмыстарды орындауға тартуға жол бермейді;

10) ұсталғандардың қатысуымен тергеу іс-қимылдарын жүргізу үшін оларды айдап алып жүруін және күзетілуін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

11) қылмыстық істер бойынша өзара іс-қимыл және анықтау өндірісі жөніндегі қызметтердің басшыларымен штаттық анықтаушыларды тыңдайды

23. Қалалық, аудандық, желілік органның анықтау бөлімінің, бөлімшесінің бастығы ( топтың аға инспекторы) өз құзіреті шегінде анықтау органы бастығының өкілеттігіне ие және анықтау бөлімшесінің басшысы бола отырып:

1) бағынышты штаттық анықтаушылардың қылмыстық істерді дер кезінде және сапалы тергеу бойынша қызметтеріне тікелей басшылық жасайды, анықтаудың өндірісі кезінде заңдылықтың сақталуына бақылауды ұйымдастырады;

2) анықтаушы немесе анықтауды жүргізуші адам шығарған қылмыстық істі қозғау немесе бас тарту туралы, тінту өндірісі мен мүлікті тұтқынға алу туралы, айыпталушыны лауазымнан шеттету туралы; айыпталушыға (сезіктіге) қатысты тұтқынға алу түріндегі жолын кесу шарасын тандау, өзгерту немесе бас тарту туралы; іс бойынша өндірісті қысқарту, тоқтату, қайта қозғау туралы; күзет қамауында ұсталмаған айыпталушыны (сезіктіні) куәні, жәбірленушіні стационарлық сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге жіберу туралы; алдын-ала тергеу, сондай-ақ айыпталушының (сөзіктінің) күзет қамауында ұсталу мерзімін ұзарту туралы өтініш қозғау туралы; этаптау туралы; айыптаушыны іздестіруді жариялау туралы қаулыларды бекітеді;

3) одан басқа:

олардың өндірісінде тұрған істерді, қылмыстың жасалуына сезікті деген адамдарды ұстау туралы хаттаманы, айыптау хаттамасын тексереді;

анықтау өндірісін бірнеше анықтаушыға тапсырады;

қылмыстық іс қозғайды және сонымен бірге істі өзінің өндірісіне қабыдай отырып, немесе жекелеген процессуалдық іс-қимылдарды орындай отырып жеке өзі анықтау жүргізеді;

анықтау өндірісінің мерзімін отыз тәулікке дейін ұзартады;

алдын ала тергеуді тағайындау туралы қаулы шығарады;

қылмыстың жасалуына ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде шаралар қолдануды ұйымдастырады;

қылмыстың жасалуына сезікті адамдарды ұстау туралы хаттамаларды бекітеді;

айыптау хаттамасын бекітеді және қылмыстық істі прокурорға жібереді;

4) анықтау бөлімінің (бөлімшесінің) жұмысын жоспарлайды, қызметкерлердің арасында міндеттерді бөледі, анықтаушылардың көзекшілік кестесін жасайды, осы құжаттарды қалалық, аудандық, желілік органның бастығына бекітуге ұсынады, олардың орындалуын ұйымдастырады және бақылайды.

5) штаттық анықтаушылардың, сондай-ақ қызметтер салаларындағы қылмыстық істер бойынша анықтау өндірісіндегі тәжірибелерді жүйелі түрде

топтастырады және талдайды, анықтау өндірісінің сапасын арттыру және тиімді ұйымдастыру бойынша іс-шаралар әзірлейді және жүзеге асырады, осы мәселелер бойынша қалалық, аудандық, желілік органдардың және ІІБ-ІІБ-КІІБ анықтау басқармасының басшылығын аұсыныс енгізеді;

6) анықтаушылардың ішкі істер органдары мен қылмыстық қудалау органдарының басқа да қызметтері қызметкерлерімен өзара іс-қимылдарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

7) қылмыстар туралы келіп түскен материалдарды, арыздарды, хабарламаларды қарайды және олар бойынша бағынышты қызметкерлерге жазбаша тапсырма береді. Процессуалдық шешім қабылдау үшін жиналған материал толық болмаған көзде оларды тексерумен айналысқан қызметтерге орган бастығы арқылы қайтарады;

8) анықтау өндірісінің, мәселелері жөніндеп талдау мен әдістемелік жұмысты қамтамасыз етеді және бақылайды;

9) анықтаушылардың жұмыс тәжірибелеріне еңбектің ғылыми ұйымдастырылуын енгізуді, қазіргі заманғы криминалдық техниканы және озық тәжірибені пайдалануды қамтамасыз етеді.

Анықтаушылардың жұмысына қажетті жағдайды жасауға, қызметтік үй-жайлармен, көлікпен, байланыспен қамтамасыз етуге шаралар қолданады;

10) анықтаушыларды іріктеуді, орналастыруды және оқытуды жүзеге асырады, олардың белгіленген күн тәртібі мен жеке тәртіпті сақтауларын қамтамасыз етеді;

11) орган бастығының тапсырмасы бойынша өзінің құзіреті шегінде анықтаушылардың іс-қимылымен шешіміне жасалған шағымдар мен арыздарды қарайды және шешеді, оларды белгіленген тәртіппен көтермелеу және тәртіпті жазаға тарту, қызмет бойынша ауысу туралы ұсыныс енгізеді.

24. Анықтау бөлімшесінің (бөлімінің) бастығы болмағанда оның міндеті қалалық, аудандық, желілік орган бастығының бұйрығымен орынбасарларының біреуіне, ал олар болмаған жағдайда – аға анықтаушыға жүктеледі.

25. Штаттық анықтау бөлімшелерінің қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін атқару кезінде азаматтың киім киюге, Қазақстан Республикасы ішкі ісминінің қарулануында болатын табельдік қару мен арнайы құралдарды алып жүруге рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі ісминнің  
2006 жылғы "06" шілдедегі  
№543 бұйрығы  
3-қосымша

**Ішкі істер органдары жедел-криминалистикалық  
бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі**

## **НҰСҚАУЛЫҚ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Жедел-криминалистикалық бөлімшелер (бұдан әрі - ЖКБ) - басқармалар, бөлімдер, бөлімшелер, топтар, зертханалар - Ішкі істер министрлігінің, облыстардағы, қалалардағы, көліктеп ішкі істер басқармаларының, басқармаларының және қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

2. Ішкіісмин, ПББ-ПБ-КПББ ЖКБ-ның штаттарын Ішкіістерминистрі; қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының штаттарын - ПББ-ПБ-КПББ-нің бастықтары бекітеді.

3. ЖКБ өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамаларын, Ішкіісминнің нормативтік кесімдерін басшылыққа алады.

4. ПББ-ПБ-КПББ-нің, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының ЖКБ-на ұйымдық-әдістемелік басшылықты Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ТергеуДепартаментінің Жедел-криминалистикалық басқармасы (бұдан әрі - ТД-ныңЖКБқ) жүзеге асырады.

5. ПББ-ПБ-КПББ-нің аймақтықЖКБ бірнеше ішкі істер органдарының тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді. Олардың, қызмет көрсету аймағын ішкі істер басқармасы белгілейді.

6. Ішкі істер органдарының ауданаралық ЖКБ бірнеше ішкі істер органдарының тапсырмаларын орындайды. Олардың қызмет көрсету аймағын Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ТД-ның ЖКБқ белгілейді.

7. ПББ-ПБ-КПББ ЖКБ-ның қызметі олардың құрылымдық бөлімшелерінің немесе қызметкерлерінің зерттеу түрлері бойынша мамандануы қағидаты бойынша құрылады. Бөлімшелерде криминалистердің мамандануы олардың бірін-бірі алмастыруы қамтамасыз етіле отырып жүзеге асырылады.

### **2. Негізгі міндеттер**

8. ІшкіісминЖКБ-ныңнегізгі міндеттері:

1) зерттеу жүргізу, тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру іс-шараларына мамандар ретінде қатысу, криминалистикалық есептерді жүргізу және пайдалану жөніндегі жұмысын ұйымдастыру;

2) ішкі істер органдары ЖКБ-ның қызметін құқықтық реттеу мен әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;

3) қылмыстың алдын-алуды, анықтауды, ашуды және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету, ішкі істер органдары үшін орталықтандырылған криминалистикалық есептер жүргізу;

4) қылмыстың алдын алудағы, анықтаудағы, ашу мен тергеудегі заттай айғақтарды табуға, бекітуге, алуға, зерттеуге және пайдалануға арналған криминалистикалық әдістер мен құралдарды қолдану проблемалары бойынша ғылыми зерттеулерді және әзірмелерді ұйымдастыру мен жүргізу;

5) ішкі істер органдарының ЖКБ мамандарының біліктілігін арттыру болып табылады.

### **3. Негізгі функциялары**

#### 9. Ішкі ісмин ЖКБ-ның негізгі функциялары:

1) тергеу және сот іс-қимылдары шегіндегі криминалистикалық зерттеулерді, сондай-ақ ішкі істер органдарының тексеру материалдары бойынша зерттеулер жүргізу;

2) ЖКБ қызметкерлерінің тергеу іс-қимылдары мен жедел-іздігі іс-шараларына маман ретінде қатысуы;

3) жедел-іздігі және ақпараттық-анықтамалық криминалистикалық картотекалар мен коллекцияларды жүргізу, басқа бөлімшелермен бірлесе отырып, қылмыстарды ашуда оларды пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеп, жүзеге асыру;

4) қылмыстарды жасауға ықпал ететін жағдайларды анықтау, сараптау практикасының материалдарын талдау және ЖКБ қызметінің басқада үлгілерінің негізінде оларды жою ұсыныстарын жасау;

5) тергеу және жедел-іздігі органдарымен бірге криминалистикалық құралдар мен әдістердің қолдану практикасына талдау жүргізу, осы жұмыстың ұйымдастырылуы мен сапасын арттыру үшін практикалық шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру;

6) ПББ-ПБ-КПББ-нің, ішкі істер органдарының бөлімшелеріне криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолдануды ұйымдастыруда практикалық және әдістеме көмегін көрсету, олардың қызметкерлерін қылмысқа қарсы күресте ЖКБ-ның мүмкіндіктері жайлы мәліметтермен қамтамасыз ету;

7) қылмыстардың алдын-алу, оларды анықтау, ашу және тергеуде криминалистикалық құралдар мен әдістерді пайдалануды ұйымдастырудағы алдыңғы тәжірибені қорыту, тарату және енгізу;

8) мыналарды:

ЖКБ-да бар криминалистикалық техниканы пайдалану, метрологиялау және жөндеу;

Ішкі ісминнің, ПББ, ПБ, КПББ-нің ішкі істер органдарының басшылығына криминалистикалық техниканы пайдаланудың тиімділігін арттыру жайлы ұсыныстар әзірлеу және ұсыну;

техникалық-криминалистикалық құралдардың тиесілік нормалары мен табельдерін әзірлеуге қатысу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

9) ішкі істер органдарының қызметкерлерін іздер мен заттай дәлелдемелерді іздеп-табу, бекіту, іске қосу тәсілдері мен әдістерін, сонымен қатар оларды, қылмыстарды ашу, тергеу мүмкіншіліктеріне пайдалануды үйретуге қатысу;

10) қолда бар криминалистикалық техниканы жетілдіру, өзгерту мақсатында рационалдық және өнертапқыштық жұмыстарын жүргізу;

11) қылмыстарды ашу мен тергеуді техникалық-криминалистикалық бағытта қамтудың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

#### **4. Жұмыстарды жоспарлау**

10. ЖКБ-ның жұмыстары Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің нормативтік құқықтық кесімдерімен белгіленген тәртіпте жоспарланады.

11. ЖКБ-ның жұмыс жоспарлары мынадай бағыттағы қызметтерді қамтиды:

1) қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық криминалистикалық жағынан қамтуды ұйымдастыру:

қылмысқа қарсы күресте криминалистикалық құралдар мен әдістерді пайдаланудың және қылмыстың жеке түрлерінің алдын-алу, оларды ашу, тергеу нәтижесін зерттеу;

оқиға болған жерлерді қарау ісіндегі және зерттеуге материалдар дайындаудағы жетіспеушіліктерді анықтау;

басқа мекемелермен қарым-қатынастағы алдыңғы тәжірибені қорыту және тарату;

әдістемелік ұсыныстарды, бағыт-хаттарын, шолуларды, нормативтік құқықтық кесімдерді дайындау;

2) бөлімшелердің қызметін ұйымдастыруды жетілдіру:

мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру және жұмыстың прогрессивті үлгісін насихаттау мақсатындағы қызметтік қорытынды жиналыстар, семинарлар; кадрлармен жұмыс істеу мәселелерін (таңдау, орналастыру, жоғарылату үшін кадр қорын қалыптастыру, дайындау);

3) нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау:

ішкі істер органдарын инспекциялауға бақылау тексерісіне қатысу, оларға практикалық көмек көрсету;

ЖКБ басшыларының есептерін тыңдау;

қылмысқа қарсы күресте криминалистикалық құралдар мен әдістерді пайдалануды жетілдіру жөнінде Ішкіісминнің, ПББ-ПБ-КІПБ-нің басшылығына ұсыныстар дайындау;

4) техникалық жасақтауды жақсарту:

криминалистикалық техникаға деген сұранымды зерттеу, белгіленген тәртіппен оны сатып алу туралы тапсырысты дайындау және жіберу;

іздер мен заттай айғақтарды табу, бекіту, іскетіркеу және зерттеу жөніндегі қолда бар криминалистикалық құралдар мен әдістерді жетілдіру, жаңапарын енгізу;

криминалистикалық картотекалар мен коллекциялардың жұмысын ұйымдастыру мен техникалық жағынан қамтамасыз ету;

криминалистикалық құралдардың техникалық (регламенттік) күтімі мен жөнделуін жақсарту;

5) жедел жағдайдың ерекшеліктері мен басқада объективті жағдайларды ескере отырып, қызмет бағыты;

6) ЖКБ-ның ғылыми-зерттеу қызметі.

12. Жоспарлар жобаларын әзірлегенде:

1) Ішкіісминнің, ПББ-ПБ-КІПБ-нің, ішкі істер органдарының бұйрықтары мен нұсқауларының талаптары;



2) қылмыстың деңгейі мен құрылымы, қылмыстың жеке түрлерін ашу мен тергеу жұмысының нәтижесі, нақтылы криминалистикалық құралдар мен әдістемелерінің қолданылуындағы кемшіліктер;

3) қылмысқа қарсы күресте криминалистикалық құралдар мен әдістерді пайдалануда ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің ұйымдастыру жағдайы, бұрынғы жоспарлардағы криминалистикалық шаралардың орындалу нәтижелері;

4) ЖКБ -ға жүктелген міндеттерге сәйкес оның жұмыс қорытындылары ескеріледі.

### **5. Жедел-криминалистикалық бөлімшелерінің Ішкіісминнің басқа қызметтерімен, басқа да министрліктермен және ведомстволармен өзара іс-қимылының негізгі нысандары**

13. ЖКБ-ның Ішкіісминнің басқа қызметтерімен, басқа да министрліктермен және ведомстволармен өзара іс-қимылының негізгі нысандары:

1) қылмысқа қарсы күресте криминалистикалық құралдар мен әдістерді тиімді пайдаланудың бірлескен ұйымдастырушылық шараларын бірге әзірлеу,

2) ЖКБ қызметкерлерінің алдын-алу іс шараларына, тергеу әрекеттеріне, айқын емес жағдайларда жасалған қылмыстарды ашумен тергеуде криминалистикалық құралдар мен әдістерді пайдалана отырып пікір ұсыну мен оны тексеруге қатысу;

3) қылмыстардың жекелеген, сондай-ақ нақты түрлерін ашудағы криминалистердің жедел-тергеу топтарындағы жұмысы;

4) қылмыс жасалған жерлерден іздер мен заттай айғақтар тауып алынса да, ашылмай қалған қылмыстық іс материалдарын зерттеу, қылмысты ашуда оларды мақсатты бағытта пайдалануға шаралар қабылдау.

5) жедел-іздігіру іс-шараларында ғылыми-техникалық әдістер мен құралдарды кеңінен пайдалана отырып мамандарды қатыстыру;

6) жұмысқа ғылымның жетістіктері мен озық тәжірибені енгізу мақсатында шолулар мәліметтер және әдістеме материалдарын дайындау;

7) қылмысқа қарсы күресте криминалистикалық құралдар мен әдістерді пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша бірлескен ұйымдастыру шараларын әзірлеу;

8) нормативтік құқықтық кесімдерді бірігіп әзірлеуге қатысу;

9) комиссиялық, күрделі, кешенді және қайталау сараптамаларына бірігіп қатысу;

10) жұмысқа ғылымның жетістіктерін, озық тәжірибелерді енгізу мақсатында бірігіп ғылыми еңбектер, шолулар, ақпараттық және әдістемелік материалдар даярлау.

### **6. Жедел-криминалистикалық бөлімшелерінің қызметкерлерін тергеу амалдарына қатысуға тарту.**

14. ЖКБ-ның қызметкерлері тергеу қимылдарын жүргізу істеріне, әдетте, тергеушінің немесе тергеу орнының бастығының анықтауы мен

криминалистикалық әдістер мен құралдарды қолдануға білгір маман қажет болған жағдайда қатыстырылады.

15. ЖКБ-ның қызметкерлерін оқиға болған жерлерді қарауға уақытылы қатыстыру үшін Ішкіісминнің, ПББ-ПБ-КПББ-нің және ішкі істе органдарының көзекші бөлімдерінің жанындағы жедел-тергеу топтарының құрамында олардың кезекшілігі ұйымдастырылады.

16. ЖКБ-ның, қызметкерлерінің көзекшілік тәртібін олардың саны мен жедел жағдайға қарай Ішкіісминнің, ПББ-ПБ-КПББ-нің және ішкі істер бөлімдерінің бастықтары анықтайды.

17. ЖКБ қызметкерінің оқиға орнына баруы және қызмет орнына қайтуы, қажет болған жағдайда, арнайы автомобильде – жылжымалы криминалистикалық лабораторияда жүзеге асырылады. Мұндай автомобиль болмаса, ЖКБ-ның қызметкері тергеу қимылдарын жүргізетін жерге ішкі істер органы бойынша кезекші ұсынған автокөлікпен барады. Маманды тергеу әрекеттерін жүргізетін жерге уақытында жеткізу мен қайтып алып келуге кезекші жауапты болады.

18. Ішкі істер органының штатында маман болмағанда оқиға орнын қарау үшін басқа ішкі істер органының бастығымен келісім немесе бірлесіп қызмет ету схемасы бойынша соның маманы қатыстырылады.

19. ЖКБ-ның қызметкерін басқа қаладағы немесе аудандағы оқиға орнына қылмыс жасалған аймақтағы ішкі істер органының көлігі жеткізеді және алып қайтады.

## **7. Жедел-криминалистикалық бөлімшелерінің қызметкерлерін іріктеу және оларға қойылатын талаптар**

20. Ішкіісминнің, ПББ-ПБ-КПББ-нің ЖКБ бастықтары лауазымдарына жоғарғы білімді, криминалистикалық қызметте кемінде бес жыл істеген және криминалистикалық зерттеудің барлық түрін дербес жүргізуге құқығы бар адамдар қабылданады.

21. Ішкіісминінің, ПББ-ПБ-КПББ-нің, қалалық аудандық желілік ішкі істер органдарының аға криминалист және криминалист лауазымдарына жоғарғы білімі және арнайы дайындығы бар адамдар қабылданады.

22. Ерекшелік ретінде қалалық, аудандық, желілік ішкі істер бөлімдерінің аға криминалистер және криминалистер лауазымдарына арнайы дайындығы жоқ жоғарғы білімі бар адамдар қабылданады. Бұл жағдайда олар бір жыл ішінде дайындықтан өтіп, белгіленген тәртіппен, оқиға орындарын қарау мен зерттеудің кемінде екі түрін (дактилоскопия мен суық қару), ал кейінгі төрт жыл ішінде – зерттеудің басқа да барлық түрлерін жүргізуге құқық алуға міндетті.

23. Криминалист-техниктер лауазымына орта білімі бар және Қазақстан Республикасының, Ішкіісмині бекіткен бағдарлама бойынша бастапқы дайындықтан өткен адамдар қабылданады.

24. Зерттеу жүргізу құқығын Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Тергу департаментінің Жедел-криминалистикалық басқармасы жанындағы Криминалистикалық-біліктілік комиссиясы мен Қазақстан Республикасы

Ішкіісминінің криминалистерді даярлайтын жоғарғы оқу орнының Мемлекеттік емтихан қабылдау комиссиясы береді.

## **8. Жедел-криминалистикалық бөлімшесі бастығының құқықтары мен міндеттері**

25. ЖКБ-ның бастығы:

1) ЖКБ-ның қызметіне басшылық жасайды, оған жүктелген міндеттерді орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға, заңдылық пен тәртіптің сақталуына, бөлімше қызметкерлерінің құпиялық режимін қамтамасыз етуіне дербес жауапкершілікте болады, техника қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, кадрлар іріктеуді, орналастыруды, оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады;

2) құрылымдық бөлімшелердің және қызметкерлердің функционалдық міндеттерін анықтайды;

3) зерттеулердің жүргізілуіне, мамандардың тергеу әрекеттеріне және жедел-іздігіне іс-шараларына қатысуын бақылауды жүзеге асырады;

4) зерттеулерді біліктіліктен жүргізу үшін қажетті жағдай жасайды, маманның таңдаған әдістемесімен танысады және зерттеу процесінде техникалық құралдар мен әдістемелердің толығырақ пайдалану бойынша қажетті кеңестер береді;

маманға практикалық көмек көрсетеді;

қажет болған жағдайда басқа ведомстволардың ғылыми-зерттеу институттары, лабораториялары, кәсіпорындары мен мекемелері мамандарының кеңесін ұйымдастырады;

5) зерттеудің жан-жақтылығын және толықтығына, қорытындының негізділігіне, көрсетілген материалдың сапасы мен сенімділігіне мән бере отырып мамандардың қорытындысын тексереді, бағыныстағы лабораториялар мамандарының қорытындыларына мезгіл-мезгіл рецензия жасайды;

6) ЖКБ мамандарының арнайы білімінің шегінен тыс мәселелерді шешу үшін мамандарға қойылған мәселелердің зерттеуден бас тартады;

7) егер де зерттеу жүргізу туралы қаулыда (анықтауда) маманның тегі көрсетілмесе, зерттеуді жүргізуді нақты маманға тапсырады;

8) жоғары тұрған басшылыққа белгіленген тәртіппен бөлімше қызметкерлерін лауазымға тағайындау, ауыстыру және лауазымнан босату туралы, көтермелеу не болмаса жазалау туралы ұсыныстар жасайды;

9) қызметкерлерді белгіленген тәртіппен іс сапарларға жібереді.

10) оларға аттестациялық материалдар даярлайды, оларды арнаулы атақ беруге ұсынады;

11) есепке алу материалдарын жүргізуге, есеп беру мәліметтерін және басқа да материалдарды жасауға және ұсынуға дербес жауап береді.

## **9. Жедел-криминалистикалық бөлімшелерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету**

26. ІшкіісминніңЖКБ-ны криминалистикалық техникамен, шығындау материалдарымен, құрастыру бұйымдармен, жөндеу және

құрастыруға арналған қосымша белшектермен, арнайы киімдермен және қосымша киім-кешекпен жабдықтауды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ішкіісминнің Тыл Департаменті республикалық бюджеттен; ПББ-ПБ-КПББ-нің ЖКБ-ны -жергілікті бюджеттер және өзге де қаражаттар есебінен жүзеге асырады

27. Табельдік тиесілікте көрсетілген құрал-жабдықтар, аспаптар және құрастырғыш заттар Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ТД-ның ЖКБқ-сымен келісім бойынша жергілікті жерде сатып алынуы да мүмкін. ЖКБ-да шығындау материалдары мен химиялық ыдыстарды, осы мақсат үшін бөлінген қаржы келемінде жергілікті сауда ұйымдары арқылы сатып алуына рұқсат етіледі.

28. ЖКБ Ішкіісминге, ПББ-ПБ-КПББ-ге келіп түсетін криминалистикалық техниканы, лабораториялық жабдықтарды және шығындау материалдарын бөлуге қатысады.

29. ЖКБ криминалистикалық техниканың пайдаланылуын ұйымдастырады, оның жарамды болуын және әр уақытта пайдалануға дайындығын қамтамасыз етеді, техникалық қызмет көрсетілуін, жөнделуін және оны жұмсауды жүзеге асырады, есепке алу және пайдалану құжаттарын жүргізеді.

30. ЖКБ-ның лабораторияларына тиісті зерттеулер мен криминалистикалық есептерді жүргізудің барлық талаптарына жауап беретін, жабдықтардың қауіпсіз пайдаланылуын және сақталуын қамтамасыз ететін, тиісті құрылыс нормалары мен ережелеріне жауап беретін үй-жайлар бөлінеді.

---

---

**"Қылмыстар, оқиғалар жөніндегі арыздарды, хабарламаларды, өтініштерді және басқа да ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу жөніндегі" Нұсқауды бекіту және қолданысқа енгізу туралы**

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы Сот төрағасы  
15 қаңтар 2003 ж.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
2002 ж.

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі  
29 желтоқсан 2002 ж.

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі  
31 қаңтар 2003 ж.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің  
төрағасы  
26 желтоқсан 2002 ж.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы полициясы агенттігінің  
төрағасы  
7 ақпан 2003 ж.

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігінің  
төрағасы  
2002 ж.

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар жөніндегі  
агенттігінің төрағасы  
2002 ж.

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2003 жылғы 10 ақпандағы  
N 6 бұйрығымен бекітілген

**Қылмыстар, оқиғалар туралы арыздар мен хабарламаларды,  
шағымдар мен басқа да ақпараттарды қабылдау, тіркеуді,  
есепке алу мен қарау туралы  
НҰСҚАУ**

**1-Тарау. Жалпы Ережелер**

1. Құқықтық статистиканың барлық субъектілері үшін осы Нұсқау қылмыстар мен оқиғалар туралы арыздарды, хабарламаларды, шағымдар мен басқа да ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу мен қараудың бірыңғай ретін анықтайды.

2. Қылмыстық қудалау органдары мен соттар құқықтық статистиканың субъектілері болып табылады.

3. Негізгі ұғымдар:

1) қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды қабылдау - қылмыстар мен оқиғалар туралы арыздарды, хабарламаларды, шағымдарды және басқа да ақпараттарды қабылдауға сәйкес өкілеттігі бар, осы Нұсқауға және басқа да құқықтық актілеріне сәйкес, лауазымды тұлғаның іс-әрекеті;

2) қылмыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды тіркеу - орнатылған тәртіп бойынша Арыздарды есепке алу кітабының (1-ші қосымша) және Ақпараттарды есепке алу журналының (2-ші қосымша) есеп жүргізу құжаттамасында қылмыс туралы ақпараттардың және басқа да деректердің мазмұндары бойынша қысқаша мәліметтерді

жазып алу және әр қылмыстар, оқиғалар туралы түскен арыздарға, хабарламаларға, шағымдарға және басқа да ақпараттарға нөмір беру;

3) қылмыстар мен оқиғалар туралы ақпараттарға есеп жүргізу - есеп беру кезеңіндегі қылмыстар туралы тіркелген арыздардың саны мен сипаты және оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтерінің мемлекеттік статистикалық есеп жүргізу мәліметтерінің сәулеленуі;

4) қылмыс туралы ақпарат бойынша шешім қабылдау - қылмыстық іс жүргізу заңнамаға сәйкес тіркелген арыз, хабарлама бойынша лауазымды тұлғамен (өз құзыреттігі шегінде) шешім қабылдау;

5) тіркеуден жасырылған қылмыс туралы арыз бен хабарлама - тікелей қабылдаған тұлғамен жасырылып қалған, әлде қылмыс туралы Арыздар мен хабарламаларды есепке алу кітабында орындаушымен тіркелмеген қылмыс белгісі бар арыз, хабарлама.

4. Жасалған немесе дайындалып жатқан арыздың кез келгені (жазбаша әлде ауызша) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Нұсқауда орнатылған ретпен тіркелуі қажет.

5. Қылмыстар мен оқиғалар туралы барлық ақпараттар, олардың мазмұны мен түсу нысанына байланысты келесі түрлерге: қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларға және басқа да ақпараттарға бөлінеді.

6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 177-ші бабына сәйкес қылмыстық іс қозғауға келесі қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалар негіз болады:

- 1) азаматтардың арыздары;
- 2) кінәсін мойындап келу;
- 3) мемлекеттік органының лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын атқаратын адамының хабарламасы;
- 4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар;
- 5) лауазымды адамдардың немесе қылмыстың іс қозғауға құқылығы органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтауы.

Аталған ақпараттар міндетті түрде Арыздарды есепке алу кітабында тіркеліп, олар бойынша тексеріс жүргізілуімен Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 185-ші бабымен көзделген процессуалдық шешімдердің бірін қабылдауы қажет.

7. Басқа да ақпараттарды:

- 1) қылмыс нәтижесінде түсуі мүмкін дене жарақаттарын алған азаматтардың көмек үшін барғандығы жөніндегі емхана мекемелердің хабарламалары;
- 2) көші-қон полициясы бөлімшелерінің қылмыстық белгілер бар жағдайларда азаматтар төлқұжаттарын жоғалтқаны жөніндегі хабарламалары;
- 3) жол, қаржы полиция органдарының, кеден, мемлекеттік күзет, мемлекеттік өртке қарсы қызметтерінің, Қарулы Күштердің әскери бөлімдерінің, Ішкі істер министрлігінің әскерлерінің кезекші бөлімшелерінен және басқалардан телефон (телефакс), телетайп, факсимильдік байланыс бойынша, телерадио хабарлар арқылы келіп түскен хабарламалар құрастырады:

Аталған ақпарат міндетті түрде Ақпараттарды есепке алу журналында тіркеуге қажет, ол расталған жағдайда Арызды есепке алу кітабына да тіркеледі де, Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексінің 185-ші бабымен көзделген процессуалдық шешімдерінің бірі қабылданады.

8. Хабарлама деп:

- 1) қылмыс белгілері бар басқа да оқиғалар, деректер туралы құлақтандырулар;
- 2) авария, індет жайлауы, дүлей апат және адамдармен болған жазатайым оқиғалар туралы мәліметтер;
- 3) басқа да құқыққа қарсы сипаттағы әрекеттер жөніндегі мәліметтер есептеледі.

9. Арыздар жазбаша және ауызша түрде болады.

Жазбаша арызға оны беріп отырған адам өз қолын қоюы тиісті. Жазбаша болып: азаматтардың арыздары, мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың хабарламалары, лауазымды тұлғалардың және қылмыстық іс қозғауға өкілетті органдардың (рапорт, қызметтік қысқа жазба) қылмысы туралы тікелей мәліметтерді айқындалу актілері, мемлекеттік органының лауазымды немесе ұйымда басқару функциясын атқаратын тұлғалардың жазбаша түрдегі хабарламасы (оқшауланған мәліметтер, тексеріс мәліметтері (актілер, анықтамалар және қорытындылар), кінәсін мойындап келу, бұқаралық ақпарат құралдарында басылып жарияланған хабарламалар, хабар-ошарсыз жоғалуы, тастанды сәбилер және табылған мәйіттер, апаттар, авариялар, індеттердің жайлаулары және де басқа оқиғалар, сонымен қатар жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы иесі көрсетілмеген арыздар табылады.

Қылмыстық қудалау органдарының кезекшіліктегі нарыттардың радио байланыстарының ведомстволық каналдары арқылы, сондай-ақ күзет сигнализациясының іске қосылып дабылданған түрінде телефон, телетайп, телеграф арқылы келіп түскен ақпараттар ауызша болып табылады.

Тергеу іс әрекетін жүргізу кезінде немесе сот талқылауы барысында жасалған қылмыс туралы ауызша арыз немесе хабарлама тиісінше хаттамаға енгізіледі.

Өзге жағдайларда жеке хаттама жасалады да оған арыз беруші және арызды қабылдаған лауазымды тұлғаның қолдары қойылады. Арыз беруші көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 351-ші бабы бойынша қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі, бұл туралы хаттамада белгі қойылады, ол арыз берушінің қолымен куәландырылады.

## **2-Тарау. Қылмыстар, оқиғалар туралы арызды, хабарламаларды және басқа да ақпараттарды қабылдау**

10. Қылмыстық қудалау органы кез келген жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы арызды және басқа да ақпаратты - (бұдан әрі- өтініштерді) олардың уақыты мен жасалған орнына, тергеуге жататындығынан, сондай-ақ, берілген мәліметтердің толықтылығына байланысты емес, дереу қабылдауы, тіркеуі және қарауы тиіс. Кезекші бөлімдері бар қылмыстық қудалау органдары күні түні өтініш қабылдауды жүргізеді.

11. Қылмыстық қудалау органына тікелей арыз берушінің өтініші қабылданғаны жөнінде, қабылдаған қызметкерді көрсетумен, тіркеу және шешім қабылдануға тиіс уақыты көрсетіліп, құжат (талон) беріледі. Өтінішті қабылдаудан бас тартқанда қылмыстық қудалау органы, бас тарту себептерін көрсетіп жазбаша түрде арыз берушіні міндетті түрде хабардар етеді. Хабарлау-талоны қатаң есеп берушіліктің бланкісі болып табылады, олар тіркеліп 3 жыл бойында хатшылықта сақталады да, тек қана жедел кезекшіге, сондай-ақ полиция кезекші бөлімдері жоқ елді мекендерінің аумақтық инспекторларына беріледі. Талондар қылмыс туралы ақпараттардың толықтылығын тексеруде, ақпараттарды қабылдауға міндетті лауазымды тұлғалардың жұмысын тексеру кезінде қолданылады.

12. Кіріс байланыс жібермелердің жалпы ережелері бойынша тіркелген қылмыстар жөніндегі арыздар мен хабарлар тәулік ішінде Арыздарды есепке алу кітабында қайта тіркелуі қажет.

13. Қылмыстық қудалау органдарының кеңсесіне (хатшылығына) почта, телеграф, факсимилдік байланыс немесе жорта түскен өтініштерді қабылдау осы органының кіріс байланыс жібермелерінің жалпы ережелері бойынша, ал оның тіркелуі нағызғы Нұсқауға сәйкес жүргізіледі. Кезекші бөлімде алдын-ала тіркеуден өткізілмей және қылмыстық қудалау органның бастығының жазбаша нұсқауысыз келіп түскен өтініштерді осы бөлімнің кеңсесіне (хатшылығына) беруге тыйым салынады.

14. Жол, қаржы полицияларының, кеден, мемлекеттік күзет қызметтерінің, мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметінің, медициналық айықтырғыштардың, арнайы қабылдағыштардың, түзету мекемелерінің, тергеу изоляторларының, уақытша ұстау

изоляцияларының, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, бейімдеу, оқшаулау және қалпына келтіру орталықтарының, қабылдап-тарату бөлімдерінің, Қарулы Күшінің әскери бөлімдерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамалардың кезекшілеріне қызметін атқаруда белгілі болған қылмыстар мен оқиғалар туралы хабарламалар дереу аймақтығына сәйкес кезекші бөлімдеріне беріледі.

15. Өтініш беруші өтінішін берген кезде өзі білетін тілді қолдана алады. Қабылданған шешім туралы жауап мемлекеттік тілде, немесе өтініш жасалған тілде беріледі.

### **3-Тарау. Өтініштерді тіркеуі мен есепке алу**

16. Арыздарды есепке алу кітабына және Ақпараттарды есепке алу журналына тіркеусіз өтініштерді тексеруге тыйым салынады.

17. Арыздарды есепке алу кітабы мен Ақпараттарды есепке алу журналының нысандары Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығымен (департаментімен) құқықтық статистика субъектілерінің ойлары мен ұсыныстары есепке алына отыра әзірленеді.

18. Арыздарды есепке алу кітабы мен Ақпараттарды есепке алу журналы қатаң түрдегі есептің құжаттары болып танылады және 1-ші, 2-ші-қосымшаларға сәйкес толтырылады. Олар кезекші бөлімдерде немесе қылмыстық қудалау органдарының сәйкес бөлімшелерінде сақталуы қажет, тек қылмыстар туралы арыздарды тіркеуге жауапты лауазымды тұлғалармен толтырылады. Кітап пен журналдың парақтары нөмірленеді, тігіледі және мөрмен бекітіледі.

19. Арыздарды есепке алу кітабы мен Ақпараттарды есепке алу журналы құқықтық статистика субъектілерінің орталық аппараттарымен және олардың аумақтық бөлімшелерімен жүргізіледі.

20. Өтінішті алдын ала Арыздарды есепке алу кітабында тіркемей қылмыстық іс қозғауға, қылмыстық іс қозғаудан бас тартуға, тергеуге тиесілі, аумақтығы, соттылығы бойынша беру туралы шешімдерді қабылдауға тыйым салынады. Егер алынған ауызша ақпараттың шешімі осы органның құзыретіне жатпаса, әлде егер әрекет басқа органның қызметіндегі аумақта жасалса, мұндай хабарламалар Ақпараттарды есепке алу журналында тіркелгеннен соң дереу тергелуігі, аумақтығы бойынша жолданады да, ол туралы Ақпараттарды есепке алу журналында белгі қойылады. Осымен бір уақытта қылмысты болдырмау немесе жолын кесу бойынша, сондай-ақ қылмыстың іздерін сақтау бойынша қажетті шаралар қабылданады.

21. Тергелуігі, аумақтығы бойынша жолданған қылмыс туралы арыз және хабарлама есептен шығарылады да, оны алған органда тіркелуі қажет. Материалдар қайтарылған жағдайда, бұл туралы Арызды есепке алу кітабындағы арыз және хабарламаның алғашқы тіркелгенінде белгі қойылады. Өтініш қарау мерзімі тергеулігі, аймақтығы бойынша органға түскен күннен бастап есептеледі.

Жекеленген бір қылмыс туралы бірнеше арыз, хабарлама, шағым және басқа да ақпарат келіп түскен жағдайда олар бірақ рет есептеледі. Алдын ала тергеу және анықтау органы қайталанған арыздар мен хабарламаларды Арыздарды есепке алу кітабында тіркеуімен және алғашқы арызға келесілерін қосу туралы Арыздарды есепке алу кітабында міндетті түрде тіркеумен қылмыстық іске (материалдарға) қосады.

Бір қылмыстың фактісі туралы қайталанған, бірақ оларда басқа қылмыстық фактісі туралы мәлімет бар арыз және хабарлама келіп түскен жағдайда, олар жеке тіркеледі.

22. Егер өтініштердің қандай да бір себептермен тіркелуі кешіксе, бұл жағдайда Арызды есепке алу кітабында және Ақпаратты есепке алу журналында ақпараттың осы органға келіп түскен уақытымен қатар өтініш бойынша шешім қабылдау тапсырылған қызметкерге ақпараттың алғашқы рет келіп түскен уақыты көрсетіледі. Осындай жағдайларда өтініштің қаралу мерзімі органға келіп түскен уақыттан басталады.

23. Ақпаратты есепке алу журналында тіркелген, бірақта расталмаған азаматтардың қылмыс туралы ауызша арыздары, тұрмыстық сипатты азаматтардың дене жарақаттары туралы өтініштері туралы емдеу мекемелерінің хабарламалары, сондай-ақ қылмыс



сипаты жоқ азаматтық және басқа да заңнамалармен реттелетін жеке және заңды тұлғалардың қылмыстық қудалау органдарына даулары және басқа да құқықтық қатынастары туралы өтініштері туралы Ақпараттарға есеп жүргізу журналының 6-шы бағанында фактінің расталмағандығы туралы жазылады. Тексеріс өткізу фактісінің құжаттандырылған растауы болуы тиіс, ол растау тексеру әрекеттерін жүргізген лауазымды тұлғаның рапорты түрінде болады, рапортта көрсетілген қабылданған шешіммен келіскендігі жөнінде қылмыстық қудалау орган басшылығының бұрыштамасы болуы тиіс.

Көрсетілген материалдар кеңсенің (хатшылықтың) арнайы нарядының номенклатуралық ісінде сақталуы қажет.

24. Арыздарды есепке алу кітабінің және Ақпаратты есепке алу журналының деректемелері түскен ақпараттардың тіркелу уақыты мен нөмірлері бойынша хронологиясын сақтай отырып, олардың бағандарының мазмұнына сәйкес толтырылады. Арызданушы туралы деректер, хабарланған қылмыс туралы мәліметтер, өтініштің қозғалысы және қабылданған шешім туралы деректер толық жазылуы керек.

25. Тіркеуге жауапты лауазымды тұлға, ретті нөмірлерін сақтай отырып, өтінішті дереу Арыздарды есепке алу кітабына немесе Ақпаратты есепке алу журналына толтырады. Жазбаша өтініште немесе айыбын мойындап келу хаттамада тіркеулік мөртабан басылады.

26. Органның тіркеу мөртабанына органның атауы, тіркеу уақыты, реттік нөмірі, ақпаратты қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі жазылып, қолы қойылады.

27. Өтініштерге тіркеу ережесінің орындалуын қамтамасыз етуге жауапкершілік орган басшысы және бөлімшенің кезекші бөлімінің лауазымды тұлғаларына жүктеледі. Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы материалдар қылмыстық қудалау органның қылмыстық іс қозғаудан бас тарту жөнінде шығарған қаулысымен Материалдарды есепке алу журналында тіркеледі.

28. Жазбаша өтініштің қылмыстық іске немесе тексеру материалдарына қосылып тігілуі жөнінде Арызды есепке алу кітабында тиісті жазу ендіріледі, оның келіп түскен күні жазылады.

#### **4-Тарау. Өтініштерді қарау**

29. Нұсқаудың 2-ші тармағында көрсетілген, қылмыстық істер жүргізу заңнамаларға сәйкес, осы Нұсқаумен орнатылған рет бойынша тіркелген өтінішті қарау құқықтық статистика субъектілерімен қамтамасыз етіледі.

30. Қылмыс туралы иесі көрсетілмеген өтініштер жазбаша хабарламаларды қараудың жалпы ережелері бойынша тіркеліп қаралады, егер әрекет дәрменсіз немесе басқаға тәуелді жағдайдағы не басқа да себептер бойынша өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамның, немесе басқа да адамдардың, қоғамның және мемлекеттің елеулі мүдделерін қозғаса, алдын ала тексеріс өткізілген соң, сонымен қатар, егер оларда Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 177-ші бабының 2-ші бөлігінде (178-ші бабының 4-ші бөлігінде) көрсетілген жеткілікті деректері болғанда ғана қылмыстық іс қозғауға себеп бола алады.

31. Ақпаратты есепке алу журналында тіркелген иесі көрсетілмеген ақпарат жазбаша түрде расталған жағдайда арыздарды есепке алу кітабына көшіріледі де Ақпараттарды есепке алу журналында осы туралы жазу енгізіледі.

32. Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 185-ші бабына сәйкес қылмыс белгілері бар әрбір өтініш бойынша әлде қылмыс белгілері тікелей анықталған жағдайларда (расталмаған немесе жалғандардан басқа) анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші немесе прокурор келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) қылмыстық істі қозғау туралы;
- 2) қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы;
- 3) арызды немесе хабарды тергеу ретімен, ал жеке айып тағу істері бойынша сот ретімен беру туралы.

Қабылданған шешім туралы арыз берушіге жазбаша түрде хабарланады және сонымен қатар шешімге шағын беру құқығы түсіндіріледі.

Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 187-ші бабының 4-ші бөлігіне сәйкес келіп түскен өтініштерде азаматтардың саяси, еңбек, отбасы және өзге де құқықтарын бұзушылық, сондай-ақ, азаматтық сот өндірісінің тәртібімен қорғалатын ұйымдардың заңды мүдделері бұзылғандығы байқалса, онда қылмыстық іс қозғаудан бас тартумен қатар мүдделі тұлғаларға бұзылған құқықтары мен мүдделерін өз қалпына келтіру үшін сот өндірісінің тәртібімен сотқа жүгіну тәртібі түсіндірілуі тиіс.

Қылмыс туралы арыздар мен хабарламаларды тергеу реті бойынша, қылмыстық іс қозғамай, жеке айыптау істері бойынша арыздарды сот реті бойынша беру жөнінде 24 сағат ішінде прокурор жазбаша хабардар етілуі қажет.

33. Арызды есепке алу кітабында тіркелген өтініш бойынша шешім түскеннен кейінгі үш күн ішінде қабылдануы қажет.

Қажет болған жағдайда қосымша мәліметтер алу, құжаттарды немесе өзге материалдарды талап ету, оқиға болған жерді қарау, сараптама жүргізу үшін осы мерзім анықтау органының бастығымен, тергеу бөлімінің бастығы он тәулікке дейін ұзарта алады.

Ерекше жағдайларда өтініш қарау мерзімі бір айға дейін ұзартылады, бұл туралы прокурор үш күн ішінде жазбаша хабардар етіледі.

Қылмыс туралы арыздың немесе хабарламаның қарау мерзімін ұзартуға қылмыстық қудалау органының бастығы немесе оның орынбасарының, бұрыштамасы қойылған, тексеруді жүргізуші тұлғаның дәйекті рапорты негіз бола алады.

Осы көрсетілген мерзім аяқталғанда негізделген іс жүргізушілік шешімді қабылдауға мүмкіндік болмаған жағдайда прокурор мерзімнің бұзылу себептері туралы және қабылданған шаралар жайында жазбаша хабардар етіледі.

34. Қосымша тексерісті талап ететін басқа да ақпараттар төменде көрсетілген әрекеттерді:

- 1) оқиға орнына бару үшін жол шегуді;
- 2) іздердің сақталу шараларын қамтамасыз етуді, кинофотосуреттерге түсіруді, бейне таспаға жазуды;
- 3) жедел-ізвестіру шараларын жүргізуді;
- 4) жәбірленушілерді, куәларды жауаптауды өткізуге негіз болады.

35. Ақпараттарды есепке алу журналында тіркелген басқа ақпараттар келіп түскен кезінен кідіртпей 24 сағаттық мерзімде тексеріледі. Тексеру қорытындысымен келесі шешімдердің бірі:

- 1) оқиға болғандығы туралы ақпарат растығы қуатталса және қылмыс белгілері болған жағдайда - Арыздарды есепке алу кітабында қайта тіркеу жүргізу;
- 2) егер қылмыс белгілері болмай әкімшілік құқық бұзушылық анықталса - кінәліге әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;
- 3) егерде ақпарат қуатталмаса - тексеру материалдарды номенклатуралық іске жою үшін тапсыру қабылданады.

36. Осы статистика субъектілерімен өтініштерді қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау ретін толық және жан жақты бақылау мақсатында, есептік-тіркеу материалдарын салыстырып тексеруді жүзеге асыратын комиссия құрылады. Комиссия қызметі ведомстволық ретте регламенттеледі және қылмыстық қудалау органы бастығымен қамтамасыз етіледі.

37. Жұртшылыққа түсіндіру үшін азаматтар таныса алатын жерлерге өтініштерді қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау Ережелері ілінеді. Бұдан басқа, Ережелерде қосымша қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды қараудағы заңдылықтардың сақаталуына бақылау жүктелген қызметтердің телефон нөмірлері (мекен-жайы), сондай-ақ қадағалаушы прокурордың немесе прокуратураның кезекші тұлғасының телефон нөмірлері (мекен-жайы) көрсетіледі.

38. Аяқталған Арыздарды есепке алу кітаптар мен Ақпараттарды есепке алу журналдары, Материалдарды есепке алу журналдары қылмыстық қудалау органдарында іс жүргізуді регламенттейтін нормативтік құжаттармен белгілеген мерзім бойынша сақталады.

**5-Тарау. Жеке айыптау ретінде қылмыстық қудалауға  
жататын қылмыстар жөніндегі шағымдарды қабылдау,  
тіркеу, есепке алу және қарау туралы**

39. Жеке айыптау ретіндегі қылмыстық іс тұлғамен (немесе бірнеше адамдармен) сотқа тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы шағым беруімен қозғалады. Шағым анықтау органына, тергеушіге немесе прокурорға берілген жағдайда оны сотқа жолдау қажет.

Осыған байланысты тек жеке айыптау істер бойынша шағымдарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау жағынан соттар осы статистиканың субъектілері болып табылады.

40. Жеке айыптау ретінде емес қылмыстық қудалауға жататын қылмыс туралы сотқа түскен өтініш бойынша прокурорға жолданады да сол туралы арыз беруші хабарланады.

41. Шағымда ол берілген соттың атауы, қылмыстық оқиғаның сипаттамасы, дәлелдемелері көрсетіліп қылмыстың жасалған орны мен уақыты, сотқа істі өз өндірісінде қабылдау туралы өтініші, қылмыстық жауапкершілікке тартылушы тұлға туралы мәліметтер, сотқа шақырылуы қажет куәлардың тізімі көрсетілуі керек. Шағымға оны беруші адамның қолы қойылады. Иесі көрсетілмеген шағымдар өндіріске қабылданбайды.

42. Жеке айыптау іс бойынша, жәбірленушінің шағымы болмаса да, егер әрекет дәрменсіз немесе басқаға тәуелді жағдайдағы не басқада себептермен өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамның мүдделерін қозғайтын болса прокурор іс қозғауға құқылы.

43. Соттармен шағымдарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау заңнамалармен және осы Нұсқаумен орнатылған тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

44. Сот кеңсесіне почта, телеграф, факсимильдік байланыс арқылы немесе әдейі келіп түскен шағымдарды қабылдау кіріс хаттарының жалпы ережелері бойынша жүргізіледі.

45. Шағым сотқа келіп түскен күннің келесі күнінен кешіктірілмей Шағымдарды есепке алу кітабында тіркелуі тиіс.

46. Шағымдарды есепке алу кітабының нысаны (3-ші қосымша) Құқықтық статистика және ақпарат орталығымен (департаментімен) әзірленеді.

47. Шағымдарды есепке алу кітабының қатаң түрдегі есеп құжаты болып табылады, ол сот кеңсесінде сақталады да шағымдарды тіркеуге жауапты тұлғалармен жүргізіледі. Кітап парақтары нөмірленіп тігіледі және мөрмен бекітіледі.

48. Шағымдарды есепке алу кітабының реквизиттері бағандардың мазмұнына сәйкес түскен шағымды тіркеу уақыты мен нөмірі бойынша хронологиясы сақталып толтырылады.

49. Егерде берілген шағым осы Нұсқаудың 5-ші тарауының 41-ші тармағына сәйкес келмесе, сот оны берушіге көрсетілген талаптармен сәйкестікке келтіруді ұсына отыра, сол үшін мезгілді уақыт белгілейді. Нұсқау орындалмаған жағдайда сот бұл туралы шағымданушыны хабардар етеді де, шағымды қараусыз қайырып береді. Егер қойылған талаптар орындалған жағдайда судья шағымды қарап, үш күн ішінде қаулы шығарады:

- 1) шағымды өз өндірісіне қабылдау туралы;
- 2) шағымды тергеу ретімен немесе сот ретімен беру туралы;
- 3) шағымды өндірісіне қабылдаудан бас тарту туралы.

50. Толтырылып біткен Шағымдарды есепке алу кітабы соттарда іс жүргізуді регламенттеуші нормативтік-құқықтық актілерімен белгілеген мерзім бойынша сақталады.

51. Соттарға түсетін шағымдардың құрылымын, олардың қаралу нәтижелерін және солар бойынша қабылданған шешімдердің негізділігін сипаттайтын ақпараттарды

жинақтау мен жүйеге келтіру есебінде тұратын, 2-Ж нысанды есеп берушілік құрастырылады.

---

## **Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы. 2002 жылғы 6 желтоқсан N 26

---

Әркімнің білікті заң көмегін, сондай-ақ ол көмекті адвокаттың (қорғаушының) қатысуымен алуға құқығы туралы конституциялық ережені сақтау, сот ісін тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыруға, іс бойынша ақиқатты анықтап, заңды да негізді сот шешімін шығаруға ықпал етеді.

Қылмыстық процестің барлық кезеңінде сезіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталғанға қылмыстық қудалаудан, айыптау мен соттаудан қорғану құқығы берілген және кепілдендірілген.

Сот практикасын зерделеу - алдын ала тергеу барысында және сот төрелігін атқару кезінде конституциялық ережелердегі және қылмыстық іс жүргізу заңындағы қорғану құқығы туралы талаптардың сақталатындығын көрсетті.

Сонымен қатар, қылмыстық процесті жүргізуші органдары жұмысында қорғану құқығын реттейтін нормалардың бұзылуы, ал адвокаттардың өздеріне заңмен берілген өкілеттіктерді толығымен пайдаланбайтын жағдайлар орын алуда.

Қылмыстық іс жүргізу заңындағы кемшіліктер мен жолсыздықтарды жою, сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның қорғану құқығын қамтамасыз ету жөніндегі сот тәжірибесінде туындаған мәселелерді дұрыс және біркелкі шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қылмыстық іс жүргізудегі сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның және ақталушының қорғану құқығы конституциялық принцип болып табылады, сондықтан қылмыстық процесті жүргізуші органдар Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында, 16-бабының 3-тармағында және Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (әрі қарай мәтін бойынша- ҚІЖК) тиісті нормаларында бекітілген ережелерді мүлтіксіз орындауға міндетті.

2. Сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның қорғану құқығы - сезіктілікті, тағылған айыпты теріске шығаруды немесе жауаптылық пен жазаны жеңілдетуді, сондай-ақ ақталған адамға қатысты - заңсыз ұстаудан, айыпкер ретінде жауапқа тартылудан, бұлтартпау шарасын қолданудан, сотқа беруден және заңсыз сотталудан келген зиянды өтеуге

бағытталған, заңда көрсетілген барлық процессуалдық мүмкіндіктердің жиынтығын білдіреді.

3. Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның, ақталғанның қорғану құқығын қылмыстық процестің басқа да принциптерімен бірге қамтамасыз етуі - істі әділ талқылаудың және ол бойынша дұрыс шешім қабылдаудың кепілі болып табылады. Сондықтан қорғану құқығын бұзушылық ҚІЖК-нің 9-бабында көрсетілген салдарға әкеп соғуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағындағы және ҚІЖК-нің 28-бабындағы әркімнің білікті заң көмегін алуға кепілдендірілген құқығы негізінде, қорғаушылар ретінде адвокаттың немесе ҚІЖК-нің 70-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың, егер олардың арнайы заңгерлік дайындығы және білікті заң көмегін көрсетуге қабілеті болса, іске қатысуы қорғану құқығын қамтамасыз етудің маңызды кепілі болып табылады.

Егер сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның таңдап алған қорғаушысының білікті заң көмегін қамтамасыз етуге қабілеті болмаса, қылмыстық процесті жүргізуші органдар іске қорғаушы ретінде адвокатты қатыстыру мәселесін талқылауға міндетті. Мұндай жағдайда қорғаушы ретінде таңдалып алынған адам іске кәсіпқой қорғаушымен бірге қатыса алады.

5. Қорғаушыны іске қатысуға жіберу қылмыстық процесті жүргізуші органдардың қаулысының негізінде жүзеге асырылып, қаулыда оның ҚІЖК-нің 74-бабында көрсетілген өкілеттіктері түсіндірілуі тиіс.

Қылмыстық процесті жүргізуші органдар іске қорғаушы ретінде адвокаттарды, сезіктінің, айыпталушының, сотталушының жұбайын, жақын туыстарын немесе заңды өкілдерін, кәсіподақтар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін іске қатыстыру мәселесін шешкенде оларда ҚІЖК-нің 72-бабының 8-бөлігінде көрсетілген құжаттардың болуын тексеруге міндетті.

6. Кәсіподақтар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін қорғаушы ретінде қатыстырудың міндетті шарты: сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның осы бірлестіктерге мүшелігі болып табылады. Бұл тиісті құжаттармен расталуы қажет.

Осыған орай, қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның өзі мүшесі болып табылмайтын қоғамдық бірлестіктерге жүгінуі олардың қорғау функцияларын өздеріне қабылдауына, демек, оларды қылмыстық процеске қатыстыруға негіз бола алмайды.

7. Шетелдік адвокаттар қорғаушылар ретінде тек Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттермен өзара келісілген халықаралық шарттарының негізінде ғана қатыса алады.

Өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке куәлікпен, адвокаттың мәртебесін куәландыратын құжатпен, сондай-ақ

адвокат пен сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның арасындағы заң көмегін көрсету туралы келісіммен расталуға тиіс.

8. Қылмыстық процесті жүргізуші органдар ҚІЖК-нің 71-бабында көрсетілген жағдайларда қорғаушының міндетті түрде қатысуы туралы заң талабын қатаң түрде орындаулары қажет. Аталған норманың сақталмауын іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзушылық деп қарастырып, ал жиналған материалдар дәлелдемелік күші жоқ деп танылуы мүмкін.

9. Сезіктінің, айыпталушының, сотталушының қорғану құқығының бұзылуын тек қорғаушыны бермеу ғана емес, сондай-ақ олардың процессуалдық құқықтарын, атап айтқанда, ана тілі немесе басқа білетін тілді пайдалану, түсініктеме беру, айғақтар ұсыну, дәлелдеме келтіру, өтініш мәлімдеу, дәлелдемелерді зерттеу және сот жарыссөзіне қатысу, соңғы сөз сөйлеу, қылмыстық процесті жүргізетін органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану және т.б. құқықтарын шектеуі де - қорғану құқығын бұзушылық деп танылуы мүмкін екендігін ескерген жөн.

10. Заңда қорғаушының міндетті түрде іске қатысуына негіз болатын дене және психикалық кемістіктердің тізбесі көрсетілмегендіктен, әрбір нақтылы жағдайда сезіктінің, айыпталушының, сотталушының өзінің кемістіктеріне байланысты қорғану құқығын іс жүзінде толық көлемде жүзеге асыра алатындығы немесе кемістіктер аталған заңды құқықтарды пайдалануға елеулі қиындық туғызатыны негізге алынуы қажет.

Денесіндегі немесе психикасындағы кемістіктеріне байланысты өзінің қорғану құқығын жүзеге асыра алмайтын адамдардың қатарына есі ауыспаса да, психикасының кемістігі бар, сондай-ақ сөйлеу, көру, есту кемістіктеріне немесе басқа да ауыр науқасына байланысты зардап шегетін адамдарды да жатқызу қажет.

Егер адамның денесіндегі немесе психикасындағы кемістіктері өз бетінше заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау қабілетіне күмән тудырса, ҚІЖК-нің 241-бабының 1-бөлігінің 3-тармағына сәйкес міндетті түрде сараптама өткізілуге тиіс.

11. Сезіктіге ол ұсталған сәттен немесе оған айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған уақыттан, ал айыпталушыға айып тағылған кезден бастап, қорғаушы тағайындау туралы заң талабы мүлтіксіз орындалуға жатады.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар осы талаптарды орындау үшін тиісті қаулы шығаруы тиіс. Іске адвокаттың ордері, қорғаушы ретінде жіберілген басқа адамның құжаттары тіркеледі.

12. Қылмыстық процесті жүргізуші орган адамды қорғаушы ретінде іске қатысуға жіберген сәттен бастап сезіктіге, айыпталушыға алғашқы жауаптың алдында қорғаушымен жеке және оңаша кездесуіне шынайы мүмкіндік жасап, олардың саны мен ұзақтығын шектемеуі тиіс.

13. Қорғану құқығын іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ қорғаушыға қорғау функциясын орындауы үшін жағдай туғызу мақсатында қылмыстық процесті жүргізуші органдар қорғаушылар мен олардың қорғауға

алған адамдарынан қандай процессуалдық іс-әрекеттерге бірге қатысқанды қажет деп санайтынын анықтап алып, оларға сондай жағдай жасауға міндетті.

Қорғаушы, әдетте, сезіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіру және олардан жауап алу, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру және нақтылау, тергеу эксперименті мен тану жүргізу, прокурор жауап алғанда және бұлтартпау шараларын таңдау кезінде, тағайындалатын сараптаманың сұрақтарын құрастыру, тергеудің аяқталуы және сот талқылауында қатысуға тиіс.

Прокурордың сотқа дейінгі өндіріс барысында процессуалдық іс-әрекеттерге қатысуы немесе процессуалдық іс-әрекеттерді өзінің жүргізуі, қорғаушының іске қатысуын заңда тікелей көрсетілген жағдайларда жоққа шығармайды.

Қорғаушы қорғауындағы адамның қатысуымен өткізілетін барлық тергеу және процессуалдық іс-әрекеттерге, сондай-ақ соңғының өтініші бойынша жүргізілетін басқа да процессуалдық іс-әрекеттерге қатысуға құқылы.

Қорғаушының тергеу және процессуалдық іс-әрекеттерге қатысуы туралы өтініші іске тіркеледі.

Сезіктіге, сотталушыға, айыпкерге тиесілі барлық қорғану құқықтар, қылмыстық іс жүргізуге олардың қорғаушыларының қатысуы- қатыспауына қарамастан сақталады және осы құқықтардың шектелуі немесе кемсітілуі қорғану құқығын бұзу болып табылады.

14. Қылмыстық процесті жүргізетін органдар сезіктіге, айыпталушыға, сотталушыға олардың қорғаушы алуға мүмкіндігі бар екенін және бұл оған төленетін ақының бар-жоғына байланысты емес екендігін түсіндіруге тиіс.

Қорғаушыдан бас тарту сот ісін жүргізудің кез келген сатысында тек сезіктінің, айыпталушының, сотталушының бастамасымен және қорғаушының қатысумен ғана орын алуы мүмкін және бұл заң көмегі үшін төленетін қаржының жоқтығына байланысты болмауға тиіс. Адвокатқа еңбек ақы төлеу үшін қаражат шын мәнісінде болмаған жағдайда сот қорғаушыдан бас тартуды амалсыздан болған деп танып, оны қабылдамауға тиіс.

Қорғаушыдан бас тартуды қабылдау қылмыстық процесті жүргізетін органның құзыретіне жатады.

ҚІЖК-нің 102-бабының 6-бөлігіне сәйкес қорғаушыдан бас тарту туралы өтініш дәлелді қаулымен ресімделеді, онымен қорғаушы, сезікті, айыпталушы, сотталушы дереу танысып, өз қолтаңбаларымен куәландырады. Мұндайда қорғаушының қатысқандығы адвокаттың ордері немесе қорғаушы ретінде жіберілген басқа адамның тиісті құжатының көшірмесін қылмыстық іс материалдарына тіркеу арқылы дәлелденеді.

15. Қорғаушыдан бас тарту мынадай жағдайларда: а) сезікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаса; б) сезікті немесе айыпталушы өзінің дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса; в) сезікті немесе айыпталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;

г) айыпталушы стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберілген болса қабылданбайды.

Қорғаушыдан бас тарту, сондай-ақ істің белгілі бір мән-жайларына (айыптаудың ауқымдылығы, жауаптылыққа тартылатын адамдар санының көптігі, істегі материалдарды зерттеудің сезікті, айыпталушы, сотталушы үшін күрделілігі және т.с.с.) байланысты қабылданбауы мүмкін.

ҚІЖК-нің 97-бабының 1-бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша, қорғаушыны іс бойынша өндіріске қатысудан шеттету қылмыстық процесті жүргізуші органдарды сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны басқа қорғаушымен қамтамасыз ету міндетінен босатпайды.

Қылмыстық іс жүргізуші орган қорғаушыны іске қатысудан шеттеткен кезде осы туралы қаулы шығарады, оған сотқа дейінгі іс жүргізу барысында ҚІЖК-нің 109-бабының тәртібімен, ал басты сот талқылауында ҚІЖК-нің 403-бабының ережелері бойынша шағымдануға болады.

16. Сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны жауап беруге, оған тағылған айыпты мойындауға, заттай дәлелдемелер беруге мәжбүрлеу, сондай-ақ оның өзіне қарсы жауап бермеу құқығын бұзатын өзге де іс-әрекеттер жасауға мәжбүрлеу, қорғану құқығын елеулі түрде бұзушылық деп қарастырылуы қажет.

Осыған байланысты сезіктінің, айыпталушының өзіне тергеудің заңсыз амалдарының қолданылғаны туралы арызы мұқият тексерілуі қажет және ол расталған жағдайда ондай іс материалдары іс жүргізу заңының талаптарын бұзу арқылы алынғандықтан дәлелдемелік күші жоқ деп танылуға тиіс.

17. ҚІЖК-нің 31-бабына сәйкес сезіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталғанға қылмыстық процесті жүргізуші органның іс-әрекеттері мен шешімдеріне қылмыстық-процессуалдық заңда бекітілген шағымдану құқығы мен оның тәртібі түсіндірілуі тиіс.

18. Сезіктінің, айыпталушының қорғану құқығының бұзылуы басты сот талқылауын тағайындау үшін кедергі етпейді және ҚІЖК-нің 303-бабына сәйкес істі қосымша тергеуге жіберуге де негіз бола алмайды. Мұндай құқық бұзушылықтың мәні басты сот талқылауында дәлелдемелердің заңда көрсетілген тәртіппен алынғандығына және олардың сотталушының кінәлілігін немесе кінәсіздігін шешуге жеткіліктілігін бағаланған кезде ескерілуі тиіс.

19. Қылмыстық ізге түсу органдары жол берген қорғану құқығын бұзушылықтар іс бойынша жиналған дәлелдемелерді заңсыз деп тануға негіз болып табылса және айыптау тарабы сотталушының кінәсін дәлелдейтін басқа дәлелдемелер ұсынбаса, сот ақтау үкімін шығаруға міндетті.

20. Соттар қорғаушысының бар-жоғына қарамастан, сотталушының сот жарыссөзіне қатысатынын ескеруі қажет. Сотталушыны аталған құқықтан айыру, сондай-ақ оған соңғы сөз бермеу, тағылған айып бойынша уәждерін баяндауына шектеу қою - ҚІЖК-нің 415-бабына сәйкес үкімнің бұзылуына әкеп соғатын қорғану құқығын бұзушылық болып табылады.



21. Сотталушыны (ақталғанды) өзі білетін тілде үкімнің (қаулының) көшірмесін алу, сот отырысының хаттамасымен танысу және оған ескертпелер беру, басқа процеске қатысушылардың шағымдарымен (наразылықпен) танысу және оларға қарсылық беру құқықтарынан айыру, олардың шағымдары мен қарсылықтарын қабылдаудан заңсыз бас тарту - қорғану құқығын бұзушылық болып табылатынын соттар назарларында ұстаулары қажет.

Ақталушыға, сондай-ақ қылмыстық қудалауды қысқарту туралы қаулы шығарылған айыпталушыға (сезіктіге) қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз іс-әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянды өтету құқығын түсіндірмеу де қорғану құқығын бұзушылық болып табылады.

Егер сот үкімі негізінен дұрыс шығарылса, аталған құқық бұзушылықтар оны бұзуға себеп бола алмайды.

22. Қорғаушы өз ынтасы бойынша сотталғанның, ақталғанның мүддесі үшін істі қараған кезде шешімді бұзуға әкеп соғатын процессуалдық құқық бұзушылықтарға жол берген сот шешіміне шағымдануға құқылы. Сот сотталушыны (ақталғанды) аталған арызбен таныстыруға және оның шағымды қайтарып алу құқығын түсіндіруге міндетті.

23. Егер айыптау тарабының шағымында немесе наразылығында сотталған адамның жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылса, бірінші сатыдағы сот қамауда отырған сотталушыға оның апелляциялық сатының отырысына қатысуға құқылы екенін түсіндіруге міндетті. Сотталғанның қарсылықтары және алқа отырысына қатысу жөніндегі пікірі іске тіркеледі.

Жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылған сотталушының өз өтініші бойынша апелляциялық сатыдағы соттың отырысына қатысуы - істің мән-жайларын жан-жақты, толық зерттеудің және шағымды немесе наразылықты объективті түрде қараудың қосымша кепілі болып табылады.

Бірінші сатыдағы соттардың сотталушының (ақталғанның) аталған құқығын іске асыруды қамтамасыз еткенін апелляциялық сатының соттары мұқият тексерулері қажет.

24. Сотталушы апелляциялық, қадағалау сатыларында қорғаушыдан бас тартқан және ол берген шағымды кері қайтарып алған жағдайда, егер істі қарау үшін заңда көрсетілген басқа да негіздер болмаса, қорғаушының шағымы бойынша қозғалған өндіріс қысқартылады. Қорғаушыдан бас тарту қабылданбаған жағдайда шағым іспен бірге негізінен қаралады. Қабылданған шешімдер туралы апелляциялық қаулы қабылданады.

Егер шағымды бірінші сатыдағы сотқа қатысқан қорғаушы берсе, ал үкім шығарылғаннан кейін іске басқа қорғаушы қатысса, ол жаңа уәждер келтіріп не бұрынғы уәждерді өзгертіп, апелляциялық шағымды толықтыруға құқылы.

25. Соттар үкімдерді орындауға байланысты мәселелерді қарау кезінде ҚІЖК-нің 455-бабының 5-бөлігінде көзделген жағдайларда қорғаушының іске қатысуы міндетті екенін назарда ұстағандары жөн. Заңның аталған

талабының орындалмауы қорғану құқығын бұзу болып табылады, бұл сот қабылдаған қаулыны бұзуға әкеп соғады.

26. Қылмыстық істерді қараған кезде апелляциялық және қадағалау сатысының соттары қылмыстық процесті жүргізуші органдардың сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның қорғану құқығының қамтамасыз еткенін мұқият тексеріп, орын алған заң бұзушылықтарды ескерусіз қалдырмаулары қажет.

Адвокаттардың өз міндеттерін тиісінше атқармағаны (формальды қатысу, таза бланктерге қол қою, қылмыстық іс жүргізу барысында орын алған заң бұзушылықтарды ескермеу және т.б.) анықталған жағдайда, соттар қорғаушыға тиісті шара қолдану туралы жеке қаулы шығаруға құқылы.

27. Адвокаттың қызметін бюджет қаржылары есебінен төлеу туралы қаулы шығарған кезде, ҚІЖК-нің 176-бабына сәйкес, аталған норманың 4-бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, ақы төлеуге байланысты іс жүргізу шығындарын мемлекет пайдасына сотталушыдан өндіру туралы мәселенің бір мезгілде қаралатыны соттарға түсіндірілсін.

Сондай-ақ қорғаушы іске ҚІЖК-нің 71-бабының 3-бөлігіне сәйкес қатысқан жағдайларда сотталушы мемлекет шығынын өтеуден босатылуы мүмкін.

Адвокатқа төленуге тиісті ақыны есептеу оның соңғы екі айдағы орташа еңбекақысының мөлшері туралы ұсынған мәліметтерінің негізінде жүргізіледі.

28. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ол ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы*

*Жоғарғы Сотының Төрағасы*

*Қазақстан Республикасы*

*Жоғарғы Сотының судьясы, жалпы отырыс хатшысы*

---

ҚР Бас Прокурорының "04"  
қаңтардағы 2006 жылғы N 1  
бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Тергеу және анықтау заңдылығын прокурорлық  
қадағалауды ұйымдастыру туралы  
НҰСҚАУЛЫҚ**

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Конституциясының, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, қылмыстық іс жүргізу және өзге заңнамалардың негізінде заңды бірыңғай және дәлме-дәл қолдану мақсатында тергеу және анықтау заңдылығын қадағалауды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды регламенттейді.

2. Өз құзыреті шегінде прокуратура органдары қадағалаудың осы саласында құқық қорғау және қадағалау функцияларын, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қылмыстық ізге түсу функциясы мен қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

3. Тергеу және анықтау заңдылығын қадағалаудың басымдық бағыттары болып мыналар белгіленген:

1) қылмыстық іс жүргізуде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау;

2) қылмыскерлікке қарсы күресте, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру;

3) қылмыстар мен оқиғалар туралы арыздарды, хабарларды, шағымдарды және өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу және қарау кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалау;

4) терроризм мен экстремизмге, нәсіпқұмарлық, еңбек және өзге мақсатта пайдалану үшін адамдарды заңсыз әкету және сату қарсы күреске бағытталған заңдардың қолданылуын қадағалау;

5) қылмыстың ұйымдасқан нысандарына қарсы күреске бағытталған заңдардың қолданылуын қадағалау;

6) қасақана адам өлтіруге қарсы күреске бағытталған заңдардың қолданылуын қадағалау;

7) есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күреске бағытталған заңнамалардың қолданылуын қадағалау;

8) сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күреске бағытталған заңдардың қолданылуын қадағалау;

9) экономикалық қылмыстарға қарсы күреске бағытталған заңдардың қолданылуын қадағалау.

**2-бөлім. Тергеу және анықтау заңдылығын қадағалауды жүзеге асырған кезде өкілеттікті шектеу**

4. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының (одан ары - ҚР БП), аймақтық және арнайы прокуратуралардың функцияларын нақты шектеу, олардың қызметтерінде қайталаушылықты болдырмау мақсатында тергеу және анықтау заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру мынадай тәртіпте белгіленсін:

1) ҚР БП Тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау департаменті (одан ары - Департамент) республика бойынша прокурорлық қадағалаудың ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуына бақылау жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған; Қазақстан Республикасының Парламент Палатасы тағайындаған және сайлаған; орталық атқарушы органдар мен ведомстволарды басқаратын лауазымды тұлғаларға;

Парламент депутаттарына, судьяларға қатысты, сондай-ақ Бас Прокурордың және оның орынбасарларының тапсырмасымен қадағалау жүргізілетін істер бойынша тікелей қадағалау жүргізеді;

2) Бас әскери прокуратура Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілер, әскерге шақыру немесе келісім шарт бойынша қызмет өтеушілер; әскери жиынды өтеу кезінде әскери міндетті азаматтар; әскери міндеттерін өтеуге байланысты әскери бөлімдерде, құрамдарда, мекемелерде немесе осы бөлімдердің, құрамдардың, мекемелердің орналасқан орындарында азаматтық қызметші адамдар жасаған қылмыстар туралы қылмыстық істерді тергейтін қылмыстық ізге түсу органдарының орталық аппараттарының бөлімшелерінде қадағалауды жүзеге асырады.

Осы ведомстволардың төмен тұрған құрылымдарымен тергелетін қылмыстық істер бойынша қадағалауды округтардың, гарнизондар мен әскерлердің тиісті әскери прокурорлары жүзеге асырады.

Қылмыстық ізге түсу органдарының аталған бөлімшелерінде әскери қызметте тұрмаған адамдар жасаған қылмыстар бойынша қадағалауды аумақтық прокурорлар жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (одан ары - ҚР ИМ), Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (одан ары - ҚР ЭСЖҚКА), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҚР ҰҚК), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кеден бақылау агенттігінің (одан ары - ҚР ҚМ КБК), Қазақстан Республикасы Төтенше жағдай жөніндегі министрлігі Мемлекеттік өрт сөндіру қызметінің (одан ары - ҚР ТЖМ МӨҚ) және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің (одан ары - ҚР ӘМ ҚАЖК) орталық аппаратымен, осы тармақтың 1-тармақшасында көзделген қылмыстық істерден басқа, тергеу жүргізілген кезде қадағалауды аумақтық қатыстылығы бойынша облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар жүзеге асырады.

Бас Прокурордың, оның орынбасарларының немесе Департамент бастығының тапсырмасы бойынша Департаменттің қадағалауына қатысты қылмыстық істер бойынша тұтқындауды және өзге тергеу әрекеттерін санкциялау, тергеудің және айыпталушыны қамауда ұстаудың мерзімін ұзарту, сондай-ақ сезікті ретінде адамды ұстаудың, айып тағудың және өзге іс жүргізушілік шешімдердің заңдылығына тексеріс жүргізу міндеті облыстық және оларға теңестірілген прокурорларға жүктелген.

Облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар аталған тапсырмалардың орындалуы туралы, сондай-ақ республикалық қылмыстық ізге түсу органдарының орталық аппараттарының тергеушілерімен қылмыстық істердің қозғалуы туралы Департаментке 24 сағат ішінде хабарлайды.

Облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар өздеріне қадағалауына қатысты істер бойынша қылмыстық ізге түсу органдарының орталық аппарат

тергеушілерінің өндірісіндегі қылмыстық істердің тергеу барысы туралы Департаментке соңғы нақты іс жүргізушілік шешім қабылданғанға дейін ай сайын 1 күнге ақпарат береді;

4) ҚР ІІМ, ҚР ЭСЖҚКА, ҚР ҰҚК, ҚР ҚМ КБК, ҚР ТЖМ МӨҚ және ҚР ӘМ ҚАЖК облыстық аппараттары мен оларға теңестірілген департаменттерде қадағалауды облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар жүзеге асырады.

Облыстық және оларға теңестірілген прокурорлардың жазбаша тапсырмасы бойынша облыстық аппараттардың тергеушілері мен анықтаушыларымен тергелетін қылмыстық істер бойынша қадағалауды жүзеге асыру міндеті қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорларға жүктелуі мүмкін, ол туралы қылмыстық ізге түсу органдарына мәлімет етіледі.

Қылмыстық процесте азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзушылық фактілері бойынша немесе сыбайлас жемқорлық бойынша соттылығы облыстық сотқа қатысты қозғалған қылмыстық істер бойынша қадағалау облыстық және оларға теңестірілген прокурорлардың ерекше құзыретіне жатады және қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорларға тапсырылуы мүмкін емес.

Тапсырма беру облыстық және оларға теңестірілген прокурорларды қылмыстық ізге түсу органдарының облыстық және оларға теңестірілген аппараттарындағы тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау жағдайы үшін жауапкершіліктен босатпайды;

5) қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар ҚР ІІМ, ҚР ЭСЖҚКА, ҚР ҰҚК, ҚР ҚМ КБК, ҚР ТЖМ МӨҚ қалалық, аудандық және оларға теңестірілген басқармаларда (бөлімдерде) қадағалауды жүзеге асырады;

6) көлік прокурорлары көлікте жасалған қылмыстарды, сондай-ақ көлік инфрақұрылымының құрылысын жүзеге асыратын ұйымдардың жұмыскерлерімен жасалған қылмыстарды тергейтін қылмыстық ізге түсу органдарының бөлімшелерінде қадағалауды жүзеге асырады;

7) табиғатты қорғайтын прокурорлар қылмыстық ізге түсу органдарының мамандандырылған (экологиялық) бөлімшелерінде қадағалауды жүзеге асырады;

8) түзеу мекемелерінде жазаның орындалу заңдылығын қадағалау жөнінде мамандандырылған прокурорлар ҚР ӘМ ҚАЖК органдарының бөлімшелерінде қадағалауды жүзеге асырады.

5. Басқа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жүргізілетін қылмыстық ізге түсу органдарының іс жүргізушілік әрекеттерін санкциялау қылмыстық іс тергелетін жергілікті орны бойынша облыстық және оларға теңестірілген прокурорлармен, не олардың орынбасарларымен жүзеге асырылады, аталған әрекеттер жүргізілетін орын бойынша облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар ол туралы 24 сағат ішінде міндетті түрде хабардар болуы тиіс.

6. Облыс (қала) шегінде қылмыстық істі тергеудің аумақтық тергеуге қатыстылығы облыстық және оларға теңестірілген прокурорлармен, Республика көлемінде Бас Прокурормен немесе оның орынбасарларымен белгіленеді. Облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар 24 сағат ішінде Департаментке хабар беріп, қылмыстық істі тергеу үшін мемлекеттің бір аймағынан басқа аймаққа тапсыруы мүмкін. Дау туған жағдайда немесе адам әр түрлі аймақтарда қылмыс жасаған болса, қылмыстық істің тергеушілігі Департаментпен анықталады.

7. Прокурор сол бір ведомствоның төмен тұрған органынан жоғары тұрған органға қылмыстық істі тапсыру туралы ақпаратты есепке алу құжаттарына қол қойған кезде қабылданған шешімнің негізділігі жөнінде өз пікірін білдірумен қатар бұл туралы жоғары тұрған прокурорға 24 сағат ішінде мәлімет береді.

Бір ведомствоның өндірісінен өзге ведомствоның орталық аппаратының өндірісіне қылмыстық істі тапсыру Департамент арқылы жүргізіледі.

8. Бірнеше прокурорлардың қадағалауына қатысты ҚР ЭСЖҚКА, ҚР ҰҚК және ҚР ҚМ КБК органдардың бөлімшелерінде тергеу және анықтау заңдылығын қадағалауды қылмыс жасалған аумақтың прокурорларымен өзара іс-әрекет жасау арқылы олардың орналасқан орындары бойынша прокурорлар жүзеге асырады.

### **3-бөлім. Тергеу және анықтау заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру**

9. Тергеу және анықтау заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру - органға жасалған не дайындалып жатқан қылмыс туралы ақпарат түскен кезден бастап қылмыстық істі сотқа жолдағанға шейін сотқа дейінгі өндірістің барлық сатысында қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың іс жүргізушілік әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығын қамтамасыз ету дегенді ұйғарады.

Қадағалау қызметін ұйымдастыру аймақтық-нысандық принципі бойынша жүзеге асырылады.

Қылмыстық ізге түсу органдарында қадағалауды тиімді жүзеге асыру мақсатында қылмыстық ізге түсу органдарында орналасқан "Прокурор кабинеттерінде" прокуратура қызметкерлерінің кезекшілігі ұйымдастырылған.

10. Үлкен қоғамдық жаңғырық туғызатын аса ауыр қылмыстар бойынша, сондай-ақ апаттар, күйреу, қирау және өзге төтенше жағдайлар болған жергілікті орындарға қалалық және оларға теңестірілген прокурорлардың өздері барады, не басқа қылмыстық ізге түсу органдарының қызметкерлерімен бірге баруды бағынышты қызметкерлерге тапсырады. Көлік прокуратуралары едәуір шалғай жерде болғанда, мұндай жағдайлар болған орындарға аймақтық прокурорлар барады. Оқиға болған жерді қарауға не өзге тергеу әрекеттерге прокурордың қатысқаны жөнінде тиісті хаттамаларда жазылады.

11. Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар Департаментке 24 сағат ішінде мына қылмыстар туралы арнайы

мәліметтер жолдайды: конституциялық құрылыстың негізіне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы; ұйымдасқан қылмыстық топпен немесе қылмыстық қоғамдастықпен жасалған; жалдау бойынша адам өлтіру; шетел азаматтарымен жасалған және оларға қатысты ауыр және аса ауыр қылмыстар; терроризм мен экстремизм фактілері; нәсіпқұмарлық, еңбек және өзге мақсатта пайдалану үшін адамдарды заңсыз әкету және сату; жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын тұлғалармен, құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғаларымен, судьялармен жасалған, сондай-ақ барлық төтенше жағдайлар мен үлкен қоғамдық жаңғырық туғызған қылмыстар туралы.

12. Қабылданған шешімнің заңдылығын тексеруді бір уақытта бастап, қылмыстық істерді қозғау туралы ақпараттық есеп құжаттарына кідіріссіз қол қойылады. Қағидат бойынша, дәлелдерін міндетті түрде мазмұндаумен қатар қаулыны ұйғарған кезден бастап 10 тәулік ішінде қылмыстық істерді қозғау туралы заңсыз қаулыларды бұзу жүргізіледі; ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібімен ұстаған адам болған жағдайда 24 сағат ішінде.

Тиісті материалдарды зерттеу арқылы қылмыстық істі қозғаудың заңдылығы мен негізділігіне тексеріс жүргізгенде ҚР ҚІЖК 177-бабында көзделген себептер мен негіздердің болуына; мерзімнің және іс жүргізушілік тәртіптің сақталуына; іс бойынша өндірісті жоятын мән-жайларға баға беріледі.

13. Қылмыстық істер бойынша қадағалау өндірісі басталады, онда ҚР ҚІЖК талаптарына сай тергеу және анықтау органдары прокурорға жолдайтын іс жүргізушілік құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ қадағалау қызметінің барысында қабылданған прокурорлық қадағалау актілері мен шешімдерінің көшірмелері міндетті түрде тіркеледі. Қадағалау өндірісінің толықтылығы үшін қылмыстық істің тергеу заңдылығын қадағалайтын прокурор жауапты болады.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасының қабылданған іс жүргізушілік шешімдері туралы қаулылардың көшірмелері 24 сағат ішінде прокурорға жолдануы туралы бөлігіндегі талаптардың тергеу және анықтау органдарымен мүлтіксіз сақталуы қамтамасыз етіледі.

14. Қылмыстық істі тергеудің толықтылығын, объективтілігі мен жан-жақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жазбаша нұсқаулар беріледі. Ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы, сондай-ақ прокурорлармен қозғалған қылмыстық істер бойынша нұсқау беру міндетті түрде.

Орындалу мерзімін белгілеумен қатар нақты тергеу әрекеттерін атап көрсету қажет болғанда және қылмыстық істі тоқтата тұру мен қысқарту туралы шешімдерді бұзу кезінде, қылмыстық істі қосымша тергеуге қайтарғанда, сондай-ақ тергеу және анықтау органдарының басшыларына ұйымдастыру-бақылау және іс жүргізушілік шаралар қабылдау туралы нұсқаулар берілуі мүмкін.

Нұсқаулар қадағалау өндірістерде сақталады және оларды қылмыстық істердің материалдарына қоспайды.

Нұсқаулар қылмыстық істің тергеу заңдылығын қадағалайтын прокурордың бақылауында болады. Нұсқауларды және басқа қадағалау актілерін орындамаған кезде қылмыстық ізге түсу органдарының кінәлі адамдарын заңда белгіленген жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу қажет.

15. Қағидат бойынша, тергеу және анықтау органдарының заңсыз әрекеттері туралы шағым және өзге деректер болған жағдайда, азаматтардың бұзылған құқықтарын кідіріссіз қалпына келтіру қажет болғанда немесе нұсқаулардың орындалуын бақылау үшін тергеу жүргізіліп жатқан қылмыстық істерге сұрау салынады.

Анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдар қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде осы қылмыстық істің тергеу заңдылығына тікелей қадағалауды жүзеге асыратын прокурормен қаралуға жатады.

16. Прокурорлар қылмыстық ізге түсу органдарының басшыларымен шешім қабылданған кезден бастап 5 тәулік ішінде қылмыстық іс бойынша өндірісті қысқартудың және тоқтатудың негізділігі туралы қорытындының ұйғарылуын қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлық туралы, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық істер мен материалдар бойынша қабылданған іс жүргізушілік шешімдердің заңдылығына тексеріс олар прокуратураға келіп түскен күннен бастап 10 тәулік ішінде жүргізіледі.

Іс жүргізушілік шешімдерді бұзу туралы қылмыстық ізге түсу органдарының өтініштерін қарау кезде тексеріс ол келіп түскен күннен бастап 15 тәулік ішінде жүргізіледі.

Басқа жағдайларда тергеуге дейінгі тексерістердің материалдары бойынша, қысқартылған және тоқтатылған қылмыстық істер бойынша іс жүргізушілік шешімдердің заңдылығын тексеру мерзімдері олар прокуратураға келіп түскен күннен бастап 1 айдан аспауы тиіс.

17. Прокурор қылмыстық істі тоқтату немесе қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шешіммен келіскен жағдайда қаулының соңғы парағына қарамен қоса қол қояды. Қарарда ҚР ҚІЖК баптары мен тармақтары көрсетілумен қатар шешім қабылдаудың негіздері; оны қабылдаған күні; прокурордың лауазымы, аты-жөні, қол қойған күні көрсетіледі.

Прокурор қылмыстық істі қысқарту жөнінде келіскен жағдайда дәлелдейтін қорытынды жазады.

Прокурор соңғы іс жүргізушілік шешіммен келіскен жағдайда, қылмыстық іс немесе бас тарту өндірісінің материалдары бойынша адамды тәртіптік немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін, сондай-ақ мемлекеттің материалдық мүдделерін қорғау үшін негіздер бар болса, тиісті шаралар қабылдау үшін іс жүргізушілік шешімдердің көшірмелері прокуратураның өзге бөлімшелеріне жолданады.



Қылмыстық істі немесе бас тартылған өндірістің материалдарын ҚР БП жазбаша сұратқан жағдайда облыстық прокуратура дәлелді қорытынды жасайды. Ілеспе хатта қабылданған іс жүргізушілік шешім бойынша өз көзқарасын сипаттаумен қатар облыстық немесе оған теңестірілген прокурордың қолы қойылып, қылмыстық іс (материал) ҚР БП жолданады.

Тергеу және анықтау органдарының ақтау емес негіздер бойынша қылмыстық істі қысқарту және қылмыстық істерді қозғаудан бас тарту туралы шешімдерінің заңдылығын тексеру кезінде адамның айыптылығы туралы дәлелдемелердің рауалылығы мен қатыстылығына баға беріледі. Күмәнданған жағдайда жәбірленушіден және айыпталушыдан (сезіктіден) түсініктеме алумен қатар қылмыстық істі қысқартудың тараптардың татуласу, рақымшылық актісін және басқа ақтау емес негіздерді қолдануға келісу фактілерінің шұбасыздығын тексеру жүргізіледі.

18. Анықталған заңдылықты бұзушылықтар тергеу мен анықтаудың заңсыз қаулыларын бұзу арқылы, сондай-ақ жауаптылық туралы мәселені бір уақытта көтере отырып, лауазымды адамдардың әрекеттерінің заңсыздығын мойындау арқылы жойылады.

Қылмыстық ізге түсу органдарының орталық аппараттарына енгізілген прокурорлық қадағалау актілері Департамент арқылы, облыстық аппараттарға облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар арқылы жолданады.

Қажет болған жағдайда прокурор қылмыстық ізге түсу органдарында прокурорлық қадағалау актілерін қарауға қатысады.

19. Тергеу және анықтау органдарының іс жүргізу әрекеттеріне (ҚР ҚІЖК 142, 150, 267-баптарынан басқа) санкция беруге; қабылданған іс жүргізушілік шешімдердің негізділігі туралы қорытындылар жасауға; қылмыстық іс қозғаудан бас тарту мен іс бойынша өндірісті тоқтату жөнінде келісімі туралы бұрыштама қоюға, сондай-ақ тергеушілер мен анықтаушылардың, төмен тұрған прокурорлардың қаулыларын бұзуға немесе келісу не санкциялау туралы бұрыштама қоюға; ақпараттық-есеп құжаттарына қол қоюға; қылмыстық істі талап етуге мыналар өкілетті:

1) аудандық және оларға теңестірілген деңгейде - прокурор және оның орынбасарлары;

2) облыстық және оларға теңестірілген деңгейде (соның ішінде Бас әскери прокуратура) - прокурор және оның орынбасарлары;

3) Бас Прокурор, оның орынбасарлары, Департамент бастығы.

20. Прокурорлар есептен жасырылған қылмыстар бойынша, қадағалау тексерістердің қорытындылары бойынша, сондай-ақ үлкен қоғамдық жаңғырық туғызған оқиғалар мен фактілер бойынша қылмыстық істерді қозғайды.

Қылмыс істерді қозғау тиесілі прокуратураның тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау бөлімшелерімен келісіледі.

Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар прокурорлармен қозғалған қылмыстық істердің тергеу жағдайына тоқсан

сайын талдау жасайды және олардың қозғау мен оларды қадағалауды жүзеге асырудың практикасын жылына екі реттен кем емес жинақтап қорытындылайды. Қорытулардың нәтижесі туралы Департаментке жартыжылдық аяқталғаннан кейін келесі айдың 10 күніне істердің тізімін қосымша тіркеп, ақпарат береді.

Осы мәселе бойынша қадағалаудың жағдайын Департамент жылына екі реттен кем емес жинақтап қорытындылайды.

Облыстық және оларға теңестірілген прокуратураларда прокурорлармен қозғалған қылмыстық істердің ішінен сотқа жолданған қылмыстық істердің тізімі соттарда қылмыстық істердің қарау заңдылығын қадағалау жөнінде тиісті басқармаларға (бөлімдерге) одан ары бақылау жүргізу үшін тапсырылады.

ҚР БП қозғалған қылмыстық істердің ішінен сотқа жолданған қылмыстық істердің тізімі Тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау департаментіне одан ары бақылау жүргізу үшін тапсырылады.

21. Көкейкесті және ерекше маңызды қылмыстық істер бойынша қылмыстық процестің барлық сатысында тиімді бақылау жүргізу үшін прокуратура органдарының әр түрлі бөлімшелерінің оперативтік қызметкерлерінен топтар құру арқылы қадағалаудың толассыз әдісі қолданылады.

**4-бөлім. Қылмыстық іс жүргізуде азаматтың және адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалауды жүзеге асыру**

22. Қылмыстық іс жүргізуде азаматтың және адамның Қазақстан Республикасының Конституциясында 1, 12-18, 25, 39-б.б. көзделген жеке бас бостандыққа, қадір-қасиетке, жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасының құпиясына, жеке салымдары мен жинақтарының құпиясына, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясына, тұрғын үйге, меншікке қол сұғылмаушылыққа конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ал олар бұзылған жағдайда кідіріссіз ақтау прокуратура органдары қызметкерлерінің міндеті болып табылады.

23. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар қылмыс жасаған сезікті адамды ұстау туралы анықтаушыдан немесе тергеушіден жазбаша хабар алғаннан кейін кідіріссіз оның заңдылығын және негізділігін тексереді. Ұстауды заңсыз деп таныған жағдайда, прокурор кінәлі лауазымды тұлғаларға қатысты қадағалау шараларын қабылдаумен қатар ұстау мерзімі аяқталғанға дейін сезікті адамды босатады.

Кәмелетке толмағандарды, мүгедектерді, әйелдерді, шетел азаматтарын ұстаудың негізділігіне ерекше назар аударылады.

24. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар журнал жүргізумен қоса, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен камералар мен уақытша ұстау изоляторларында (УҰИ), қылмыстық ізге түсу органдарының қызметтік және өзге үй-жайларда ҚР ҚІЖК 17-

тарау талаптарының сақталуын тұрақты тексереді. Түнгі уақытта, мереке және демалыс күндері тексеру, соның ішінде бейнежазбаны пайдалану тәжірибеге алынған.

Зандылықты бұзушылық анықталған жағдайда анықтама құрастырылады, онда тексеріспен анықталған фактілер сипатталады.

Әрбір сезіктінің ұсталу заңдылығы тексеріледі. Заңға қайшылық жағдайда сезікті адам тікелей тексеріс жүргізген прокурордың қаулысымен кідіріссіз босатылады, кінәлі лауазымды адамға қатысты қадағалау шарасын қабылдаумен қатар. Ерекше назар кәметке толмағандарды, мүгедектерді, әйелдерді, шетел азаматтарын ұстаудың негізділігіне аударылады.

Аталған тексерістерді жүргізуге "Прокурорлар кабинетінде" кезекшілік атқарып отырған прокурорлар тартылады.

УҰИ жедел іздестіру қызметі өндірісінің заңдылығын тексеру осы қадағалауды жүзеге асыруға өкілетті прокуратура қызметкерлерімен жүргізіледі.

Қабылдау-тарату бөлімдерінде; әкімшілік қамауға алынған адамдар ұсталатын арнайы қабылдау бөлімдерінде; медициналық айықтырғыштарда адамдарды ұстаудың заңдылығына тексеріс жүргізуге мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалау жөніндегі қызметкерлерді қатыстыру тәжірибеге алынған.

Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметтерімен бірге бірлескен акт құрумен қатар УҰИ-ында сезікті адамдарды ұстау шарттарының сақталуына жылына екі реттен кем емес тексерістер жүргізеді.

25. Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар құқық қорғау органдарының облыстық және өздеріне тиесілі аппараттарда қызметтік және өзге үй-жайларды он күн сайын тексереді, ол туралы журнал жүргізеді, заңдылықты бұзушылық анықталған жағдайда анықтама жазады.

Олар осы Нұсқаулықтың 23-тармағында аталған қылмыстық ізге түсу органдарының үй-жайлары мен бөлімшелерінде азаматтардың ұсталуының заңдылығына бір уақытта тексеріс жүргізуді тәжірибеге алған; қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлармен ҚР ҚІЖК 152-бабының талаптарын орындау қамтамасыз етіледі.

Тергеу изоляторларында адамдарды ұстаудың заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында жазаның орындалу және азаматтарды ақтау заңдылығын қадағалау бөлімшелерімен бірге өзара іс-әрекеттер жүзеге асырылады.

26. Қылмыс жасаған адамды тұтқындауға санкция беру туралы мәселелер, қағида бойынша, қылмыстық ізге түсу органдарының қызметтік үй-жайларында шешіледі.

Тұтқындауға санкция беру туралы мәселені шешу кезінде прокурор істің барлық материалдарымен мұқият танысады, қылмыстық іске тіркелетін хаттама құрастырумен қатар сезіктіден немесе айыпталушыдан жеке жауап

алады. Тұтқындауға санкция беру сезіктінің немесе айыпталушының қорғаушысының (адвокатының) міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі.

27. Қамауға санкция беруді есепке алу прокурордың өзімен жеке журналда жүргізіледі. Журналда қылмыстық істің нөмірі, қозғалған күні, тергеу жүргізетін орган мен адам, сезіктінің немесе айыпкердің аты-жөні, туған жылы мен жері, азаматтығы, мекен-жайы мен жұмыс орны, айып тағудың немесе сезік келтірудің бабы, ұсталу күні, қамауға санкция берген адамның лауазымы мен аты-жөні, қамауға санкция берілген тәртіптің ҚР ҚІЖК (142, 150, 267-б.б.) бабы, қамауға алынған күн, қамау мерзімі ұзартылған күн, үкімнің күшіне енгені туралы белгі соғумен қатар тергеудің және сотта қараудың қорытындысы көрсетіледі.

Басқа іс жүргізушілік әрекеттерді санкциялауды есепке алу басқа журналға жазылады.

Аталған журналдар тігіледі, нөмірленеді, прокурордың елтаңбалы мөрімен мөрленеді.

28. ҚР ҚІЖК 139, 141, 150, 534-баптарында мазмұндалған мән-жайларды есепке ала отырып, қамауға алу қолданылады. Қамауға алуға санкцияны ҚР ҚІЖК 150-бабының 4-бөлігіне сәйкес құқығы бар прокурорлар береді.

Кәмелетке толмағандарға қатысты қамауға алу ҚР ҚІЖК 419-бабының 3-бөлігіне қатаң сәйкес қолданылады.

29. Прокурорлар қамауға алу, оның мерзімін ұзарту туралы мәселенің шешімінің негізділігі мен дер кезділігі үшін, сондай-ақ санкция беруден негізсіз бас тартқаны үшін жеке жауапкершілік етеді. Санкция беруден бас тарту дәлелдерін көрсетумен қатар тергеуші мен анықтаушы жазбаша түрде мазмұндайды. Анықтау және тергеу сатысында қамауға алуды өзге бұлтартпау шарасына өзгерту кезінде ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамға қатысты қамауға алуға санкция беруден бас тартылған әр жағдайда прокурорлар үш тәулік мерзім ішінде бұл туралы Департаментке себептерін көрсетіп, жазбаша баяндайды.

30. ҚР ҚІЖК белгіленген тергеу және қамауға алу мерзімдерін ұзарту тәртібінің мүлтіксіз сақталуы прокурорлармен қамтамасыз етіледі. Іс жүргізушілік мерзімді ұзартудың себептері шұғыл кеңестерде; айыпталушыны қамаудың мерзімі 5 айдан артық болса алқа мәжілісінде талқыланады.

Азаматтың жеке бостандық құқығын қорғау мақсатында, адамды тұтқында ұстаудың қажеттілігі болмаған жағдайда, сондай-ақ кінәлі еместігіне дәлелдер табылғанда, оны қамаудан кідіріссіз босату шаралары қабылданады.

31. Қылмыстық ізге түсу органдары қызметкерлерінің тарапынан азаматтарға қатысты рұқсат етілмеген ықпал ету әдістері пайдаланылғаны туралы олардың шағымдары мен арыздары мұқият тексеріске жатады.

Қылмыстық істі тергеу барысында қылмыстық ізге түсу органдары айыпталушының (сезіктінің) дәлелдерін мынадай жолдармен ұқыпты тексеруге бағдарланады:

- хабарлаған мәліметтер бойынша одан егжей-тегжейлі жауап алу;
- заңсыз әрекеттеріне шағым түскен адамдардан жауап алу;
- мойындау себептері туралы белгілі адамдардан, соның ішінде айыпталушымен бірге тұтқында отырғандардан жауап алу;
- оның денсаулық жағдайы тексерілген немесе ол қай жерде қаралған, сол медициналық мекемелерден деректерді талап ету, қызметкерлерінен жауап алу;
- аталған адамдардың көрсетпелерінде қайшылық туған жағдайда оларды беттестіру; тану; оқиға болған орында көрсетпелерді тексеру және нақтылау;
- іс бойынша өндірістің бастапқы кезеңдерінде айыпталушыдан осыған ұқсас шағымдардың түскені не түспегені туралы мәліметтерді талап ету;
- арыз иесінің дәлелдерін объективті растайтын немесе теріске шығаратын мән-жайларды анықтауға бағытталған басқа тергеу-жедел іс-шараларын жүргізу.

ҚР ҚІЖК талаптарын бұзушылықтармен алынған дәлелдемелер ҚР ҚІЖК 116-бабында көзделген жағдайларда олардың дұрыстығына ықпал етсе немесе ықпал етуі мүмкін болса, тергеушінің не қадағалайтын прокурордың тиісті қаулы шығаруы арқылы олардың заңды күші жоқ және пайдалануға жол берілмейді деп танылуы тиіс.

32. Прокурордың санкциясынсыз жүргізілген тінтудің заңдылығын тексеру ҚР ҚІЖК 232-б. 3-тармағына сәйкес тиісті қаулы ұйғарумен қатар үш тәулік ішінде жүргізіледі, онда осы әрекеттің дәлелдеме ретінде пайдаланылуы туралы көрсетіледі.

Прокурорлар қылмыстық ізге түсу органдарының әрбір санкциялаған қаулысы бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындыларын тексерсін және талап етсін.

Қылмыстық ізге түсу органдарының қаулыларын санкциялаудан бас тарту оның дәлелдерін көрсетумен қатар жазбаша түрде прокурорлармен мазмұндалады.

33. Нақты адамдарға қатысты қылмыстық істерді заңсыз қозғау фактілеріне; заңсыз айып тағу және бұлтартпау шараларының және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына өзге шектеулердің заңсыз қолдану фактілеріне ерекше назар аударылады. Мұндай фактілер анықталған жағдайда кінәлі лауазымды тұлғалардың жауаптылығы туралы мәселе табандылықпен көтеріледі.

Облыстық, қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тартылған азаматтардың бұзылған құқықтарын дер кезінде қалпына келтіруді қадағалау мен үйлестіру шаралары арқылы қамтамасыз етеді.

34. Тергеу және анықтау заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорлар айыпталушы ретінде жауаптылыққа тарту туралы қаулының көшірмесін алған кезден бастап үш тәулік ішінде оның заңдылығын мына мәселелерді анықтау арқылы тексереді: айыпталушыға тағылған әрекет орынды ма, бұл әрекетте қылмыс құрамының бар-жоғын; тағылған айыптың

негізді-негізсіз екенін және оның істе бар дәлелдемелермен расталатынын; айыпталушының әрекеттері дұрыс сараланғанын-сараланбағанын; айыпталушыға іс бойынша барлық анықталған және дәлелденген қылмыстық әрекеттері бойынша айып тағылғанын-тағылмағанын; қылмыс жасағаны туралы іс бойынша дәлелдемелер табылған барлық адамдардың айыпталушылар ретінде жауапқа тартылғанын-тартылмағанын.

Айыпталушы ретінде тарту туралы заңсыз қаулыны бұзу оған мүдделі барлық адамдарға, соның ішінде жәбірленушіге, азаматтық қуынушылар мен олардың өкілдеріне ол туралы хабарлаумен қатар кідіріссіз жүргізілуі тиіс.

35. Айыпталушыны сотқа беру туралы мәселені шешу алдында ҚР ҚІЖК 281-бабында көзделген талаптар мұқият тексеріледі. Осы талаптар орындалмаған жағдайда кінәлі адамдарға прокурорлық қадағалау шараларын қолданумен қатар қылмыстық істер қосымша тергеуге қайтарылады.

Қылмыстық істер прокурордың дәлелденген қаулысы бойынша, қажет болған жағдайда нақты тергеу әрекеттерді жүргізу туралы нұсқауды қосымша тіркеу арқылы қосымша тергеуге қайтарылады.

ҚР ҚІЖК 281-284, 289, 514-б.б. талаптарына сәйкес істерді сотқа жолдар алдында өзара іс-әрекеттерді қамтамасыз ету үшін қылмыстық істер бойынша сот қаулыларының заңдылығын қадағалау жөнінде тиісті бөлімшелердің қызметкерлері тартылады.

Прокурорлар істерді сотқа жолдаудың негізділігі және дер кезділігі үшін, айыптау қорытындысын, айыптау қаулысын табыс ету тәртібінің сақталуы үшін жеке жауаптылық етеді.

36. Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар айыпталушы кінәлі болмағандықтан істің қысқартылуына байланысты тергеу барысында қамаудан босатылған, ал сотпен ақтау үкімі не ақтау емес негіздер бойынша қаулы шығарылған қылмыстық істердің дер кезінде зерттелуін қамтамасыз етеді.

Тергеу органдарының немесе соттың көрсетілген шешімдерімен келіскен жағдайда жоғарыда аталған прокурорлардың бекітуімен қоса дәлелді қорытынды жасалады:

-тергеу органы қабылдаған шешімінің негізділігі туралы қорытындыны бір уақытта ұйғару;

-сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 30 тәулік ішінде;

-қадағалау тәртібінде наразылық келтіру кезінде - оны қабылдамаған күннен бастап 30 тәулік ішінде.

Облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар қамауды заңсыз таңдаған және адамның заңсыз тұтқындалғанына кінәлі лауазымды тұлғалардың жауаптылығы туралы мәселені дереу алқада талқылайды. Қамау ретінде бұлтартпау шарасына санкция берудің негізділігіне және адамды тұтқында ұстаудың заңдылығына баға беру кезінде азаматтың бұзылған жеке бостандық құқығын қалпына келтіру жөнінде прокурормен қабылданған шаралардың дер кезділігі есепке алынады.

Алқаның шешімі мен қабылданған шаралармен бірге қорытынды бір ай мерзім ішінде (алқа мәжілісі өткен күннен бастап) Департаментке ұсынылады.

37. Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар осы Нұсқаулықтың 35-тармағында көрсетілген адамдардың, сондай-ақ қамау ретінде бұлтартпау шарасы бұзылған не өзге шараға өзгертілген; ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша қамауға немесе іздестіруді келесі жариялау жағдайында санкция беруден бас тартылған; ҚР ҚІЖК 132-б. тәртібінде ұсталған, оларға қатысты ақтау негіздері бойынша қылмыстық ізге түсу қысқартылған адамдардың; қылмыстық процесте азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзу фактілері бойынша қозғалған қылмыстық істердің тізімдері Департаменттің Деректер қорына ай сайын 10 күні жолдайды.

38. Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар тоқсан сайын қылмыстық ізге түсу органдарында қылмыстық іс жүргізуде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау жағдайына талдау жасайды және оларды қадағалау тәжірибесін жылына екі реттен кем емес жинақтап қорытындылайды. Қорытулардың нәтижесі туралы Департаментке жартыжылдық аяқталғаннан кейін келесі айдың 10 күні ақпарат беріледі.

Департаментпен осы мәселе бойынша қадағалаудың жағдайы жылына екі реттен кем емес жинақталып қорытындыланады.

### **5-бөлім. Қылмыстар және оқиғалар туралы өтініштерді, хабарларды шағымдар мен өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу және қарау кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру**

39. Қылмыстар және оқиғалар туралы өтініштерді, хабарларды, шағымдар мен өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу және қарау тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілердің қылмыстық ізге түсу органдарымен дұрыс қолданылуы; олар бойынша қабылданатын іс жүргізушілік шешімдердің заңдылығын және статистикалық мәліметтердің шұбасыздығын, толықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету, қылмыстар және оқиғалар туралы өтініштерді, хабарларды шағымдар мен өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу және қарау кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалаудың негізгі мақсаттары болып табылады.

40. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар он күн сайын жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау, тіркеу және шешу кезінде заңдылықтың сақталуын тексереді. Қылмыстарды есептен жасыру фактілері бойынша қызметтік тергеу жүргізу, ал ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша міндетті түрде іс жүргізушілік шешім қабылдау қамтамасыз етіледі.

41. Тағылған айыптың болмауына байланысты істерді бір өндіріске негізсіз қосу арқылы тергеу мерзімін қалпына келтіру мақсатында қылмыстық ізге түсу органдарымен пайдаланылатын жеке көріністер

бойынша қылмыстық істерді қозғау тәжірибесіне жол бермеуге шаралар қабылданады.

42. Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар облыстық және оларға теңестірілген қылмыстық ізге түсу органдарында қылмыстар және оқиғалар туралы өтініштерді, хабарларды, шағымдар мен өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу және қарау кезінде заңдылықтың сақталуын ай сайын тексереді.

Департамент қылмыстық ізге түсу органдарының орталық аппараттарында аталған тексерістерді тоқсан сайын жүргізеді.

43. Осы тексерістерді жүргізуге ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитеті (ҚР БП ҚСЖАЕК) органдарының қызметкерлері, сондай-ақ прокуратураның өзге бөлімшелерінің қызметкерлері: әкімшілік материалдар бойынша - мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалау; жедел-ізвестіру материалдары бойынша - жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын қадағалау; соттардың ұсыныстары мен жеке қаулылары бойынша - қылмыстық істерді соттарда қарау заңдылығын қадағалау; атқару өндірісінің материалдары бойынша - азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот актілерінің және атқару өндірісінің заңдылығын қадағалау бөлімшелерінің қызметкерлері де тартылуы мүмкін.

Қылмыстар және оқиғалар туралы өтініштерді, хабарларды, шағымдар мен өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу және қарау кезінде заңдылықты бұзушылық жіберілгені туралы деректер болған жағдайда аталған құрылымдық бөлімшелер тиісті тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау бөлімдеріне, басқармаға не Департаментке хабар береді.

44. Тексеріс барысында прокурорлар қылмыстық ізге түсу органдарының назарларын денсаулық сақтау, сот сараптамасы органдары мен басқа ұйымдармен бірге салыстыру жүргізуге, сондай-ақ осы салада бұзушылықтарды анықтау жөнінде өзге шаралардың қабылдануына екпін жасайды.

Аталған мекемелер мен ұйымдарда олардың деректерін қылмыстық ізге түсу органдарының салыстыру актілерімен салғастыру мақсатында қарсы тексерістер жүргізу тәжірибеге алынған.

Бұзушылықтар кездескен кезде кінәлі лауазымды тұлғалардың жауаптылығы туралы мәселені көтерумен қатар ведомстволық комиссиялардың қызметінің тиімділігіне баға беріледі.

45. Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар тоқсан сайын қылмыстық ізге түсу органдарында қылмыстар және оқиғалар туралы өтініштерді, хабарларды, шағымдар мен өзге ақпараттарды қабылдау, тіркеу және қарау кезінде заңдылықтың сақталуына талдау жасайды және оны қадағалау тәжірибесін жылына екі реттен кем емес жинақтап қорытады. Қорытулардың нәтижесі туралы Департаментке жартыжылдықтан кейінгі келесі айдың 10 күні анықталған есептен жасырған қылмыстардың және қылмыстарды есептен жасырған фактілері бойынша



қылмыстық ізге түсу органдарының қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық істердің тізімін қоса ұсынады.

Осы мәселе жөнінде прокурорлық қадағалаудың жағдайы Департаментпен жылына екі реттен кем емес жинақталып қорытылады.

**6-бөлім. Құқық қорғау органдарының қылмыскерлікке қарсы күрес жөніндегі қызметін үйлестіру және жеке басымдық бағыттар бойынша қадағалауды ұйымдастыру**

46. Облыстық, қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар ай сайын заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеумен қатар аймақтағы қылмыскерліктің жағдайына, қылмыстардың категориялары мен түрлері бойынша оның динамикасына талдау жасайды.

47. ҚР ҚСЖАЕК аймақтық басқармаларымен бірлесіп, қылмыстықтың, оны әшкерелеудің жағдайы туралы, тергеу жұмысы мен анықтаудың көрсеткіштері туралы статистикалық мәліметтердің шұбасыздығын тексереді және қамтамасыз етеді.

48. Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің экстремизм мен терроризм көріністеріне, нәсіпқұмарлық, еңбек және өзге мақсатта пайдалану үшін адамдарды заңсыз әкету мен сатуға қарсы әрекеттері жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

Қылмыстық ізге түсу органдары экстремистік идеологияның көріністері мен оның тарауына, конституциялық мақсаттарға қарсы ұйымдар мен бірлестіктер құруға, адамдарды заңсыз әкету мен сатуға мүмкіндік туғызатын себептер мен шарттарды анықтауға және оларды жоюға бағытталған.

Тергеуге дейінгі және қылмыстық істердің материалдарын зерттеудің қорытындысы бойынша тергеу органымен қабылданған мынадай шаралардың толықтылығы тексерілуде: маңызы бар барлық мән-жайларды анықтау; адамдарды заңсыз әкету мен сатуға байланысты экстремистік және террористік ұйымдардың ұйымдастырушылары мен басшыларын қылмыстық жауаптылыққа тарту; экстремистік әдебиеттерді тарату арналары мен хабар көздерін, сондай-ақ осы ұйымдарды қаржыландыру және техникалық жабдықтау арналарын анықтау және оларға жол бермеу; сараптамаларды дер кезінде тағайындау.

Осы категорияда ашылмаған қылмыстар бойынша ҚР ҰҚК, ҚР ІІМ мен ҚР ЭСЖҚКА органдарының қызметкерлерінен тергеу-оперативтік топтарын құру тәжірибеге алынған, олар шұғыл кеңестерде тыңдалады.

49. Бас әскери прокурордың, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлардың прокурорлық қадағалау мен үйлестіру шаралары арқылы қылмыстық ізге түсу органдары қылмыстықтың ұйымдасқан нысандарына қарсы күресті күшейтуге бағытталған.

Ұйымдасқан қылмыстық топтардың жетекшілері мен белсенді мүшелерін дер кезінде анықтау және оларды қылмыстық жауаптылыққа тарту жөніндегі басымдық бағыттарға; аймақаралық және халықаралық қылмыстық

қоғамдастықтардың құқыққа қарсы қызметін әшкерелеуге ерекше екіпін жасалып отыр.

Осы категорияда қылмыстық істерді қозғаудың заңдылығы мен негізділігі мұқият тексеріске жатады.

Қылмыстарды дәлелсіз есепке алу фактілері лауазымды тұлғалардың жауаптылығы туралы мәселені шешумен қатар шұғыл кеңесте қаралады.

Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар тоқсан сайын ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалған қылмыстар туралы қылмыстық істерді тергеу практикасына талдау жасайды және оны қадағалаудың жағдайын жылына екі реттен кем емес жинақтап қорытады. Қорытулардың нәтижесі туралы Департаментке жартыжылдықтан кейінгі келесі айдың 10 күні ақпарат береді.

50. Белгісіз жағдайда жасалған адам өлтіруді тергеудің заңдылығына қадағалау жүргізген кезде танылмаған мәйіттер мен азаматтың хабар-ошарсыз кеткен фактісі бойынша қабылданған шешімдердің заңдылығына ерекше назар аударылады.

Айына екі реттен кем емес бірлескен кеңестерде адам өлімін ашу және тергеу жөніндегі тергеу-оперативтік топтардың басшылары мен осы істер бойынша қадағалауды жүзеге асыратын прокурорлардың есептері тыңдалады.

Жасалған адам өлтірудің мән-жайлары бойынша сол қылмыс жасалған аумақта қызмет ететін ішкі істер органдарының лауазымды тұлғаларына қатысты қызметтік тексерістер жүргізу туралы нұсқаулар беріледі.

Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар тоқсан сайын кісі өлімін тергеу практикасына талдау жасайды және оны қадағалаудың жағдайы жылына екі реттен кем емес жинақталып қорытылады.

51. Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар тергеу және анықтау органдарының үйлестіру шаралары арқылы есірткі бизнесімен айналысатын ұйымдасқан қылмыстық топтарды анықтауға, ал есірткі заттарды сатып алудың әр фактісі бойынша оларды сатудың мән-жайын және есірткі сатушыны анықтауға; сату туралы материалдарды жеке өндіріске бөлуге, олардың тіркелуіне және іс жүргізушілік шешімнің қабылдануына бағытталады.

Қамауға санкция берген кезде прокурор есірткіні сатып алудың мән-жайын анықтайды, қажет болған жағдайда тергеу және анықтау органдарына тиісті нұсқау береді.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен және ұйымдасқан қылмыстық топтар (қоғамдастықтар) құрамында жасалған есірткі қылмыстары туралы қылмыстық істер ерекше бақылауға алынады.

Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар тоқсан сайын есірткі заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестің тәжірибесіне талдау жасайды және есірткі мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес жүргізуге бағытталған заңнаманың

қолданылуын қадағалаудың жағдайы жылына екі реттен кем емес жинақталып қорытылады.

Қорытулардың нәтижесі туралы Департаментке жартыжылдықтан кейінгі келесі айдың 10 күні ақпарат беріледі.

52. Бас әскери прокурормен, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлармен қылмыстық ізге түсу органдары жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын тұлғалармен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жасалған сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтауға, сондай-ақ қылмыстардың сыбайлас жемқорлық категориясына негізді жатқызуға және олардың дұрыс саралануына, қылмыстық істерді қозғаудың заңдылығына бағытталады.

Кінәлі адамдардың әрекеттерін сыбайлас жемқорлық емес сипатқа қайта саралау фактілері бойынша тергеу барысында, сондай-ақ сотта қылмысты сыбайлас жемқорлық ретінде дәлелсіз есепке алуға мүмкіндік туғызған себептер зерттеледі.

Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар тоқсан сайын сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша қозғалған қылмыстық істерді тергеудің заңдылығына прокурорлық қадағалаудың практикасы жинақталып қорытылады, ол туралы осы категорияда қозғалған қылмыстық істердің тізімін қосымша тіркеумен Департаментке есеп айынан кейін келесі айдың 10 күні ақпарат жолдайды.

53. Құқыққа қарсы қол сұғушылықпен келтірілген залалдың орнын толтыруды қылмыстық ізге түсу органдарымен қамтамасыз ету; кәсіпкерлік қызметке бөгет жасайтын жемқор мемлекеттік қызметшілерді әшкерелеу экономикалық қылмыстарға қарсы күресте заңдардың қолданылуын қадағалаудың негізгі міндеттері болып табылады.

Аса күрделі істер бойынша тергеу топтарының басшылары мен мүшелерін шұғыл кеңестерде тыңдау тәжірибеге алынған.

Қылмыстық ізге түсу органдары үйлестіру шаралар арқылы бақылаушы және фискальдық органдармен құқық қорғау органдарына тапсырылған, сондай-ақ бір құқық қорғау органымен басқасына тапсырылған қылмыс белгісі бар салық, кеден, қаржы, бюджет және валюта заңнамаларын бұзу туралы материалдарды салыстырып тексеру жүргізуге бағытталған.

Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар тоқсан сайын тергеу практикасына талдау жасайды және экономикалық қылмыстыққа қарсы күреске бағытталған заңнаманың қолданылуын қадағалау жағдайын жылына екі реттен кем емес жинақтап қорытады, Департаментке қорытулардың нәтижесі туралы жартыжылдықтан кейінгі келесі айдың 10 күні ақпарат береді.

#### **7-бөлім. Қорытынды ережелер**

54. Прокуратура органдарының тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау қызметін бағалаудың негізгі өлшемдері болып мыналар белгіленген:

- 1) сотқа дейінгі өндірістің барлық сатыларында құқық қорғау

функцияларын жүзеге асыру кезінде белсенділік таныту және азаматтарды кідіріссіз ақтау; қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын толық қамтамасыз ету;

2) қылмыстық іс жүргізу заңнамасын бұзушылықты анықтау және оған дереу жол бермеу; заңдылық пен құқықтық тәртібін бұзушылықтар үшін жазадан құтылмаушылық принципін қамтамасыз ету;

3) қылмыстық ізге түсу органдарының заңсыз шешімдерін дер кезінде бұзу; прокурорлық қадағалаудың нұсқаулары мен актілерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету; ведомстволық бақылаудың жағдайына нақты ықпал жасау;

4) қылмыстармен жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ мемлекетке келтірілген залалдың және қылмыстық істер бойынша іс жүргізушілік шығындардың шынайы өтелуін қадағалау шаралар арқылы қамтамасыз ету;

5) қадағалау қызметін бағалау кезінде "рейтингтік" көзқарасты болдырмау; статистикалық мәліметтердің шұбасыздығы және объективтілігі.

55. Бас әскери прокурор, облыстық, қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар ҚР БП ҚСЖАЕК аумақтық бөлімшелерімен бірге тергеу және анықтау заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы статистикалық мәліметтер жөнінде тоқсанына бір реттен кем емес салыстыру тексерісін жүргізеді.

56. Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар дер кезінде (ай сайын) белгіленген тәртіпке сәйкес Департаментке Деректер банкісін сапалы ұсынымдармен қамтамасыз етеді.

Департаменттің Деректер банкісіне ұсынылатын мәліметтер ресми ақпараттар болып саналады.

57. Департамент, Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар тергеу және анықтау заңдылығын қадағалауды ұйымдастырудың қазіргі әдістеріне бастама жасау және оларды ендіру жөнінде, қадағалау қызметінің оңтайлы тәжірибесін тарату, қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты тұрақты түрде жүргізеді; прокуратура органдарының қызметкерлерін қадағалау және тергеу жұмысының дағдыларына машықтау үшін "Прокурор кабинетін" белсенді пайдаланады.

58. Заңдылық пен құқықтық тәртібінің, прокурорлардың қадағалау қызметінің жағдайын бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету арқылы прокуратура органдарының беделін арттыру жөнінде мақсатты жұмыс жүргізілуде.

59. Департамент, Бас әскери прокурор, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар ҚР БП жанындағы С.Есқараев атындағы Заңдылық пен құқықтық тәртібінің проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтымен, басқа жоғары оқу орындарымен, ғылыми мекемелермен, жеке ғалым-заңгерлермен бірге өзара іс-әрекеттерді жүзеге асырады; тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау жөнінде прокуратура органдары қызметкерлерінің біліктілігін

арттыру жөніндегі жұмысты тұрақты жүргізеді; практикалық қызметте пайдалану үшін дайындалған анықтамаларды, қорытуларды, шолуларды, прокурорлық қадағалау актілерін, әдістемелік және басқа материалдарды жолдай отырып, қадағалау практикасы туралы ақпараттармен алмасады.

---

---

**Соттардың, прокуратура, алдын-ала тергеу, анықтау сот сараптамасы органдарының қылмыстық, азаматтық істер жөніндегі және әкімшілік құқық бұзушылық істері туралы құжаттарды, заттай дәлелдемелерді алу, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі туралы Нұсқаулық**

Бұйрық Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы 1998 жылғы 1 желтоқсан N 1043 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1998 жылғы 12 қараша N 121 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік Комитеті 1998 жылғы 8 желтоқсан N 73 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 30 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 658 Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылғы 22 желтоқсан N 598 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 2 желтоқсан N 429 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі 1998 жылғы 28 желтоқсан N 111 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 30 желтоқсан N 658 тіркелді

---

Қазақстан Республикасының аумағында бұрынғы КСРО-ның Прокуратурасы дайындап, бекіткен "Алдын ала тергеу, анықтау органдарының және соттардың қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құндылықтар мен өзге де мүлікті алу, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі туралы" Нұсқаулық осы уақытқа дейін қолданылып келеді, мұның өзі Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына қайшы.

Соттың, прокуратура, алдын ала тергеу органдарының қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алудың, есепке алудың, сақтаудың, берудің және бірыңғай ережесін белгілеу мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес бұйырамыз:

1. "Соттың, прокуратура, алдын ала тергеу, анықтау органдарының қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер бойынша заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алу, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі туралы" Нұсқаулық бекітілсін.

2. КСРО Бас прокуратурасы, КСРО Әділет министрі, КСРО ішкі істер министрі, КСРО Жоғарғы Сотының Төрағасы, КСРО ҰҚК Төрағасының бірінші орынбасары 1989 жылдың 18 қазанында бекіткен "Алдын ала тергеу, анықтау органдарының және соттардың қылмыстық істер бойынша заттай

дәлелдемелерді, құндылықтарды және өзге де мүлікті алу, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі туралы" Нұсқаулық күшін жойды деп танылсын.

3. Тергеу және анықтау мәселелерін қадағалайтын Департаменттердің, басқармалардың, қызметтердің басшылары Нұсқаулықтың керекті мөлшеріндегі данасын шығаруды, оқып-үйренуді және мүлтіксіз атқаруды ұйымдастыратын болсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-Министрлерге және Республика құқық қорғау органдары басшыларының соттардың қызметін, тергеу мен анықтауды ұйымдастыруды қадағалайтын орынбасарларына жүктелсін.

5. Осы Нұсқаулық мемлекеттік тіркеуге алынған сәттен бастап күшіне енеді.

**Соттардың, прокуратура, алдын-ала тергеу, анықтау сот сараптамасы органдарының қылмыстық, азаматтық істер жөніндегі және әкімшілік құқық бұзушылық істері туралы құжаттарды, заттай дәлелдемелерді алу, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі туралы**

### **Нұсқаулық**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық соттардың, прокуратура, алдын-ала тергеу, анықтау, сот сараптамасы органдарының заттай дәлелдемелерді алудың, есепке алудың, сақтаудың, берудің және жоюдың бірегей тәртібін белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі түсініктер:

Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша заттай дәлелдемелер ретінде (бұдан әрі - "істер") егер олар қылмыс қаруы болды деп ойлауға негіз болса немесе өзінде қылмыстың ізі сақталып қалса, немесе қылмыстық әрекеттің негізі болса, сондай-ақ ақша мен өзге де бағалы заттар, қылмысты анықтауға, істің іс жүзіндегі мән-жайын белгілеуге, кінәлілерді табуға немесе айыпты жоққа шығаруға немесе жауаптылықты жеңілдетуге құрал болып табылатын, заңды жолмен алынған заттар танылады.

Азаматтық істер бойынша заттай дәлелдемелер ретінде, егер олар өзінің сыртқы сипатымен, қасиеттерімен немесе өзге де белгілерімен іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау құралы болып қызмет ете алады деп тануға негізі бар заттар танылады.

Құжаттар, егер оларда ұйымдар, лауазымды адамдар баяндаған және куәландырған мәліметтер және іс үшін маңызы бар болса, дәлелдемелер болып танылады. Құжаттарға заңда көрсетілген тәртіппен алынған, талап етілген немесе табыс етілген тергеуге дейінгі тексерулердің материалдары (түсініктемелер және басқа да көрсетулер, түгендеулер, тексерулер актілері, анықтамалар), сондай-ақ компьютерлік ақпаратты қамтитын материалдар, фото және кинопүсірілімдер, дыбыс және бейнежазбалар жатады.

3. Затты, құжатты заттай дәлелдеме ретінде тану және оны іске қатыстыру туралы анықтау органының қызметкері, тергеуші, прокурор, сот қаулы, ұйғарым шығарады. Осы актіде заттай дәлелдемені істе қалдыру немесе

иесіне немесе өзге тұлғаларға, немесе ұйымдарға сақтауға қалдыру мәселесі шешілуі тиіс.

4. Сот істері және әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша сот ісін жүргізу барысында сот, прокурор, тергеуші, анықтау органының қызметкері заңды негіз болған жағдайда:

1) заттай дәлелдемелерді;

2) пайдалануда тыйым салынған заттар мен құжаттарды (иесінің оны сатып алуына, пайдалануына және сақтауына рұқсаты жоқ болған кезде); еркін айналымнан алынып тасталған заттарға тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленіп, ерекше рұқсаттар бойынша сатып алынатын заттар және дайындалуына, сатып алуға, сақтауға, сатуға және таратуға заңмен тыйым салынған басқа объектілер жатады;

3) қамауға алынған айыпталушылардың (сотталушылардың) және сезіктілердің жеке басын куәландыратын құжаттарын, құжаттармен қоса наградаларын алуға міндетті.

5. Ордендерді, медальдарды және оларға қоса берілетін құжаттарды алу:

1) ауыр қылмыс жасады деп айыпталатын (сезікті) адамға тиесілігі анықталған;

2) тиесілігі мен тағып жүру құқығы анықталмаған наградалар мен оларға қоса берілетін құжаттар табылған;

3) айыпталушыны (сезіктіні) тұтқындау кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайларда жүргізіледі.

6. Үкім шығару немесе істі қысқарту кезінде заттай дәлелдемелер туралы мәселе шешілуі тиіс, бұл ретте:

1) қылмыс қаруы тәркіленуге жатады немесе оны белгілі бір адам тиісті мекемелерге береді немесе жойылады;

2) ұстауға тыйым салынған заттар тиісті мекемелерге беруге жатады немесе жойылады;

3) құндылығы жоқ және пайдалануға келмейтін заттар жойылуға жатады, ал мүдделі адамдар немесе мекемелер сұрау салған жағдайда оларға берілуі мүмкін;

4) қылмыстық жолмен жиналған ақша мен өзге де құндылықтар соттың үкімі бойынша мемлекет кірісіне алынады, қалған заттар заңды иелеріне беріледі, ал соңғылары анықталмаған кезде мемлекеттің меншігіне көшеді;

5) заттай дәлелдемелер болып табылатын құжаттар істің бүкіл сақталу мерзімінің ішінде онымен бірге қалады не заңда көрсетілген тәртіппен мүдделі ұйымдарға немесе азаматтарға беріледі.

## **2. Заттай дәлелдемелерді алу, қарау**

7. Азаматтық және қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген іс жүргізу іс-әрекеттерінің хаттамасында заттай дәлелдемелерді алу фактісі көрсетіледі. Сот, прокурор, тергеуші, анықтау қызметкері істің анығына жету үшін маңызы бар заттың атауын, оның уақытын, орнын және табу, сатып алу, сақтаудың тағы басқа мән-жайларын бейнелейтін заттай дәлелдемені ұсынушы адамнан жауап алуға міндетті. Іс жүзіндегі деректер олар іс жүргізу

іс-әрекеттерінің хаттамаларында көрсетілгеннен кейін ғана дәлелдеме ретінде пайдаланыла алады. Анықтау және алдын ала тергеу барысында хаттамаларды жүргізу жауапкершілігі тиісінше анықтаушы мен тергеушіге, ал сотта - төрағалық етуші мен сот мәжілісінің хатшысына жүктеледі.

8. Заттай дәлелдемелермен жұмыс істеу белгілі бір дағдылардың болуын, олардың сапалық сипаттамаларын, жеке белгілерін дәл белгілеуді және құнын анықтауды талап ететіндіктен заттай дәлелдемелерді алу үшін тиісті мамандар шақырылады. Қажет жағдайларда заттай дәлелдемелерді табу және алу дыбысты жазбамен, бейнежазбамен, фото-кино суреттермен және басқа ғылыми-техникалық құралдармен бекітіледі.

9. Іс жүргізу әрекеттерінің хаттамасында барлық алынатын заттар мен құжаттар, сонымен қатар хатталатын мүлік жазылады. Заттар мен құжаттардың ауқымды мөлшері алынатын кезде хаттамаға қоса берілетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын арнайы тізімдеме міндетті түрде жасалады. Хаттамада және оған қоса берілетін тізімдемеде әрбір алынатын объектінің анық атауы, саны, салмағы, сериясы, нөмірі және басқа айыру белгілері, олардың табылу орны мен уақыты көрсетіледі.

Істің жағдайына қарай сот, прокурор, тергеуші, анықтау органының қызметкерлері егер объектіні бүтіндей алу мүмкіндігі болмаса, қылмыстық, азаматтық іске, әкімшілік құқық бұзушылық материалдарына қатысты іздері бар (микро-іздер) объектінің бір бөлігін алуға құқылы. Сонымен олар жәбірленушілер мен өзге адамдарға тиесілі заттардың бүлінуіне жол бермеуге, ал шарасыз бүліну жағдайында азаматтарға келтірілген зиянды азаматтық іс жүргізу тәртібімен өтеуге шаралар қолдануға міндетті.

10. Барлық алынатын заттай дәлелдемелер куәгерлердің қатысуымен алынады және қатысқан басқа адамдарға көрсетіледі, қажет болған жағдайда олардың бүліну мүмкіндігіне жол бермейтін және олардағы іздердің (микро-іздердің) сақталуын қамтамасыз ететін орамға салынады, таңбалармен және куәландыру жазбаларымен және заты алынған адамның, куәгерлердің, тергеушінің, анықтау органы қызметкерінің, прокурор мен судьяның қолдары қойылады және тиісті органның мөрімен бекітіледі.

Егер алынатын заттай дәлелдемелердің ауқымдылығына байланысты оларға тізімдеме жүргізу мүмкін болмаса, олар орамға салынып, куәландыру жазбаларымен және жоғарыда аталған адамдардың қолдары бар таңбалармен қамтамасыз етіледі. Мұндай жағдайларда алынған заттай дәлелдемелерге хаттама жасау қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңдары сақтала отырып іс жүргізу әрекетінің орны бойынша жүргізіледі.

Іс жүргізу әрекетінің хаттамасы және заттай дәлелдемелердің тізімдемесі екі данада жасалады және Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңдарының нормалық талаптарына сай болуы тиіс, алуды жүргізген адам, куәгерлер және мұнда қатысқан адамдар, оның ішінде заты алынған адам, ал ол болмаған жағдайда - оның отбасының жасы толған мүшесі не ПИК, селолық немесе поселкелік әкімшілік, тиісті ұйым әкімшілігінің өкілі қол қояды.



Хаттама мен тізімдеме көшірмелері заттай дәлелдемелер алынған адамға, ал ол болмағанда - оның отбасының жасы толған мүшелеріне не жоғарыда аталған өкілдерге беріледі.

11. Алынған заттай дәлелдемелер қажет жағдайларда маманның қатысуымен қаралуға, қарау хаттамасында толық сипатталуға тиіс, онда заттардың сандық және сапалық сипаттамалары, объектіні оған ұқсастардың арасынан ажыратуға мүмкіндік беретін және оның дәлелдемелік маңызы және басқа да белгілері көрсетіледі.

Бағалы металды (алтын, күміс, платина және платиналық топтың металдары), асыл тастар мен інжуді анықтау маманның пікірі немесе сарапшының қорытындысы ескеріле отырып жүргізіледі. Өзге жағдайларда қарау хаттамасында металл мен тастардың тек түсі ғана, сондай-ақ олардың жеке белгілері көрсетіледі.

Заттай дәлелдемелер қараудан кейін анықтау органы қызметкерінің, тергеушінің, прокурордың арнайы қаулысымен, сот ұйғарымымен іске қосылады.

### **3. Заттай дәлелдемелерді, құжаттарды және өзге мүлікті сақтау**

12. Заттай дәлелдемелер қылмыстық, азаматтық және әкімшілік процесті жүргізуші органның қаулысымен не ұйғарымымен іске қосылады және үкімнің, шешімнің, ұйғарымның немесе істі қысқарту туралы қаулының заңды күшіне енуіне дейін сонда болады. Заттай дәлелдемелерді қарау және сақтау тәртібі қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу заңдарымен және қолданылып жүрген басқа да нормативтік құқықтық актілермен анықталады.

13. Заттай дәлелдемелерді сақтау кезінде олардағы істер мен материалдар бойынша маңызы бар белгілер мен қасиеттердің сақталуын қамтамасыз етіп, сондай-ақ қатар заттай дәлелдемелерді жәбірленушіге, оның туысқандарына, тараптарға, не өзге адамдарға, сондай-ақ белгіленген заң тәртібімен ұйымдарға сақтауға беру мүмкіндігі болмаған жағдайда олардың өзін сақтау жөнінде шаралар қабылданады.

14. Егер заттар өзінің ебедейсіздігіне немесе өзге себептерге байланысты іспен қоса сақталынбайтын болса, онда сурет немесе бейнетүсірілім құралдарымен бейнеленуі тиіс, мүмкіндігіне қарай анықтау, тергеу, прокуратура, сот органының қызметкері көрсеткен орында қатталып сақталуы тиіс. Іске заттай дәлелдемелердің үлгісі қосылады, оның тұрған орны туралы тиісті анықтама болуы тиіс.

15. Тез бұзылатын заттай дәлелдемелерді иесіне қайтару мүмкін болмаған жағдайда олар сол мақсатында пайдалану не сату үшін алынған соманы қылмыстық, азаматтық, әкімшілік процесті жүргізуші органның депозитіне салу үшін тиісті органдарға өткізіледі. Негіздемелер болған кезде олар иесіне сондай сапамен сол зат күйінде өтеледі немесе соңғысына олардың құны төленеді.

16. Соттарда, прокуратура, әділет, ішкі істер органдарында, ұлттық қауіпсіздік комитетінде, салық комитетінде және басқа өкілетті мемлекеттік органдарда заттай дәлелдемелерді сақтау үшін сөрелері, темірмен қапталған

есіктері, темір торланған терезелері, қорғау және өртке қарсы сигнализациясы бар арнайы ғимарат жабдықталады. Мұндай ғимарат болмаған кезде арнайы қойма (жеткілікті көлемдегі металл шкаф ж.т.б.) бөлінеді. Іске қосылған заттай дәлелдемелердің сақталуы үшін жауапкершілік анықтауды, тергеуді жүргізетін тұлғаға, ал сотта-судьяға немесе сот төрағасына жүктеледі.

17. Судьяның қаулысымен, ұйғарымымен әділет, прокуратура, салық полициясы, ПМ, ҰҚК органдары бірінші басшыларының арнайы бұйрығымен тағайындалған сол мекеменің, қылмыстық істерді тергеуге қатысы жоқ қызметкері қылмыстық істерге байланысты және одан бөлек сақталатын заттай дәлелдемелердің сақталуы үшін жауапты болып табылады. Тергеушінің, анықтаушы органның қаулысы, соттың ұйғарымы заттай дәлелдемелерді сақтауға орналастыру үшін негіздеме болып табылады.

Заттай дәлелдемелер сақталатын бөлмеге тек оның сақталуы үшін жауапты тұлғаның қатысуымен ғана кіруге мүмкін болады. Ол (немесе оны алмастыратын қызметкер) жоқ болған жағдайда ғимаратқа тек комиссиялы (кемінде үш адам) түрде ҰҚК, ПМ анықтау органдары, тергеу бөлімшелері бастықтарының, прокурордың, сот төрағасының, судьяның қатысуымен ғана кіруге рұқсат етіледі. Оларда сол ғимараттың дубликаты (екіншісі) болуға тиіс. Мұндай жағдайларда үш дана акт жасалады, онда ғимараттан (қоймадан) қандай объектілердің және неге байланысты алынғаны немесе оған салынғаны көрсетіледі. Актінің бірінші данасы заттай дәлелдемелерді сақтау үшін жауапты тұлғаға заттай дәлелдемелердің есеп кітабына тиісті мәліметтерді түсіру үшін беріледі, екіншісі-кеңсеге, үшіншісі-іске беріледі.

18. Анықтау, алдын ала тергеу барысында сақтауға алынған қопарылғыш құрылғыларды, ататын мылтықтарды, қару-жарақтарды, қопарылғыш заттарды, радиоактивті материалдар, есірткілік құралдарды, психотроптық, тез әсер ететін және улы заттарды сақтау тиісті сот сараптамасы мекемесін де тексерілгеннен кейін тек ПМ, ҰҚК шаруашылық бөлімшелерінде, әскери бөлімдердің немесе тиісті мемлекеттік кәсіпорындардың арнайы жабдықталған ғимараттарда жүргізіледі.

Сот сараптамасын жүргізу барысында есірткілік құралдарды, психотроп заттарды, прекурсорларды, улы заттарды сақтау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде жүзеге асырылады.

Атылатын қаруларды қолдануға байланысты жасалған қылмыстар туралы барлық істер бойынша анықтау, тергеу органдары, соттар тиісті алу, қадағалау және зерттеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін оқтарды, гильзалар мен патрондарды және басқа қарулық іздері бар оқ-дәрілерді оқ үлгілері сақталатын орынға, Әділет министрлігінің сот сараптама мекемесіне жіберуге міндетті.

Кесінді мылтық оқ гильза үлгілері сақталатын орын бойынша тексерумен бір мезгілде ол Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы мен ПМ Бас оперативтік-криминалистік басқармасында жоғалтылған және анықталған қарулардың жедел есебі бойынша тексеріледі.

Кімге жататыны анықталмаған және іздестірілуі тиісті жедел-іздестіру және криминалистік есептер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін объектілер мен құжаттарды анықтау және алу кезінде шұғыл түрде аталған объектілерді осы есептер бойынша тексеру шаралары қабылданады.

19. Алынған наградалар және олардың құжаттары алынғаннан кейін бір тәуліктен кешіктірілмей сақтауға беріледі немесе олардың зерттелуі, іс жүргізу әрекеті хаттамаларының көшірмелері қажет болғаннан басқа жағдайларда анықтауды, тергеуді, сот ісін жүргізетін органның бухгалтериясының кассасына арнайы байланыс арқылы жөнелтіледі. Кейін іске қосылатын екінші даналарына кассир наградаларды және олардың құжаттарын алғандығы туралы қол қояды. Айыптау қорытындысына анықтамада айыпталушының наградалары мен олардың құжаттарын алу және олардың сақталу орны туралы мәліметтер көрсетіледі. Егер алынған наградалар, оларға құжаттар заттай дәлелдемелер болып табылса, немесе оларға қатысты сараптама тағайындалса, қажетті іс жүргізу және басқа әрекеттер жасау үшін олар тергеу, анықтау, сот органдарында сақталуы мүмкін.

20. Заттай дәлелдемелер болып танылған машиналарды, мотоциклдерді және көлік (оның ішінде суда жүзетін және ұшатын аппараттар) құралдарын, сондай-ақ тыйым салынған көлік құралдарын сақтау (егер олардың иесіне, оның туыстарына немесе басқа тұлғаларға, сондай-ақ басқа ұйымдарға сақтауға беруге мүмкін болмаса) ҰҚК, Салық, Кеден комитеттері, ішкі істер органдарының тиісті анықтау, тергеу немесе сот істерін жүргізу барысында анықтаушының, тергеушінің, прокурордың, соттың жазбаша тапсырысы бойынша жүргізіледі, олардың басшылары бұл жөнінде іске қосылатын сақтау қолхатын береді, онда қабылданған көлік құралы үшін кімнің жауапты болып табылатыны көрсетіледі.

Жол полициясы қызметкерінің немесе маманның мүмкіндігіне қарай оның иесінің қатысуымен көлік құралын алу, сондай-ақ беру кезінде осы құралдың техникалық жағдайы туралы акт жасалады.

21. Радиотарату қондырғыларын заңсыз дайындауға және пайдалануға байланысты қылмыстық істер мен материалдарды тергеу кезінде бүкіл пайдаланылған аппаратура, бөлшектер мен жиынтықтаушы бұйымдар алынады, олардың сақталуын істі жүргізетін орган қамтамасыз етеді.

22. Анықтау, тергеу, сот істерін жүргізу барысында алынған есірткілік заттар істі тоқтату жөнінде қаулы, ұйғарым шығарылғанға немесе сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылғанға дейінгі тексеріске тең келетін кезеңде тергеуді жүргізетін органның заттай дәлелдемелерді сақтау ғимаратында (қоймасында) немесе тұрмыстық және өндірістік аймақтан тыс түзету мекемесінің оперативті бөліміндегі металл жәшікте (сейфте) қатталған күйінде сақталады.

Затты есірткілік, психотроптық, улы заттарға немесе прекурсорларға жатқызу үшін сот сараптамасы жүргізіледі. Сот сараптамасын жүргізу басталған сәттен есірткілік құралдарды, психотроптық заттарды,

прекурсорларды, улы заттарды сақтау жоғарыда аталған талаптар ескеріле отырып Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдарында жүргізіледі.

23. Соттың үкімі, ұйғарымы, тергеушінің, анықтау органының істі тоқтату немесе істі қозғаудан бас тарту жөніндегі қаулысы есірткілік құралдарды, психотроптық заттарды, прекурсорларды, улы заттарды мемлекетке тапсыру немесе жою үшін негіз болып табылады.

24. Тұтқынға алынғандардың төлқұжаттары, жеке куәліктері, әскери билеттері (тууы туралы куәліктері, кәмелетке толмағандардың тіркеу куәліктері) қылмыстық іс қағаздарына қосылады және іске тігілген және парақтары нөмірленген, қатталған жеке пакетте сақталады.

Қызметтік куәліктер алынған жағдайда құжат оларды берген органға куәлігі алынған тұлғаның тұтқындалғаны туралы хабарламамен бірге жіберіледі.

Егер іс үшін мәні бар болса басқа жеке құжаттар айыпталушыларға немесе олардың келісімімен олардың туыстарына қайтарылады.

25. Азаматтардан тергеу-сот органдары алған және сот үкімі негізінде тәркілеуге жататын асыл металдардан (осы бұйымдардың сынықтарынан), асыл тастар мен інжу-маржаннан жасалған бұйымдар, сондай-ақ асыл тастар, қолөнер зергерлік бұйымдары, асыл металдардан жасалған тиындар мен шетелдік валюталар заттай дәлелдемелердің есеп журналында тіркеледі. Егер олар заттай дәлелдемелер болып табылған жағдайда онда үш күннен кешіктірілмей арнайы жабдықталған ғимараттарда буылып-түйілген және қатталған күйінде жоғарыда аталған журнал бойынша реттілік нөмірі беріліп, сақтау үшін материалдық-жауапты адамға тапсыруға жатады немесе Қазақстан Республикасының мамандандырылған мекемесіне тізбемен бірге уақытша сақтауға тапсырылады. Ілеспе хатта жолданатын игіліктердің заттай дәлелдемелер болып табылатыны және оны сақтауға жөнелткен органның айрықша нұсқауына дейін сақтауға тиіс екендігі айтылуға тиіс. Басқа жағдайларда олар банкке сақтауға беріледі.

Құймалар, ұнтақтар, кесектер, сынықтар, жартылай фабрикаттар түріндегі айналымнан алынған қымбат металдар (алтын, күміс, платина және платина тобындағы басқа металдар), өндірістік немесе лабораториялық мақсаттағы бұйымдар, сондай-ақ тергеу-сот және анықтау органдары азаматтардан алған алмаз бен өзге де табиғи асыл тастар тиісінше зерттеулерден кейін егер заттай дәлелдемелер болып табылмаса және арнайы зерттеуге жатпайтын болса Республикалық бюджет кірісіне алу үшін Мемлекеттік игіліктер қоймасына тапсырылады.

26. Қазақстан Республикасының ұлттық валютадағы ақша сомалары, жинақ және чек кітапшалары, чектер, сақтау куәліктері, ақшалай-заттай лотерея билеттері, басқа да бағалы қағаздар үкім заңды күшіне енгенге дейін мына тәртіпте сақталады:

- ұлттық валютадағы ақша сомалары оларды алған органның депозиттік шотына, немесе мамандандырылған банктердің жергілікті мекемелеріне

сақтауға тапсырылады, егер оларда қылмыстың іздері сақталған жағдайда міндетті түрде нөмірлері мен сериялары бойынша банкноттар тізбесі екі данадан жасалады - біріншісі валютамен бірге тапсырылады, екіншісі іске қосылады;

- сақталуы қамтамасыз етілген жағдайда басқа бағалы қағаздар оларды алған органда сақталады немесе таяудағы банк мекемесіне өткізіледі.

Бағалы қағаздарды алумен бір мезгілде сот-тергеу органдары мүліктің пайдаланылуына тыйым салу туралы қаулыларды тиісті банктерге жібереді (егер күдік тудырған адамды тұтқынға алғызған баптың санкциясы осыны көздейтін болса).

Заттай дәлелдемелер болып табылмайтын ақшаны алғаннан және тергелетін қылмыстық іс үшін олардың маңыздылығын анықтау жөнінде олармен қажетті тергеу әрекеттерін жүргізгеннен кейін анықтау органдарының қызметкерлері 3 күндік мерзімде оларды тергеуді немесе анықтауды жүргізетін органның қаржы-шаруашылық бөлімшесінің кассасына тапсырады. Оның орнына кассир тергеушіге немесе анықтау қызметкеріне нөмірін көрсетіп кіріс органының түбіртегін береді.

Қабылданған ақшаны кассир келесі күннен кешіктірмей мамандандырылған банктің жергілікті мекемесіне тапсырады.

27. Заттай дәлелдемелер ретінде іске қосылған құжаттар, хаттар мен басқа да жазбалар таза қағаз парақтарының арасына салынған конверттерде сақталуға тиіс. Оларға қандай болсын белгілер, жазулар түсіруге және оларды бүктеуге тыйым салынады. Конверттер қатталады, істерге тігіледі және оның жеке парағы бойынша нөмірленеді. Іске қосылатын хаттар мен құжаттар саны көп болған кезде олар іске қосылатын жеке пакетке салынады. Конвертте онда салынған құжаттар тізбесі бар жазба болуға тиіс.

28. Құпиялық сипаттағы мәліметтері бар, бірақ заттай дәлелдемелер болып табылмайтын алынған құжаттар, сызулар, фототүсірілімдер арнайы бөлімдер арқылы қатыстылығы бойынша ұйымдар мен мекемелердегі құпия құжаттармен айналысатын бөлімдерге жіберіледі.

29. Заттай дәлелдемелер ретінде кейін бүлінуіне, зерттеу және пайдалану мүмкіндігінен айыруға әкеліп соқтыратын болғандықтан заттай дәлелдемелерді және басқа объектілерді дымқыл және т.с.с. жағдайларда сақтауға тыйым салынады. Қажет болған кезде алынған объектілерді оларды одан әрі сақтауға мүмкіндік беретіндей жағдайға келтіру жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

30. Биологиялық тектегі объектілер, соның ішінде микроскопиялық немесе химиялық зерттеуге жататын, тез бүлінуге ұшырайтын объектілер герметикалық (тығыз) жабылған ыдыстарға салынуға тиіс. Мұндай объектілерді (соның ішінде мәйіттің одан әрі зерттеуді қажет ететін бөлшектерін) буып-түюді сот-сараптама мекемелерінің қызметкерлері жүзеге асырады.

Сараптама зерттеуі аяқталған кезде биологиялық объектілерді зерттеу

арнайы жағдайларды талап етеді, ол сот-медицина мекемесінде оның басшылығымен келісу арқылы жүзеге асырылады.

31. Алынған тез бүлінетін, арнайы сақтау жағдайларын қажет ететін тауарлар және басқа да тауарлар алынғаннан, қадағаланғаннан және сараптама жасалғаннан кейін жедел түрде иесіне қайтарылмайтын болса, тиесілігі бойынша тиісті ұйымдарға сату одан кейін алынған сомаларды азаматтық және әкімшілік істерді жүргізетін орган депозитіне салу үшін беріледі. Азық-түліктер сол күйінде қайтаруға жатпайды.

32. Үй жағдайында, сондай-ақ зауытта дайындалған, тығындалуында бұрмалаушылықтар мен жасандылық белгілері бар ыдыстарда сақталған алынған спирттік ішімдіктер куәгерлердің қатысуымен (тиісті зерттеулерден кейін) жоюға жатады, бұл жайлы акт жасалып, ол іске қосылады.

33. Егер өндірістік тауарлар заттай дәлелдемелер болып табылмаса және иелеріне қайтару мүмкін болмаса, алынған өндірістік тауарлар үкім заңды күшіне енгеннен кейін тәркіленген, иелері жоқ мүліктер және мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке ауысқан мүліктер сату үшін осындай тәртіппен жұмыс істейтін сауда кәсіпорындарына беріледі.

34. Тауарларды тиісті мекемеге өткізу туралы үш дана акт жасалады. Тауарларды қабылдаған мекеме оларды сатуды жүргізеді, ал оның құны тергеуді жүргізетін органның депозиттік шотына аударылады. Актінің үшінші данасы тауарларды сатудан түскен сомалардың аталған шотқа түсуін кейіннен бақылау үшін қаржы бөлімшесіне беріледі. Беру актісінің бірінші данасы және олардың толық тізімдемесі қылмыстық іске қосылады.

35. Қылмыстық әрекеттер объектілері болып қызмет еткен және өздерінде қылмыстық іздерін сақтаған азық-түліктер немесе өнеркәсіптік тауарлар толығымен немесе қажетті бөлігінде сараптамалық зерттеуге (сынама, үлгі) беріледі.

36. Заттай дәлелдемелер ретінде тергеу-сот органдарының шешімдері шыққанға дейін алынған жұмыс және үй малы жәбірленушілерге немесе ұйымдарға, олар болмаған кезде тиісті акт жасалып, жергілікті өкімет органына беріледі.

37. Сот шығындарын қысқарту мақсатында алынған ебедейсіз де ауқымды заттай дәлелдемелер (аса ірі мөлшердегі спирттер, құрылыс материалдары, металл сынықтары ж.т.с.) алынғаннан тиісті қараудан, қажетті сараптамалардан, есептемелерден өткізілгеннен кейін анықтау органының қалауы бойынша сату және одан әрі түскен ақшаны қылмыстық іс жүргізіп отырған органның депозиттік шотына есепке түсіру үшін осыған өкілетті кәсіпорындарға, ұйымдарға берілуі мүмкін, ал үлгілердің (сынамалардың) бөліктері заттай дәлелдемелер ретінде қылмыстық (соның ішінде тоқтатыла тұрған) іске қосылады.

38. Айыптау қорытындысына қоса берілетін анықтамада іс бойынша алынған заттардың, құжаттардың немесе басқа мүліктің сақтауға өткізілгендігін растайтын құжаттар тігілген істің тиісті парағына сілтеме жасалып қайда сақталатыны көрсетіледі.

39. Тыйым салынған мүлік нақтылы жағдайларға және істің мүдделеріне қарай сот-тергеу органдарының қалауымен жергілікті атқару органдарына, пәтер иелерінің кооперативтеріне (ПИК), сондай-ақ зиян келтірілген ұйымға, немесе мүліктің иесіне не оның туысына сақтауға беріледі, қабылданған мүліктің сақталуы үшін жауапкершілік түсіндіріледі, бұл жайлы қолхат алынады. Қажет болған жағдайда тыйым салынған мүліктің алынуы мүмкін.

40. Тыйым салынған өнер туындылары мен антиквариат мұражайларға сақтауға берілуі мүмкін.

Нақтылы қылмыстық істерге қатысты заттай дәлелдемелер басқа істер бойынша заттай дәлелдемелерден бөлек сақталады.

41. Ашылмаған қылмыстар туралы тоқтатылған істерге қатысты заттай дәлелдемелер оларды тергеу орындары бойынша, бірақ одан әрі пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін буып-түйілген және қатталған түрінде қолданылып жүрген істердегі заттай дәлелдемелерден бөлек сақталады. Осындай объектілері бар әрбір пакет істің нөмірі, оның фабуласы мен қозғау күні, бумадағы объектінің атауы көрсетілген түсіндірме жазбасымен жабдықталады.

Сақтау шарттары осы Нұсқаулықпен айқындалған объектілер санаттарына қолданылатындай болып таңдалады.

42. Сақтаудың арнайы шарттарын қажет ететін тоқтатылған істер бойынша биологиялық объектілер сот сараптамасы мекемелерінің мұрағаттарында болады. Соттың, прокурордың, тергеушінің, анықтау органы қызметкерінің тиісті мекеме басшысына жолданатын хаты мұрағатқа негіз болып табылады.

#### **4. Заттай дәлелдемелердің есебі**

43. Заттай дәлелдемелерді және істер бойынша алынған басқа да заттарды, құндылықтарды, сондай-ақ заттай дәлелдемелер болып табылмайтын ақшаларды есепке алу үшін әрбір сотта, ішкі істер органында, ҰҚК, салық полициясында, кеден комитеттерінде белгіленген үлгі (1 және 2-қосымшалар) бойынша кітап жүргізіледі, ол заттай дәлелдемелерді және басқа алынған мүліктерді, құндылықтарды сақтау үшін жауапты тұлғада болады.

Кітаптың әр беті нөмірленеді, кітап бауланады және мөрмен, сондай-ақ бірінші басшының қолымен бекітіледі.

44. Заттай дәлелдемелерді және басқа анықтау, тергеу, соттың іс жүргізу барысында алынған заттай дәлелдемелер болып табылмайтын объектілерді есепке алу кітабына жазбаны оларды алу негіздемесі көрсетілген хаттама негізінде сақтауға жауапты тергеуші немесе анықтау органының қызметкері жүргізеді.

45. Заттай дәлелдемелерді, құндылықтарды және басқа мүліктерді сақтауға жауапты болып табылатын тұлға есеп кітабына тіркеу кезінде қабылданған заттар мен құндылықтардың іске қосылатын қаулыдағы, ұйғарымдағы жазбалармен сәйкес келуін тексереді.

46. Заттай дәлелдемелерді кітапта тіркеу кезінде жазулар хронологиялық тәртіпте жасалады, әр зат жеке жазылады, бірнеше біртектес заттарды алу кезінде олардың саны, келіп түскен күні, атауы (егер заттай дәлелдемелер оралған болса, орамды ашумен және ол жайлы акт жасаумен қатар олардың саны мен атауларына тексерілу жүргізілуі мүмкін) қойылады, егер көптеген атаулар саны алынса тізімдеу жасалады және объектілерді кітапқа жазу тізімдеуге сәйкес жасалады. Сонымен әр затқа реттік нөмір беріледі.

Егер заттай дәлелдемелер қылмыстық және азаматтық немесе әкімшілік құқық бұзушылық істің жанында болса және сақтауға өткізілмесе, есеп жүргізу кітабында заттай дәлелдемелерді ұстап отырған лауазымды адамның тегін көрсетумен бірге ол туралы белгі соғылады.

Заттай дәлелдемелерге, құжаттарға есеп жүргізу кітабынан басқа құқық қорғау органдары басшыларының қалауы бойынша осы объектілерге есеп жүргізудің басқа да нысандары белгіленуі мүмкін (жаршылар, түбіртектер, компьютерлік жүйе және басқалар).

## **5. Заттай дәлелдемелерді беру**

47. Іске қосылған заттай дәлелдемелер тергеу, анықтау аяқталғаннан және сотқа жіберілгеннен кейін ол басқа органға беру кезінде қылмыстық іспен бір мезгілде беріледі. Бұл жайлы әрбір берілетін объектіге қатысты заттай дәлелдемелерге есеп жүргізу кітабына тиісті жазу енгізіледі. Белгіленген тәртіпте заттай дәлелдемелер болып танылмаған заттарды қылмыстық іспен бірге беруге болмайды.

48. Іспен бірге заттай дәлелдемелерді қабылдайтын кеңсе қызметкері, сот хатшысы өз лауазымын, тегін анық көрсете отырып, оларды қабылдағандығы туралы беруші органның есеп жүргізу кітабына қол қояды, қойылған қолды тиісті мекеменің мөртабанымен куәландырады.

Барлық заттай дәлелдемелер келіп түскен күні тіркеледі.

Сот арқылы іске қосылған заттай дәлелдемелерді тіркеу ұйғарым шығарылған күні жасалады.

49. Ерекше қоймаларға қойылған, сондай-ақ іспен бірге тұрмаған заттай дәлелдемелер қылмыстық іс жіберілген органда деп есептеледі, кітапта және қылмыстық іс бойынша анықтама қағазда олардың орналасқан жері туралы белгі жасалады.

50. Іс заттай дәлелдермен бірге жіберілетін сот кеңсесінің қызметкері бұл объектілерді қабылдай отырып, орамның және ондағы мөрлердің бүтіндігін (сақталуын) тексереді.

Орам немесе мөр бүлінген кезде соттың хатшысы сот төрағасының (судьяның) істі және заттай дәлелдемелерді жеткізген адамдардың, тергеу немесе анықтау органы қызметкерінің қатысуымен орамды ашады және ондағы заттардың барлығын айыптау қорытындысына анықтамадағы заттай дәлелдемелер туралы жазбамен, заттай дәлелдемелерді іске қосу жөніндегі қаулымен және ілеспе жазбамен салыстырады.

51. Егер заттай дәлелдемелердің барлығы айыптау қорытындысы анықтамасындағы және заттай дәлелдемелерді іске қосу туралы қаулыдағы



жазуға сәйкес келсе, олар орамға салынады және қатталады. Жүргізілген орамның ашылуы туралы акт жасалады.

Бұзылған орамды немесе мөрді ашу кезінде ондағы дәлелдемелердің нақты сәйкес келмеуі анықталмаған жағдайларда, сәйкес келмеудің себептері анықталғанға дейін іс қабылданбайды.

Анықталған кемшіліктер туралы акт жасалады, оған соттың төрағасы (судья), ПБ, ҰҚК, Салық полициясы Комитетінің бастығы (осы органдардың тергеу бөлімшелерінің бастықтары, кеңсе қызметкері мен істі жеткізген адамның) қол қояды.

Акт көшірмесі істі жолдаған органға жөнелтіледі.

52. Заттарды, нәрселерді, оның ішінде айыпталушылардың киімін, сағаттарын, ақшасын және белгіленген тәртіпте заттай дәлелдемелер болып танылмаған басқа объектілерді соттар қабылдамайды.

53. Заттай дәлелдемелерді сотта тіркеу кезінде оған кітап бойынша реттік нөмір беріледі, онда заттай дәлелдеменің келіп түскен күні, атауы, саны, ол тігілген істің нөмірі, айыпталушының тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Одан кейін қылмыстық іс сотта тіркелген нөмір қойылады, сондай-ақ заттай дәлелдеменің нөмірі көрсетіледі.

54. Қылмыстық істер мен заттай дәлелдемелерді басқа сотқа немесе прокуратураға беру кезінде кітапқа берілетін әрбір заттай дәлелдемелерге қатысты тиісті жазу жазылуға тиіс.

55. Қылмыстық істі бір органда бір анықтаушыдан, тергеушіден, соттан басқа анықтаушыға, тергеушіге, сотқа беру кезінде біріншісі іс бойынша алынған барлық заттар мен құндылықтардың түгелдігін тексеруден өткізуге, ал екіншісі қабылдауға, заттай дәлелдемелерге есеп жүргізу кітабында олардың сақталуы үшін жауапты адамның көзінше олардың қабылданғандығы үшін қол қоюға міндетті.

56. Қылмыстық істі тоқтату туралы сот үкімінде, қаулыда немесе ұйғарымда заттай дәлелдемелердің тағдыры туралы мәселе қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге сәйкес шешілуге тиіс.

57. Қылмыс құрамының немесе оқиғасының болмауынан қылмыстық істі тоқтату жағдайында иелерінің өтінішімен заттай дәлелдемелер болып табылатын және істі қозғау мен қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болған құжаттардың (әдеби шығармалар, арыздар, жүгінулер және басқалар, оның ішінде авторлардың дайындағандары) қайтарылуы мүмкін.

58. Істі тоқтату туралы үкім (ұйғарым), қаулы шығарылғаннан кейін заттай дәлелдемелерге есеп жүргізу кітабында шешімнің мазмұны мен шығарылу күні көрсетіліп заттай дәлелдемелер мен өзге мүлікке қатысты осы шешім туралы белгі соғылады.

59. Заттай дәлелдемелерге қатысты шешім үкімнің (ұйғарымның) заңды күшіне енгеннен немесе істі тоқтату туралы ұйғарымға, қаулыға шағымдану мерзімі аяқталғаннан кейін орындалады.

60. Егер заттай дәлелдемелер және өзге мүлік арнайы сақтауда болса, үкімнің, ұйғарымның, қаулының осы объектілердің келешектегі тағдыры

туралы жазылған көшірмесі немесе одан үзінді олардың сақталу орны бойынша жіберіледі. Қабылданған шешім заттай дәлелдемелер сақталуда жатқан мекемелердің басшылары үшін міндетті болып табылады.

61. Иесіне қайтарылуға жататын заттай дәлелдемелер мен өзге мүлік қолхат арқылы заттай қайтарылады, қолхат қылмыстық іске тігіледі және оның келесі бетімен нөмірленеді. Мүдделі адамдарға олардан алынған заттар мен құндылықтарды алу мүмкіндігі туралы хабарланады, хабарламаның көшірмесі қылмыстық іске тігіледі. Қолхатты алушы өз төлқұжатының немесе өзге куәландырушы құжаттың мәліметтерін, тұратын жерін көрсетеді. Иесінің өзі келе алмайтын жағдайда оларды оның сенімхаты бойынша басқа адам ала алады, оның қолхаты іске қосылады. Егер кәсіпорын, мекеме, ұйым заттың иесі болып табылса, заттар мен құндылықтар олардың өкілдеріне сенімхат, олардың жеке бастарын куәландыратын құжат болған кезде қолхат арқылы беріледі.

62. Жекелеген жағдайларда тергеу, анықтау органы, сот, егер бұл істі дұрыс шешуге кедергі болмайды деп танылса, алынған заттарды иелеріне іс бойынша шешім қабылданғанға дейін қайтарып бере алады.

63. Оларға қатысты істер тергеу немесе анықтау сатысында іс жүргізумен, сотпен тоқтатылған немесе ісі ақталған адамдарға олардан алынған мүлік пен құндылықтар хабарлау күнінен бастап алты ай аралығында қайтарылуы тиіс, мүлік пен құндылықтарды заттай қайтару мүмкін болмаған жағдайда олардың құны ақшалай баламамен қайтарылады. Үш жыл мерзім өткеннен кейін мүлік заңда белгіленген тәртіппен мемлекет кірісіне алынады.

64. Мекемелерде, ұйымдарда және т.б. сақтауда жатқан, сот тәркілеген заттай дәлелдемелерді сату жөніндегі үкімді, қаулыны орындауға дайындау мақсатында оны аумағы бойынша орындату үшін сот орындаушыларына жіберілетін орындау қағазы жазылады, ілеспе хаттың көшірмесі іске тігіледі. Заттай дәлелдемелерге есеп жүргізу журналында орындау қағазының кімге және қашан жіберілгендігі көрсетіледі.

65. Егер сатуға жататын заттай дәлелдемелер шешім шығарған сотта болса, хатшы орындау қағазы мен заттай дәлелдемелерді қолхат алу арқылы сот орындаушысына береді. Соңғының қолхаты іске тігіледі және оның келесі бетімен нөмірленеді. Заттай дәлелдемелерді сот орындаушысына беру туралы жазу журналға енгізіледі.

Кез-келген жағдайда орындалғаннан кейін орындау қағазы сот орындаушысы мен судьяның соққан белгілерімен бірге іске тігіледі, журналда орындалуы туралы белгі қойылады.

66. Сот орындаушысының тәркіленген заттай дәлелдемелерді қаржы бөлімшесіне беру тәркіленген мүлікті сату тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

67. Үкім, шешім, ұйғарым бойынша тиісті ішкі істер, ҰҚК, әділет органдарына беруге жататын заттай дәлелдемелер ол жаққа шабарманмен немесе почтамен жіберілуі тиіс. Улы, қатты әсер ететін жарылғыш заттарды қаруды және т.с.с. тасымалдау кезінде оларды тасымалдауға белгіленген

ережелер сақталуы тиіс. Ілеспе хаттың көшірмесі және мекеменің заттай дәлелдемелерді қабылдауы туралы құжат іске тігіледі.

68. Осы Нұсқаулықта тәркіленген ақша мен құндылықтар бойынша үкім, қаулы заңды күшіне енгеннен кейін олар сақталуда жатқан органға үкімнің көшірмесі немесе одан үзінді және үкімнің заңды күшіне енетін күні көрсетілетін және ақша мен құндылықтарды мемлекет кірісіне аудару туралы нұсқау берілетін ілеспе хат жіберіледі.

Ілеспе хаттың көшірмесі мен орындалғандығын куәландыратын құжат іске тігіледі. Орындалуы туралы жауап келіп түскенге дейін іс бақылауда болады, орындалуы кітапта белгіленеді.

69. Бағалы қағаздар олардың нөмірі, сондай-ақ иесінің тегі, аты және әкесінің аты көрсетіліп тіркеледі. Салымдар мен өзге де түрдегі мемлекет кірісіне аударуға жататын қорларды тәркілеу жөнінде үкімді орындау үшін тиісті банктерге сол бойынша жаза аударылуға тиіс істі көрсете отырып, орындау қағаздары жіберіледі, қажет болған жағдайда иесінің тегі, аты және әкесінің аты, бағалы қағаздардың нөмірі көрсетіліп үкімнің немесе шешімнің үзіндісі қоса берілуі мүмкін.

70. Орындау қағазында құжатты берген банк мекемесінің толық атауы мен нөмірі, берілген күні, құжатта жазылған сома міндетті түрде көрсетіледі. Орындалғаннан кейін орындау қағазы сот орындаушысы мен судьяның белгісімен бірге іске тігіледі, кітапта орындалуы туралы белгі жасалады.

71. Құндылықтарды, валютаны, бағалы қағаздар мен тәркілеуге жатпайтын басқа заттарды қайтару туралы заңды күшіне енген сот шешімі (ұйғарымы) болған кезде, олар қабылданған шешім туралы тиісінше хабарланған күнінен бастап иесіне немесе сенім білдірілген адамға қайтарылуы тиіс. Олай болмаған жағдайда олар заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде мемлекет кірісіне алынады.

Осымен бір мезгілде тыйым салуды жою туралы көрсете отырып, тиісті мекемеге үкімнің көшірмесі немесе одан үзінді жіберіледі. Мұнда құндылықтарды алу мерзімінде олардың иелерінің қамауда ұсталған уақыты ескерілмейді.

72. Қамауға алу және тінту кезінде алынған наградалар мен құжаттар иесіне қайтарылады, ал егер олар қылмыс жасау заты ретінде тәркіленген немесе олардың тиесілігі анықталмаған жағдайда, олар үкім көшірмесімен бірге ілеспе хатпен Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігіне жіберіледі, ілеспе хатта іс бойынша наградаларға қатысты белгіленген мәнжайлар көрсетіледі.

73. Қамаудан босатылғанда немесе ісі тоқтатылған жағдайда, ақтау үкімін шығару кезінде иелеріне олардың барлық жеке құжаттары түгелдей қайтарылады.

## **6. Заттай дәлелдемелерді жою**

74. Заттай дәлелдемелерді жою комиссиялы түрде жүргізіледі. Тергеу және анықтау органдарында комиссиялар, іс соның жүргізуінде болған қызметкерді, кеңсе қызметкерін, заттай дәлелдемелерді қоса отырып, кемінде

үш адам құрамында құрылады. Сотта судья, сот орындаушысы және сот хатшысы құрамында құрылады.

75. Есірткі құралдарды, психотроптық заттарды, прекурсорларды және катты әсер ететін құралдарды, суық және ататын қаруды, оқ-дәрілерді жою тергеуші немесе анықтау органы қызметкерінің, әскери ведомство, денсаулық сақтау және басқа арнайы мемлекеттік органдардың өкілінің, заттай дәлелдемені сақтауға жауапты адамның, кеңсе қызметкерінің және сот орындаушысының құрамында құрылады. Жою туралы акт іске қосылады.

75-1. Контрафактілі өнімдерді жоюды әділет органдары қызметкерінің қатысуымен сот орындаушысы термикалық, химиялық, механикалық не өзге әсер ету жолымен жүргізеді. Жою тәсілін денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау органдарының келісімімен сот орындаушысы белгілейді.

Жою туралы акті іске тіркеледі.

*Ескерту. 75-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2007.09.28. N 138, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2007.10.02. N 41, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2007.10.12. N 179, Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитеті төрағасының 2007.09.25. N 548-П, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007.09.27. N 390, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007.10.09. N 344, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007.10.08. N 278 бірлескен бұйрығымен.*

76. Егер иесіне беруге немесе жоюға жататын заттай дәлелдеме ҰҚК, ПМ органдарында, салық полициясында, кеден комитетінде болса, сот осы органдарға үкімнің көшірмесін немесе үзіндісін жібереді. Ілеспе хатта оның заңды күшіне енетін күні көрсетіледі және орындалуы туралы сотқа хабарлау ұсынылады.

Егер құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне сатылатын тауарлар мен азық-түліктер қылмыстық іске байланысты алынғандығы алдын ала белгілі болса, оларға заттай дәлелдемелерді және басқа алынған заттар мен құндылықтарды, оның ішінде өндірістік тауарлар мен азық-түліктерді сатуға қатысуға, сондай-ақ сатуды жүргізетін сауда-саттық ұйымдар арқылы сатып алуға үзілді-кесілді тыйым салынады.

77. Іс бойынша іс жүргізуді уақытша тоқтату туралы қаулы (ұйғарым) шығару кезінде, онда заттай дәлелдемелерді, құндылықтарды және осы іс бойынша алынған мүлікті сақтау орны белгіленеді. Тәркіленуі ықтимал мақсаттағы тыйым салынған мүлік сараптамалық бағалаудан кейін сауда-саттық ұйымдар арқылы сатылуы мүмкін, сатудан түскен сома мұндай жағдайларда бұл іс өзінде жүргізуде жатқан органның депозиттік есебіне енгізіледі.

**7. Қылмыстық істер бойынша алынған заттай дәлелдемелерге, құндылықтарға және өзге мүлікке есеп жүргізуді және олардың жай-күйін бақылау**

78. Істі сотқа жіберу, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, басқа тергеу не анықтау органына, басқа сотқа жіберу кезінде прокурор, тергеу бөлімшесінің, анықтау органының бастығы, соттың (сот алқасының)

төрағасы заттай дәлелдемелердің, іс бойынша алынған заттар мен құндылықтардың орналасу орны көрсетілген құжаттардың істе болуын тексеруге, оларды заттай дәлелдемелерге есеп жүргізу кітабындағы жазулармен салыстыруға міндетті.

79. Жоғарыда аталған лауазымды адамдар жылына кемінде бір рет заттай дәлелдемелердің жай-күйін және сақталу жағдайларын, оларды осы Нұсқаулыққа сәйкес қабылдау, есепке алу, беру бойынша құжаттардың жүргізілу дұрыстығын тексеруге міндетті.

Тексеру нәтижелері туралы жоғары тұрған басшылыққа жіберілетін акт жасалуға тиіс.

80. Заттай дәлелдемелерге есеп жүргізуге, оларды сақтауға жауапты қызметкерді жұмыстан ауыстыру, шығару кезінде бірінші басшылар олардың нақты болуын, олардың алынуы көрініс тапқан құжаттардағы жазуларға сәйкестігін тексеру бойынша комиссия тағайындайды. Тексеру нәтижелері жаңа жауапты адамға қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді.

81. Өзінің құрылымдық бөлімшелерінде ревизиялар мен жоспарлы тексерулер жүргізу кезінде міндетті түрде заттай дәлелдемелерге есеп жүргізу мен оларды сақтаудың жай-күйі тексеріледі, олардың нәтижелері анықтамалар мен актілерде жазылады. Тоқтатыла тұрған қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді сақтаудың жай-күйі ерекше белгіленеді.

82. Алынған заттай дәлелдемелер, құндылықтар мен өзге де мүлік бүлінген, жоғалтылған жағдайларда, келтірілген зиян азаматтық тәртіппен өтеуге жатады.

Жауапты адамдардың заттай дәлелдемелерді, құндылықтарды және өзге мүліктерді беруде олардың жоғалтылуына, бүлінуіне әкеп соққан тиісінше есеп жүргізу мен сақтау жағдайларын қамтамасыз етпеуі, оларды заңмен көзделген жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылады.

Заттай дәлелдемелерді қызметтік және басқа мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады.

---

---

**Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды  
күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы**  
Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353-І Заңы

---

**1-тарау. Жалпы ережелер**

**МАЗМҰНЫ**

**1-бап. Осы заңның міндеттері**

Осы заң қылмыстың жасалуына сезікті және айыпталушы адамдарды күзетте ұстаудың тәртібін реттейді, шарттарын, олардың құқықтары мен

заңды мүдделерінің кепілдіктерін айқындайды, сондай-ақ күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

## **2-бап. Негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

сезікті - өзіне қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша оны қылмыс жасаған деп сезік білдірілуіне байланысты қылмыстық іс қозғалған, бұл туралы оған тергеуші, анықтаушы жария еткен не қамауға алу жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған адам;

айыпталушы - өзіне қатысты айыпталушы ретінде іске тарту туралы қаулы шығарылған адам не өзіне қатысты сотта жеке айыптау қылмыстық ісі қозғалған адам, сондай-ақ өзіне қатысты айыптау хаттамасы жасалып, анықтау органының бастығы бекіткен адам;

сотталушы - ісі бойынша басты сот талқылауы тағайындалған айыпталушы;

сотталған адам - өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы;

күзетте ұстау - қылмыс жасады деп ұсталған сезіктілерді, сондай-ақ қамауға алу түріндегі бұлтартпау шаралары қолданылған адамдарды арнаулы мекемелер мен үй-жайларда заңмен белгіленген уақытша оқшаулау;

уақытша ұстау изоляторы - қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталғандарды күзетті ұстауға арналған арнаулы мекеме;

тергеу изоляторы - бұлтартпау шаралары ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды ұстауға арналған арнаулы мекеме;

бір адамдық камера - күзетке алынған бір ғана адамды барынша толық және қатаң оқшаулау мақсатында ұстауға арналған арнаулы орын;

карцер - күзетте ұстаудың белгіленген тәртібін қасақана бұзған адамды ұстауға арналған бір адамдық камера.

## **3-бап. Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың мақсаттары**

Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген шараларды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

## **4-бап. Күзетте ұстау принциптері**

Күзетте ұстау заңдылық, кінәсіздік презумпциясы, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, ізгілік, жеке бастың ар-намысы мен абыройын құрметтеу принциптеріне, халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және қылмыс жасаған деп күзетте ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларды тәни немесе рухани азапқа тарту мақсатындағы іс-әрекеттермен ұштаспауға тиіс.

## **5-бап. Күзетте ұстау негіздемесі**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес шығарылған соттың қаулысы өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде

қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстауға негіздеме болып табылады.

*Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **6-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтық жағдайы**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген шектеулермен қоса алғанда, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады және сондай міндеттер атқарады.

2. Республиканың аумағында күзетте ұсталушы сезікті және айыпталушы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген міндеттерді атқарады және сондай құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады.

3. Сезіктілер мен айыпталушыларды шыққан тегіне, әлеуметтік, қызметтік және мүліктің жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарай немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша кемсітушілікке жол берілмейді.

#### **7-бап. Күзетте ұстау орындары**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындары:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары;

2) Қазақстан Республикасының ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұстау изоляторлары болып табылады.

2. Осы Заңда көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бас бостандығынан айыру түріндегі жазалауды атқаратын қылмыстық-атқару жүйелерінің түзеу мекемелері (бұдан әрі - жазалауды атқарушы мекеме) және гауптвахталар сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындары болып табылуы мүмкін.

3. Қылмыс жасады деген күдік бойынша қамауға алуды заңдарда белгіленген тәртіппен алыс сапардағы теңіз кемелерінің капитандары, шекара отрядтарының бастықтары жүзеге асырған жағдайларда сезіктілер аталған лауазымды адамдар белгілеген және осы мақсат үшін ыңғайластырылған үй-жайларда ұсталады.

4. Қылмыстық істі жүргізіп жатқан адам немесе орган Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес он екі сағат ішінде сезіктінің немесе айыпталушының туыстарының біріне оның күзетте ұсталу орны туралы немесе ол орнының өзгергені туралы хабарлауға міндетті.

Сезікті немесе айыпталушы шетелдікті күзетте ұстау орны туралы немесе ол орнының өзгергені туралы хабарлама аталған мерзімде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Әділет министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органына, сондай-ақ ол азаматы болып табылатын мемлекеттің

елшілігіне, консулдығына немесе өзге де өкілдігіне жолданады.  
*Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.16 N 244, 2002.07.10 N 338, 2004.12.29. N 25 Заңдарымен.*

### **8-бап. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары**

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мен Ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары (бұдан әрі - тергеу изоляторлары) өздеріне қатысты бұлтартпау шаралары ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды ұстауға арналған.

2. Тергеу изоляторлары заңды тұлға құқықтарына ие болады. Олар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

3. Тергеу изоляторларын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

*Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.29 N 25 Заңдарымен.*

### **9-бап. Қазақстан Республикасының ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұстау изоляторлары**

1. Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторлары олардың құрылымдық бөлімшелері болып табылады. Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұстау изоляторлары бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

3. Уақытша ұстау изоляторларын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер олардың ведомстволық тиістілігіне қарай Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілеген тәртіппен қабылданады.

*Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10 N 338, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **10-бап. Жазаларды орындаушы мекемелерді, әкімшілік ұсталуға алынған адамдарды ұстау үшін арнайы жабдықталған үй-жайларды және гауптвахталарды сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау үшін пайдалану**

1. Түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандар басқа қылмыстың жасалуына сезікті болған немесе айыпталған жағдайда, олар осы мекемелерде, бірақ жазасын өтеп жатқан басқа сотталғандардан бөлек ұсталуы мүкін.

2. Мемлекеттік шекараны бұзуға байланысты қылмыс жасалуына сезіктілер мен айыпталушылар уақытша ұстау орындарына жеткізу жүзеге асырылғанға дейін әкімшілік ұсталуға алынған адамдарды ұстау үшін арнайы жабдықталған үй-жайларда ұсталуы мүмкін.

3. Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушылар заңдарда көзделген негіздер бойынша



сараптама тағайындау қажет болған жағдайда, сондай-ақ оларға медициналық көмек көрсетілген жағдайда осы Заңның 23-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен медициналық мекемелерге орналастырылады.

4. Сезікті және айыпталушы әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде, осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша гауптвахталарда ұсталуы мүмкін.

### **11-бап. Күзетте ұстау орындарының қызметкерлері**

1. Күзетте ұстау орындарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының күзетте ұстау режимін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді атқаратын ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамындағы адамдар, ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері жатады.

2. Теңіз кемелерінің капитандары, түзеу мекемелерінің, шекара отрядтарының бастықтары, сондай-ақ олар уәкілдік берген адамдар күзетте ұстау режимін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді атқару кезеңінде күзетте ұстау орындарының қызметкерлеріне осы заңда берілген міндеттерді атқарады және құқықтарды пайдаланады.

3. Осы Заңда күзетте ұстау орындары әкімшілігінің басшылары болып:

1) тергеу изоляторларының бастықтары;

2) түзеу мекемелерінің бастықтары;

3) уақытша ұстау изоляторларының бастықтары;

4) қарауында уақытша ұстау изоляторлары бар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі бөлімдерінің командирлері;

5) қарауында гауптвахталар бар әскери бөлімдердің (корабльдердің) коман-дирлері;

б) гарнизондық гауптвахталардың бастықтары ұғылады.

*Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10 N 338, 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.29 N 25 Заңдарымен.*

### **12-бап. Тергеу изоляторларында ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторларына ауыстырудың негіздемесі**

1. Тергеу изоляторларында ұсталушы сезіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторлары орналасқан елді мекендерден тыс жерлерде тергеу іс-әрекеттерін, соттың істі қарауды жүргізуі үшін аталған іс-әрекеттер мен сот процесін орындау уақытына оларды күн сайын жеткізу мүмкін болмайтын қажетті жағдайларда уақытша ұстау изоляторларына ауыстырылуы мүмкін, бірақ ол отыз тәуліктен аспауға тиіс.

2. Мұндай ауыстыруға прокурордың, судьяның қаулысы, сондай-ақ тергеушінің немесе анықтаушының прокурор, оның орынбасары санкция берген қаулысы негіздеме болып табылады.

*Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **13-бап. Күзетте ұстау мерзімі**

Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау мерзімі Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен белгіленеді.

### **14-бап. Күзетте ұстау орындарындағы режим**

1. Күзетте ұстау орындарында сезіктілер мен айыпталушылар құқықтарының сақталуын, олардың өз міндеттерін атқаруын, оларды оқшаулауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін режим белгіленеді.

2. Режимді қамтамасыз ету күзетте ұстау орындарының әкімшілігіне, сондай-ақ қызметкерлеріне жүктеледі, олар қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін заңда белгілегендей жауап береді.

### **15-бап. Күзетте ұстау орындарындағы ішкі тәртіп**

1. Күзетте ұстау орындарында режимді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындарындағы ішкі тәртіп ережелерін (бұдан әрі - Ішкі тәртіп ережелері) бекітеді.

Ішкі тәртіп ережелерімен:

1) сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдап алу және камералар бойынша орналастыру;

2) жеке тінтуді, саусақтарының таңбасын алуды, суретке түсіруді, сондай-ақ сезіктілер мен айыпталушылардың заттарын тексеруді жүргізу;

3) сезіктілер мен айыпталушылардан сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін алып қою;

4) сезіктілер мен айыпталушыларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету;

5) сезіктілер мен айыпталушылардың тамақ өнімдерін, сондай-ақ ең қажетті нәрселер мен басқа да өнеркәсіп тауарларын сатып алу;

6) сезіктілер мен айыпталушылардың сәлемдемелер, сәлем-сауқаттар алу және жіберу;

7) сезіктілер мен айыпталушылардың жеделхаттар, хаттар, ақша аударымдарын алу және жіберу;

8) сезіктілер мен айыпталушылардың ұсыныстар, арыздар және шағымдар жолдау;

9) сезіктілер мен айыпталушылардың діни жоралар жасауы;

10) айыпталушыларды еңбекке тарту;

11) сезіктілер мен айыпталушылардың отбасылық-құқықтық қатынастарға және азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуы;

12) айыпталушылардың газеттер мен журналдарға жазылуы;

13) сезіктілер мен айыпталушыларды медициналық-санитариялық қамтамасыз ету;

14) сезіктілер мен айыпталушылардың күн сайын серуенге шығарылуы;

15) сезіктілер мен айыпталушылардың осы Заңның 17-бабында аталған адамдармен жолығысуын өткізу;

16) сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың тергеу әрекеттері мен сот мәжілістеріне қатысуын қамтамасыз ету;

17) күзетте ұстау орындары әкімшілігі басшысының және ол уәкілдік берген адамдардың сезіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдауы;

18) күзетте ұстау орындарында қайтыс болған сезіктілер мен айыпталушылардың мәйіттерін беру;

19) сезіктілер мен айыпталушыларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану;

20) сезіктілер мен айыпталушыларды күзеттен босату тәртібі белгіленеді.

2. Ішкі тәртіп ережелерінде сол сияқты сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстау орындарындағы мінез-құлық ережелері, тамақ өнімдерінің, ең қажетті заттардың, аяқ киімдердің, киім-кешектердің және сезіктілер мен айыпталушылар өзінде ұстап, сақтап, сәлемдемелермен, сәлем-сауқаттармен алуына болатын және қолма-қол ақшасыз есеп айырысып сатып ала алатын басқа да өнеркәсіп тауарларының тізбесі мен мөлшері белгіленеді, сондай-ақ сезіктілер мен айыпталушыларға белгіленген ақылы қызмет түрлерінің тізбесі көрсетіледі.

*Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.29 N 25 Заңдарымен.*

## **2-тарау. Күзетте ұстау орындарындағы сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары**

### **16-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары**

1. Сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстау орындарында болған кезеңде:

1) өздерінің құқықтары мен міндеттері, күзетте ұсталу режимі, тәртіптік талаптар, ұсыныстар, арыздар мен шағымдар беру тәртібі туралы ақпарат алуға;

2) күзетте ұстау орындарында жеке басының қауіпсіздігіне;

3) күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысына және күзетте ұстау орындарындағы қызметті бақылайтын адамдарға аталған адамдар оның аумағында болған уақыттарда өтініш жасауға;

4) қорғаушысымен жолығысуларға;

5) туыстарымен және осы Заңның 17-бабында аталған өзге де адамдармен жолығысуларға;

6) құқыққа қарсы мақсатта пайдаланылуы мүмкін немесе мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтері бар құжаттар мен жазбаларды қоспағанда, қылмыстық іске қатысты не өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру мәселелеріне байланысты құжаттар мен жазбаларды өзінде сақтауға;

7) өздерінің күзетте ұсталуының заңдылығы мен негізділігі және өздерінің заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы туралы мәселелер бойынша ұсыныстармен, арыздармен, соның ішінде сотқа жүгінуге;

8) хат жазысуға және жазу құралдарын пайдалануға;

9) тегін тамақ алуға, материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық жағынан қамтамасыз етілуге;

10) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өздерін іс жүргізуге және өзге де іс-әрекеттерге тартуға тыйым салынатын түнгі уақытта сегіз сағат ұйықтауға;

11) күн сайын ұзақтығы бір сағаттан кем емес серуендеуге;

12) өзінің жеке төсек-орын заттарын, сондай-ақ тізбесі мен саны Ішкі тәртіп ережелерінде белгіленетін басқа да заттар мен нәрселерді пайдалануға;

13) күзетте ұстау орындарындағы кітапханадан алынған не күзетте ұстау орындарының әкімшілігі арқылы сауда желісінен сатып алынған әдебиетті және мерзімді баспасөз басылымдарын, сондай-ақ стол үсті ойындарын пайдалануға;

14) Ішкі тәртіп ережелері және басқа сезіктілер мен айыпталушылар құқықтары сақталуы шартымен сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстау орындарында діни жоралар жасауға, өзінде діни әдебиет, ғибадат заттарын ұстауға;

15) өзінің білімін көтерумен шұғылдануға және арнайы әдебиетті пайдалануға;

16) сәлемдемелер мен сәлем-сауқаттар алуға;

17) күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің тарапынан сыпайы арақатынасқа;

18) азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуға;

19) заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Тергеу изоляторларында ұсталушы сезіктілер мен айыпталушылардың сондай-ақ:

1) ақша аударымдарын алуға және жөнелтуге;

2) некеге отыруға және оны бұзуға, егер олар заңдарға қайшы келмеген жағдайда, өзге де отбасылық-құқықтық қатынастарға қатысуға;

3) тергеу орнындағы дүкеннен (дүңгіршектен) не күзетте ұстау орындарының әкімшілігі арқылы сауда желісінен тамақ өнімдері мен ең қажетті заттарды сатып алуға;

4) газеттер мен журналдарға жазылуға және оларды алуға;

5) әкімшіліктен қажет болған жағдайда күзетте ұстау орындарында киіп жүруге рұқсат етілген маусымдық киім-кешек алуға құқығы бар.

3. Күзетте ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларға тиісті жағдайлар болған кезде еңбек етуге мүмкіндік беріледі.

4. Сезіктілер мен айыпталушылардың жоғарыда аталған құқықтардан басқа Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген құқықтары бар.

**17-бап. Қорғаушыларымен, туыстарымен және өзге де адамдармен жолығысулар**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға қамауға алынған кезден бастап қорғаушымен оңаша және құпия жолығысуға мүмкіндік беріледі. Жолығысулардың саны мен ұзақтығына шек қойылмайды. Мынадай жағдайларда:

1) адвокатураға қатыстылығын растайтын құжатын және заң консультациясының осы іске адвокаттың қатысу құқығына берілген ордерін немесе маңызы бойынша онымен теңестірілген құжатты көрсетуі бойынша - қорғаушы ретінде іске қатысушы адвокатпен;

2) қорғаушы болып тағайындалғаны туралы қоғамдық бірлестіктің немесе оның басшы органының тиісті шешімін көрсетуі бойынша - қорғаушылар болып табылатын кәсіптік одақтардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен;

3) соттың қаулысын, тергеушінің немесе анықтаушының қаулысын, сондай-ақ өзінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша - қорғаушылар ретінде іске қатысушы өзге де адамдармен жолығуға рұқсат беріледі.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларға қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның жазбаша рұқсаты негізінде туыстарымен және өзге де адамдармен жолығысуға айына әрқайсысының ұзақтығы үш сағатқа дейін екі реттен аспайтын, ал кәмелетке толмағандарға - үш реттен аспайтын рұқсат берілуі мүмкін.

3. Туыстарымен және өзге де адамдармен жолығысу күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің бақылауымен жүзеге асырылады. Қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыс жасауға жәрдемдесуі мүмкін тыйым салынған нәрселерді, заттар мен тамақ өнімдерін не мәліметтерді сезікті мен айыпталушыға беруге әрекет жасалған жағдайда жолығысу мезгілінен бұрын тоқтатылады.

4. Егер заңдарға қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының шешімі бойынша өзі өкілі болып табылатын мемлекеттің сезікті немесе айыпталушы шетелдік адамына шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері ресми өкілдерінің жолығысуына құқығы бар.

5. Жұқпалы ауруы бар (ВИЧ/ЖҚТБ (СПИД) және туберкулез) науқастарға жолығысулар саны мен ұзақтығы медициналық қызметкермен (дәрігермен) алдын-ала әңгімелесіп, ауруды жұқтыру мүмкіндігі туралы жазбаша хабарланғаннан кейін белгілеген тәртіппен беріледі.

#### **18-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Сезіктінің немесе айыпталушының өмірі мен денсаулығына қауіп төнген не басқа сезіктілер мен айыпталушылардың жеке басына қарсы қылмыс жасалу қаупі туындаған кезде күзетте ұстау орындарының қызметкерлері осындай қауіп төнген сезіктінің немесе айыпталушының жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде дереу шаралар қолдануға міндетті.

#### **19-бап. Хат жазысу**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға туыстары мен өзге де адамдардан айына екі хат немесе жеделхат алуға және жөнелтуге рұқсат етіледі. Хат-хабарларды жөнелту және алу сезіктілер мен айыпталушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Сезіктілер мен айыпталушылардың хат жазысуы қылмыстық істі жүргізуші және цензура өткізуге тиіс адамның немесе органның рұқсаты бойынша күзетпен ұстау орнының әкімшілігі арқылы ғана жүзеге асырылады, бұған осы Заңның 20-бабының 2-тармағында көзделген жағдайлар қосылмайды.

3. Қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыс жасауға жәрдемдесуі мүмкін құпия жазумен, шифрмен жазылған, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиялары бар хаттар адресатқа жіберілмейді, сезіктілер мен айыпталушыларға табыс етілмейді және қылмыстық істі жүргізуші адамға немесе органға беріледі.

4. Сезіктілер мен айыпталушылардың жазаны орындайтын мекемелерде ұсталушы адамдармен хат жазысуы қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

5. Сезікті мен айыпталушының атына келіп түскен хаттарды тапсыруды, сондай-ақ оның хаттарын адресаттарға жөнелтуді, мереке және демалыс күндерін қоспағанда, хат келіп түскен немесе оны сезікті және айыпталушы тапсырған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірмей, күзетте ұстау орнының әкімшілігі жүргізеді. Хатты мемлекеттік тілге немесе ресми қолданылатын орыс тіліне аудару қажет болған жағдайда оны тапсыру мерзімі аудару үшін қажетті уақытқа ұзартылуы мүмкін.

6. Жақын туысының қайтыс болғандығы немесе ауыр науқастығы туралы мәліметтер сезіктіге немесе айыпталушыға ол мәліметтер алынғаннан кейін дереу хабарланады.

7. Сезіктінің немесе айыпталушының атына ол күзетте ұстау орнынан кеткеннен кейін келіп түскен хаттар алынғаннан кейін үш күн мерзімнен кешіктірілмей оның кеткен жері бойынша жөнелтіледі.

#### **20-бап. Ұсыныстарды, арыздарды және шағымдарды жолдау**

1. Сезіктілер мен айыпталушылардың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарына жолдаған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары күзетте ұстау орнының әкімшілігі арқылы жіберіледі.

2. Прокурорға және сотқа жолданған ұсыныстар, арыздар мен шағымдар цензурадан өткізілмейді және адресатқа желімдеп жабылған түрінде дереу жіберіледі.

3. Мемлекеттік органдарға жолданған ұсыныстарды, арыздар мен шағымдарды күзетте ұстау орындарының әкімшілігі олар берілген кезден бастап бір тәуліктен кешіктірмей қарап, жөнелтуге тиіс.

4. Қылмыстық іс бойынша шындықты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыс жасауға жәрдемдесуі мүмкін құпия жазумен, шифрмен жазылған, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясы бар ұсыныстарға,

арыздар мен шағымдарға қатысты осы Заңның 19-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіп қолданылады.

5. Соттың, анықтаушының, анықтау органы бастығының, тергеушінің немесе прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдар Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен дереу жіберіледі.

6. Ұсыныстарға, арыздар мен шағымдарға жауаптар сезіктілер мен айыпталушыларға қолы қойғызыла отырып хабарланады және жеке істеріне тігіледі.

7. Өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына байланысты ұсыныстар, арыздар мен шағымдар жасағаны үшін сезіктілер мен айыпталушыларды кез келген нысанда қудалауға жол берілмейді. Күзетте ұстау орындарының мұндай қудалауға кінәлі лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

**21-бап. Тамақтану, тамақ өнімдері мен ең қажетті заттарды сатып алу**

Сезіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша денсаулығы мен күш-қуатын сақтау үшін жеткілікті тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Сезіктілер мен айыпталушыларға осы Заңның 24-бабының 4-тармағына сәйкес сақтауға және пайдалануға тыйым салынғандарын қоспағанда, қолма-қол ақшасыз есеп айырысып тамақ өнімдерін, ең қажетті заттарды, сондай-ақ басқа да өнеркәсіп тауарларын сатып алуға құқық беріледі.

**22-бап. Материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету**

1. Күзетте ұстау орнының әкімшілігі сезіктілер мен айыпталушыларға гигиенаның, санитарияның және өрт қауіпсіздігінің талаптарына сай келетін жағдайлар жасауға міндетті.

2. Сезіктілер мен айыпталушылар бір адамға шаққанда кемінде екі жарым шаршы метр санитариялық алаң нормасы негізге алынатын үй-жайларда ұсталуға тиіс.

3. Сезіктілер мен айыпталушыларға жеке жатын орын, төсек-орын мен ас ішу құралдары берілуге тиіс.

4. Барлық камералар радиохабар құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс. Камераларға күзетпен ұстау орнының кітапханасынан әдебиет пен мерзімді баспасөз басылымдарын беруге рұқсат етіледі.

**23-бап. Медициналық-санитариялық қамтамасыз ету**

1. Күзетте ұстау орнының әкімшілігі белгіленген санитариялық-гигиеналық және жұқпалы ауруларға қарсы талаптардың сақталуын, сезіктілер мен айыпталушылардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларға медициналық, оның ішінде психиатриялық көмек көрсету тәртібін, сондай-ақ оларды медициналық мекемелерде ұстау мен оларға қызмет көрсетуге осы мекемелердің қызметкерлерін тарту тәртібін азаматтардың денсаулығын сақтау

саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы орган, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Қорғаныс министрлігі белгілейді.

3. Сезіктілер мен айыпталушылар дене жарақатын алған жағдайда куәландыруды күзетте ұстау орындарының медициналық қызметкерлері кешіктірмей жүргізеді. Медициналық куәландырудың нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітіледі және зардап шегушіге хабарланады. Медициналық куәландыруды күзетте ұстау орнының әкімшілігі басшысының не қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның шешімі бойынша медициналық мекеменің қызметкерлері жүргізеді.

4. Сезікті немесе айыпталушы ауыр науқастанған не қайтыс болған жағдайда күзетте ұстау орнының әкімшілігі оның жақын туыстарына және осы факт бойынша тексеру жүргізетін прокурорға хабарлайды. Қайтыс болған адамның мәйіті патология-анатомиялық зерттеуден, сондай-ақ заңдарда көзделген іс-әрекеттер жүргізілгеннен кейін оны сұраған адамдарға беріледі. Қайтыс болып, мәйіті сұралмаған адамды жерлеу мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

5. Сезіктінің немесе айыпталушының қайтыс болуы мүмкін ауыр науқасы байқалған жағдайда медициналық қорытынды болса, тергеу изоляторы әкімшілігінің прокурорға және істі жүргізуші органның алдына бұлтартпау шарасын өзгерту туралы мәселе қоюға құқығы бар.

6. Тергеу изоляторында немесе уақытша ұстау изоляторында ұсталушы шетелдік қайтыс болған жағдайда күзетте ұстау орнының әкімшілігі ол туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, Әділет министрлігіне және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне дереу хабарлайды. Сонымен бірге бас бостандығынан айыру орындарында заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға, сондай-ақ қайтыс болған адам азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне немесе өзге де өкілдігіне жазбаша түрде хабарлайды.  
*Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді-Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 Заңымен.*

#### **24-бап. Сәлемдемелер, сәлем-сауқаттар және ақша аударымдарын алу**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға салмағы почта ережелерінде көзделген нормалардан аспайтын сәлемдемелер мен сәлем-сауқатты мөлшерін шектемей алып тұруға рұқсат етіледі.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларға күзетте ұстау орындарына келіп түскен ақша аударымдары олардың жеке шоттарына қосылады. Сезіктілер мен айыпталушылар күзетте ұстау орындары әкімшілігінің рұқсатымен өз қаражатынан туыстарына және өзге де адамдарға ақша аударымдарын жөнелте алады.

3. Күзетте ұстау орнының әкімшілігі дәрігердің қорытындысы бойынша дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған жағдайларда сезіктілер мен айыпталушылар үшін оларды қабылдай алады.



4. Сезіктілер мен айыпталушыларға адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін немесе қылмыс қаруы ретінде пайдаланылуы мүмкін не күзетте ұстаудың мақсатына кедергі келтіруге арналған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін беруге тыйым салынады.

5. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін тексеруден жасырып қалу немесе сезіктілер мен айыпкерлерге беру, сондай-ақ белгіленген ережелерге қарамастан оларға кез келген нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін беру заңдарға сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

#### **25-бап. Қосымша ақылы қызмет көрсетулермен қамтамасыз ету**

Мүмкіндігіне қарай тергеу изоляторларының әкімшілігі сезіктілер мен айыпталушыларды қосымша ақылы тұрмыстық және медициналық санитариялық қызмет көрсетулермен қамтамасыз етеді, олардың тізбесі мен ұсыну тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілейді.

*Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді- Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 Заңымен.*

#### **26-бап. Айыпталушыларды еңбекке тарту**

1. Тиісті жағдайлар болған кезде айыпталушылар, өздерінің тілегі бойынша, белгіленген тәртіппен тергеу изоляторлары аумағында еңбекке тартылады.

2. Айыпталушылардың жалақысы заңда көзделген ұстап қалулардан кейін олардың жеке шоттарына аударылады.

3. Айыпталушыларды еңбекке тарту алдын ала тергеу мен анықтауға кедергі келтірмеуге тиіс.

#### **27-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың тергеу іс-әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету**

1. Күзетте ұстау орындарының әкімшілігі тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның, прокурордың немесе соттың (судьяның) нұсқауы бойынша сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындарына қабылдауды және оларды жіберілген жеріне жөнелту үшін айдауылға беруді қамтамасыз етеді.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу іс-әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысудан босату заңдарда көзделген негіздерде жүзеге асырылады.

#### **28-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуы**

Сезіктілер мен айыпталушылардың, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның рұқсатымен және Ішкі тәртіп ережелерінде белгіленген ретпен, өздерінің өкілдері арқылы немесе тікелей азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуға құқығы бар.

#### **29-бап. Әйелдерді күзетте ұстаудың ерекшеліктері**

1. Сезікті және айыпталушы әйелдер үш жасқа дейінгі балаларын өздерімен бірге ұстай алады.

2. Күзетте ұстау орындарында жүкті әйелдер және өзімен бірге балалары бар әйелдер үшін жақсартылған материалдық-тұрмыстық жағдай жасалады, мамандандырылған медициналық қызмет көрсету ұйымдастырылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тамақтандырудың және затпен қамтамасыз етудің көтеріңкі нормалары белгіленеді.

3. Жүкті әйелдерге және жанында балалары бар әйелдерге күн сайын ұзақтығы үш сағатқа дейінгі серуен беріледі.

4. Жүкті әйелдерге және жанында балалары бар әйелдерге жазалау шарасы ретінде карцерге отырғызуды қолдануға болмайды.

5. Қажет болған жағдайда күзетте ұстау орнының әкімшілігі заңда белгіленген тәртіппен баланы туыстарына немесе өзге де адамдарға не балалар мекемесіне уақытша беру туралы өтініш жасауы мүмкін.

### **30-бап. Кәмелетке толмағандарды күзетте ұстаудың ерекшеліктері**

1. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға жақсартылған материалдық-тұрмыстық жағдай жасалады және тамақтандырудың Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын көтеріңкі нормалары белгіленеді.

2. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушылардың күн сайынғы серуендерінің ұзақтығы екі сағаттан кем емес болып белгіленеді. Серуендеу кезінде кәмелетке толмағандарға дене жаттығулары мен спорт ойындары үшін мүмкіндік беріледі.

3. Жағдай болған кезде кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға кинофильмдер көрсетіледі, олар үшін телехабарлар көру ұйымдастырылады, спортпен шұғылдану және басқа да демалыстар үшін үй-жайлар, сондай-ақ ашық ауада спорт алаңдары жабдықталады.

4. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға оқулықтар мен мектеп-жазу құралдарын сатып алуға және алуға, сондай-ақ оларды осы Заңының 24-бабында көзделген нормалардан асатын сәлем-сауқаттар мен сәлемдемелер арқылы алуға рұқсат етіледі.

### **3-тарау. Күзетте ұстау орындарында оқшаулауды қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтарға жол бермеу**

#### **31-бап. Оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар жалпы немесе осы Заңның 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарына сәйкес бір кісілік камераларда ұсталады.

2. Күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының прокурор санкция берген дәлелді қаулысы бойынша сезіктілер мен айыпталушыларды бір кісілік камераға бір тәуліктен астам мерзімге орналастыруға жол беріледі. Сезіктілер мен айыпталушыларды бір кісілік камераларға орналастыруға мынадай жағдайларда:

1) осы Заңның 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етудің өзгедей мүмкіндігі болмаған кезде;

2) сезіктінің немесе айыпталушының не басқа да сезіктілердің немесе айыпталушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде;

3) сезіктінің немесе айыпталушының жеке ұстау туралы жазбаша арызы болған кезде;

4) сезіктілер мен айыпталушылардың түнгі уақытта бір кісілік камераларға орналастыру кезінде, егер күндіз олар жалпы камераларда ұсталса, прокурордың санкциясы талап етілмейді.

3. Сезіктілер мен айыпталушылардың басқа камераларда немесе күзетте ұстау орындарының өзге де үй-жайларында ұсталатын сезіктілермен және айыпталушылармен сөйлесуіне, оларға қандай да болсын нәрселер беруіне және хат жазысуына жол берілмейді.

4. Сезіктілер мен айыпталушылардың бостандықта жүрген адамдармен сөйлесуі, қандай да болсын нәрселер беруі және хат жазысуы осы заңның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары сезіктілер мен айыпталушыларды олар күзетте ұсталатын жерлерден тыс жерлерге ауыстырылған кезде сақталуға тиіс.

### **32-бап. Камераларда бөлек орналастыру**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларды камераларға орналастыру олардың жеке басы мен психологиялық сыйысымдылығы ескеріле отырып жүргізіледі. Темекі тартатындар мүмкіндігіне қарай темекі тартпайтындардан бөлек орналастырылады.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды, сондай-ақ сотталғандарды камераға орналастырған кезде мынадай талаптардың сақталуы міндетті:

1) мыналар:

еркектер мен әйелдер;

кәмелетке толмағандар ұсталатын камерада құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қылмыстық жауаптылыққа алғаш рет тартылған оң мінезделетін ересектерді ұстау қажет болған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандар мен ересектер;

алғаш рет қылмыстық жауапқа тартылушы адамдар мен бұрын бас бостандығынан айыру орындарында ұсталған адамдар;

өздеріне қатысты үкімдер заңды күшіне енген сотталғандардан сезіктілер, айыпталушылар;

бір қылмыстық іс бойынша немесе өзара байланысты бірнеше істер бойынша сезіктілер мен айыпталушылар бөлек ұсталады;

2) мыналар:

өте ауыр және ауыр қылмыстар жасалуына сезіктілер мен айыпталушылар;

қылмыстардың аса қауіпті қайталап жасалуы жағдайында сотталғандар; өлім жазасына сотталғандар;

басқа сезіктілерден, айыпталушылардан бөлек ұстауға жағдай болған кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

судьялар, адвокаттар, әділет органдарының қызметкерлері, ішкі істер органдарының, прокуратураның, салық полициясының, кеден органдарының қызметкерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, ішкі

әскерлердің әскери қызметшілері, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскери полициясы мен тәртіп бөлімдерінің әскери қызметшілері болып табылатын немесе болған адамдар;

күзетте ұстау орны әкімшілігінің не қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның жазбаша шешімі бойынша өмірі мен денсаулығына басқа сезіктілер мен айыпталушылардың тарапынан қауіп төнген сезіктілер мен айыпталушылар;

жұқпалы аурулармен ауыратындар немесе айрықша медициналық күтім мен бақылауды қажет ететіндер басқа сезіктілер мен айыпталушылардан бөлек ұсталады.

### **33-бап. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзету және оларды қадағалау**

1. Күзетте ұстау орындарында ұсталып, қадағаланып отырған сезіктілер мен айыпталушылар бұл орындардың аумақтарында айдауылдың не күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің айдауымен жүріп-тұрады. Қадағалауды жүзеге асыру мақсатында дыбыс және бейне техникалары пайдаланылуы мүмкін.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту, саусақтарының таңбасын алу және суретке түсіру жүргізіледі. Олар орналастырылатын үй-жайлар тінтіліп, ал олардың заттары, сәлем-сауқаттары мен сәлемдемелері тексеріледі.

3. Күзетте ұстау орындарында табылған және иесі анықталмаған ақша, бағалы қағаздар мен бағалы заттар алып қойылады, ол туралы хаттама жасалып, белгіленген тәртіппен сату және тиісті бюджеттердің кірісіне енгізу үшін салық органдарына беріледі.

4. Тексеру кезінде ерікті түрде тапсырылған ақша, бағалы қағаздар мен бағалы заттар алып қойылады және Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес сезікті немесе айыпталушы босатылғанға дейін күзетте ұстау орындарында пайдалану және билік ету құқығынсыз сақталады. Күзетте ұсталған адамдар сотталған және бас бостандығынан айыру орындарына жіберілген жағдайда жоғарыда аталған ақша, бағалы қағаздар мен бағалы заттар тізімдеме бойынша қылмыстық жазалауды атқарушы мекемеге беріледі.

5. Сезіктілер мен айыпталушылардың сақтауына және пайдалануына тыйым салынған нәрселер, заттар мен тамақ өнімдері күзетте ұстау орындарының әкімшілігіне сақтауға беріледі не соттың шешімі бойынша жойылады.

6. Күзетте ұстау орындарының қызметкерлері күзетте ұстау орындарының аумағына кірген және шыққан кезде адамдардың заттары мен киімдерін тексеруді, сондай-ақ кірген және шыққан көлік құралдарын тексеруге сезіктілер мен айыпталушылардың сақтауына және пайдалануына тыйым салынған нәрселерді, заттар мен тамақ өнімдерін алып қоюға құқылы. Сезіктілер мен айыпталушылардың қылмыстық ісін жүргізуші адамдардың, сондай-ақ күзетте ұстау орындарына бақылау мен қадағалау жасауға құқығы бар адамдардың заттары мен киім-кешегі тексерілмейді.

7. Күзетте ұстау орындарында қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу және оларды ашу мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жедел-іздістіру шаралары жүргізіледі.

**34-бап. Күзетте ұстау орындарына жапсарлас жатқан аумақтарда режимдік талаптарды қамтамасыз ету**

Тергеу изоляторларына тікелей жапсарлас жатқан және шекарасын жергілікті атқарушы орган белгілеген аумақтарда қылмыстық-атқару жүйесі органдарының ұсынуы бойынша режимдік талаптар орнатылуы мүмкін.  
*Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді- Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 Заңымен.*

**35-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың негізгі міндеттері**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар:

1) осы Заңмен және Ішкі тәртіп ережелерімен белгіленген күзетте ұстау тәртібін сақтауға;

2) күзетте ұстау орындары әкімшілігінің заңды талаптарын орындауға;

3) гигиена мен санитария талаптарын сақтауға;

4) күн сайынғы серуенге шығуға (серуеннен босатуды күзетте ұстау орны медициналық қызметкерінің қорытындысы бойынша күзетте ұстау орнының бастығы жүзеге асырады);

5) өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтауға;

6) күзетте ұстау орындарының мүлкіне ұқыпты қарауға;

7) кезектілік тәртібімен камераларды және басқа да бөлмелерді тазалауға;

8) күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің, сезіктілер мен айыпталушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың абыройын қорлайтын іс-әрекеттер жасамауға;

9) күзетте ұстау орындарының қызметкерлеріне, сондай-ақ күзетте ұстау тәртібін қамтамасыз ететін өзге де адамдарға олардың қызметтік міндеттерін атқаруына кедергі келтірмеуге;

10) өзінің өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қасақана іс-әрекеттер жасамауға міндетті.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларға осы Заңның 24-бабының 4-тармағына сәйкес сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселерді, заттар мен тамақ өнімдерін өзінде ұстауға, сондай-ақ оларды сақтауға және пайдалануға тыйым салынады.

**36-бап. Көтермелеу шаралары және оларды қолдану тәртібі**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға міндеттерін үлгілі орындағаны, күзетте ұстаудың белгіленген тәртібін сақтағаны үшін мынадай көтермелеу шаралары қолданылуы мүмкін:

1) бұрын белгіленген жазаны мерзімінен бұрын алу;

2) кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға спортпен шұғылдануға арналған үй-жайларға қосымша баруға, сондай-ақ бос уақытын өткізудің басқа да нысандарына рұқсат беру.

2. Көтермелеуді күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы немесе оның орынбасары қолданады.

**37-бап. Жазалау шаралары**

Белгіленген міндеттерді орындамағаны үшін сезіктілер мен айыпталушыларға мынадай жазалау шаралары қолданылуы мүмкін:

1) сөгіс;

2) он бес тәулікке дейінгі мерзімге, ал кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларды - жеті тәулікке дейінгі мерзімге карцерге немесе бір кісілік камераға отырғызу.

### **38-бап. Жазалау шараларын қолдану тәртібі**

1. Күзетте ұстаудың белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазаны күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы немесе оның орынбасары қолданады. Бір тәртіп бұзғандығы үшін кінәлі адамға бір жазадан артық жаза қолданылмайды.

2. Жаза тәртіп бұзуды жасаудың мән-жайлары және сезікті мен айыпталушының мінез-құлқы ескеріле отырып қолданылады. Жаза тәртіп бұзушылық белгілі болған күннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал егер тәртіп бұзушылыққа байланысты тексеру жүргізілсе - ол аяқталған күннен бастап, бірақ тәртіп бұзушылық жасалған күннен бір айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін. Жаза, әдетте, дереу, ал оны дереу қолдану мүмкін болмаған жағдайда - ол белгіленген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады.

3. Жаза қолданылғанға дейін сезіктіден немесе айыпталушыдан жазбаша түсініктеме алынады, ал түсініктеме беруден бас тартылған жағдайда ол туралы тиісті акт жасалады.

4. Сөгіс түріндегі жаза ауызша немесе жазбаша нысанда, басқа жазалар - жазбаша нысанда қолданылады.

5. Сезіктілер мен айыпталушылардың жазаға жоғары тұрған лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа шағымдануға құқығы бар. Шағым беру жазаның орындалуын тоқтата тұрмайды.

### **39-бап. Карцерде ұстау**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар:

1) басқа сезіктілер мен айыпталушыларға қысым көрсеткені және оларды қорлағаны;

2) күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың заңды талаптарына бағынбағаны не оларды қорлағаны;

3) оқшаулау ережелерін бірнеше рет бұзғаны;

4) алкогольді ішімдіктерді сақтағаны, дайындағаны және ішкені;

5) сақтауға және пайдалануға тыйым салынған басқа да нәрселерді, заттар мен тамақ өнімдерін сақтағаны, дайындағаны және пайдаланғаны;

6) құмар ойындарға қатысқаны;

7) ұсақ бұзақылық жасағаны үшін бір кісілік камераға немесе карцерге отырғызылуы мүмкін.

2. Карцерге немесе бір кісілік камераға отырғызу түріндегі жаза осы Заңның 37-бабында көзделген тәртіптік жазалар екі және одан да көп қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларға да қолданылады.

3. Карцерге немесе бір кісілік камераға отырғызу күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының қаулысы және сезіктінің немесе айыпталушының карцерде болу мүмкіндігі туралы медициналық қызметкердің қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

4. Сезіктілер мен айыпталушылар карцерде жалғыз ұсталады. Карцерде және бір кісілік камерада сезіктілер мен айыпталушылар жеке жатын орнымен және төсек-орындармен белгіленген сағаттарда ұйықтайтын уақытқа ғана қамтамасыз етіледі.

Сезіктілер мен айыпталушыларға карцерде немесе бір кісілік камерада ұсталған кезеңде хат жазысуға, қорғаушымен жолығуды қоспағанда, жолығуларға, сондай-ақ тамақ өнімдері мен ең қажетті нәрселерді сатып алуға, хат, сәлемдеме және сәлем-сауқат алуға, стол үсті ойындарын, кітаптарды, газеттерді, журналдарды және өзге де әдебиетті пайдалануға тыйым салынады. Сәлемдемелер мен сәлем-сауқаттар сезіктілер мен айыпталушыларға олардың карцерде немесе бір кісілік камерада болу мерзімі аяқталғаннан кейін табыс етіледі.

Карцерде немесе бір кісілік камерада ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларға қатысты осы бапта көзделмеген өзге де шектеулерге жол берілмейді. Олардың ұсыныстар, арыздар және шағымдар жолдауы осы Заңның 20-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының карцерге немесе бір кісілік камераға отырғызу түріндегі жазаны орындауды кейінге қалдыруға, оларда ұстау мерзімін қысқартуға не сезіктіні немесе айыпталушыны медициналық айқындамаларды ескере отырып немесе өзге де негіздер бойынша мерзімінен бұрын босатуға құқығы бар. Егер сезікті немесе айыпталушы кейінге қалдыру кезеңінде жаңа тәртіп бұзушылық жасамаса, оның жазадан босатылуы мүмкін.

#### **40-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың материалдық жауапкершілігі**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар күзетте ұсталған уақытында мемлекетке материалдық залал келтіргені үшін:

1) еңбек міндеттерін атқару кезінде - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіп пен мөлшерде;

2) өзге де іс-әрекеттерімен залал келтіргенде - заңдарда көзделген тәртіп пен мөлшерде материалдық жағынан жауапты болады.

2. Сезікті немесе айыпталушы мемлекетке келтірген материалдық залалдың мөлшері күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының қаулысымен белгіленеді.

3. Қаулы сезіктіге немесе айыпталушыға қолы қойғызыла отырып жарияланады және оған жоғары тұрған лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа шағым беруге болады.

4. Материалдық залалды өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот тәртібімен өндіріліп алынады.

5. Келтірілген материалдық залал үшін дұрыс өндіріліп алынбаған сомалар сезіктіге немесе айыпталушыға қайтарылуға тиіс және оның жеке шотына салынады.

6. Сезіктінің немесе айыпталушының өтініш бойынша ол келтірген материалдық залалды оның туыстары немесе өзге де адамдар олардың келісімімен өтеуі мүмкін.

7. Сотталған адам жазалауды орындаушы мекемеге жіберілген жағдайда өтелмеген материалдық залалды аталған мекеменің әкімшілігі сотталған адамның жеке шотына түскен қаражаттан өндіріп алады.

8. Сезікті немесе айыпталушы күзетте ұстаудан босатылған жағдайда олар өтемеген материалдық залал соттың шешімімен өндіріліп алынуы мүмкін.

9. Күзетте ұстау орны әкімшілігінің кінәсінен сезіктіге немесе айыпталушыға келтірілген материалдық залал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріліп алынады.

*Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді-Қазақстан Республикасының 2007.05.15 N 253 Заңымен.*

#### **41-бап. Тамақ ішуден бас тартқан кезде қолданылатын шаралар**

1. Сезіктінің немесе айыпталушының тамақ ішуден бас тарту фактісі анықталған жағдайда күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы немесе оның орынбасары оның себептерін анықтауға және ол туралы қылмыстық істі жүргізуші адамға немесе органға, сондай-ақ күзетте ұстау орындарында заңдардың қолданылуына қадағалау жасауды жүзеге асыратын прокурорға хабарлауға міндетті.

2. Тамақ ішуден бас тартқан сезікті немесе айыпталушы мүмкіндігінше басқа сезіктілер мен айыпталушылардан жеке ұсталады және ол медициналық қызметкердің бақылауында болады.

3. Егер өміріне қауіп төнсе, тамақ ішуден бас тартқан сезіктінің немесе айыпталушының денсаулығын сақтауға бағытталған шаралар, оның ішінде мәжбүрлеу сипатындағы шаралар оны бақылаушы медициналық қызметкердің жазбаша қорытындысы негізінде медициналық айқындамалар бойынша жүзеге асырылады.

4. Сезіктінің немесе айыпталушының тамақ ішуден бас тартуы оны басқа күзетте ұстау орнына этаппен немесе айдауылмен апаруға, сондай-ақ тергеу іс-әрекеттері мен сот отырыстарына қатысуына кедергі келтірмейді. Қажет болған жағдайда этаппен немесе айдауылмен апаруға медициналық қызметкер ілесіп барады.

#### **42-бап. Күзетте ұстау орындарында дене күшін, арнаулы құралдарды, газбен және оқпен атылатын қаруларды қолданудың жалпы негіздері**

Күзетте ұстау орындарының қызметкерлері не құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін тартылған ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің өзге де қызметкерлері дене күшін, арнаулы құралдарды, газбен және оқпен атылатын қаруларды тек заңдарда көзделген жағдайларда ғана қолданады. Күзетте ұстау орындарының қызметкерлері арнаулы даярлықтан, сондай-ақ



дене күшін, арнаулы құралдарды, газбен және оқпен атылатын қаруларды қолдануға байланысты жағдайлардағы іс-әрекеттерге жарамдылығына оқтын-оқтын тексеруден өтіп отыруға міндетті.

*Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді- Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 Заңымен.*

#### **43-бап. Күзетте ұстау орындарында дене күшін қолдану**

Күзетте ұстау орындарында сезіктіге немесе айыпталушыға қатысты дене күші, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдері, егер күш қолданылмайтын әдістер құқық бұзушылықты тоқтатуды не заңды талаптардың орындалуын қамтамасыз етпесе, ол жасаған құқық бұзушылықтың немесе оның күзетте ұстау орны қызметкерлерінің заңды талаптарына қарсы әрекетінің жолын кесу үшін қолданылуы мүмкін.

#### **44-бап. Күзетте ұстау орындарында арнаулы құралдар мен газ қаруын қолдану**

1. Күзетте ұстау орындарында арнаулы құралдар мен газ қарулы мынадай жағдайларда:

1) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстау орындарының қызметкерлеріне және өзге де адамдарға шабуылын тойтару үшін;

2) жаппай тәртіпсіздіктің немесе күзетте ұстаудың белгіленген режимін топтасып бұзушылықтың жолын кесу үшін;

3) күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің немесе құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін тартылған ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің өзге де қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбаушылық көрсеткен сезіктінің немесе айыпталушының заңсыз іс-әрекетінің жолын кесу үшін;

4) кепілге алынған адамдарды босату, азаматтарға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиесілі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер учаскелеріне шабуылды тойтару үшін, сондай-ақ оларды басып алудан босату үшін;

5) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстау орындарынан немесе айдауылдан қашу әрекетінің жолын кесу үшін;

6) сезіктінің немесе айыпталушының айналасындағыларға немесе өзіне зиян келтіру әрекетінің жолын кесу үшін;

7) қашқан не бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтарған сезіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды ұстау және айдауылмен алып жүру үшін қолданылуы мүмкін.

2. Арнаулы құралдар ретінде:

1) осы баптың 1-тармағының 3), 5)-7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - қол кісендері, күзетте ұстау орындарының қызметкерлері қол кісендері болмаған кезде қолда бар байлап-матау құралдарын пайдалануға құқылы;

2) осы баптың 1-тармағының 1)-6),7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - резина таяқтар;

3) осы баптың 1-тармағының 1)-4), 6), 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - газ қаруы мен көзден жас ағызатын заттар;

4) осы баптың 1-тармағының 1)4), 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда - алаңдатушы әсері бар жарық-дыбыс құрылғылары;

5) осы баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда - үй-жайларды ашуға, көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғылар;

6) осы баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда - су атқыштар, бронды машиналар мен басқа да арнаулы және көлік құралдары;

7) осы баптың 1-тармағының 1)-6), 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - қызметтік жануарлар қолданылуы мүмкін.

3. Әйелдер, мүгедектігі анық байқалатын адамдар айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, оларға арнаулы құралдарды, газ қаруын және жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

*Ескерту. 44-бапқа өзгерту енгізілді-Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 Заңымен.*

#### **45-бап. Күзетте ұстау орындарында оқ ататын қаруды қолдану**

1. Күзетте ұстау орындарында оқ ататын қару мынадай жағдайларда:

1) сезіктілер мен айыпталушылардың, өзге де адамдардың күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуылынан қорғану үшін;

2) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстау орындарының қызметкерлеріне, өзге де адамдарға қару иелену мақсатымен жасаған шабуылын тойтару үшін;

3) кепілге алынған адамдарды, басып алынған үйлерді, ғимараттарды, үй-жайларды және көлік құралдарын босату үшін;

4) күзетте ұстау орындарының үйіне, ғимаратына, үй-жайына және көлік құралдарына топтасып немесе қарулы шабуыл жасауды тойтару үшін;

5) қарулы қарсылық көрсеткен, сондай-ақ күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы ауыр қылмыс жасау кезінде қолға түскен адамды ұстау үшін;

6) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстау орнынан немесе айдауылдан қашу әрекетінің жолын кесу үшін;

7) күзетте ұстау орны қызметкерінің қаруды тапсыру туралы заңды талабын орындаудан бас тартқан қарулы адамды ұстау үшін;

8) сезіктілер мен айыпталушыларды күш қолданып босату әрекеттерінің жолын кесу үшін;

9) жануарлардың шабуылынан қорғану үшін;

10) дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру үшін;

11) өзге де қажетті қорғану және өте қажеттілік жағдайларында қолданылуы мүмкін.

2. Әйелдер мен кәмелетке толмағандар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, адамдарды кепілге алған, көлік құралдарын, оның

ішінде әуе кемесін басып алған не топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, оларға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

3. Адамдардың қаза табуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған қару және арнаулы құралдар қолданылған әрбір жағдай туралы прокурорға дереу хабарланады.

#### **46-бап. Күзетте ұстау орындарындағы ерекше жағдайлар режимі**

1. Дүлей апаттар, жұкпалы аурулар, індеттер, ауқымды өрт ошақтары, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің ірі авариялары, сезіктілер мен айыпталушылардың жаппай тәртіпсіздігі немесе бағынбаушылығы жағдайларында не күзетте ұстау орнына қарулы шабуыл жасаудың нақты қаупі туған кезде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Әділет министрінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, Қорғаныс министрінің Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген шешімі бойынша тиісті күзетте ұстау орындарында отыз тәуліктен аспайтын мерзімге ерекше жағдай режимі енгізіледі.

2. Ерекше жағдай режимін енгізу кезінде сезіктілер мен айыпталушылардың қатысуымен жүргізілетін барлық шаралар шектелуі немесе тоқтатыла тұруы мүмкін, оларды күзету, өткізу режимі және күзетте ұсталатын сезіктілер мен айыпталушыларды қадағалау күшейтіледі, сәлемдемелер мен сәлем-сауқаттарды қабылдау тоқтатылады, сондай-ақ заңда көзделген басқа да шаралар қолданылады.

3. Сезіктілер мен айыпталушылардың және өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы тиісінше Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне, Әділет министріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Қорғаныс министріне, Бас Прокурорына, аумағында күзетте ұстау орны орналасқан ішкі істер, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі, ұлттық қауіпсіздік органдарының бастықтарына дереу хабарлай отырып, осы баптың 2-тармағында көзделген шараларды дербес енгізе алады.

4. Күзетте ұстау орындарындағы ерекше жағдай режимін оны енгізген орган немесе лауазымды адам не жоғары тұрған орган немесе лауазымды адам жояды.

*Ескерту. 46-бапқа өзгерту енгізілді-Қазақстан Республикасының 2001.07.16 N 244 Заңымен.*

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

#### **47-бап. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудан босатудың негіздемелері**

Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудан босатуға:

1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес тергеуші, анықтаушы, прокурор немесе судья шығарған қаулы, сондай-ақ сот қаулысы;

2) күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының немесе прокурордың Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген күзетте ұстау мерзімінің бітуіне байланысты аталған сезіктіні немесе айыпталушыны босату туралы қаулысы негіздеме болады.

#### **48-бап. Сезіктілермен айыпталушыларды күзетте ұстаудан босату тәртібі**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудан тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе судьяның дәлелді қаулысын алғаннан кейін, не соттың дәлелді қаулысы бойынша күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы босатады.

2. Күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы сезіктіні немесе айыпталушыны күзетте ұстау мерзімі біткенге дейінгі жиырма төрт сағаттан кешіктірмей ол туралы қылмыстық істі жүргізуші органға не адамға, сондай-ақ прокурорға хабарлауға міндетті.

3. Егер заңмен белгіленген бұлтартпау шарасы ретінде ұстау немесе қамауға алу мерзімі біткеннен кейін сезіктіні немесе айыпталушыны босату туралы не оны бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу мерзімін ұзарту туралы тиісті шешім немесе бұл шешім туралы хабарлама келіп түспесе, күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы оның өзінің қаулысымен босатып, оның көшірмесін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес жиырма төрт сағаттың ішінде қылмыстық істі жүргізуші органға немесе адамға және прокурорға жібереді.

4. Осы баптың үшінші тармағының талаптарын орындамаған жағдайда сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы заңда белгіленгеніндей жауапты болады.

5. Күзетте ұстаудан босатылған сезіктіге немесе айыпталушыға жеке құжаттары, заттары, жеке шотында сақтаулы ақшасы, сондай-ақ оны қамауға алуға кім санкция бергендігі; ұстаудың және бұлтартпау шарасын таңдаудың негіздері, орны мен уақыты; босатудың негіздері мен уақыты көрсетілген анықтама беріледі. Күзетте ұстау орнының әкімшілігі күзетте ұстаудан босатқан сезікті немесе айыпталушы қажет болған жағдайда тұрғылықты жеріне темір жол, автомобиль немесе су көлігімен жүрумен, тамақпен, сондай-ақ маусымға байланысты киіммен қамтамасыз етіледі.

#### **49-бап. Прокурорлық қадағалау**

Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындарында заңдардың орындалуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған бағынысты прокурорлар жүзеге асырады.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

---

---

### **Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы**

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353-І Заңы

---

#### **1-тарау. Жалпы ережелер МАЗМҰНЫ**

## **1-бап. Осы заңның міндеттері**

Осы заң қылмыстың жасалуына сезікті және айыпталушы адамдарды күзетте ұстаудың тәртібін реттейді, шарттарын, олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін айқындайды, сондай-ақ күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

## **2-бап. Негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

сезікті - өзіне қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша оны қылмыс жасаған деп сезік білдірілуіне байланысты қылмыстық іс қозғалған, бұл туралы оған тергеуші, анықтаушы жария еткен не қамауға алу жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған адам;

айыпталушы - өзіне қатысты айыпталушы ретінде іске тарту туралы қаулы шығарылған адам не өзіне қатысты сотта жеке айыптау қылмыстық ісі қозғалған адам, сондай-ақ өзіне қатысты айыптау хаттамасы жасалып, анықтау органының бастығы бекіткен адам;

сотталушы - ісі бойынша басты сот талқылауы тағайындалған айыпталушы;

сотталған адам - өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы;

күзетте ұстау - қылмыс жасады деп ұсталған сезіктілерді, сондай-ақ қамауға алу түріндегі бұлтартпау шаралары қолданылған адамдарды арнаулы мекемелер мен үй-жайларда заңмен белгіленген уақытша оқшаулау;

уақытша ұстау изоляторы - қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталғандарды күзетті ұстауға арналған арнаулы мекеме;

тергеу изоляторы - бұлтартпау шаралары ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды ұстауға арналған арнаулы мекеме;

бір адамдық камера - күзетке алынған бір ғана адамды барынша толық және қатаң оқшаулау мақсатында ұстауға арналған арнаулы орын;

карцер - күзетте ұстаудың белгіленген тәртібін қасақана бұзған адамды ұстауға арналған бір адамдық камера.

## **3-бап. Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың мақсаттары**

Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген шараларды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

## **4-бап. Күзетте ұстау принциптері**

Күзетте ұстау заңдылық, кінәсіздік презумпциясы, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, ізгілік, жеке бастың ар-намысы мен абыройын құрметтеу принциптеріне, халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және қылмыс жасаған деп күзетте ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларды тәни немесе рухани азапқа тарту мақсатындағы іс-әрекеттермен ұштаспауға тиіс.

## **5-бап. Күзетте ұстау негіздемесі**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес шығарылған соттың қаулысы өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстауға негіздеме болып табылады.

*Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.07.05 N 65-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.*

#### **6-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтық жағдайы**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген шектеулермен қоса алғанда, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады және сондай міндеттер атқарады.

2. Республиканың аумағында күзетте ұсталушы сезікті және айыпталушы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген міндеттерді атқарады және сондай құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады.

3. Сезіктілер мен айыпталушыларды шыққан тегіне, әлеуметтік, қызметтік және мүліктің жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарай немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша кемсітушілікке жол берілмейді.

#### **7-бап. Күзетте ұстау орындары**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындары:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары;

2) Қазақстан Республикасының ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұстау изоляторлары болып табылады.

2. Осы Заңда көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бас бостандығынан айыру түріндегі жазалауды атқаратын қылмыстық-атқару жүйелерінің түзеу мекемелері (бұдан әрі - жазалауды атқарушы мекеме) және гауптвахталар сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындары болып табылуы мүмкін.

3. Қылмыс жасады деген күдік бойынша қамауға алуды заңдарда белгіленген тәртіппен алыс сапардағы теңіз кемелерінің капитандары, шекара отрядтарының бастықтары жүзеге асырған жағдайларда сезіктілер аталған лауазымды адамдар белгілеген және осы мақсат үшін ыңғайластырылған үй-жайларда ұсталады.

4. Қылмыстық істі жүргізіп жатқан адам немесе орган Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес он екі сағат ішінде сезіктінің немесе айыпталушының туыстарының біріне оның күзетте ұсталу орны туралы немесе ол орнының өзгергені туралы хабарлауға міндетті.

Сезікті немесе айыпталушы шетелдікті күзетте ұстау орны туралы немесе ол орнының өзгергені туралы хабарлама аталған мерзімде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Әділет

министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органына, сондай-ақ ол азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне, консулдығына немесе өзге де өкілдігіне жолданады.  
*Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.16 N 244, 2002.07.10 N 338, 2004.12.29. N 25 Заңдарымен.*

### **8-бап. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары**

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мен Ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары (бұдан әрі - тергеу изоляторлары) өздеріне қатысты бұлтартпау шаралары ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды ұстауға арналған.

2. Тергеу изоляторлары заңды тұлға құқықтарына ие болады. Олар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

3. Тергеу изоляторларын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

*Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.29 N 25 Заңдарымен.*

### **9-бап. Қазақстан Республикасының ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұстау изоляторлары**

1. Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторлары олардың құрылымдық бөлімшелері болып табылады. Ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұстау изоляторлары бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

3. Уақытша ұстау изоляторларын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер олардың ведомстволық тиістілігіне қарай Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілеген тәртіппен қабылданады.

*Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді-Қазақстан Республикасының 2002.07.10 N 338, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

### **10-бап. Жазаларды орындаушы мекемелерді, әкімшілік ұсталуға алынған адамдарды ұстау үшін арнайы жабдықталған үй-жайларды және гауптвахталарды сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау үшін пайдалану**

1. Түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандар басқа қылмыстың жасалуына сезікті болған немесе айыпталған жағдайда, олар осы мекемелерде, бірақ жазасын өтеп жатқан басқа сотталғандардан бөлек ұсталуы мүмкін.

2. Мемлекеттік шекараны бұзуға байланысты қылмыс жасалуына сезіктілер мен айыпталушылар уақытша ұстау орындарына жеткізу жүзеге асырылғанға дейін әкімшілік ұсталуға алынған адамдарды ұстау үшін арнайы жабдықталған үй-жайларда ұсталуы мүмкін.

3. Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушылар заңдарда көзделген негіздер бойынша сараптама тағайындау қажет болған жағдайда, сондай-ақ оларға медициналық көмек көрсетілген жағдайда осы Заңның 23-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен медициналық мекемелерге орналастырылады.

4. Сезікті және айыпталушы әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде, осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша гауптвахталарда ұсталуы мүмкін.

### **11-бап. Күзетте ұстау орындарының қызметкерлері**

1. Күзетте ұстау орындарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының күзетте ұстау режимін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді атқаратын ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамындағы адамдар, ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері жатады.

2. Теңіз кемелерінің капитандары, түзеу мекемелерінің, шекара отрядтарының бастықтары, сондай-ақ олар уәкілдік берген адамдар күзетте ұстау режимін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді атқару кезеңінде күзетте ұстау орындарының қызметкерлеріне осы заңда берілген міндеттерді атқарады және құқықтарды пайдаланады.

3. Осы Заңда күзетте ұстау орындары әкімшілігінің басшылары болып:

1) тергеу изоляторларының бастықтары;

2) түзеу мекемелерінің бастықтары;

3) уақытша ұстау изоляторларының бастықтары;

4) қарауында уақытша ұстау изоляторлары бар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі бөлімдерінің командирлері;

5) қарауында гауптвахталар бар әскери бөлімдердің (корабльдердің) командирлері;

б) гарнизондық гауптвахталардың бастықтары ұғылады.

*Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10 N 338, 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.29 N 25 Заңдарымен.*

### **12-бап. Тергеу изоляторларында ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторларына ауыстырудың негіздемесі**

1. Тергеу изоляторларында ұсталушы сезіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторлары орналасқан елді мекендерден тыс жерлерде тергеу іс-әрекеттерін, соттың істі қарауды жүргізуі үшін аталған іс-әрекеттер мен сот процесін орындау уақытына оларды күн сайын жеткізу мүмкін болмайтын қажетті жағдайларда уақытша ұстау изоляторларына ауыстырылуы мүмкін, бірақ ол отыз тәуліктен аспауға тиіс.

2. Мұндай ауыстыруға прокурордың, судьяның қаулысы, сондай-ақ тергеушінің немесе анықтаушының прокурор, оның орынбасары санкция берген қаулысы негіздеме болып табылады.



*Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.*

### **13-бап. Күзетте ұстау мерзімі**

Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау мерзімі Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен белгіленеді.

### **14-бап. Күзетте ұстау орындарындағы режим**

1. Күзетте ұстау орындарында сезіктілер мен айыпталушылар құқықтарының сақталуын, олардың өз міндеттерін атқаруын, оларды оқшаулауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін режим белгіленеді.

2. Режимді қамтамасыз ету күзетте ұстау орындарының әкімшілігіне, сондай-ақ қызметкерлеріне жүктеледі, олар қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін заңда белгілегендей жауап береді.

### **15-бап. Күзетте ұстау орындарындағы ішкі тәртіп**

1. Күзетте ұстау орындарында режимді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындарындағы ішкі тәртіп ережелерін (бұдан әрі - Ішкі тәртіп ережелері) бекітеді.

Ішкі тәртіп ережелерімен:

1) сезіктілер мен айыпталушыларды қабылдап алу және камералар бойынша орналастыру;

2) жеке тінтуді, саусақтарының таңбасын алуды, суретке түсіруді, сондай-ақ сезіктілер мен айыпталушылардың заттарын тексеруді жүргізу;

3) сезіктілер мен айыпталушылардан сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін алып қою;

4) сезіктілер мен айыпталушыларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету;

5) сезіктілер мен айыпталушылардың тамақ өнімдерін, сондай-ақ ең қажетті нәрселер мен басқа да өнеркәсіп тауарларын сатып алу;

6) сезіктілер мен айыпталушылардың сәлемдемелер, сәлем-сауқаттар алу және жіберу;

7) сезіктілер мен айыпталушылардың жеделхаттар, хаттар, ақша аударымдарын алу және жіберу;

8) сезіктілер мен айыпталушылардың ұсыныстар, арыздар және шағымдар жолдау;

9) сезіктілер мен айыпталушылардың діни жоралар жасауы;

10) айыпталушыларды еңбекке тарту;

11) сезіктілер мен айыпталушылардың отбасылық-құқықтық қатынастарға және азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуы;

12) айыпталушылардың газеттер мен журналдарға жазылуы;

13) сезіктілер мен айыпталушыларды медициналық-санитариялық қамтамасыз ету;

- 14) сезіктілер мен айыпталушылардың күн сайын серуенге шығарылуы;
- 15) сезіктілер мен айыпталушылардың осы Заңның 17-бабында аталған адамдармен жолығысуын өткізу;
- 16) сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың тергеу әрекеттері мен сот мәжілістеріне қатысуын қамтамасыз ету;
- 17) күзетте ұстау орындары әкімшілігі басшысының және ол уәкілдік берген адамдардың сезіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдауы;
- 18) күзетте ұстау орындарында қайтыс болған сезіктілер мен айыпталушылардың мәйіттерін беру;
- 19) сезіктілер мен айыпталушыларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану;
- 20) сезіктілер мен айыпталушыларды күзеттен босату тәртібі белгіленеді.

2. Ішкі тәртіп ережелерінде сол сияқты сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстау орындарындағы мінез-құлық ережелері, тамақ өнімдерінің, ең қажетті заттардың, аяқ киімдердің, киім-кешектердің және сезіктілер мен айыпталушылар өзінде ұстап, сақтап, сәлемдемелермен, сәлем-сауқаттармен алуына болатын және қолма-қол ақшасыз есеп айырысып сатып ала алатын басқа да өнеркәсіп тауарларының тізбесі мен мөлшері белгіленеді, сондай-ақ сезіктілер мен айыпталушыларға белгіленген ақылы қызмет түрлерінің тізбесі көрсетіледі.

*Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.29 N 25 Заңдарымен.*

## **2-тарау. Күзетте ұстау орындарындағы сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары**

### **16-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары**

1. Сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстау орындарында болған кезеңде:

1) өздерінің құқықтары мен міндеттері, күзетте ұсталу режимі, тәртіптік талаптар, ұсыныстар, арыздар мен шағымдар беру тәртібі туралы ақпарат алуға;

2) күзетте ұстау орындарында жеке басының қауіпсіздігіне;

3) күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысына және күзетте ұстау орындарындағы қызметті бақылайтын адамдарға аталған адамдар оның аумағында болған уақыттарда өтініш жасауға;

4) қорғаушысымен жолығысуларға;

5) туыстарымен және осы Заңның 17-бабында аталған өзге де адамдармен жолығысуларға;

6) құқыққа қарсы мақсатта пайдаланылуы мүмкін немесе мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтері бар құжаттар мен жазбаларды қоспағанда, қылмыстық іске қатысты не өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру мәселелеріне байланысты құжаттар мен жазбаларды өзінде сақтауға;

7) өздерінің күзетте ұсталуының заңдылығы мен негізділігі және өздерінің заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы туралы мәселелер бойынша ұсыныстармен, арыздармен, соның ішінде сотқа жүгінуге;

8) хат жазысуға және жазу құралдарын пайдалануға;

9) тегін тамақ алуға, материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық жағынан қамтамасыз етілуге;

10) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің көзделген жағдайларды қоспағанда, өздерін іс жүргізуге және өзге де іс-әрекеттерге тартуға тыйым салынатын түнгі уақытта сегіз сағат ұйықтауға;

11) күн сайын ұзақтығы бір сағаттан кем емес серуендеуге;

12) өзінің жеке төсек-орын заттарын, сондай-ақ тізбесі мен саны Ішкі тәртіп ережелерінде белгіленетін басқа да заттар мен нәрселерді пайдалануға;

13) күзетте ұстау орындарындағы кітапханадан алынған не күзетте ұстау орындарының әкімшілігі арқылы сауда желісінен сатып алынған әдебиетті және мерзімді баспасөз басылымдарын, сондай-ақ стол үсті ойындарын пайдалануға;

14) Ішкі тәртіп ережелері және басқа сезіктілер мен айыпталушылар құқықтары сақталуы шартымен сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстау орындарында діни жоралар жасауға, өзінде діни әдебиет, ғибадат заттарын ұстауға;

15) өзінің білімін көтерумен шұғылдануға және арнайы әдебиетті пайдалануға;

16) сәлемдемелер мен сәлем-сауқаттар алуға;

17) күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің тарапынан сыпайы арақатынасқа;

18) азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуға;

19) заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Тергеу изоляторларында ұсталушы сезіктілер мен айыпталушылардың сондай-ақ:

1) ақша аударымдарын алуға және жөнелтуге;

2) некеге отыруға және оны бұзуға, егер олар заңдарға қайшы келмеген жағдайда, өзге де отбасылық-құқықтық қатынастарға қатысуға;

3) тергеу орнындағы дүкеннен (дүңгіршектен) не күзетте ұстау орындарының әкімшілігі арқылы сауда желісінен тамақ өнімдері мен ең қажетті заттарды сатып алуға;

4) газеттер мен журналдарға жазылуға және оларды алуға;

5) әкімшіліктен қажет болған жағдайда күзетте ұстау орындарында киіп жүруге рұқсат етілген маусымдық киім-кешек алуға құқығы бар.

3. Күзетте ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларға тиісті жағдайлар болған кезде еңбек етуге мүмкіндік беріледі.

4. Сезіктілер мен айыпталушылардың жоғарыда аталған құқықтардан басқа Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің көзделген құқықтары бар.

**17-бап. Қорғаушыларымен, туыстарымен және өзге де адамдармен жолығысулар**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға қамауға алынған кезден бастап қорғаушымен оңаша және құпия жолығысуға мүмкіндік беріледі. Жолығысулардың саны мен ұзақтығына шек қойылмайды. Мынадай жағдайларда:

1) адвокатураға қатыстылығын растайтын құжатын және заң консультациясының осы іске адвокаттың қатысу құқығына берілген ордерін немесе маңызы бойынша онымен теңестірілген құжатты көрсетуі бойынша - қорғаушы ретінде іске қатысушы адвокатпен;

2) қорғаушы болып тағайындалғаны туралы қоғамдық бірлестіктің немесе оның басшы органының тиісті шешімін көрсетуі бойынша - қорғаушылар болып табылатын кәсіптік одақтардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен;

3) соттың қаулысын, тергеушінің немесе анықтаушының қаулысын, сондай-ақ өзінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша - қорғаушылар ретінде іске қатысушы өзге де адамдармен жолығуға рұқсат беріледі.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларға қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның жазбаша рұқсаты негізінде туыстарымен және өзге де адамдармен жолығысуға айына әрқайсысының ұзақтығы үш сағатқа дейін екі реттен аспайтын, ал кәмелетке толмағандарға - үш реттен аспайтын рұқсат берілуі мүмкін.

3. Туыстарымен және өзге де адамдармен жолығысу күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің бақылауымен жүзеге асырылады. Қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыс жасауға жәрдемдесуі мүмкін тыйым салынған нәрселерді, заттар мен тамақ өнімдерін не мәліметтерді сезікті мен айыпталушыға беруге әрекет жасалған жағдайда жолығысу мезгілінен бұрын тоқтатылады.

4. Егер заңдарға қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының шешімі бойынша өзі өкілі болып табылатын мемлекеттің сезікті немесе айыпталушы шетелдік адамына шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері ресми өкілдерінің жолығысуына құқығы бар.

5. Жұқпалы ауруы бар (ВИЧ/ЖҚТБ (СПИД) және туберкулез) науқастарға жолығысулар саны мен ұзақтығы медициналық қызметкермен (дәрігермен) алдын-ала әңгімелесіп, ауруды жұқтыру мүмкіндігі туралы жазбаша хабарланғаннан кейін белгілеген тәртіппен беріледі.

#### **18-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Сезіктінің немесе айыпталушының өмірі мен денсаулығына қауіп төнген не басқа сезіктілер мен айыпталушылардың жеке басына қарсы қылмыс жасалу қаупі туындаған кезде күзетте ұстау орындарының қызметкерлері осындай қауіп төнген сезіктінің немесе айыпталушының жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде дереу шаралар қолдануға міндетті.

#### **19-бап. Хат жазысу**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға туыстары мен өзге де адамдардан айына екі хат немесе жеделхат алуға және жөнелтуге рұқсат етіледі. Хат-хабарларды жөнелту және алу сезіктілер мен айыпталушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Сезіктілер мен айыпталушылардың хат жазысуы қылмыстық істі жүргізуші және цензура өткізуге тиіс адамның немесе органның рұқсаты бойынша күзетпен ұстау орнының әкімшілігі арқылы ғана жүзеге асырылады, бұған осы Заңның 20-бабының 2-тармағында көзделген жағдайлар қосылмайды.

3. Қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыс жасауға жәрдемдесуі мүмкін құпия жазумен, шифрмен жазылған, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиялары бар хаттар адресатқа жіберілмейді, сезіктілер мен айыпталушыларға табыс етілмейді және қылмыстық істі жүргізуші адамға немесе органға беріледі.

4. Сезіктілер мен айыпталушылардың жазаны орындайтын мекемелерде ұсталушы адамдармен хат жазысуы қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

5. Сезікті мен айыпталушының атына келіп түскен хаттарды тапсыруды, сондай-ақ оның хаттарын адресаттарға жөнелтуді, мереке және демалыс күндерін қоспағанда, хат келіп түскен немесе оны сезікті және айыпталушы тапсырған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірмей, күзетте ұстау орнының әкімшілігі жүргізеді. Хатты мемлекеттік тілге немесе ресми қолданылатын орыс тіліне аудару қажет болған жағдайда оны тапсыру мерзімі аудару үшін қажетті уақытқа ұзартылуы мүмкін.

6. Жақын туысының қайтыс болғандығы немесе ауыр науқастығы туралы мәліметтер сезіктіге немесе айыпталушыға ол мәліметтер алынғаннан кейін дереу хабарланады.

7. Сезіктінің немесе айыпталушының атына ол күзетте ұстау орнынан кеткеннен кейін келіп түскен хаттар алынғаннан кейін үш күн мерзімнен кешіктірілмей оның кеткен жері бойынша жөнелтіледі.

#### **20-бап. Ұсыныстарды, арыздарды және шағымдарды жолдау**

1. Сезіктілер мен айыпталушылардың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарына жолдаған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары күзетте ұстау орнының әкімшілігі арқылы жіберіледі.

2. Прокурорға және сотқа жолданған ұсыныстар, арыздар мен шағымдар цензурадан өткізілмейді және адресатқа желімдеп жабылған түрінде дереу жіберіледі.

3. Мемлекеттік органдарға жолданған ұсыныстарды, арыздар мен шағымдарды күзетте ұстау орындарының әкімшілігі олар берілген кезден бастап бір тәуліктен кешіктірмей қарап, жөнелтуге тиіс.

4. Қылмыстық іс бойынша шындықты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыс жасауға жәрдемдесуі мүмкін құпия жазумен, шифрмен жазылған, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясы бар ұсыныстарға,

арыздар мен шағымдарға қатысты осы Заңның 19-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіп қолданылады.

5. Соттың, анықтаушының, анықтау органы бастығының, тергеушінің немесе прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдар Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен дереу жіберіледі.

6. Ұсыныстарға, арыздар мен шағымдарға жауаптар сезіктілер мен айыпталушыларға қолы қойғызыла отырып хабарланады және жеке істеріне тігіледі.

7. Өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына байланысты ұсыныстар, арыздар мен шағымдар жасағаны үшін сезіктілер мен айыпталушыларды кез келген нысанда қудалауға жол берілмейді. Күзетте ұстау орындарының мұндай қудалауға кінәлі лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

**21-бап. Тамақтану, тамақ өнімдері мен ең қажетті заттарды сатып алу**

Сезіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша денсаулығы мен күш-қуатын сақтау үшін жеткілікті тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Сезіктілер мен айыпталушыларға осы Заңның 24-бабының 4-тармағына сәйкес сақтауға және пайдалануға тыйым салынғандарын қоспағанда, қолма-қол ақшасыз есеп айырысып тамақ өнімдерін, ең қажетті заттарды, сондай-ақ басқа да өнеркәсіп тауарларын сатып алуға құқық беріледі.

**22-бап. Материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету**

1. Күзетте ұстау орнының әкімшілігі сезіктілер мен айыпталушыларға гигиенаның, санитарияның және өрт қауіпсіздігінің талаптарына сай келетін жағдайлар жасауға міндетті.

2. Сезіктілер мен айыпталушылар бір адамға шаққанда кемінде екі жарым шаршы метр санитариялық алаң нормасы негізге алынатын үй-жайларда ұсталуға тиіс.

3. Сезіктілер мен айыпталушыларға жеке жатын орын, төсек-орын мен ас ішу құралдары берілуге тиіс.

4. Барлық камералар радиохабар құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс. Камераларға күзетпен ұстау орнының кітапханасынан әдебиет пен мерзімді баспасөз басылымдарын беруге рұқсат етіледі.

**23-бап. Медициналық-санитариялық қамтамасыз ету**

1. Күзетте ұстау орнының әкімшілігі белгіленген санитариялық-гигиеналық және жұқпалы ауруларға қарсы талаптардың сақталуын, сезіктілер мен айыпталушылардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларға медициналық, оның ішінде психиатриялық көмек көрсету тәртібін, сондай-ақ оларды медициналық мекемелерде ұстау мен оларға қызмет көрсетуге осы мекемелердің қызметкерлерін тарту тәртібін азаматтардың денсаулығын сақтау

саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы орган, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Қорғаныс министрлігі белгілейді.

3. Сезіктілер мен айыпталушылар дене жарақатын алған жағдайда куәландыруды күзетте ұстау орындарының медициналық қызметкерлері кешіктірмей жүргізеді. Медициналық куәландырудың нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітіледі және зардап шегушіге хабарланады. Медициналық куәландыруды күзетте ұстау орнының әкімшілігі басшысының не қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның шешімі бойынша медициналық мекеменің қызметкерлері жүргізеді.

4. Сезікті немесе айыпталушы ауыр науқастанған не қайтыс болған жағдайда күзетте ұстау орнының әкімшілігі оның жақын туыстарына және осы факт бойынша тексеру жүргізетін прокурорға хабарлайды. Қайтыс болған адамның мәйіті патология-анатомиялық зерттеуден, сондай-ақ заңдарда көзделген іс-әрекеттер жүргізілгеннен кейін оны сұраған адамдарға беріледі. Қайтыс болып, мәйіті сұралмаған адамды жерлеу мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

5. Сезіктінің немесе айыпталушының қайтыс болуы мүмкін ауыр науқасы байқалған жағдайда медициналық қорытынды болса, тергеу изоляторы әкімшілігінің прокурорға және істі жүргізуші органның алдына бұлтартпау шарасын өзгерту туралы мәселе қоюға құқығы бар.

6. Тергеу изоляторында немесе уақытша ұстау изоляторында ұсталушы шетелдік қайтыс болған жағдайда күзетте ұстау орнының әкімшілігі ол туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, Әділет министрлігіне және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне дереу хабарлайды. Сонымен бірге бас бостандығынан айыру орындарында заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға, сондай-ақ қайтыс болған адам азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне немесе өзге де өкілдігіне жазбаша түрде хабарлайды.  
*Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді-Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 Заңымен.*

## **24-бап. Сәлемдемелер, сәлем-сауқаттар және ақша аударымдарын алу**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға салмағы почта ережелерінде көзделген нормалардан аспайтын сәлемдемелер мен сәлем-сауқатты мөлшерін шектемей алып тұруға рұқсат етіледі.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларға күзетте ұстау орындарына келіп түскен ақша аударымдары олардың жеке шоттарына қосылады. Сезіктілер мен айыпталушылар күзетте ұстау орындары әкімшілігінің рұқсатымен өз қаражатынан туыстарына және өзге де адамдарға ақша аударымдарын жөнелте алады.

3. Күзетте ұстау орнының әкімшілігі дәрігердің қорытындысы бойынша дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған жағдайларда сезіктілер мен айыпталушылар үшін оларды қабылдай алады.

4. Сезіктілер мен айыпталушыларға адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін немесе қылмыс қаруы ретінде пайдаланылуы мүмкін не күзетте ұстаудың мақсатына кедергі келтіруге арналған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін беруге тыйым салынады.

5. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін тексеруден жасырып қалу немесе сезіктілер мен айыпкерлерге беру, сондай-ақ белгіленген ережелерге қарамастан оларға кез келген нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін беру заңдарға сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

#### **25-бап. Қосымша ақылы қызмет көрсетулермен қамтамасыз ету**

Мүмкіндігіне қарай тергеу изоляторларының әкімшілігі сезіктілер мен айыпталушыларды қосымша ақылы тұрмыстық және медициналық санитариялық қызмет көрсетулермен қамтамасыз етеді, олардың тізбесі мен ұсыну тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілейді.

*Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді- Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 Заңымен.*

#### **26-бап. Айыпталушыларды еңбекке тарту**

1. Тиісті жағдайлар болған кезде айыпталушылар, өздерінің тілегі бойынша, белгіленген тәртіппен тергеу изоляторлары аумағында еңбекке тартылады.

2. Айыпталушылардың жалақысы заңда көзделген ұстап қалулардан кейін олардың жеке шоттарына аударылады.

3. Айыпталушыларды еңбекке тарту алдын ала тергеу мен анықтауға кедергі келтірмеуге тиіс.

#### **27-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың тергеу іс-әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету**

1. Күзетте ұстау орындарының әкімшілігі тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның, прокурордың немесе соттың (судьяның) нұсқауы бойынша сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындарына қабылдауды және оларды жіберілген жеріне жөнелту үшін айдауылға беруді қамтамасыз етеді.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу іс-әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысудан босату заңдарда көзделген негіздерде жүзеге асырылады.

#### **28-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуы**

Сезіктілер мен айыпталушылардың, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның рұқсатымен және Ішкі тәртіп ережелерінде белгіленген ретпен, өздерінің өкілдері арқылы немесе тікелей азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуға құқығы бар.

#### **29-бап. Әйелдерді күзетте ұстаудың ерекшеліктері**

1. Сезікті және айыпталушы әйелдер үш жасқа дейінгі балаларын өздерімен бірге ұстай алады.



2. Күзетте ұстау орындарында жүкті әйелдер және өзімен бірге балалары бар әйелдер үшін жақсартылған материалдық-тұрмыстық жағдай жасалады, мамандандырылған медициналық қызмет көрсету ұйымдастырылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тамақтандырудың және затпен қамтамасыз етудің көтеріңкі нормалары белгіленеді.

3. Жүкті әйелдерге және жанында балалары бар әйелдерге күн сайын ұзақтығы үш сағатқа дейінгі серуен беріледі.

4. Жүкті әйелдерге және жанында балалары бар әйелдерге жазалау шарасы ретінде карцерге отырғызуды қолдануға болмайды.

5. Қажет болған жағдайда күзетте ұстау орнының әкімшілігі заңда белгіленген тәртіппен баланы туыстарына немесе өзге де адамдарға не балалар мекемесіне уақытша беру туралы өтініш жасауы мүмкін.

### **30-бап. Кәмелетке толмағандарды күзетте ұстаудың ерекшеліктері**

1. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға жақсартылған материалдық-тұрмыстық жағдай жасалады және тамақтандырудың Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын көтеріңкі нормалары белгіленеді.

2. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушылардың күн сайынғы серуендерінің ұзақтығы екі сағаттан кем емес болып белгіленеді. Серуендеу кезінде кәмелетке толмағандарға дене жаттығулары мен спорт ойындары үшін мүмкіндік беріледі.

3. Жағдай болған кезде кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға кинофильмдер көрсетіледі, олар үшін телехабарлар көру ұйымдастырылады, спортпен шұғылдану және басқа да демалыстар үшін үй-жайлар, сондай-ақ ашық ауада спорт алаңдары жабдықталады.

4. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға оқулықтар мен мектеп-жазу құралдарын сатып алуға және алуға, сондай-ақ оларды осы Заңының 24-бабында көзделген нормалардан асатын сәлем-сауқаттар мен сәлемдемелер арқылы алуға рұқсат етіледі.

**3-тарау. Күзетте ұстау орындарында оқшаулауды қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтарға жол бермеу**

### **31-бап. Оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар жалпы немесе осы Заңның 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарына сәйкес бір кісілік камераларда ұсталады.

2. Күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының прокурор санкция берген дәлелді қаулысы бойынша сезіктілер мен айыпталушыларды бір кісілік камераға бір тәуліктен астам мерзімге орналастыруға жол беріледі. Сезіктілер мен айыпталушыларды бір кісілік камераларға орналастыруға мынадай жағдайларда:

1) осы Заңның 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етудің өзгедей мүмкіндігі болмаған кезде;

2) сезіктінің немесе айыпталушының не басқа да сезіктілердің немесе айыпталушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде;

3) сезіктінің немесе айыпталушының жеке ұстау туралы жазбаша арызы болған кезде;

4) сезіктілер мен айыпталушылардың түнгі уақытта бір кісілік камераларға орналастыру кезінде, егер күндіз олар жалпы камераларда ұсталса, прокурордың санкциясы талап етілмейді.

3. Сезіктілер мен айыпталушылардың басқа камераларда немесе күзетте ұстау орындарының өзге де үй-жайларында ұсталатын сезіктілермен және айыпталушылармен сөйлесуіне, оларға қандай да болсын нәрселер беруіне және хат жазысуына жол берілмейді.

4. Сезіктілер мен айыпталушылардың бостандықта жүрген адамдармен сөйлесуі, қандай да болсын нәрселер беруі және хат жазысуы осы заңның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары сезіктілер мен айыпталушыларды олар күзетте ұсталатын жерлерден тыс жерлерге ауыстырылған кезде сақталуға тиіс.

### **32-бап. Камераларда бөлек орналастыру**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларды камераларға орналастыру олардың жеке басы мен психологиялық сыйысымдылығы ескеріле отырып жүргізіледі. Темекі тартатындар мүмкіндігіне қарай темекі тартпайтындардан бөлек орналастырылады.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды, сондай-ақ сотталғандарды камераға орналастырған кезде мынадай талаптардың сақталуы міндетті:

1) мыналар:

еркектер мен әйелдер;

кәмелетке толмағандар ұсталатын камерада құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қылмыстық жауаптылыққа алғаш рет тартылған оң мінезделетін ересектерді ұстау қажет болған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандар мен ересектер;

алғаш рет қылмыстық жауапқа тартылушы адамдар мен бұрын бас бостандығынан айыру орындарында ұсталған адамдар;

өздеріне қатысты үкімдер заңды күшіне енген сотталғандардан сезіктілер, айыпталушылар;

бір қылмыстық іс бойынша немесе өзара байланысты бірнеше істер бойынша сезіктілер мен айыпталушылар бөлек ұсталады;

2) мыналар:

өте ауыр және ауыр қылмыстар жасалуына сезіктілер мен айыпталушылар;

қылмыстардың аса қауіпті қайталап жасалуы жағдайында сотталғандар; өлім жазасына сотталғандар;

басқа сезіктілерден, айыпталушылардан бөлек ұстауға жағдай болған кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

судьялар, адвокаттар, әділет органдарының қызметкерлері, ішкі істер органдарының, прокуратураның, салық полициясының, кеден органдарының қызметкерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, ішкі

әскерлердің әскери қызметшілері, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері әскери полициясы мен тәртіп бөлімдерінің әскери қызметшілері болып табылатын немесе болған адамдар;

күзетте ұстау орны әкімшілігінің не қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның жазбаша шешімі бойынша өмірі мен денсаулығына басқа сезіктілер мен айыпталушылардың тарапынан қауіп төнген сезіктілер мен айыпталушылар;

жұқпалы аурулармен ауыратындар немесе айрықша медициналық күтім мен бақылауды қажет ететіндер басқа сезіктілер мен айыпталушылардан бөлек ұсталады.

### **33-бап. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзету және оларды қадағалау**

1. Күзетте ұстау орындарында ұсталып, қадағаланып отырған сезіктілер мен айыпталушылар бұл орындардың аумақтарында айдауылдың не күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің айдауымен жүріп-тұрады. Қадағалауды жүзеге асыру мақсатында дыбыс және бейне техникалары пайдаланылуы мүмкін.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту, саусақтарының таңбасын алу және суретке түсіру жүргізіледі. Олар орналастырылатын үй-жайлар тінтіліп, ал олардың заттары, сәлем-сауқаттары мен сәлемдемелері тексеріледі.

3. Күзетте ұстау орындарында табылған және иесі анықталмаған ақша, бағалы қағаздар мен бағалы заттар алып қойылады, ол туралы хаттама жасалып, белгіленген тәртіппен сату және тиісті бюджеттердің кірісіне енгізу үшін салық органдарына беріледі.

4. Тексеру кезінде ерікті түрде тапсырылған ақша, бағалы қағаздар мен бағалы заттар алып қойылады және Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес сезікті немесе айыпталушы босатылғанға дейін күзетте ұстау орындарында пайдалану және билік ету құқығынсыз сақталады. Күзетте ұсталған адамдар сотталған және бас бостандығынан айыру орындарына жіберілген жағдайда жоғарыда аталған ақша, бағалы қағаздар мен бағалы заттар тізімдеме бойынша қылмыстық жазалауды атқарушы мекемеге беріледі.

5. Сезіктілер мен айыпталушылардың сақтауына және пайдалануына тыйым салынған нәрселер, заттар мен тамақ өнімдері күзетте ұстау орындарының әкімшілігіне сақтауға беріледі не соттың шешімі бойынша жойылады.

6. Күзетте ұстау орындарының қызметкерлері күзетте ұстау орындарының аумағына кірген және шыққан кезде адамдардың заттары мен киімдерін тексеруді, сондай-ақ кірген және шыққан көлік құралдарын тексеруге сезіктілер мен айыпталушылардың сақтауына және пайдалануына тыйым салынған нәрселерді, заттар мен тамақ өнімдерін алып қоюға құқылы. Сезіктілер мен айыпталушылардың қылмыстық ісін жүргізуші адамдардың, сондай-ақ күзетте ұстау орындарына бақылау мен қадағалау жасауға құқығы бар адамдардың заттары мен киім-кешегі тексерілмейді.

7. Күзетте ұстау орындарында қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу және оларды ашу мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жедел-ізвестіру шаралары жүргізіледі.

**34-бап. Күзетте ұстау орындарына жапсарлас жатқан аумақтарда режимдік талаптарды қамтамасыз ету**

Тергеу изоляторларына тікелей жапсарлас жатқан және шекарасын жергілікті атқарушы орган белгілеген аумақтарда қылмыстық-атқару жүйесі органдарының ұсынуы бойынша режимдік талаптар орнатылуы мүмкін.  
*Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді- Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 Заңымен.*

**35-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың негізгі міндеттері**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар:

1) осы Заңмен және Ішкі тәртіп ережелерімен белгіленген күзетте ұстау тәртібін сақтауға;

2) күзетте ұстау орындары әкімшілігінің заңды талаптарын орындауға;

3) гигиена мен санитария талаптарын сақтауға;

4) күн сайынғы серуенге шығуға (серуеннен босатуды күзетте ұстау орны медициналық қызметкерінің қорытындысы бойынша күзетте ұстау орнының бастығы жүзеге асырады);

5) өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтауға;

6) күзетте ұстау орындарының мүлкіне ұқыпты қарауға;

7) кезектілік тәртібімен камераларды және басқа да бөлмелерді тазалауға;

8) күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің, сезіктілер мен айыпталушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың абыройын қорлайтын іс-әрекеттер жасамауға;

9) күзетте ұстау орындарының қызметкерлеріне, сондай-ақ күзетте ұстау тәртібін қамтамасыз ететін өзге де адамдарға олардың қызметтік міндеттерін атқаруына кедергі келтірмеуге;

10) өзінің өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қасақана іс-әрекеттер жасамауға міндетті.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларға осы Заңның 24-бабының 4-тармағына сәйкес сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселерді, заттар мен тамақ өнімдерін өзінде ұстауға, сондай-ақ оларды сақтауға және пайдалануға тыйым салынады.

**36-бап. Көтермелеу шаралары және оларды қолдану тәртібі**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға міндеттерін үлгілі орындағаны, күзетте ұстаудың белгіленген тәртібін сақтағаны үшін мынадай көтермелеу шаралары қолданылуы мүмкін:

1) бұрын белгіленген жазаны мерзімінен бұрын алу;

2) кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға спортпен шұғылдануға арналған үй-жайларға қосымша баруға, сондай-ақ бос уақытын өткізудің басқа да нысандарына рұқсат беру.

2. Көтермелеуді күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы немесе оның орынбасары қолданады.

**37-бап. Жазалау шаралары**

Белгіленген міндеттерді орындамағаны үшін сезіктілер мен айыпталушыларға мынадай жазалау шаралары қолданылуы мүмкін:

1) сөгіс;

2) он бес тәулікке дейінгі мерзімге, ал кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларды - жеті тәулікке дейінгі мерзімге карцерге немесе бір кісілік камераға отырғызу.

### **38-бап. Жазалау шараларын қолдану тәртібі**

1. Күзетте ұстаудың белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазаны күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы немесе оның орынбасары қолданады. Бір тәртіп бұзғандығы үшін кінәлі адамға бір жазадан артық жаза қолданылмайды.

2. Жаза тәртіп бұзуды жасаудың мән-жайлары және сезікті мен айыпталушының мінез-құлқы ескеріле отырып қолданылады. Жаза тәртіп бұзушылық белгілі болған күннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал егер тәртіп бұзушылыққа байланысты тексеру жүргізілсе - ол аяқталған күннен бастап, бірақ тәртіп бұзушылық жасалған күннен бір айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін. Жаза, әдетте, дереу, ал оны дереу қолдану мүмкін болмаған жағдайда - ол белгіленген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады.

3. Жаза қолданылғанға дейін сезіктіден немесе айыпталушыдан жазбаша түсініктеме алынады, ал түсініктеме беруден бас тартылған жағдайда ол туралы тиісті акт жасалады.

4. Сөгіс түріндегі жаза ауызша немесе жазбаша нысанда, басқа жазалар - жазбаша нысанда қолданылады.

5. Сезіктілер мен айыпталушылардың жазаға жоғары тұрған лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа шағымдануға құқығы бар. Шағым беру жазаның орындалуын тоқтата тұрмайды.

### **39-бап. Карцерде ұстау**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар:

1) басқа сезіктілер мен айыпталушыларға қысым көрсеткені және оларды қорлағаны;

2) күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың заңды талаптарына бағынбағаны не оларды қорлағаны;

3) оқшаулау ережелерін бірнеше рет бұзғаны;

4) алкогольді ішімдіктерді сақтағаны, дайындағаны және ішкені;

5) сақтауға және пайдалануға тыйым салынған басқа да нәрселерді, заттар мен тамақ өнімдерін сақтағаны, дайындағаны және пайдаланғаны;

6) құмар ойындарға қатысқаны;

7) ұсақ бұзақылық жасағаны үшін бір кісілік камераға немесе карцерге отырғызылуы мүмкін.

2. Карцерге немесе бір кісілік камераға отырғызу түріндегі жаза осы Заңның 37-бабында көзделген тәртіптік жазалар екі және одан да көп қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларға да қолданылады.

3. Карцерге немесе бір кісілік камераға отырғызу күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының қаулысы және сезіктінің немесе айыпталушының карцерде болу мүмкіндігі туралы медициналық қызметкердің қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

4. Сезіктілер мен айыпталушылар карцерде жалғыз ұсталады. Карцерде және бір кісілік камерада сезіктілер мен айыпталушылар жеке жатын орнымен және төсек-орындармен белгіленген сағаттарда ұйықтайтын уақытқа ғана қамтамасыз етіледі.

Сезіктілер мен айыпталушыларға карцерде немесе бір кісілік камерада ұсталған кезеңде хат жазысуға, қорғаушымен жолығуды қоспағанда, жолығуларға, сондай-ақ тамақ өнімдері мен ең қажетті нәрселерді сатып алуға, хат, сәлемдеме және сәлем-сауқат алуға, стол үсті ойындарын, кітаптарды, газеттерді, журналдарды және өзге де әдебиетті пайдалануға тыйым салынады. Сәлемдемелер мен сәлем-сауқаттар сезіктілер мен айыпталушыларға олардың карцерде немесе бір кісілік камерада болу мерзімі аяқталғаннан кейін табыс етіледі.

Карцерде немесе бір кісілік камерада ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларға қатысты осы бапта көзделмеген өзге де шектеулерге жол берілмейді. Олардың ұсыныстар, арыздар және шағымдар жолдауы осы Заңның 20-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының карцерге немесе бір кісілік камераға отырғызу түріндегі жазаны орындауды кейінге қалдыруға, оларда ұстау мерзімін қысқартуға не сезіктіні немесе айыпталушыны медициналық айқындамаларды ескере отырып немесе өзге де негіздер бойынша мерзімінен бұрын босатуға құқығы бар. Егер сезікті немесе айыпталушы кейінге қалдыру кезеңінде жаңа тәртіп бұзушылық жасамаса, оның жазадан босатылуы мүмкін.

#### **40-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың материалдық жауапкершілігі**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар күзетте ұсталған уақытында мемлекетке материалдық залал келтіргені үшін:

1) еңбек міндеттерін атқару кезінде - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіп пен мөлшерде;

2) өзге де іс-әрекеттерімен залал келтіргенде - заңдарда көзделген тәртіп пен мөлшерде материалдық жағынан жауапты болады.

2. Сезікті немесе айыпталушы мемлекетке келтірген материалдық залалдың мөлшері күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының қаулысымен белгіленеді.

3. Қаулы сезіктіге немесе айыпталушыға қолы қойғызыла отырып жарияланады және оған жоғары тұрған лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа шағым беруге болады.

4. Материалдық залалды өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот тәртібімен өндіріліп алынады.

5. Келтірілген материалдық залал үшін дұрыс өндіріліп алынбаған сомалар сезіктіге немесе айыпталушыға қайтарылуға тиіс және оның жеке шотына салынады.

6. Сезіктінің немесе айыпталушының өтініш бойынша ол келтірген материалдық залалды оның туыстары немесе өзге де адамдар олардың келісімімен өтеуі мүмкін.

7. Сотталған адам жазалауды орындаушы мекемеге жіберілген жағдайда өтелмеген материалдық залалды аталған мекеменің әкімшілігі сотталған адамның жеке шотына түскен қаражаттан өндіріп алады.

8. Сезікті немесе айыпталушы күзетте ұстаудан босатылған жағдайда олар өтемеген материалдық залал соттың шешімімен өндіріліп алынуы мүмкін.

9. Күзетте ұстау орны әкімшілігінің кінәсінен сезіктіге немесе айыпталушыға келтірілген материалдық залал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріліп алынады.

*Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді-Қазақстан Республикасының 2007.05.15 N 253 Заңымен.*

#### **41-бап. Тамақ ішуден бас тартқан кезде қолданылатын шаралар**

1. Сезіктінің немесе айыпталушының тамақ ішуден бас тарту фактісі анықталған жағдайда күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы немесе оның орынбасары оның себептерін анықтауға және ол туралы қылмыстық істі жүргізуші адамға немесе органға, сондай-ақ күзетте ұстау орындарында заңдардың қолданылуына қадағалау жасауды жүзеге асыратын прокурорға хабарлауға міндетті.

2. Тамақ ішуден бас тартқан сезікті немесе айыпталушы мүмкіндігінше басқа сезіктілер мен айыпталушылардан жеке ұсталады және ол медициналық қызметкердің бақылауында болады.

3. Егер өміріне қауіп төнсе, тамақ ішуден бас тартқан сезіктінің немесе айыпталушының денсаулығын сақтауға бағытталған шаралар, оның ішінде мәжбүрлеу сипатындағы шаралар оны бақылаушы медициналық қызметкердің жазбаша қорытындысы негізінде медициналық айқындамалар бойынша жүзеге асырылады.

4. Сезіктінің немесе айыпталушының тамақ ішуден бас тартуы оны басқа күзетте ұстау орнына этаппен немесе айдауылмен апаруға, сондай-ақ тергеу іс-әрекеттері мен сот отырыстарына қатысуына кедергі келтірмейді. Қажет болған жағдайда этаппен немесе айдауылмен апаруға медициналық қызметкер ілесіп барады.

#### **42-бап. Күзетте ұстау орындарында дене күшін, арнаулы құралдарды, газбен және оқпен атылатын қаруларды қолданудың жалпы негіздері**

Күзетте ұстау орындарының қызметкерлері не құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін тартылған ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің өзге де қызметкерлері дене күшін, арнаулы құралдарды, газбен және оқпен атылатын қаруларды тек заңдарда көзделген жағдайларда ғана қолданады. Күзетте ұстау орындарының қызметкерлері арнаулы даярлықтан, сондай-ақ

дене күшін, арнаулы құралдарды, газбен және оқпен атылатын қаруларды қолдануға байланысты жағдайлардағы іс-әрекеттерге жарамдылығына оқтын-оқтын тексеруден өтіп отыруға міндетті.

*Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді- Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 Заңымен.*

#### **43-бап. Күзетте ұстау орындарында дене күшін қолдану**

Күзетте ұстау орындарында сезіктіге немесе айыпталушыға қатысты дене күші, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдері, егер күш қолданылмайтын әдістер құқық бұзушылықты тоқтатуды не заңды талаптардың орындалуын қамтамасыз етпесе, ол жасаған құқық бұзушылықтың немесе оның күзетте ұстау орны қызметкерлерінің заңды талаптарына қарсы әрекетінің жолын кесу үшін қолданылуы мүмкін.

#### **44-бап. Күзетте ұстау орындарында арнаулы құралдар мен газ қаруын қолдану**

1. Күзетте ұстау орындарында арнаулы құралдар мен газ қарулы мынадай жағдайларда:

1) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстау орындарының қызметкерлеріне және өзге де адамдарға шабуылын тойтару үшін;

2) жаппай тәртіпсіздіктің немесе күзетте ұстаудың белгіленген режимін топтасып бұзушылықтың жолын кесу үшін;

3) күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің немесе құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін тартылған ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің өзге де қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбаушылық көрсеткен сезіктінің немесе айыпталушының заңсыз іс-әрекетінің жолын кесу үшін;

4) кепілге алынған адамдарды босату, азаматтарға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиесілі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер учаскелеріне шабуылды тойтару үшін, сондай-ақ оларды басып алудан босату үшін;

5) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстау орындарынан немесе айдауылдан қашу әрекетінің жолын кесу үшін;

6) сезіктінің немесе айыпталушының айналасындағыларға немесе өзіне зиян келтіру әрекетінің жолын кесу үшін;

7) қашқан не бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтарған сезіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды ұстау және айдауылмен алып жүру үшін қолданылуы мүмкін.

2. Арнаулы құралдар ретінде:

1) осы баптың 1-тармағының 3), 5)-7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - қол кісендері, күзетте ұстау орындарының қызметкерлері қол кісендері болмаған кезде қолда бар байлап-матау құралдарын пайдалануға құқылы;

2) осы баптың 1-тармағының 1)-6),7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - резина таяқтар;

3) осы баптың 1-тармағының 1)-4), 6), 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - газ қаруы мен көзден жас ағызатын заттар;



4) осы баптың 1-тармағының 1)4), 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда - алаңдатушы әсері бар жарық-дыбыс құрылғылары;

5) осы баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда - үй-жайларды ашуға, көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғылар;

6) осы баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда - су атқыштар, бронды машиналар мен басқа да арнаулы және көлік құралдары;

7) осы баптың 1-тармағының 1)-6), 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - қызметтік жануарлар қолданылуы мүмкін.

3. Әйелдер, мүгедектігі анық байқалатын адамдар айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, оларға арнаулы құралдарды, газ қаруын және жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

*Ескерту. 44-бапқа өзгерту енгізілді- Қазақстан Республикасының 2004.12.29 N 25 Заңымен.*

#### **45-бап. Күзетте ұстау орындарында оқ ататын қаруды қолдану**

1. Күзетте ұстау орындарында оқ ататын қару мынадай жағдайларда:

1) сезіктілер мен айыпталушылардың, өзге де адамдардың күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуылынан қорғану үшін;

2) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстау орындарының қызметкерлеріне, өзге де адамдарға қару иелену мақсатымен жасаған шабуылын тойтару үшін;

3) кепілге алынған адамдарды, басып алынған үйлерді, ғимараттарды, үй-жайларды және көлік құралдарын босату үшін;

4) күзетте ұстау орындарының үйіне, ғимаратына, үй-жайына және көлік құралдарына топтасып немесе қарулы шабуыл жасауды тойтару үшін;

5) қарулы қарсылық көрсеткен, сондай-ақ күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы ауыр қылмыс жасау кезінде қолға түскен адамды ұстау үшін;

6) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстау орнынан немесе айдауылдан қашу әрекетінің жолын кесу үшін;

7) күзетте ұстау орны қызметкерінің қаруды тапсыру туралы заңды талабын орындаудан бас тартқан қарулы адамды ұстау үшін;

8) сезіктілер мен айыпталушыларды күш қолданып босату әрекеттерінің жолын кесу үшін;

9) жануарлардың шабуылынан қорғану үшін;

10) дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру үшін;

11) өзге де қажетті қорғану және өте қажеттілік жағдайларында қолданылуы мүмкін.

2. Әйелдер мен кәмелетке толмағандар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, адамдарды кепілге алған, көлік құралдарын, оның

ішінде әуе кемесін басып алған не топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, оларға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

3. Адамдардың қаза табуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған қару және арнаулы құралдар қолданылған әрбір жағдай туралы прокурорға дереу хабарланады.

#### **46-бап. Күзетте ұстау орындарындағы ерекше жағдайлар режимі**

1. Дүлей апаттар, жұкпалы аурулар, індеттер, ауқымды өрт ошақтары, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің ірі авариялары, сезіктілер мен айыпталушылардың жаппай тәртіпсіздігі немесе бағынбаушылығы жағдайларында не күзетте ұстау орнына қарулы шабуыл жасаудың нақты қаупі туған кезде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Әділет министрінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, Қорғаныс министрінің Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген шешімі бойынша тиісті күзетте ұстау орындарында отыз тәуліктен аспайтын мерзімге ерекше жағдай режимі енгізіледі.

2. Ерекше жағдай режимін енгізу кезінде сезіктілер мен айыпталушылардың қатысуымен жүргізілетін барлық шаралар шектелуі немесе тоқтатыла тұруы мүмкін, оларды күзету, өткізу режимі және күзетте ұсталатын сезіктілер мен айыпталушыларды қадағалау күшейтіледі, сәлемдемелер мен сәлем-сауқаттарды қабылдау тоқтатылады, сондай-ақ заңда көзделген басқа да шаралар қолданылады.

3. Сезіктілер мен айыпталушылардың және өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы тиісінше Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне, Әділет министріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Қорғаныс министріне, Бас Прокурорына, аумағында күзетте ұстау орны орналасқан ішкі істер, Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі, ұлттық қауіпсіздік органдарының бастықтарына дереу хабарлай отырып, осы баптың 2-тармағында көзделген шараларды дербес енгізе алады.

4. Күзетте ұстау орындарындағы ерекше жағдай режимін оны енгізген орган немесе лауазымды адам не жоғары тұрған орган немесе лауазымды адам жояды.

*Ескерту. 46-бапқа өзгерту енгізілді-Қазақстан Республикасының 2001.07.16 N 244 Заңымен.*

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

**47-бап. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудан босатудың негіздемелері**

Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудан босатуға:

1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес тергеуші, анықтаушы, прокурор немесе судья шығарған қаулы, сондай-ақ сот қаулысы;

2) күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының немесе прокурордың Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген күзетте ұстау мерзімінің бітуіне байланысты аталған сезіктіні немесе айыпталушыны босату туралы қаулысы негіздеме болады.

#### **48-бап. Сезіктілермен айыпталушыларды күзетте ұстаудан босату тәртібі**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудан тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе судьяның дәлелді қаулысын алғаннан кейін, не соттың дәлелді қаулысы бойынша күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы босатады.

2. Күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы сезіктіні немесе айыпталушыны күзетте ұстау мерзімі біткенге дейінгі жиырма төрт сағаттан кешіктірмей ол туралы қылмыстық істі жүргізуші органға не адамға, сондай-ақ прокурорға хабарлауға міндетті.

3. Егер заңмен белгіленген бұлтартпау шарасы ретінде ұстау немесе қамауға алу мерзімі біткеннен кейін сезіктіні немесе айыпталушыны босату туралы не оны бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу мерзімін ұзарту туралы тиісті шешім немесе бұл шешім туралы хабарлама келіп түспесе, күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы оның өзінің қаулысымен босатып, оның көшірмесін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес жиырма төрт сағаттың ішінде қылмыстық істі жүргізуші органға немесе адамға және прокурорға жібереді.

4. Осы баптың үшінші тармағының талаптарын орындамаған жағдайда сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы заңда белгіленгеніндей жауапты болады.

5. Күзетте ұстаудан босатылған сезіктіге немесе айыпталушыға жеке құжаттары, заттары, жеке шотында сақтаулы ақшасы, сондай-ақ оны қамауға алуға кім санкция бергендігі; ұстаудың және бұлтартпау шарасын таңдаудың негіздері, орны мен уақыты; босатудың негіздері мен уақыты көрсетілген анықтама беріледі. Күзетте ұстау орнының әкімшілігі күзетте ұстаудан босатқан сезікті немесе айыпталушы қажет болған жағдайда тұрғылықты жеріне темір жол, автомобиль немесе су көлігімен жүрумен, тамақпен, сондай-ақ маусымға байланысты киіммен қамтамасыз етіледі.

#### **49-бап. Прокурорлық қадағалау**

Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындарында заңдардың орындалуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған бағынысты прокурорлар жүзеге асырады.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

## Мазмұны

1. Қылмыстық іс қозғау сатысындағы қылмысты қудалау органдары қабылдайтын процессуалдық шешімдері.....	4
2. Алдын ала тергеуге дейінгі құжаттардың рәсімделуі.....	18
3. Анықтама жүргізу барысындағы тергеу құжаттарының процессуалдық рәсімделуі.....	37
4. Алдын ала тергеу барысындағы қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың мәртебесін анықтау және тергеу әрекеттерін жүргізудегі процессуалдық шешімдер.....	55
5. Қылмыстық іс жүргізудің сотқа дейінгі сатыстарында жүргізілетін тергеудің заң талаптарын сақтауға және негізділігіне прокурорлық қадағалаудың актілері.....	133
6. Айыпты тағу сатысында тергеудің процессуалдық актілері.....	141
7. Бұлтартпау шарасын қолдану барысындағы тергеудің процессуалдық актілері.....	151
8. Тергеуді аяқтаудың процессуалдық актілері.....	163
9. Тергеу органдарының қылмыстық істер бойынша шетел мемлекеттерінің уәкілетті органдары мен лауазымды тұлғаларымен өзара әреке етудің процессуалдық актілері.....	163
10. Қосымша.....	185
11. Авторлар жөніндегі мәліметтер.....	307

## Авторлар жөніндегі мәліметтер

**Т.Е. Сәрсенбаев** Қазақстан Республикасы Бас Прокурордың ерекше тапсырмалары бойынша аға көмекшісі, заң ғылымдарының докторы, профессор;

**С.В. Смирнов** Мәскеу экономика және құқық Академиясы заң институтының директоры заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

**Т. А. Ханов** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстық іс жүргізу» кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының докторы, доцент;

**А. Л. Хан** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

**А.Қ. Қалиев** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасы бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты;

**Г.С. Оспанова** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты;

**А.А. Жукобаев** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстық іс жүргізу» кафедрасы бастығының орынбасары;

**А.У. Уметов** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты;

**А.О. Тяжина** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасының аға оқытушысы, пәндік әдістемелік секцияның төрағасы;

**Г.Х. Феткулов** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институттың «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

**А.В. Сырбу** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты;

заң ғылымдарының кандидаты;

**С.Н. Бачурин** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты;

**М.Ж. Қонтуганов** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасының аға оқытушысы;

**К.Ф. Нуркина** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасының оқу әдістемелік кабинетінің бастығы;

**Д.А. Ширинских** Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру» кафедрасының оқытушысы.